

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ
И МИРОВЫХ ЯЗЫКОВ ИМЕНИ АБЫЛАЙ ХАНА
KAZAKH ABLAI KHAN UNIVERSITY
OF INTERNATIONAL RELATIONS AND WORLD LANGUAGES

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
Әбенбаев Сейсенбек Шоқпарбайұлының
75 жылдық мерейтойына арналған
«БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЗАМАНАУИ ТӘРБИЕ ТӘСІЛДЕРІ»
атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
24 сәуір, 2026 жыл


МАТЕРИАЛЫ
Международной научно-практической конференции
«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ ВОСПИТАНИЯ
В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ»,
посвященной 75-летию кандидата
педагогических наук, профессора
Абенбаева Сейсенбек Шоқпарбаевича
24 апреля, 2026 год

MATERIALS
International scientific-practical conference
«MODERN APPROACHES OF EDUCATION IN THE
EDUCATION SYSTEM»
dedicated to the 75th anniversary of the candidate of
pedagogical sciences, professor
Seysenbek Shokparbaevich Abenbaev
April 24, 2026

ISBN 978-601-270-666-6



АЛМАТЫ, 2026



Әбенбаев Сейсенбек Шоқпарбайұлы
Педагогика ғылымдарының кандидаты,
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем
тілдері университеті, Педагогикалық шетел тілдері факультетінің,
Педагогика және психология кафедрасының профессоры

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ
И МИРОВЫХ ЯЗЫКОВ ИМЕНИ АБЫЛАЙ ХАНА
KAZAKH ABLAI KHAN UNIVERSITY
OF INTERNATIONAL RELATIONS AND WORLD LANGUAGES

**Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
Әбенбаев Сейсенбек Шокпарбайұлының
75 жылдық мерейтойына арналған
«БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ
ЗАМАНАУИ ТӘРБИЕ ТӘСІЛДЕРІ»
атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
24 сәуір, 2026 жыл**

МАТЕРИАЛЫ
Международной научно-практической конференции
«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ ВОСПИТАНИЯ
В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ»,
посвященной 75-летию кандидата
педагогических наук, профессора
Абенбаева Сейсенбек Шокпарбаевича
24 апреля, 2026 год

MATERIALS
International scientific-practical conference
«MODERN APPROACHES OF EDUCATION IN THE
EDUCATION SYSTEM»
dedicated to the 75th anniversary of the candidate of
pedagogical sciences, professor
Seysenbek Shokparbaevich Abenbaev
April 24, 2026

АЛМАТЫ, 2026

УДК 378
ББК 74.58
Б94

*Баспаға Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және
әлем тілдері университетінің Ғылыми Кеңесінің шешімімен ұсынылған
(Хаттама № 9, 28.04.2026 ж.)*

Редакция алқасы:

Ұзақбаева С.А. (ғылыми редактор)
Калиева К.М., Жансүгірова К.Т., Аубакирова Г.М.

Жауапты редакторлар

**Сарқанбаева Г.К., Әбілова З.Т., Утлюпова Г.Е., Капсанова Г.Б.,
Турсунбаева А.У., Ниязова А.У.**

Б94

«Білім беру жүйесіндегі заманауи тәрбие тәсілдері» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары = Материалы Международной научно-практической конференции «Современные подходы воспитания в системе образования» = Materials International scientific-practical conference «Modern approaches of education in the education system» / Құрас. С.А. Ұзақбаева. – Алматы, Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ, «Полилингва» баспасы, 2026 - 270 б. Қаз., орыс., ағыл. және т.б.

ISBN 978-601-270-666-6

Жинақта педагогика және тәрбие саласындағы ғалымдар, оқытушылар мен тәжірибелі мамандардың ғылыми зерттеу нәтижелері ұсынылған. Онда қазіргі білім беру жүйесіндегі тәрбие үдерісінің өзекті мәселелері, білім алушылардың тұлғасын қалыптастырудың заманауи тәсілдері, әдістері мен технологиялары, сондай-ақ рухани-адамгершілік, патриоттық және кәсіби тәрбие мәселелері қарастырылады. Жинақ материалдары білім беру саласының заманауи даму үрдістерін көрсетеді және педагогикалық тәжірибені жетілдіруге бағытталған. Басылым оқытушыларға, ғылыми қызметкерлерге, магистранттар мен студенттерге, сондай-ақ тәрбие мәселелеріне қызығушылық танытатын оқырмандарға арналған.

Мақалалар авторлық редакцияда жарияланып отыр.

В сборнике представлены научные статьи, отражающие результаты исследований ученых, преподавателей и практиков в области педагогики и воспитания. Рассматриваются актуальные проблемы воспитательного процесса в современной системе образования, современные подходы, методы и технологии формирования личности обучающихся, а также вопросы духовно-нравственного, патриотического и профессионального воспитания. Материалы сборника отражают современные тенденции развития образования и направлены на совершенствование педагогической практики. Издание адресовано преподавателям, научным сотрудникам, магистрантам, студентам и всем, кто интересуется вопросами воспитания и образования.

Статьи публикуются в авторской редакции.

ISBN 978-601-270-666-6



© Абылай хан ат. ҚазХҚжӘТУ, 2026
© «Полилингва» баспасы, 2026

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ
ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

1 Қыяқбаева Ұ.Қ. Болашақ педагог-тәрбиешілерді мектеп жасына дейінгі балалардың құндылықтық бағдарын қалыптастыруға даярлаудың заманауи тетіктері	6
2 Шалғынбаева Қ.Қ. Біртұтас тәрбие жүйесіндегі инклюзивті мәдениетті қалыптастыру	11
3 Капсанова Г.Б. Жоғары білім беру жүйесінде студенттердің экологиялық мәдениетін дамыту: тұрақты даму контекстінде	16

**I - БІРТҰТАС БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ ТҮЛҒАНЫ
ҚҰНДЫЛЫҚ - МАҒЫНАЛЫҚ ТҮРҒЫДА ТӘРБИЕЛЕУ**

**I - ЦЕННОСТНО-СМЫСЛОВОЕ ВОСПИТАНИЕ ЛИЧНОСТИ В ЕДИНОМ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОСТРАНСТВЕ**

**VALUE-AND-MEANING-ORIENTED EDUCATION OF PERSONALITY WITHIN A
UNIFIED EDUCATIONAL SPACE**

1 Aliyeva S. S. From the narration of some stories in the work “Rohati dil”	22
2 Жуманазаров У.А. Фитрат – исследователь «Девону Лугати Тюркс»	25
3 Соатова Н.И. Традиция и философское наблюдение в лирике Шухрата	32
4 Очилов Ф.Э., Эгамбердиев М.Ф., Отегенова Б.Н. Воспитания в казахской и узбекской семье: от народных традиций к личностным смыслам	37
5 Исраилов Ғ.Б. Значение научных источников в узбекской классической литературе	42
6 Туропова П.Ш. Тенденции развития лирики литературной среды джизака	47
7 Абдрахманова Ш.Р., Токкулинова Г.К. Педагогикалық мамандық студенттерінде кәсіби рефлексияны дамыту	52
8 Аманова М.Ш., Бояринцева Е.Е., Калиакбарова А.Б. Независимый Казахстан и его роль в музыкальном воспитании современных учащихся в новом направлении	54
9 Архабаева А.Қ., Шалғынбаева Қ.Қ. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің әлеуметтік интеллектіні дамытуға даярлығының құрылымдық-теориялық сипаттамасы	60
10 Бахтиярова Г.Р., Имангазина Э.Е. Мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларын рөлдік ойындар арқылы қалыптастыру	63
11 Бахтиярова Г.Р., Ерузакова А.Ж. Ұлттық тәрбие негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру	69
12 Ермаханова К.Т., Оракова А.Ш. Көркем еңбек сабақтарында «ойлау дизайны» технологиясы арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту моделі	75
13 Жазықова М.К., Калменова К.Н. Арт-терапия арқылы бастауыш сыныпта әдебиеттік оқу сабағын ұйымдастыру жолдары	80
14 Жанайева Л.А., Ыбышова С.Т. Тарих пәнін оқытуда геймификация әдісінің теориялық және практикалық негіздемесі	84
15 Myngzhassar A.B., Kapsanova G.B. Environmental education and upbringing in kazakhstan: from theoretical models to noospheric thinking	91
16 Насырова Д.Р. Развитие комплекса музыкальных способностей на уроках фортепиано	95
17 Рахметова Н.Б., Абикенова Г.Т., Жексенбаева С.У., Айтжан А.А. Көркем еңбек пәні мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін өзіндік жұмыстарды орындау арқылы жақсарту	99

18	Сейдахметова Н., Қасен Г. Кәсіби салада эмоционалды икемділіктің тұлғаға әсер етуінің психологиялық ерекшеліктері	104
19	Таттибаева Г.Б. Көркем еңбек сабақтарында оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу	107
20	Тойшыбек Т.Е. Әскери, арнайы оқу орындарында курсанттарды тәрбиелеуге оқу бөлімшесі сержанттарын даярлау мәселесінің зерделену жағдайы	111
21	Жансугурова К.Т., Тоқсанбаева Н.Т. Цифрлық технологиялар арқылы «Адал азамат» құндылықтарын қалыптастыру жолдары	115
22	Аубакирова Г.М. Ценностно-смысловой аспект воспитания личности в системе образования республики Казахстан	119
23	Хамза Қ., Тұсынбаева Ж.А., Капсанова Г.Б. Студент жастардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың рөлі	122
24	Алдангоров А.А. Гуманизация – заманауи тәрбиенің негізгі қағидасы	125
25	Хайруллина Д.А Біртұтас білім беру кеңістігінде тұлғаны-мағыналық тұрғыда тәрбиелеуде ойын технологияларын қолдану ерекшеліктері	130
26	Наурыз Б.Е. Жоғары сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін рөлдік ойындар арқылы қалыптастыру	134
27	E.E. Nurzhanov, B.T. Abirov, B.Sh. Artykov, Zh.N. Bisenbayeva. Activization of students' educational activity through context-based educational technologies	138
28	D. Baikulakov, A.S. Mussin, B.Sh. Ibatullin, T.T. Abdrakhmanov Role of military-patriotic education in higher military schools of Kazakhstan	150

II - БІРТҰТАС ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ

ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК

II - СОЦИАЛЬНОЕ ПАРТНЁРСТВО В РЕАЛИЗАЦИИ ЦЕЛОСТНОЙ СИСТЕМЫ ВОСПИТАНИЯ

1	Жуманазарова Г.У. Ценностно-основанное воспитание личности в едином образовательном пространстве	159
2	Махметова Б.Т., Бекенова Б.Н. Тәрбие – шығармашылық жұмыстардың жемісі	163
3	Махметова Б.Т. , Мұратбек А.М. Студент жастарға ұлттық тәрбие беру	167
4	Сапарбаева А.М. Ценностные ориентиры в воспитании студентов гуманитарного направления в контексте современного Казахстана	170
5	Семенова М.А. Ценностно-смысловое и патриотическое воспитание личности юных музыкантов на основе казахской национальной культуры	174
6	Тайманова З.Б. Жеке тұлғаны мәндік-құндылықтық тұрғыда тәрбиелеудің заманауи тәсілдері мен технологиялары	178
7	Рысбекова Р., Шекербек Ұ. Сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға болашақ музыка мұғалімдерін даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері	182

III - ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ КЕҢІСТІГІНІҢ БІРТҰТАСТЫҒЫ III - ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ И ЕДИНСТВО ВОСПИТАТЕЛЬНОГО ПРОСТРАНСТВА

1	Хидиров О.Ж. Лексикографические проблемы современных терминов информационных технологий в цифровом образовании	190
2	Кеңесова Г.Қ., Абильдина С.Қ. Әдебиеттік оқу сабақтарында мультимедиялық технологиялар арқылы оқу сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі	195
3	Сайлыбаева К.А. Цифрлық ортадағы белгісіздікке эмоциялық тұрақтылық құбылысының мәні мен қазіргі жағдайы	199
4	Tolegen B.A. The impact of digital transformation on the educational system's pedagogical and nurturing processes	204
5	Seidisheva G.T. Effective english language teaching methods using digital tools and artificial intelligence platforms	210
6	Куанова А.М Жалпы білім беретін мектептегі ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың фонетикалық дағдыларын қалыптастыруда музыкалық-әндік технологияларды қолдану	217
7	Қалиева К.М., Ауталипова У.И., Әбилова З.Т. Цифрлық білім беру жағдайындағы тұлға тәрбиесі: жасанды интеллект пен виртуалды шындықтың мүмкіндіктері	220
8	E.E. Nurzhanov, B.Sh. Ibatullin, R.T. Kabdulinov, Zh. Esirkepov. Pedagogical conditions and innovative technologies in training future officers in Kazakhstan	225

IV - БІРТҰТАС ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИНКЛЮЗИВТІЛІК ЖӘНЕ ГУМАНИЗАЦИЯ

IV - ИНКЛЮЗИВНОСТЬ И ГУМАНИЗАЦИЯ ЕДИНОЙ ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЫ

1	Абильдина С.Қ., Тамабаева М.К. Инклюзивті білім беру жағдайында инновациялық белсенді оқытушыны даярлаудың кейбір аспектілері	233
2	Утюпова Г.Е. Инклюзивность и гуманизация воспитания: путь к созданию единой и справедливой образовательной среды	239
3	Есімбек М.Ж., Рахметова Н.Б. Казахское прикладное искусство в инклюзивном образовании: развитие творческого потенциала обучающихся с ООП	242
4	Турсунбаева А.У. Инклюзивті ортадағы тәрбиенің гуманистік бағыты: теориядан практикаға.....	247

V - «АДАЛ АЗАМАТ» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ МЕХАНИЗМДЕРІ

V - ПРАКТИЧЕСКИЕ МЕХАНИЗМЫ РЕАЛИЗАЦИИ «АДАЛ АЗАМАТ» В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ РК

1	Есенали М.Б., Сарқанбаева Г.Қ. «Адал азамат» бағдарламасы негізінде тәрбие жұмысын жүргізудің ерекшеліктері мен мүмкіндіктері	251
2	Сарқанбаева Г.Қ., Исахова Л.Т. «Цифрлық білім беру жағдайында этнопедагогикалық құндылықтар негізінде «Адал азамат» тұлғасын қалыптастыру»	255
3	L.N. Bissenbayeva, A.S. Mussin, B.Sh. Ibatullin, R.T. Kabdulinov. Formation of leadership and strategic thinking in future kazakhstani officers	260

ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

ӘОЖ 373.21

Қыяқбаева Ұ.Қ.
п.ғ.к., қауымдас.профессор
Абай атындағы ҚазҰПУ
Алматы, Қазақстан,
e-mail: kyyakbayeva.ulbosyn@mail.ru mailto:kyyakbayeva@mail.ru

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ТӘРБИЕШІЛЕРДІ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ БАҒДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ДАЯРЛАУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТЕТІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада болашақ педагог-тәрбиешілерді мектеп жасына дейінгі балалардың құндылықтық бағдарын қалыптастыруға даярлаудың өзекті мәселелері қарастырылады. Құндылықтық бағдар ұғымының мазмұны, оның мектепке дейінгі жаста қалыптасу ерекшеліктері және педагог кадрларды даярлаудағы заманауи тәсілдер ғылыми тұрғыда талданады. Сонымен қатар, цифрлық технологиялар, тұлғалық-бағдарлы оқыту, рефлексивтік практика, кейс-әдіс, STEAM элементтері сияқты инновациялық тетіктердің тиімділігі негізделеді. Зерттеу нәтижесінде болашақ педагогтердің кәсіби даярлығын жетілдіруде құндылыққа бағытталған білім беру ортасын құрудың маңыздылығы анықталады.

Тірек сөздер: мектепке дейінгі білім беру, құндылықтық бағдар, болашақ педагог, кәсіби даярлық, заманауи технологиялар, тұлғалық даму

СОВРЕМЕННЫЕ МЕХАНИЗМЫ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ-ВОСПИТАТЕЛЕЙ К ФОРМИРОВАНИЮ ЦЕННОСТНЫХ ОРИЕНТАЦИЙ У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Аннотация. В статье рассматриваются актуальные вопросы подготовки будущих педагогов-воспитателей к формированию ценностных ориентаций у детей дошкольного возраста. Раскрывается сущность понятия «ценностные ориентации», анализируются особенности их формирования в дошкольном возрасте, а также современные подходы к подготовке педагогических кадров. Особое внимание уделяется обоснованию эффективности инновационных механизмов, таких как цифровые технологии, личностно-ориентированное обучение, рефлексивная практика, кейс-метод, элементы STEAM-образования. В результате исследования определена значимость создания образовательной среды, ориентированной на ценности, в процессе профессиональной подготовки будущих педагогов.

Ключевые слова: дошкольное образование, ценностные ориентации, будущий педагог, профессиональная подготовка, современные технологии, личностное развитие

MODERN MECHANISMS FOR PREPARING FUTURE PRESCHOOL TEACHERS FOR THE FORMATION OF VALUE ORIENTATIONS IN PRESCHOOL CHILDREN

Abstract. The article examines actual issues of preparing future preschool teachers for the formation of value orientations in preschool children. The essence of the concept of “value orientations” is раскрывается, and the особенности of their formation in preschool age are analyzed. Modern approaches to teacher training are also considered. Particular attention is paid to substantiating the effectiveness of innovative mechanisms such as digital technologies, learner-

centered education, reflective practice, case-study method, and elements of STEAM education. The study highlights the importance of creating a value-oriented educational environment in the process of professional training of future teachers.

Keywords: preschool education, value orientations, future teacher, professional training, modern technologies, personal development

Қазіргі жаһандану, цифрландыру және әлеуметтік-мәдени өзгерістер жағдайында білім беру жүйесінің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі - тұлғаның құндылықтық бағдарын қалыптастыру болып табылады. Әсіресе мектепке дейінгі кезеңде баланың дүниетанымы, мінез-құлқы, әлеуметтік қатынастары мен адамгершілік ұстанымдарының негізі қаланатындықтан, бұл мәселе ерекше өзектілікке ие. Бүгінгі қоғамда тек білімді ғана емес, сонымен қатар рухани бай, адамгершілік құндылықтарды меңгерген, әлеуметтік жауапкершілігі жоғары тұлға тәрбиелеу қажеттілігі артып отыр. Осы тұрғыда мектеп жасына дейінгі балалардың құндылықтық бағдарын қалыптастыруға қабілетті болашақ педагог-тәрбиешілерді даярлау мәселесі педагогикалық ғылым мен тәжірибеде басым бағыттардың бірі ретінде айқындалады.

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы стратегиялық құжаттарында да тұлғаның құндылықтық дамуына ерекше назар аударылған. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі ретінде тұлғаның рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз ету, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру айқындалған. Бұл құжатта тәрбиелік компонентті күшейту, білім алушылардың азаматтық жауапкершілігін, патриотизмін және әлеуметтік белсенділігін дамыту негізгі бағыттардың бірі ретінде қарастырылады [1]. Сонымен қатар, қазіргі білім беру жүйесінде тәрбие жұмысының мазмұнын жаңғырту мақсатында енгізілген «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» да ерекше мәнге ие. Бұл бағдарлама ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделіп, білім алушылардың тұлғалық, рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды көздейді [2]. Бұл болашақ педагогтердің кәсіби даярлығы тек пәндік біліммен шектелмей, олардың тәрбиелік, аксиологиялық және әлеуметтік-педагогикалық құзыреттіліктерін кешенді түрде қалыптастыруды талап етеді. Осыған байланысты педагогикалық жоғары оқу орындарында білім беру мазмұнын жаңғырту, инновациялық технологияларды енгізу және құндылыққа бағытталған оқыту ортасын қалыптастыру қажеттілігі туындайды.

Құндылықтық бағдар мәселесі философия, психология және педагогика ғылымдарында кеңінен зерттелген. Қазіргі кезеңде бұл мәселе отандық және ресейлік ғалымдардың еңбектерінде жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайлармен байланысты қарастырылуда. Қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінде құндылықтық бағдар мәселесі қоғамдағы өзгерістермен, ұлттық сана мен тұлғалық дамумен тығыз байланыста талданады. Мәселен, Е. Бурибаев қазіргі Қазақстан жастарының құндылықтарын зерттей отырып, олардың әлеуметтік трансформация жағдайында өзгеру динамикасын негіздейді [3]. Сонымен қатар, А. Каирова бастауыш білім беру жағдайында оқушылардың патриоттық мәдениетін қалыптастыруды құндылықтық, мінез-құлықтық және эмоциялық компоненттердің бірлігі ретінде қарастырады [4].

Ресейлік ғалымдар да құндылықтық бағдар мәселесін білім беруді жаңғырту, инклюзивті білім беру және әлеуметтік тәрбиемен байланыстыра зерттеуде. Мысалы, М. Козлова зерттеулерінде педагогтердің құндылықтық ұстанымдары инклюзивті білім беру үдерісінің тиімділігіне тікелей әсер ететіні көрсетілген [5]. Сонымен қатар, ресейлік білім социологиясы мектебінің өкілдері (мысалы, В. Собкин) қазіргі білім беру жүйесінде тұлғаның әлеуметтік құндылықтарының қалыптасуын қоғамның өзгеруімен байланыстыра қарастырады [6].

Шетелдік ғалымдардың еңбектерінде құндылықтық бағдар мәселесі жан-жақты қарастырылуда. Мәселен, Н.Schwartz тұлғаның құндылықтарын әмбебап құндылықтар

теориясы негізінде жүйелеп, олардың мәдениетаралық ерекшеліктерін анықтады [7]. Ал М. Rokeach құндылықтарды тұлғаның сенімдері жүйесі ретінде қарастырып, олардың мінез-құлыққа ықпалын негіздеді [8]. Сонымен қатар, R. Inglehart қоғамдағы құндылықтардың өзгеру динамикасын зерттеп, постматериалистік құндылықтардың қалыптасуын дәлелдеді [9]. Жалпы алғанда, соңғы жылдардағы зерттеулер құндылықтық бағдарды қалыптастыруды кешенді үдеріс ретінде қарастырып, оның әлеуметтік, мәдени, цифрлық және тұлғалық факторлармен өзара байланысын айқындайды. Бұл бағыттағы ғылыми еңбектер мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кезеңінде құндылықтарды мақсатты түрде қалыптастырудың маңыздылығын дәлелдейді.


Дегенмен, қазіргі педагогикалық зерттеулерде болашақ педагог-тәрбиешілерді мектеп жасына дейінгі балалардың құндылықтық бағдарын қалыптастыруға мақсатты түрде даярлаудың мазмұны мен заманауи тетіктері жеткілікті деңгейде жүйеленбеген. Бұл өз кезегінде аталған мәселенің теориялық және практикалық тұрғыдан терең зерттелуін талап етеді. Осыған байланысты аталған мақалада болашақ педагог-тәрбиешілерді мектеп жасына дейінгі балалардың құндылықтық бағдарын қалыптастыруға даярлаудың заманауи тетіктерін айқындау негізгі мақсат ретінде белгіленеді.

Мектепке дейінгі кезеңде құндылықтық бағдар мәселесі қазіргі педагогика мен психологияда маңызды зерттеу бағыттарының бірі болып табылады. Ғылыми еңбектерде бұл мәселе көбінесе «құндылықтарды қалыптастыру», «моральдық тәрбие», «character education» ұғымдары аясында қарастырылады. Өйткені дәл осы кезеңде баланың тұлғалық іргетасы қаланып, оның қоршаған ортаға, адамдарға және өзіне деген қатынасы қалыптаса бастайды. Психологиялық тұрғыдан алғанда, мектепке дейінгі жастағы балалардың құндылықтық бағдарлары эмоционалдық тәжірибе, еліктеу және әлеуметтік өзара әрекет арқылы дамиды. Бұл кезеңде бала ересектердің мінез-құлқын бақылап, соны қайталау арқылы алғашқы адамгершілік нормаларды меңгереді. Осыған байланысты А. Bandura ұсынған әлеуметтік үйрену теориясы балалардың құндылықтарды меңгеруінде үлгі-өнегенің шешуші рөл атқаратынын дәлелдейді [10]. Сонымен қатар, L.Kohlberg моральдық даму теориясында баланың адамгершілік пайымдаулары кезең-кезеңімен қалыптасатынын көрсетіп, мектепке дейінгі кезеңді бастапқы деңгей ретінде сипаттайды [11].

Педагогикалық тұрғыдан құндылықтық бағдарды қалыптастыру арнайы ұйымдастырылған білім беру үдерісі арқылы жүзеге асады. Мектепке дейінгі ұйымдарда бұл үдеріс ойын, қарым-қатынас, бірлескен іс-әрекет және тәрбиелік жағдаяттар арқылы іске асырылады. Атап айтқанда, рөлдік ойындар, дидактикалық тапсырмалар, әңгімелесу, ертегі терапиясы сияқты әдістер балалардың адамгершілік түсініктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте педагогтің тұлғалық үлгісі, қарым-қатынас стилі және тәрбиелік ықпалы шешуші мәнге ие. Қазіргі зерттеулерде мектепке дейінгі кезеңде құндылықтарды қалыптастырудың мазмұны да кеңейе түскені байқалады. Дәстүрлі адамгершілік құндылықтармен қатар, балаларда эмпатия, толеранттылық, ынтымақтастық, экологиялық мәдениет, цифрлық ортадағы мінез-құлық мәдениеті сияқты жаңа әлеуметтік құндылықтарды қалыптастыру қажеттілігі айқындалуда. Бұл өзгерістер қоғамдағы жаһандану, цифрландыру үдерістерімен тікелей байланысты.

Заманауи зерттеулер мектепке дейінгі жаста құндылықтардың қалыптасуы тұлғаның кейінгі әлеуметтік және мінез-құлықтық дамуының іргетасы екенін дәлелдейді. Мәселен, ерте балалық шақтағы құндылықтық тәрбиенің қоғамның моральдық негізін қалыптастыруда шешуші рөл атқаратыны көрсетілген. Соңғы жылдардағы жүйелі шолу зерттеулерінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында құндылықтарды қалыптастыру балалардың адамгершілік дамуына тікелей әсер ететіні, ал бұл үдерісте педагогтің тұлғалық үлгісі мен арнайы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің маңызы ерекше екені айқындалған. Зерттеулер мектепке дейінгі жаста-ақ балаларда құндылықтардың белгілі бір құрылымы қалыптаса бастайтынын дәлелдейді. Мысалы, 5 жастағы балалардың құндылықтық басымдықтары мен құрылымы зерттеліп, олардың ересектер құндылықтарына ұқсас жүйе қалыптастыра бастайтыны анықталған.

Ғалымдар құндылықтарды қалыптастырудың тиімділігі ерте жаста жүргізілген мақсатты педагогикалық ықпалға байланысты екенін атап өтеді. Яғни, дәл мектепке дейінгі кезеңде балаларда эмпатия, жауапкершілік, ынтымақтастық сияқты негізгі әлеуметтік-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру анағұрлым нәтижелі жүзеге асады. Осыған байланысты мектепке дейінгі кезеңде балалардың құндылықтық бағдарын тиімді қалыптастыру болашақ педагог-тәрбиешілердің кәсіби даярлық деңгейіне тікелей тәуелді. Сондықтан қазіргі педагогикалық білім беру жүйесінде тәрбиешілерді даярлаудың мазмұны мен технологияларын жаңғырту қажеттілігі туындайды. Осы тұрғыдан алғанда, болашақ педагог-тәрбиешілердің кәсіби даярлығын жетілдіруде олардың құндылықтық бағдар қалыптастыруға бағытталған құзыреттіліктерін жүйелі түрде дамытуда маңызды қадамдарды атап өтуге болады.



Сурет 1- Болашақ педагог-тәрбиешілердің кәсіби даярлығын жетілдіруде олардың құндылықтық бағдар қалыптастыруға бағытталған құзыреттіліктерін дамыту қадамдарды

Біріншіден, болашақ педагог-тәрбиешілерді даярлауда **құндылыққа бағдарланған білім беру** тұжырымдамасын енгізу маңызды. Бұл бағытта студенттер тек теориялық біліммен шектелмей, өздерінің тұлғалық құндылықтарын саналы түрде түсініп, кәсіби іс-әрекетінде қолдана білуге үйренуі тиіс. Осы мақсатта оқу бағдарламаларына «құндылықтық тәрбие», «әлеуметтік-эмоционалдық даму», «баланың тұлғалық қалыптасуы» сияқты пәндерді енгізу тиімді болып табылады.

Екіншіден, болашақ педагогтерді даярлауда **практикаға бағытталған оқыту** ерекше рөл атқарады. Студенттер мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылатын педагогикалық практикалар барысында балалармен тікелей жұмыс жасап, олардың эмоционалдық, әлеуметтік және адамгершілік дамуын бақылап, талдау дағдыларын меңгереді. Бұл тәжірибе құндылықтарды қалыптастырудың нақты әдістерін игеруге мүмкіндік береді.

Үшіншіден, қазіргі білім беру жағдайында **интерактивті және инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану** маңызды тетік болып табылады. Атап айтқанда, кейс-стади, тренингтер, рөлдік ойындар, ситуациялық тапсырмалар, рефлексиялық талдау әдістері арқылы студенттердің кәсіби құзыреттіліктері дамытылады. Мұндай әдістер болашақ тәрбиешілердің балалардың мінез-құлқын түсіну, тәрбиелік жағдаяттарды шешу және құндылықтық бағдар қалыптастыру қабілеттерін жетілдіреді.

Төртіншіден, болашақ педагогтердің даярлығында **әлеуметтік-эмоционалдық құзыреттілікті дамыту** маңызды орын алады. Бұл бағытта студенттердің эмпатия, толеранттылық, жауапкершілік, қарым-қатынас мәдениеті сияқты қасиеттерін дамытуға бағытталған арнайы тренингтер мен практикалық жұмыстар ұйымдастырылуы қажет. Өйткені педагогтің жеке тұлғалық қасиеттері балалардың құндылықтарын қалыптастыруда үлгі ретінде қызмет етеді.

Бесіншіден, педагогтарды даярлауда **цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдалану** да өзекті. Заманауи цифрлық платформалар, мультимедиялық құралдар және интерактивті контенттер болашақ тәрбиешілердің кәсіби дайындығын жетілдіруге, сондай-ақ балаларға құндылықтарды қызықты әрі қолжетімді түрде жеткізуге мүмкіндік береді.

Алтыншыдан, болашақ педагог-тәрбиешілерді даярлауда **рефлексивтік мәдениетті қалыптастыру** ерекше мәнге ие. Студенттер өз іс-әрекеттерін талдау, өзін-өзі бағалау және

кәсіби дамуды жоспарлау дағдыларын меңгеруі тиіс. Бұл олардың педагогикалық қызметте туындайтын тәрбиелік мәселелерді саналы түрде шешуіне ықпал етеді. Жалпы алғанда, болашақ педагог-тәрбиешілерді құндылықтық бағдар қалыптастыруға даярлау - бұл теориялық білім, практикалық тәжірибе, тұлғалық даму және инновациялық технологияларды біріктіретін кешенді үдеріс. Мұндай жүйелі даярлық мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың әлеуметтік-адамгершілік құндылықтарын тиімді.

Қорытындылай келе, болашақ педагог-тәрбиешілерді мектеп жасына дейінгі балалардың құндылықтық бағдарын қалыптастыруға даярлау қазіргі білім беру кеңістігіндегі өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Мектепке дейінгі кезеңде баланың тұлғалық, әлеуметтік және адамгершілік сапаларының негізі қаланатындықтан, бұл үдерісті жүзеге асыратын педагогтің кәсіби даярлығы ерекше мәнге ие. Осы тұрғыдан алғанда, болашақ тәрбиешілердің құндылыққа бағытталған кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру теориялық білім мен практикалық тәжірибенің бірлігін, сондай-ақ тұлғалық және рефлексивтік дамуды қажет етеді.

Заманауи білім беру жағдайында цифрлық технологиялар, тұлғалық-бағдарлы оқыту, практикаға бағдарланған тәсілдер, интерактивті әдістер мен рефлексивтік мәдениет болашақ педагогтердің даярлығын жетілдірудің тиімді тетіктері ретінде айқындалады. Осындай кешенді даярлық қана мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарын орнықты қалыптастыруға, олардың әлеуметтік жауапкершілігі мен адамгершілік мәдениетін дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан болашақ педагог-тәрбиешілерді даярлау жүйесін құндылықтық бағдар негізінде жетілдіру – мектепке дейінгі білім беру сапасын арттырудың маңызды шарты болмақ.

ӘДЕБИЕТ

1. Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы. – Астана, 2023.
2. Біртұтас тәрбие бағдарламасы: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығымен бекітілген. – Астана, 2023.
3. Buribayev Y., Khamzina A. Value orientations of modern Kazakhstan youth in the context of social transformation // Heliyon. – 2024. – Vol. 10, No. 3. – e.
4. Kairova A. Formation of patriotic culture of primary school students as a value-based construct // Journal of Social Studies Education Research. – 2023. – Vol. 14, No. 2. – P.
5. Козлова М. Ценностные установки педагогов как фактор эффективности инклюзивного образования // Педагогика. – 2022. – № 5. – С. 45–52.
6. Собкин В. Социальные ценности современной молодежи в условиях трансформации общества // Вопросы образования. – 2021. – № 3. – С. 120–138.
7. Shalom H. Schwartz. An overview of the Schwartz theory of basic values // Online Readings in Psychology and Culture. – 2012. – Vol. 2, No. 1.
8. Milton Rokeach. The Nature of Human Values. – New York: Free Press, 1973. – 438 p.
9. Ronald Inglehart. Modernization and Postmodernization: Cultural, Economic and Political Change in 43 Societies. – Princeton: Princeton University Press, 1997. – 453 p.
10. Bandura A. Social Learning Theory. – Englewood Cliffs: Prentice-Hall, 2017. – 247 p.
11. Kohlberg L. Essays on Moral Development. Vol. 1: The Philosophy of Moral Development. – San Francisco: Harper & Row, 2021. – 441 p.

ӘОЖ 37.0353:37.01:39

Шалғынбаева Қ.Қ.
п.ғ.д., профессор
Абай атындағы ҚазҰПУ
Алматы, Қазақстан,
e-mail: kadisha1954@mail.ru

БІРТҰТАС ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИНКЛЮЗИВТІ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа. Қазіргі таңда барлық әлемде жеке қажеттілікті түзету-педагогикалық қолдау мен бейімдеу баланы емес, балалардың білімділік, тәрбиелілік сұраныстары мен жеке ерекшеліктеріне ортаның, отбасының белсенді қатысуымен бірге біртұтас тәрбие жүйесіне толық қатысуды қарастыратын «барлығы үшін бір мектеп» немесе «инклюзивті білім беру» өзекті мәселе болып табылады. Бұл міндеттерді шешу үшін, ең алдымен, тұлғаның «инклюзивті мәдениетін» қалыптастыру қажет. Инклюзивті мәдениет проблемасы әртүрлі ғылыми бағыттар мен (философия, психология, педагогика және әлеуметтік педагогика, арнайы педагогика және т.б.) мектептер өкілдерінің зерттеу пәні болып табылады.

Тірек сөздер: инклюзивті білім, ерекше білім беруді қажет ететін балалар, инклюзивті мәдениет, ізгілікті қарым-қатынас, инклюзивті құндылықтар, нормалар мен идеалдар

Қазіргі қоғамның әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси дамуындағы түбегейлі өзгерістер өскелең ұрпақтың тәрбие жүйесін жаңа талаптарға бейімдеуді қажет етеді. Жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, тұлғаның азаматтық жауапкершілігі мен патриоттық, гуманистік сезімін қалыптастыру – білім беру ұйымдарының басты міндеттерінің бірі. Осы орайда Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі 2024 жылғы 30 маусымдағы №194 бұйрығымен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекітті [1].

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді. 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында Қ. Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұны жаңартылды [2].

Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты идеясына айналды. Бұл идеялар елдің жаңғыруы мен стратегиялық дамуының басты бағытын айқындай отырып, әділдік, жауапкершілік, ізгілік, отаншылдық, бірлік, заңға құрмет, еңбекқорлық және жасампаздық сияқты құндылықтарды ұрпақ тәрбиесінің өзегіне айналдырады.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының негізгі мақсаты – ұлттық мәдениет пен рухани мұраға сүйене отырып, парасатты, адал, жауапкершілікті, шығармашыл және жан-жақты үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру. Бағдарламаны жүзеге асыру құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдемелерін үйлестіру арқылы жүргізіледі. Бұл білім алушылардың әлеуметтік белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың қоғамға қызмет етуге дайын, бәсекеге қабілетті азамат болып қалыптасуына ықпал етеді.

Алайда, қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім

беру үдерісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру мен тәрбиелеу болып отыр. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру мен тәрбиелеу дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үдерісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Сондықтан, жас ұрпаққа жан-жақты білім, тәлім-тәрбие беру – әрбір оқытушының басты міндеті. ХХІ ғасыр – ақпараттық қоғам дәуірі. Инклюзивті білім беру мен тәрбиелеу – оқытудың тиісті білім беретін оқу бағдарламаларына, білім алушылардың өзгеде санаттарымен тең қолжетімді, арнайы жағдайларды қамтамасыз ету арқылы дамытуға түзету-педагогикалық және әлеуметтік қолдауды көздейтін, мүмкіндігі шектеулі адамдарды бірлесіп оқыту және тәрбиелеу қажеттілігі артуда.

Осы тұрғыдан қарағанда Қазақстанның білім беру жүйесінде инклюзивті тәсілді енгізудегі басым міндеттердің бірі бұл - білім беру процесінің барлық қатысушылары арасында инклюзивті мәдениетті дамыту болып табылады. Өйткені, бұл «мүгедек» ұғымы әрқашан «қызметке жарамсыз» дегенді білдіретін қоғамдық сананың бұрыннан қалыптасқан түріне байланысты, оларға белгілі бір қаражатты жұмсауға мәжбүр болған мемлекет үшін олар тәуелді болды. Олармен қарым-қатынаста ерекше қиындықтар айналасындағы адамдар арасында пайда болды, нәтижесінде оларға біржақты, лайықсыз көзқарас қалыптасты. Сондықтан қоғамда ерекше білім беруді қажет ететін жеке тұлғаларға деген көзқарасты өзгерту және инклюзивті мәдениетті тәрбиелеу мәселесі өте маңызды болып отыр.

«Инклюзивті мәдениет» ұғымы нені білдіреді? Философиялық Энциклопедиялық сөздікте «мәдениет» (латын тілінен *cultura* өсіру – тәрбиелеу, қалыптастыру, дамыту, қастерлеу, ізгілендіру және т.б), қоғамдық дамудың және жасампаз күштердің тарихи анықталған деңгейі және қабілеттер өмірі мен іс-әрекетін ұйымдастырудың түрлері мен формаларында көрсетілген тұлға адамдардың қарым-қатынасында, сондай-ақ материалдық және рухани құндылықтарында көрініс тапқан [3].

Демек: инклюзивті мәдениет – бұл әрбір адам өзінің жеке ерекшеліктеріне қарамастан қабылданған, құрметтелетін және қолдау көрсетілетін ортаны құруға бағытталған құндылықтар, сенімдер, нормалар мен тәжірибелер жүйесі.

Инклюзивті құндылықтар, нормалар мен идеалдар - инклюзивті мәдениеттің ең маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Инклюзивті құндылықтар, білім беру ұйымындағы кедергісіз орта – бұл барлық білім алушылар, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар (ЕҚББ) үшін қолжетімділік пен тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін жағдайлардың жиынтығы.

Сондықтан, дені сау балалар мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін табысты оқу жағдайларын жасауға болады, бірақ адами факторды жою мүмкін емес. Осы орайда, баспасөз, радио, теледидар және басқа да бұқаралық ақпарат құралдары, яғни медиапедагогика, дене немесе психикалық кемістігі салдарынан қиын жағдайға тап болған барлық жеке тұлғаларға қоғам арасында құрметті қалыптастыру үшін күш-жігерін біріктіруі керек. Қоғамдағы инклюзивті мәдениетті инклюзивті білім берумен тәрбиені табысты жүзеге асыру факторы ретінде ғана емес, сонымен қатар Қазақстандағы көпмәдениетті білім беруді дамыту факторы ретінде де қарастыруға болады.

Педагогика ғылымында «көп мәдениетті тәрбие» ұғымы жас ұрпақты өмір бойы көпұлтты және көпмәдениетті ортаға дайындау идеясына құрылған білім ретінде анықталады. Мұндай тәрбиенің мақсаты әртүрлі адамдармен қарым-қатынас жасау және ынтымақтастық құру қабілетін дамыту болып табылады. Ұлттардың, нәсілдердің және діндердің бірегейлігін түсінуге тәрбиелеу басқа мәдениеттер мен оларға деген теріс көзқарастарды жою деген сөз. Өйкені, заманауи адам төзімді, шыдамды, дамыған болуы

керек басқа мәдениет өкілдеріне құрмет сезімі, олармен бейбітшілік пен келісімде өмір сүре алатын; және белсенді әрекеттесуге дайын болуы тиіс [4].

Бұндай дағдыларға ие болу үшін адам соған сәйкес мәдениетті меңгеруі керек. Өз мәдениетін іргетас ретінде сақтай отырып, шетел мәдениеттеріне, олардың өкілдеріне, құндылықтарына, дәстүрлері мен тілдеріне құрметпен және қамқорлықпен қарауды дамыту Қазақстанда көпмәдениетті білім беруді дамытудың басты мақсаты болып табылады, өйткені біздің еліміз көпұлтты. Инклюзивті білім беру мен көпмәдениетті білім берудің арасында белгілі бір байланыс бар, ол олардың көптеген идеялары мен тұжырымдамаларының, сондай-ақ олардың мақсаттары мен міндеттерінің ортақтығынан көрінеді. Бұл екі бағыттың ең маңызды ұқсастығы – оларды жүзеге асыру үшін қоғамның адамгершілік тәрбиесінің жүйелі жүйесі арқылы ғана жүзеге асырылатын ерекше толеранттылық, инклюзивті мәдениетті қалыптастыру, насихаттау және тарату түрі қажет».

Осыған байланысты инклюзивті мәдениет концепциясын дамыту жеке тұлғаның дамуы үшін ғана емес, сонымен бірге жалпы әлеуметтік қатынастарды ұтымды ету үшін де үлкен маңызға ие. Ол үшін инклюзивті әлеуметтік мәдениеттің негізгі құрамдас бөліктері мен принциптерін анықтау қажеттілігі туындайды. Инклюзивті мәдениет принциптері инклюзивтің негізгі принциптеріне негізделеді:

- әрбір адамның қадір-қасиетін тану және құрметтеу. Инклюзивті мәдениеттің принциптері теңдікке және сегрегация мен кез келген негізде кемсітушіліктен бас тартуға негізделген. Инклюзивті мәдениет қоғамның әрбір мүшесінің айырмашылықтарын, әртүрлілігін және бірегейлігін мойындау мен құрметтеуге негізделген;

- қатысу және белсенді қосу. Инклюзивті мәдениет әртүрлі қажеттіліктері мен қабілеттері бар адамдарға қоғамдық өмірге және мәдени процестерге белсенді қатысуға мүмкіндік беретін жағдайлар жасауды қамтиды;

- тұрақтылық пен қауіпсіздік. Бұрын бөлек өкілдерді өз қызметіне қосу кезеңінде қалыптасқан жүйелердің тұрақты және қауіпсіз жұмыс істеуін қолдауға ұмтылу;

- хабардар болу және тәрбиелеу. Адамдарды инклюзивтілік және әртүрліліктің артықшылықтары туралы ақпараттандыру және оқыту толерантты және ізгілікті қабылдайтын қоғамды құруға көмектеседі;

- қолжетімділік пен теңдік. Қолжетімді және қауіпсіз ортаны құру, барлығына тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және қоғамдық өмірге қатысудағы психологиялық және физикалық кедергілерді жою.

Инклюзивті мәдениеттің дамуы қоғамдағы әртүрлілік пен ерекшеліктерді құрметтеудің маңыздылығын мойындаудан басталды және өзара тиімді мәдени алмасу жағдайында халықтың оқшауланған топтарының өкілдерін әлеуметтік процестерден шеттету процестерін толығымен жоюға ұмтылады.

Инклюзивті мәдениеттің құрылымдық компоненттері. Инклюзивті мәдениет элементтері Н.А.Борисованың «Инклюзивті мәдениет негіздері» атты еңбегінде кең тұрғыдан талданған [4, 25 б].

Оларға аксиологиялық (инклюзивті құндылықтар жүйесі), идеологиялық (инклюзивті идеяларды жүзеге асыруға жеке назар аудару), тұлғалық (инклюзивті ортадағы жұмыс үшін маңызды жеке қасиеттердің жиынтығы) сияқты компоненттер кіреді,

мінез-құлық (инклюзивті қоғамдастықтағы әлеуметтік өзара әрекеттестікке тән этикеттің ерекше нормалары), психологиялық (қосу жағдайында жұмыс істеуге тура келетін психикалық құбылыстардың заңдылықтарын білу) .

Жүйелік талдау инклюзивті мәдениеттің келесі құрылым құраушы компоненттерін анықтауға мүмкіндік береді.

Тұжырымдамалық тәсіл инклюзивті мәдениеттің проблемалық өрісі мен әдіснамасын әзірлеуді, сонымен қатар оның теориялық негіздерін іс жүзінде жүзеге асырудың жолдары мен арналарын қалыптастыруды көздейді.

Біз инклюзивті мәдениет концепциясы әлі де теориялану сатысында екенін атап өттік. Зерттеушілер негізінен психологиялық-педагогикалық жағдайларда инклюзивті мәдениет мәселелерін зерттеуге назар аударады.

Мәдениеттану ғылымында ол политекті қоғам дамуының маңызды аспектісі, сонымен қатар мәдени шеттету мен кемсітушілікке қарсы тұру және толықтыру нысаны ретінде қарастырылады.

«Инклюзивті мәдениет» ұғымына мәдени көзқарас қоғам құндылықтарындағы өзгерістерді бақылауға және ашық және инклюзивті мәдени кеңістікті қалыптастыруға ықпал ететін тенденцияларды анықтауға көмектеседі.

Инклюзивті мәдениетті тұжырымдамалаудағы мемлекеттің рөлін атап өту маңызды. Құқықтық базаны қалыптастыру бойынша кең өкілеттіктер мен инклюзивті бағдарламаларды құру және жүзеге асыру үшін әкімшілік рычагтармен ол азаматтардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді және қолдау көрсетеді.

Осыған байланысты инклюзивті мәдениетті тұжырымдамалаудың бастапқы тетігі осы бағыттағы жүйелі мемлекеттік саясат болып табылады. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасындағы заңнамалық база бірінші кезекте ерекше қажеттіліктері бар балалар мен жасөспірімдерге инклюзивті білім беру мәселелерін шешеді.

Жалпы алғанда, инклюзивті мемлекеттік саясаттың негізгі аспектілеріне мыналар жатады: инклюзивті білім беру, бейімделген денсаулық сақтау және әлеуметтік оңалту жүйелері, жұмыспен қамту және мәдени инклюзия. Осының барлығы әртүрлі мәдени қауымдастықтар мен маргиналданған әлеуметтік топтар арасындағы өзара іс-қимыл мен ынтымақтастыққа ықпал ететін бағдарламалар мен іс-шараларды әзірлеуге негіз бола алады.

Инклюзивті мәдениеттің *психологиялық құрамдас бөлігі* олардың айырмашылықтары мен ерекше қажеттіліктеріне қарамастан барлық адамдар үшін қауіпсіз және қолдаушы ортаны құруда маңызды рөл атқарады.

Сонымен бірге ол қоғамдық қатынастардың әрбір мүшесі құрметтеуге, қабылдауға және әлеуметтік процестерден шеттетілу қорқынышынан арылуға құқығы бар жайлы кеңістікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Психологиялық қауіпсіздік адамдардың ашық қарым-қатынас жасауына, өз идеяларын білдіруіне және шығармашылық мүмкіндіктерін жүзеге асыруына жағдай жасауды көздейді. Мұндай орта адамдар арасындағы өзара түсіністікті, төзімділікті, сыйластықты, гуманистік сезімді қажет етеді.

Коммуникативті-интегративті компонент әлеуметтік процестердің әртүрлі қатысушылары арасындағы өзара әрекеттестік пен өзара интеграцияны ынталандыруға және қолдауға бағытталған коммуникациялық стратегияларды әзірлеу мен жүзеге асыруды қамтиды.

Қарым-қатынас инклюзивті мәдени ортаның оң имиджін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады және оның тиімді жұмыс істеуіне ықпал етеді. Осы құрамдас шеңберінде қосудың келесі мақсаттары айқындалады:

- қоғамның барлық мүшелері үшін олардың сипаттамаларына немесе қажеттіліктеріне қарамастан ақпараттық ресурстардың қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- диалогқа, инклюзия мәселелері мен басқаларды құрметтеудің маңыздылығы туралы хабардар етуге бағытталған халықтың әртүрлі топтарының қатысуымен білім беру және мәдени іс-шаралар мен науқандарды өткізу;
- көзқарастардың, көзқарастардың және пікірлердің әртүрлілігін қабылдау және қолдау, әр түрлі топтар мен қоғам өкілдері арасындағы диалогты ынталандыру.

Инклюзивті мәдениеттің *кеңістіктік-орта компоненті* барлық адамдардың қоғамның мәдени өміріне еркін және қауіпсіз қатысуына ықпал ететін физикалық және әлеуметтік ортаны құруды көздейді.

Мұнда қоршаған ортаға, оның ішінде қоғамдық орындарға, ғимараттарға, көліктік коммуникация жүйелеріне және т.б. ерекше назар аударылады. Ол мынадай міндеттерді

камтиды: а) мүгедектер үшін физикалық инфрақұрылымды қалыптастыру (мысалы, пандустарды, лифтілерді, бейімделген дәретхана құралдарын орнату);

б) барлық пайдаланушылар үшін қолайлы және қауіпсіз ортаны құру (мысалы, жақсы жарықтандыру, ыңғайлы орындықтар немесе беттер); с) қоғамның барлық мүшелеріне қолжетімді ақпараттық және коммуникациялық ресурстарды қамтамасыз ету (мысалы, контактісіз тасымалдаулар және т.б.).

Қолжетімді және қауіпсіз кеңістіктерді құру құралдарының бірі инклюзивті дизайн болып табылады. Бұл концепцияның теориялық негіздерін концептуалды негіздеу және практикалық түрде жүзеге асырудың алғашқы әрекеттеріне американдық сәулетші R.L. Масенің еңбектері жатады [5].

Тәрбиелік-педагогикалық компонент қазіргі уақытта мемлекеттің нормативтік-құқықтық базасымен толық дамып, қолдау тапты. Оның негізгі мақсаты – білім беру процесінің барлық қатысушыларына жоғары сапалы білім беру.

Бұл мақсатқа жету үшін студенттердің өз қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес табысты білім алатын, әлеуметтенетін және дами алатын ортаны құру қажет.

Инклюзивті мәдениеттің тәрбиелік-педагогикалық *компоненті* шеңберінде студенттердің жеке қажеттіліктеріне негізделген арнайы оқу материалдары мен педагогикалық әдістер жиі пайдаланылады, сонымен қатар мұғалімдердің үздіксіз кәсіби дамуы жүзеге асырылады.

Инклюзивті мәдениеттің *институционалдық компоненті* инклюзивті ортаны құру процесіне қатысатын әртүрлі мәдениет субъектілерінің мәдени тәжірибесі арқылы қызмет етеді. Қосылу субъектілерінің арасында:

1. *Мемлекеттік ұйымдар*. Мемлекеттің қызметіне тиісті құқықтық нормалар мен стандарттарды әзірлеу, арнайы жобаларды, бағдарламалар мен бастамаларды қаржыландыру және қолдау, ерекше қажеттіліктері бар адамдарды әлеуметтік қорғау мен қолдау кіреді.

2. *Оқу орындары*. Бүгінгі таңда білім беру инклюзиясы қоғамда инклюзивті мәдениетті қалыптастыру үдерісінде маңызды рөлдердің бірін атқарады. Мектептер, колледждер, университеттер және басқа да арнайы және қосымша білім беру мекемелері инклюзивті ойлаудың негізін қалайды және толерантты тұлғаларды қалыптастырады.

3. *Қоғамдық ұйымдар мен қауымдастықтар*. Қоғамның барлық мүшелері инклюзивті мәдени ортаны құру үшін рөл атқарады және жауапты, оның қызметі хабардар болуды және бар проблемаларды түсінуді қамтуы мүмкін.

Жалпы, жоғарыда аталған субъектілер бір-бірімен өзара әрекеттеседі, бұл инклюзивті мәдени ортаны бірлесіп құруды білдіреді.

Қорытынды. Инклюзивтілік – әділ және мәдени дамыған қоғамның негізгі қағидасы. Инклюзивті мәдениет теңдікті, төзімділікті және айырмашылықтарды құрметтеуді мойындайды; ол қоғамның әрбір мүшесінің мәдени өмірге белсенді, өзара тиімді қатысуын және инклюзияны қолдауға бағытталған. Инклюзивті мәдениеттің құрылымдық құрамдастарына кедергісіз ортаны құру, қызметтер мен ресурстардың қолжетімділігін қамтамасыз ету, білім беру және әлеуметтік бағдарламаларды қоғамның барлық мүшелерінің қажеттіліктеріне бейімдеу, адамдардың әртүрлі топтары арасындағы диалог пен өзара түсіністікті дамыту кіреді. Инклюзивті мәдениеттің негізгі мақсатын жүзеге асыру – барлық мәдениет субъектілерінің: мемлекеттің, әлеуметтік топтар мен қауымдастықтың, жеке адамның күш-жігерін талап ететін үйлесімді және жан-жақты қоғамды қалыптастыру.

Ұсыныстар:

1. Инклюзивті құндылықтарды қабылдау бойынша **«Біз сізді көргенімізге қуаныштымыз!»** жобасын жасау арқылы білім беру ұйымындағы кедергісіз орта – бұл барлық оқушыларға, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар (ЕББҚБ) үшін қолжетімділік пен тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін құрылымды құру.

2. **«Бәріміз бердейміз»** жобасы арқылы *«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»* негізінде «Еңбек және кәсіпқойлық» тың маңыздылығы туралы түсініктерін арттыру, шеберлік сабақтары, тренингтер арқылы қосу және медиа-контент жасау

3. **«Көзқарастарды өзгертетін фильмдер»** жобасы арқылы фильмдер көрсету және талқылау, мүгедектердің өмірі туралы хабардарлықты арттыру.

4. **«Бірге уақыт» жобасы арқылы позитив жасау** психологиялық климат туындату «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде әділеттілікке және жауапкершілікке, ынтымақтастыққа, достыққа, адамгершілікке және ойындар, рөлдік жаттығулар, сахналық қойылымдар және тренингтер арқылы эмпатияны, эмоциональдық көңіл күйді жақсарту .

5. **«Отбасы және мектеп»** жобасы арқылы «Бірлік пен ынтымақтастық»-ты орнату, бірлескен іс-әрекеттер арқылы отбасы мен мектептің өзара байланысын нығайту.

ӘДЕБИЕТ

1. «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығы.

2. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-ulttyk-kuryltaydyn-ushinshi-otyrysyn-otkizdi-152631>

3. Философиялық энциклопедиялық сөздік. Алматы:Кітап палатасы.2013.– 480 б.

4. Борисова Н.А. Основы инклюзивной культуры: учеб. пособие/Н.А. Борисова [и др.]; под ред. О.А. Денисовой. – Череповец: ЧГУ, 2021. – 214 с.

5. Mace R.L. Universal Design Institute [Электронный ресурс] / R.L. Mace // Официальный сайт института универсального дизайна им. Р.Л. Мейса. – Режим доступа: <https://www.udinstitute.org/>. – Дата доступа: 16.03.2024.

ӘОЖ 378:502/504:37.03

Капсанова Г.Б.

«Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ,
Алматы, Қазақстан

ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ДАМУ: ТҰРАҚТЫ ДАМУ КОНТЕКСТІНДЕ

Аңдатпа. Мақалада жоғары білім беру жүйесінде студенттердің экологиялық мәдениетін қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Тұрақты даму тұжырымдамасы аясында экологиялық білім мен тәрбие берудің маңызы айқындалып, студенттердің экологиялық санасын, жауапкершілігін дамыту жолдары талданады. Зерттеу барысында экологиялық мәдениетті қалыптастырудың педагогикалық шарттары, әдістері мен тиімді тәсілдері анықталды. Жоғары оқу орындарында экологиялық білім беруді жетілдірудің заманауи бағыттары ұсынылады.

8D01201 – «Мектепке дейінгі оқыту және
тәрбиелеу» мамандығының 1 курс докторанты
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан
arkhabayeva2026@mail.ru
Шалғынбаева Қ. К.,
п.ғ.д., профессор
Kadisha@mail.ru

БОЛАШАҚ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ИНТЕЛЛЕКТІНІ ДАМУЫҒА ДАЯРЛЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-ТЕОРИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Андатпа. Мақалада болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің әлеуметтік интеллектті дамытуға даярлығының құрылымдық-теориялық сипаттамасы қарастырылады. Әлеуметтік интеллекттің педагогикалық мазмұны, компоненттері және болашақ педагогтің кәсіби даярлығындағы рөлі зерттеледі. Нәтижелер педагогтердің әлеуметтік интеллектін дамытуға бағытталған кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындайды.

Кілттік сөздер: болашақ педагог, әлеуметтік интеллект, кәсіби даярлық, құрылымдық компоненттер, теориялық сипаттама, мектепке дейінгі білім.

СТРУКТУРНО-ТЕОРЕТИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ГОТОВНОСТИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ К РАЗВИТИЮ СОЦИАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА

Аннотация. В статье рассматривается структурно-теоретическая характеристика готовности будущих педагогов дошкольных организаций к развитию социального интеллекта. Исследуются педагогическое содержание социального интеллекта, его компоненты и роль в профессиональной подготовке будущего педагога. Полученные результаты определяют теоретические основы формирования профессиональной компетентности педагогов, направленной на развитие социального интеллекта.

Ключевые слова: будущий педагог, социальный интеллект, профессиональная подготовка, структурные компоненты, теоретическая характеристика, дошкольное образование.

STRUCTURAL AND THEORETICAL CHARACTERISTICS OF THE READINESS OF FUTURE PRESCHOOL TEACHERS FOR THE DEVELOPMENT OF SOCIAL INTELLIGENCE

Abstract. The article examines the structural and theoretical characteristics of the readiness of future preschool teachers for the development of social intelligence. The pedagogical content of social intelligence, its components, and its role in the professional training of a future teacher are analyzed. The findings determine the theoretical foundations for the formation of professional competence aimed at developing social intelligence.

Keywords: future teacher, social intelligence, professional training, structural components, theoretical characteristics, preschool education

КІРІСПЕ. Бүгінгі педагогикалық білім беруде мектепалды кезеңдегі балалардың әлеуметтік-эмоциялық дамуын қамтамасыз ету — білім беру жүйесінің стратегиялық

мақсаты болып табылады [6]. Бұл мәселені шешуде болашақ мектепке дейінгі педагогтердің әлеуметтік интеллектіні дамытуға дайын болуы маңызды фактор ретінде белгіленеді (Бекежанова, 2021). Әлеуметтік интеллект педагогтің кәсіби құзыреттілігінің маңызды құрамдасы ретінде қарастырылады.

1. ӘЛЕУМЕТТІК ИНТЕЛЛЕКТ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ПЕДАГОГТИК ҚАРАЙТЫНДАР

1.1 Әлеуметтік интеллекттің ғылыми негіздері

Э. Thorndike әлеуметтік интеллектті «адамдарды түсіну және олармен тиімді әрекет ету қабілеті» ретінде анықтады, ал Н. Gardner тұлғааралық интеллектті жеке дербес интеллект түрі ретінде қарастырды. Д. Goleman әлеуметтік интеллектті эмоционалдық интеллектпен байланыстыра отырып, оны кәсіби өзара әрекетте негізгі құзырет ретінде сипаттады.

Отандық зерттеулерде әлеуметтік интеллекттің педагогикалық феномен ретінде зерттелуі мәдени-тарихи контекстпен байланыстырылады. Қазақстандағы педагогикалық ғылымда әлеуметтік даму мәселесі баланың әлеуметтік координаталарын қалыптастырумен байланысты қарастырылады [11].

2. БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ИНТЕЛЛЕКТІ ДАМУЫҒА ДАЯРЛЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ КОМПОНЕНТТЕРІ

Болашақ мектепке дейінгі педагогтердің әлеуметтік интеллектіні дамытуға даярлығы *күрделі құрылымдық жүйе* болып табылады, оның құрамына мотивациялық, когнитивтік, іс-әрекеттік және рефлексивтік компоненттер кіреді. Бұл компоненттер педагогтің кәсіби құзыреттілігін толықтырып, мектепалды жас балалардың әлеуметтік-эмоциялық дамуын тиімді қолдауға мүмкіндік береді. Әр компоненттің мазмұны мен рөлі төмендегідей сипатталады.

Мотивациялық компонент педагогтің әлеуметтік даму мәселелеріне қызығушылығы мен кәсіби мақсаттарының айқындылығын білдіреді. Бұл компонент педагогтың бала психологиясын түсінуге, әлеуметтік дағдыларды дамытуға деген ішкі ынтасын және педагогикалық белсенділігін анықтайды [7]. Мотивациялық компоненттің жоғары деңгейі педагогтың балалармен өзара әрекеттесу кезінде эмоционалды шынайылық көрсетуіне және олардың әлеуметтік тәжірибесін байытуға мүмкіндік береді. Мысалы, болашақ педагог топтағы ойын әрекеттерін ұйымдастырғанда, балалардың бір-бірімен тіл табысуы мен эмоционалды жағдайын бақылауға ұмтылады, бұл олардың әлеуметтік интеллектінің дамуына тікелей ықпал етеді.

Когнитивтік компонент педагогтің әлеуметтік интеллект теорияларын, педагогикалық психология мен әдістемелерді меңгеру қабілетін қамтиды. Бұл компонент педагогқа балалардың әлеуметтік мінез-құлқын, эмоциялық реакцияларын, тұлғааралық қарым-қатынастарын түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, педагог әр баланың эмоционалды күйін бағалап, әртүрлі педагогикалық әдістерді қолдана отырып әлеуметтік дағдыларын дамыту жолдарын таңдай алады. Когнитивтік компонент педагогтің теориялық білімін тәжірибемен байланыстырып, әлеуметтік интеллектіні дамыту стратегияларын жоспарлауға негіз болады.

Іс-әрекеттік компонент педагогтің әлеуметтік интеллектіні дамытуға бағытталған практикалық дағдыларын білдіреді [1]. Бұл компонентке топтық ойындар, бірлескен тапсырмалар, диалогтік қарым-қатынас, рөлдік ойындар арқылы балалардың әлеуметтік мінез-құлқын қалыптастыру кіреді. Педагог балаларға өз эмоцияларын білдіру, серіктестерімен тиімді қарым-қатынас жасау, бірлескен шешім қабылдау дағдыларын үйретеді. Іс-әрекеттік компонент педагогтің теориялық білімін нақты педагогикалық іс-әрекетке айналдыратын механизм болып табылады.

Рефлексивтік компонент педагогтың өз кәсіби іс-әрекетін бағалау, талдау және жетілдіру қабілетін қамтиды [10]. Бұл компонент педагогқа балалардың әлеуметтік дағдыларын дамытудағы өз әдістерінің тиімділігін қарастыруға, қажет болса түзетуге мүмкіндік береді. Рефлексивтік компонент педагогтың кәсіби өсуі мен педагогикалық шешімдердің сапасын арттырады. Мысалы, сабақтан кейін педагог топтағы балалардың

өзара қарым-қатынасын бағалап, қандай әдістерді қайталау немесе жетілдіру керектігін шешеді, бұл оның кәсіби құзыреттілігін нығайтады.

Компоненттердің өзара байланысы. Барлық төрт компонент бір-бірімен тығыз байланысты және болашақ педагогтің әлеуметтік интеллектіні дамытуға жалпы дайындығын қалыптастырады. Мотивациялық компонент педагогтің ынтасын арттырса, когнитивтік компонент теориялық білімін қамтамасыз етеді. Іс-әрекеттік компонент практикалық дағдыларды қалыптастырады, ал рефлексивтік компонент педагогтің тәжірибесін жетілдіруге және кәсіби дамуына ықпал етеді. Осы төрт компоненттің үйлесімділігі педагогтің әлеуметтік интеллектіні тиімді дамытуға даярлығын толық анықтайды.

3. НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ТАЛДАУ

Зерттеу көрсеткендей, болашақ педагогтардың әлеуметтік интеллектті дамытуға даярлығы *бірнеше деңгейлі құрылымдық жүйе* болып табылады: мотивациялық, когнитивтік, іс-әрекеттік және рефлексивтік компоненттер өзара тығыз байланысты [2].

Отандық зерттеулер әлеуметтік интеллектті *мәдени-тарихи контекст арқылы* қарастырады, шетелдік зерттеулер болса — әлеуметтік-эмоциялық қабілеттерді когнитивтік және тұлғааралық жүйелермен түсіндіреді [11].

4. ҰСЫНЫСТАР

1. Болашақ педагогтерді даярлауда әлеуметтік интеллектіні дамытуға бағытталған *арнайы оқу модульдерін* енгізу.

2. Оқу үдерісінде *рөлдік ойындар, топтық тапсырмалар, әлеуметтік тәжірибе негізіндегі жаттығуларды* белсенді пайдалану.

3. Педагогтердің кәсіби даярлығын бағалау жүйесіне мотивациялық, когнитивтік, іс-әрекеттік және рефлексивтік көрсеткіштерді енгізу.

4. Шетелдік тәжірибелерді зерттеп, *Қазақстан контекстіне бейімделген педагогикалық технологияларды* қолдану.

ҚОРЫТЫНДЫ. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің әлеуметтік интеллектті дамытуға даярлығының құрылымдық-теориялық сипаттамасы педагогикалық теория мен тәжірибені интеграциялау арқылы толық зерттелді. Әр компонент педагогтің кәсіби құзыреттілігінің маңызды бөлігі ретінде тиімді әлеуметтік өзара әрекеттестіктің негізін құрайтыны анықталды. Жүргізілген талдау болашақ педагогтарды даярлау бағдарламаларын жетілдіруге және мектепалды кезеңдегі балалардың әлеуметтік-эмоциялық дамуын қолдауға бағытталған нақты педагогикалық ұсыныстарды айқындайды.

ӘДЕБИЕТ

1. Базарбаева, А. (2021). Мектепалды жас балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту әдістемесі. Астана: Білім баспасы.

2. Бекежанова, Ж. (2021). Болашақ педагогтардың әлеуметтік компетенттілігі: теория мен практика. Педагогикалық зерттеулер журналы, 6(2), 45-58.

3. Denham, S. A., & Brown, C. (2010). Plays nice with others: Social-emotional learning and academic success. *Early Education and Development*, 21(5), 652-680.

4. Gardner, H. (1983). *Frames of mind: The theory of multiple intelligences*. New York: Basic Books.

5. Орындаева, С. (2022). Педагогикалық психологияда әлеуметтік интеллект мәселелері. Қазақ педагогика журналы, 3(10), 78-89.

6. Коваленко, Д. (2019). Бала дамуының әлеуметтік аспектілері. Алматы: ҚазҰПУ баспасы.

7. Куланова, Л. (2023). Мотивация және педагогтың кәсіби даму трендтері. *Білім және ғылым*, 12(3), 102-112.

8. Nisskaya, A. K. (2018). School readiness outcomes of different preschool educational approaches. *Psychology in Russia: State of the Art*, 11(4), 64-80.

9. Saarni, C. (1999). *The development of emotional competence*. New York: Guilford Press.

10. Сапарова, А. (2024). Рефлексия мен кәсіби өсу: теориядан практикаға. Педагогикалық шолу, 1(5), 23-36.
11. Смагулова, Г. (2020). Әлеуметтік интеллект: теория мен тәжірибе. Мектепалды білім журналы, 8(1), 15-27.
12. Thorndike, E. L. (1920). Intelligence and its uses. Harper's Magazine.
13. Vygotsky, L. S. (1978). Mind in society: The development of higher psychological processes. Cambridge: Harvard University Press.
14. Vygotsky, L. S. (1984). Мышление и речь. Москва: Педагогика.

УДК 316.663.5

Бахтиярова Г.Р.

п.ғ.к, профессор.

Қ Жұбанов атындағы АӨУ

Ақтөбе, Қазақстан,

e-mail: aibol04@mail.ru

Имангазина Э.Е.

Қ.Жұбанов атындағы АӨУ 2-курс магистранты

Ақтөбе, Қазақстан,

e-mail: user.momdad7776@icloud.com

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-КОММУНИКАТИВТІК DAҒДЫЛАРЫН РӨЛДІК ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа. Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудағы рөлдік ойындардың педагогикалық мүмкіндіктері қарастырылады. Рөлдік ойынның балаға әлеуметтік жағдайларды қауіпсіз ортада байқап көруге, диалогтік сөйлеуді дамытуға, эмоциялық сезімталдықты күшейтуге және ұжымдық әрекетке үйретуге ықпалы талданады. Сондай-ақ рөлдік ойындарды ұйымдастыру кезеңдері, олардың мазмұндық түрлері және тәрбиеші әрекетінің ерекшеліктері сипатталады. Зерттеу нәтижесінде рөлдік ойындардың мектепке дейінгі тәрбие жағдайында баланың қарым-қатынас мәдениетін, өзгені түсінуін және бірлескен әрекетке бейімділігін дамытудағы маңызы нақтыланады.

Тірек сөздер: мектепке дейінгі тәрбие, рөлдік ойын, әлеуметтік-коммуникативтік дағдылар, диалогтік сөйлеу, эмоциялық сезімталдық, қарым-қатынас мәдениеті

ФОРМИРОВАНИЕ СОЦИАЛЬНО-КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА ПОСРЕДСТВОМ РОЛЕВЫХ ИГР

Аннотация. В статье рассматриваются педагогические возможности ролевой игры в формировании социально-коммуникативных навыков у детей дошкольного возраста. Анализируется влияние ролевых игр на освоение ребенком социальных ситуаций в безопасной среде, развитие диалогической речи, эмоциональной чувствительности и навыков коллективного взаимодействия. Также описываются этапы организации ролевой игры, ее основные виды и особенности педагогического сопровождения. В результате исследования уточняется значение ролевых игр в развитии культуры общения, способности понимать другого человека и готовности к совместной деятельности в условиях дошкольного воспитания.

Ключевые слова: дошкольное воспитание, ролевая игра, социально-коммуникативные навыки, диалогическая речь, эмоциональная чувствительность, культура общения

FORMATION OF SOCIAL AND COMMUNICATIVE SKILLS IN PRESCHOOL CHILDREN THROUGH ROLE-PLAYING GAMES

Abstract. The article examines the pedagogical potential of role-playing games in the development of social and communicative skills in preschool children. It analyzes how role play helps children explore social situations in a safe environment, improve dialogic speech, develop emotional sensitivity, and learn collective interaction. The paper also describes the stages of organizing role-playing games, their main types, and the specific features of pedagogical guidance. The study clarifies the significance of role play in shaping communication culture, understanding others, and fostering readiness for cooperative activity in preschool education.

Keywords: preschool education, role-playing game, social and communicative skills, dialogic speech, emotional sensitivity, communication culture

Мектепке дейінгі кезең баланың өмірінде тым қысқа көрінгенімен, ең көптеген тұлғалық сапалар мен құндылықтар дәл осы шақта қаланады. Бала 4–6 жас аралығында тек түсті, пішінді, санды ажыратып үйренбейді. Ол кіммен қалай сөйлесу керектігін, кезек күтуді, келісе алуды, ренжісе не істейтінін, ортақ ойынға қалай қосылатынын да осы уақытта меңгереді. Көп жағдайда ересектер әріп тану мен санауға көбірек мән береді. Бұл түсінікті. Дегенмен, бала өз ойын жеткізе алмаса, басқа баламен тіл табыса алмаса, эмоциясын тежей алмаса, мұндай дайындықтың өзі жартылай ғана нәтиже береді. Сол себепті мектепке дейінгі тәрбие мазмұнында соңғы жылдары әлеуметтік тәжірибе, қауіпсіз орта, тұлғалық даму, қарым қатынас мәдениеті сияқты бағыттарға назар күшейді [1].

Әлеуметтік-коммуникативтік дағды дегенді тек сөйлеумен шатастыру жиі кездеседі. Шын мәнінде мәселе әлдеқайда кең. Мұнда баланың өтінуі, алғыс айтуы, келіспеуі, келісуі, серіктесінің көңіл күйін аңғаруы, ортақ ережені ұстануы, қажет жерде көмек сұрауы сияқты бірнеше қабат қатар жүреді. Бір қарағанда қарапайым әрекеттер. Бірақ, балабақша тобында 20 шақты баланың ішінде осының біреуі ақсаса, қарым қатынас бірден қиындайды. Іс жүзінде кей бала сөзді анық айтады, бірақ тындамайды. Екінші бала аз сөйлейді, есесіне жағдайды дұрыс түсінеді. Сондықтан мұнда тілдік білікпен қатар эмоциялық және мінездік реттеу де есепке алынады.

Осы жерде рөлдік ойынның жетекші рөлі айқындалады. Себебі мектепке дейінгі жаста балаға ұзақ түсіндіруден гөрі, әрекет сенімдірек әсер етеді. Ересек адам «сыпайы бол» дейді. Бала оны құр сөз ретінде қабылдауы мүмкін. Ал «Дүкен», «Дәрігер», «Қонақ күту» сияқты рөлдік ойындарда сол сыпайылықтың не екенін өзі байқап көреді. Бір нәрсе анық: ойын баланың өміріне сырттан таңылған үлгі емес, өзіне жақын форма. Сондықтан әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруда рөлдік ойын табиғи әрі нәтижелі тетік ретінде қаралады [2].

Коммуникативтік даму мәселесін қарастырған отандық зерттеушілер бұл ұғымды баланың жай сөйлей алуымен шектемейді. С.Ж. Еркебаева еңбектерінде «қарым қатынас», «коммуникация», «коммуникативтік дағды» ұғымдарының арақатынасы талданып, олардың мектепке дейінгі кезеңде жүйелі қалыптасуы қажет екені айтылады [3]. Бұл айтылған тұжырымның астарында маңызды нәрсе бар. Мәселен, кей бала сөздік қоры жақсы болғанымен, диалог құра алмайды. Сұрақты естиді, әйткенмен де қарсы жауап берудің логикасын жіті түсінбейді. Демек, мәселе сөздің көлемінде емес, қарым қатынастың ішкі мәдениетінде жатыр.

Д.Т. Каримова мен Ж.К. Даниярова 5–6 жастағы балалардың коммуникативтік дағдылары өздігінен толық қалыптаспайтынын көрсетеді [4]. Мұны күнделікті балабақша тәжірибесінен де көруге болады. Бала топта жүр. Бірақ топпен бірге емес. Ойынға қарап тұрады, араласпайды, кейде тек өз дегенін айтады. Мұндай жағдайда «уақыты келгенде өзі үйренеді» деу сенімді дәлелге ұқсамайды. Демек, тәрбиеші тарапынан арнайы мақсатты түрде ұйымдастырылған, жүйелі, жоспарлы, мазмұны ойластырылған жұмыс керек.

Сол секілді О.Н. Разуваева рөлдік ойынды мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытудың тиімді құралы деп бағалайды [5]. Оның пайымдауынша, рөлдік ойын сөйлеуді ғана емес, әлеуметтік бейімделуді, эмоциялық тұрақтылықты, өзара әрекет тәжірибесін де күшейтеді. Бұл тұс маңызды. Өйткені ойынды кейде тек тіл дамыту әдісі деп қабылдап қояды. Ал іс жүзінде бала ойын кезінде кезек күтуді, басқа рөлді мойындауды, өзіне тиесілі шекті сезінуді, дау туғанда қолайлы шешім іздеуді де үйренеді.

Зерттеуші Л.В. Мамедова сюжетті-рөлдік ойын балаларға адамдар арасындағы қарым қатынас принципін түсінуге жол ашатынын жазады [6]. Мұнда ойынның танымдық қыры емес, әлеуметтік логикасы алдыңғы орынға шығады. Ойын барысында «дәрігер», «сатушы», «тәрбиеші», «жолаушы» рөлдерін ойнаған бала сөз жаттап тұрған жоқ. Ол нақты әлеуметтік позицияның ішкі тәртібін байқап көреді. Нені айтуға болады. Қай жерде күту керек. Қай тұста жауапкершілік артады. Қарым қатынас мәдениеті осылай әрекет үстінде сіңеді.

Н.Ф. Лукинова ойын әрекетін коммуникативтік мәдениетті қалыптастырудың бір тәсілі деп қарайды [7]. Өйткені коммуникативтік дағды тек дыбысты дұрыс айту не сөйлем құрау емес. Амандасу, дауыс ырғағын сақтау, арақашықтық сезіну, үлкенге және құрбысына бөлек формада сөйлеу, серіктесінің сөзін бөлмеу сияқты ұсақ көрінетін, бірақ күнделікті қарым қатынасты ұстап тұрған тетіктер бар.

Г.С. Шамшуарова сюжетті-рөлдік ойынның балаға өзінен басқа адамның ойы мен сезіміне кіруге мүмкіндік беретінін көрсетеді [8]. Бұл жерде эмпатия мәселесі ашылады. Бала өзі емес адамның орнына тұрып көреді. Ойын сәтіндегі «науқас» болу бір бөлек, «дәрігер» болу бір бөлек. «Қонақ» пен «үй иесінің» де әрекеті бірдей емес. Осындай рөлдік ауысу кезінде бала өз көзқарасынан шығып, өзгенің күйін сезінуге жақындайды. Әлеуметтік-коммуникативтік дамуда дәл осы қабат жиі жетпей жатады.

Соңғы жылдардағы О.А. Петушкова [9], О.В. Пивинская [10] сынды авторлар да сюжетті-рөлдік ойындардың коммуникативтік білікке, әлеуметтік дағдыға және өзара әрекет стратегияларына әсері жоғары екенін атап өтеді. Бұл жерде зерттеулердің бағыты бір жерден шығып тұр. Пікір әртүрлі болуы мүмкін. Бірақ рөлдік ойынның әлеуетін жоққа шығаратын тұжырымдар аз.

Осы орайда алдымен бір жайтты нақтылап алған дұрыс. Әлеуметтік-коммуникативтік даму сөздік қордың көптігімен өлшенбейді. Кей бала ұзақ сөйлейді, әйткенменде өзгені тыңдамайды. Кей бала қысқа сөйлейді, есесіне орынды жауап береді. Сондықтан тәрбиеші тек «көбірек сөйлету» мақсатын қойса, нәтиже толық шықпайды. Мұнда кемінде 5 бағыт қатар жүреді: тілдік белсенділік, тыңдау, эмоцияны тану, өзін бақылау, бірлескен әрекетке қосылу.

Рөлдік ойынның күші осы бірнеше бағытты бір мезетте қозғауында жатыр. Мысалы, «Дүкен» ойынында бала зат сұрайды, таңдайды, алғыс айтады, кезек күтеді. «Дәрігер қабылдауында» сұрақ қояды, шағым тыңдайды, жауап береді, жұбатады. «Қонақ күту» ойынында амандасады, орын ұсынады, әңгімеге тартады, сыпайылық сақтайды. Мұндай жағдаяттар жай көрініс емес. Олар өмірдің кішірейтілген үлгісі сияқты жұмыс істейді.

Бірақ ойын өзінен өзі нәтиже бермейді. Осы тұста тәрбиешінің рөлі шешуші. Егер тәрбиеші бүкіл сценарийді өзі құрып, балаларды тек орындаушы етіп қойса, ойынның табиғилығы әлсірейді. Ал мүлде араласпай кетсе, ойын тарқап кетуі мүмкін. Екі шектің ортасы керек. Бағыттау қажет. Қысым емес. Мұндай тепе теңдік әсіресе 5–6 жастағы балалар тобында маңызды, өйткені осы жаста кей бала бірден ашылады, кей бала бақылаушы қалыпта қалады, енді бірі қысқа ғана рөл арқылы кіреді. Демек, бір тәсіл бәріне бірдей жүрмейді [5].

Осы үрдісті дамытудағы тағы бір күрделі тұс бар. Кейде рөлдік ойын сырттай өте сәтті көрінеді: балалар шулап жүр, бәрі қозғалыста, тәрбиеші риза. Әйтсе де, сыртқы белсенділік әрдайым коммуникативтік даму деген сөз емес. Бір бала барлық рөлді өзі алып қояды. Екіншісі үндемей қалады. Үшіншісі тек заттарды ауыстырып жүреді, диалогқа кірмейді. Сондықтан ойын барысын бақылауда нақты өлшемдер алдын ала анықталуы қажет: кім

бастама көтерді, кім жауап берді, кім келіссөз жүргізді, кім эмоцияны таныды, кім ережені сақтады. Тәрбиеші-педагог тарапынан осындай талдау болмаса, жұмыстың шын нәтижесін көру қиын.

Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыста рөлдік ойындарды бірнеше бағытқа бөліп қарастырған дұрыс. Өйткені бір ойын барлық міндетті шеше алмайды. Атап айтқанда:

1. *Тұрмыстық мазмұндағы рөлдік ойындар.* «Отбасы», «Қонақ күту», «Ас дайындау», «Туған күн», «Балабақша» сияқты ойындар балаға ең жақын ортадан алынады. Мұндай ойындарда бала күнделікті қатынастың тілін игереді. Өтінеді. Ризашылық білдіреді. Көмек ұсынады. Кей жағдайда дәл осы қарапайым тұрмыстық ойындар күрделі тәрбиелік әсер береді, себебі бала оларды өмірімен байланыстырып қабылдайды.

2. *Қоғамдық рөлдерге негізделген ойындар.* «Дәрігер», «Сатушы», «Мұғалім», «Жүргізуші», «Полиция қызметкері», «Құтқарушы» сияқты рөлдер қоғамдағы қызметтерді модельдейді. Мұнда диалог құрылымы күрделірек болады. Сұрақ қою, нақты жауап беру, ресми үнді сақтау, жауапкершілікті сезіну секілді дағдылар дамиды. Бір жағынан, мұндай ойындар баланың әлеуметтік әлем туралы түсінігін кеңейтеді. Екінші жағынан, қатынас формасының өзгеретінін үйретеді.

3. *Сюжеттік-оқиғалық ойындар.* «Жоғалған балапан», «Ормандағы саяхат», «Қонаққа бару», «Саябақтағы оқиға» сияқты ойындарда күтпеген жағдай, эмоциялық ауысу, топтық келісім көбірек көрінеді. Мұнда тек мәтін айту аз. Жағдайға бейімделу керек. Келісе білу керек. Біреуді жұбату, бірігіп шешім қабылдау, ортақ мақсатты ұстау керек.

4. *Театрландырылған рөлдік ойындар.* Ертегі кейіпкерлерін сомдау, шағын көрініс қою, диалог сахналау балалардың мәнерлі сөйлеуін, дауыс ырғағын, мимикасын, қимылын дамытады. Бірақ мұнда бір қауіп бар. Кейде тәрбиеші сыртқы көркемдікке тым әуестеніп кетеді де, ішкі қарым қатынас мазмұны көмескіленеді. Сондықтан театрландыруда «әдемі орындау» мен «мазмұнды сезіну» екеуі қатар жүруі керек.

5. *Коммуникативтік бағыттағы шағын рөлдік жағдаяттар.* «Досыңмен татулас», «Көмек сұра», «Кіруге рұқсат сұра», «Ойыншықты бөліс» сияқты қысқа жағдаяттар әсіресе тұйық, ұялшақ немесе жанжалға бейім балалармен жұмыста тиімді. Ұзақ сценарий жоқ. Бірақ нақты мінез үлгісі бар. Осындай қысқа формалар кейде үлкен сахналық ойыннан да пайдалырақ шығады.

Міне, осы аталған рөлдік ойындар өз мазмұны мен құрылымына сәйкес балалардың түрлі әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларының қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан біз төмендегі 1-кестеде кейбір ойындардың тақырыптық түрлерін, мазмұнын және қалыптастыратын дағдыларын қысқаша жүйелеп береміз. Алайда тәжірибеде бұл ойын түрлерінің барлығы бірдей деңгейде қолданылмайды және олардың әрқайсысының тәрбиелік әлеуеті толық ашыла бермейді. Соның нәтижесінде балалардың сыпайылық, өзара көмек, диалог құру, рөлдік мінез-құлық, топпен әрекет ету, келісімге келу, мәнерлі сөйлеу және өзін-өзі реттеу сияқты маңызды дағдылары жүйелі түрде қалыптаспай қалуы мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда, ойын түрлерін ажыратып көрсету және оларды мақсатты түрде оқу-тәрбие үдерісінде қолдануды жөн деп білеміз.

1-кесте. Рөлдік ойын түрлері және олардың әлеуметтік-коммуникативтік ықпалы

Рөлдік ойын түрі	Мазмұны	Қалыптасатын дағдылар
Тұрмыстық ойындар	Отбасы, қонақ күту, ас дайындау	сыпайылық, өтіну, алғыс айту, өзара көмек
Қоғамдық рөлдік ойындар	Дәрігер, сатушы, мұғалім, жүргізуші	диалог құру, сұрақ қою, жауап беру, рөл тәртібін сақтау
Сюжеттік-оқиғалық ойындар	Саяхат, мереке, күтпеген жағдай	келісу, эмоцияны білдіру, топпен әрекет ету
Театрландырылған ойындар	Ертегі, көрініс, сахналау	мәнерлі сөйлеу, мимика, интонация, эмпатия
Қысқа коммуникативтік жағдаяттар	Татуласу, рұқсат сұрау, көмек ұсыну	нақты әлеуметтік мінез үлгісі, өзін реттеу

Кестеге қарағанда рөлдік ойын тек бір ғана міндетті атқармайды. Тұрмыстық ойындар бала табиғатына анағұрлым жақын болғандықтан, сыпайылық пен өзара көмекті табиғи жолмен бекітеді. Қоғамдық рөлдік ойындар қатынасты күрделендіреді, өйткені мұнда рөлдің жауапкершілігі сезіледі. Сюжеттік ойындар келісім мен бейімделуді күшейтеді. Театрландырылған ойындар эмоциялық және экспрессивтік қабатты ашады. Ал шағын коммуникативтік жағдаяттар нақты қиындықты нысанаға алады.

Тәрбиеші рөлдік ойында бір ғана тәсілмен шектелмеуі керек, өйткені 25 баласы бар топта бәріне ортақ бір форма бірдей нәтиже бермейді. Әр бала табиғаты әр түрлі, бір бала ашық сюжетке тез кіреді, екіншісіне қысқа жағдаят ыңғайлы, үшіншісі театрландыруда жақсы ашылады. Сондықтан рөлдік ойынның тиімділігі оның жай қолданылуында емес, баланың ерекшелігіне сай дұрыс таңдалуында жатыр. Оның мүмкіндігін тек сөйлеу белсенділігін арттырумен шектеуге болмайды. Ойын барысында бала әлеуметтік жағдаяттарды қауіпсіз ортада бастан өткізіп, өз рөлін сезінеді, қателігін түзетеді, серіктесін тыңдауға, эмоцияны тануға, кезек күтуге және ортақ әрекетке бейімделуге үйренеді. Сонымен бірге рөлдік ойын инклюзивті орта қалыптастыруға да көмектеседі. Ең күрделі сәттердің бірі рөлдерді бөлу кезінде байқалады, себебі дәл осы жерде келіспеушілік пен реніш туындауы мүмкін. Ал ойыннан кейінгі қысқа талқылау баланың өз әрекетін түсініп, тәжірибесін саналы қабылдауына жағдай жасайды. Өту барысы бойынша бірнеше мысал:

1 мысал. «Дүкен»

Тәрбиеші топтың бір бұрышына шағын дүкен жасайды. Үстелге жеміс, көкөніс, ойыншық заттар қойылады. 4–5 бала қатысса жеткілікті: біреуі сатушы, біреуі кассир, екеуі сатып алушы болады. Алғашқы минуттарда балалардың көбі тек зат атаумен шектеледі. «Мынау алма». «Мынау банан». Ойын осы деңгейде тоқтап қалуы мүмкін.

Сол жерде тәрбиешінің балалар рөліне қарай икемделіп, араласуы керек болады. Сатып алушы қалай амандасады? Бір нәрсе сұрағанда қандай сөз қолданады? Ақшасы жетпесе не дейді? Осындай қысқа түрткіден кейін ойын жандана бастайды. Бір бала «Сәлеметсіз бе, маған екі алма беріңізші» дейді. Екіншісі «Тағы не аласыз?» деп жауап береді. Келесі сәтте балалар өздері жаңа жағдай қосады: біреуінде ақша жетпейді, біреуі арзанын сұрайды, біреуі рақмет айтуды ұмытады. Мұнда сыпайылық формулалары, диалог, өтіну, жауап беру, кезек сақтау қатар дамиды.

2 мысал. «Дәрігер қабылдауында»

Бұл ойынға балалар қызыға кіреді. Әдетте дәрігер рөлін бәрі алғысы келеді. Бірақ мәселе де осында. Көп жағдайда ойын тез арада «укол саламын» деген сыртқы әрекетке ауып кетеді. Рөлдің ішкі мазмұны ашылмай қалады.

Сол үшін тәрбиеші тілдік және эмоциялық бағыт береді. Дәрігер алдымен не сұрайды. Науқаспен қалай сөйлесуі керек. Қорқып тұрған баланы қалай тыныштандырады. Осыдан кейін ойынның сапасы өзгереді. «Қай жеріңіз ауырып тұр?» деген сұрақ пайда болады. «Қорықпаңыз, қазір көмектесеміз» деген жұбату сөзі шығады. Медбике де бос тұрмайды. Ол кезек шақырады, құрал дайындайды, түсіндіреді. Осы жерде бала тек рөл ойнап тұрған жоқ, жұмсақ сөйлеуді, сабыр сақтауды, өзгенің жағдайын ескеруді үйреніп жатыр.

3 мысал. «Қонақ күту» ойыны әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларды қалыптастырудағы рөлі ерекше.

Бұл ойынның сыртқы құрылымы қарапайым. Дегенмен, тәрбиелік мүмкіндігі жоғары. Бір топ бала үй иесі болады, екінші топ қонақ рөлін алады. Есік қағылады. Қарсы алу керек. Орын ұсыну керек. Амандасу, алғыс айту, әңгіме бастау керек.

Қиындық көбіне осы қарапайым көрінігін жерден шығады. Кей бала қонақты кіргізеді де, ары қарай не істерін білмей қалады. Сол кезде тәрбиеші нақты сұрақпен бағыттайды: қонаққа не ұсынуға болады, қандай сөз айтуға болады, әңгімені неден бастауға болады. Мұндай ойында қатынас мәдениеті жасанды емес, нақты әрекетпен бекіп отырады.

4 мысал. «Досыңмен татулас» ойыны мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалардың тұлғааралық қарым-қатынасын қалыптастыруда және әлеуметтенуінде маңызды рөл атқарады.

Бұл қысқа жағдаяттық ойын. Бірақ әсері күшті болуы мүмкін. Екі бала бір ойыншыққа таласып қалды деген шарт беріледі. Әрі қарай балалар мәселені өздері шешіп көреді. Бірі ренжіп кетеді. Бірі тартып алуға тырысады. Бірі кезекпен ойнауды ұсынады.

Осындай шағын ойындарда конфликтіні сөзбен шешу дағдысы қалыптасады. Бұл өте маңызды. Себебі мектепке дейінгі жастағы бала көбіне дене қимылымен, дауысты көтерумен әрекет етеді. Ал татуласу, түсіндіру, ымыраға келу сияқты әрекеттер арнайы қолдаусыз өздігінен орныға бермейді. Рөлдік жағдаят мұны қауіпсіз формада жаттықтырады.

Сонымен, тұжырымдай келе айтылған рөлдік ойынның күші оның баланы өмірдің кішірейтілген нұсқасымен беттестіре алуында жатыр. Мұнда бала ережені жай тыңдап қоймайды, сол ереженің әрекеттегі түрін байқайды. Әдепті жаттамайды, әдеппен сөйлесіп көреді. Келісе білудің анықтамасын үйренбейді, келісе алмай қалған сәттен өтеді. Сол себепті мектепке дейінгі кезеңде әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруда рөлдік ойынның орны әлі де берік.

Әйткенмен де, тиімділік автоматты түрде тумайды. Ойынның мазмұны балаға жақын болуы керек. Тәрбиеші-педагог шектен тыс билеп кетпеуі керек. Сонымен бірге мүлде сыртта қалуға да болмайды. Ойыннан кейін қысқа талқылау қажет. Осы шарттар сақталса, рөлдік ойын тек сөйлеуді емес, баланың әлеуметтік сезімталдығын, өзгені түсінуін, ортақ әрекетке бейімделуін, өзін реттеуін де дамытады. Мектепке дейінгі тәрбие үшін қазір дәл осы сапалар өте өзекті [6].

Қорытындылай келе, мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда рөлдік ойындардың педагогикалық әлеуеті жоғары екені анықталды. Рөлдік ойындар баланың қарым-қатынас мәдениетін, диалогтік сөйлеуін, эмоциялық сезімталдығын және бірлескен әрекетке қабілетін кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді.

Алайда, рөлдік ойындардың тиімділігі оларды дұрыс ұйымдастыруға тікелей байланысты. Тәрбиеші-педагог тарапынан мақсатты жоспарлау, бағыттау және ойыннан кейінгі талдау жұмыстары жүргізілген жағдайда ғана күтілетін нәтижеге қол жеткізуге болады.

Осылайша, рөлдік ойындар мектепке дейінгі тәрбие жүйесінде тек әдіс емес, баланың тұлғалық және әлеуметтік-коммуникативтік дамуының маңызды құралы ретінде қарастырылуы тиіс.

ӘДЕБИЕТ

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. – Астана, 2022.
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. – Астана, 2023.
3. Еркебаева С. Ж., Ширинбаева Г. К., Инаятова А. Е. Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудың теориялық негіздері // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы. – 2020.
4. Каримова Д. Т., Даниярова Ж. К. Балабақшадағы мектепке дейінгі 5–6 жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру // Вестник Инновационного Евразийского университета. – 2016. – № 3.
5. Разуваева О. Н. Ролевая игра как перспективный инструмент развития коммуникативных навыков у детей дошкольного возраста. – 2024.
6. Мамедова Л. В. Исследование развития коммуникативных навыков у детей старшего дошкольного возраста. – 2023.
7. Лукинова Н. Ф. Игровая деятельность как способ формирования коммуникативной культуры дошкольников. – 2023.
8. Шамшуарова Г. С. Сюжетно-ролевая игра как средство формирования нравственных норм поведения детей дошкольного возраста. – 2022.

9. Петушкова О. А. Сюжетно-ролевая игра как средство формирования коммуникативно-речевых умений детей старшего дошкольного возраста. – 2025.

10. Пивинская О. В. Особенности формирования коммуникативных навыков у старших дошкольников в процессе сюжетно-ролевых игр. – 2025.

ӘОЖ 351.858

Бахтиярова Г.Р.

п.ғ.к, профессор.

Қ Жұбанов атындағы АӨУ

Ақтөбе, Қазақстан,

e-mail: aibol04@mail.ru

Ерузакова А.Ж.

Қ.Жұбанов атындағы АӨУ

2-курс магистранты

Ақтөбе, Қазақстан,

e-mail: aruzhanbzh@mail.ru

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа. Мақала мазмұнында ұлттық тәрбие арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Ұлттық тәрбиеге негізделген оқу-тәрбие үдерісімен болашақ педагогтардың кәсіби және тұлғалық дамуын қамтамасыз етіп, олардың шешім қабылдау, топты басқару, оқушыларды ынталандыру және үлгі болу сияқты көшбасшылық қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында халықтық педагогика мұрасы, тарихи тұлғалардың педагогикалық тәжірибесі, дәстүрлі тәрбие құралдары мен ұлттық дәстүрлердің оқу үдерісінде қолданылуы талданған. Жоғары оқу орындарында ұлттық тәрбиеге негізделген тренингтер, жобалық жұмыстар мен педагогикалық іс-шараларды жүйелі енгізу студенттердің көшбасшылық және ұйымдастырушылық дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Тірек сөздер: Ұлттық тәрбие, көшбасшылық, білім беру процесі, ұлттық құндылықтар, рухани-адамгершілік тәрбие, кәсіби даму, көшбасшылық қабілет

ФОРМИРОВАНИЕ ЛИДЕРСКИХ КАЧЕСТВ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ НА ОСНОВЕ НАЦИОНАЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ

Аннотация. В статье рассматривается проблема формирования лидерских качеств у будущих учителей начальных классов на основе национального воспитания. Учебно-воспитательный процесс, основанный на национальных ценностях, обеспечивает профессиональное и личностное развитие будущих педагогов, способствуя развитию таких лидерских качеств, как принятие решений, управление коллективом, мотивация учащихся и способность служить примером. В ходе исследования проанализированы наследие народной педагогики, педагогический опыт исторических личностей, традиционные средства а также использование национальных традиций в образовательном процессе. Системное внедрение тренингов, проектной деятельности и педагогических мероприятий на основе национального воспитания в высших учебных заведениях способствует развитию лидерских и организационных навыков студентов.

Ключевые слова: национальное воспитание, лидерство, образовательный процесс, национальные ценности, духовно-нравственное воспитание, профессиональное развитие, лидерские качества.

FORMATION OF LEADERSHIP QUALITIES OF FUTURE PRIMARY SCHOOL TEACHERS BASED ON NATIONAL EDUCATION

Abstract. The article examines the issue of developing leadership qualities in future primary school teachers through national education. An educational process based on national upbringing ensures the professional and personal development of future educators, enabling them to improve leadership skills such as decision-making, team management, motivating students, and being role models. The study analyzes the heritage of folk pedagogy, the pedagogical experience of historical figures, traditional educational tools as well as the application of national traditions in the educational process. The systematic implementation of training sessions, project-based activities, and pedagogical events grounded in national education in higher education institutions contributes to the development of students' leadership and organizational skills.

Keywords: National education, leadership, educational process, national values, spiritual and moral education, professional development, leadership skills

Бүгінгі білім беру жүйесінің басты мақсаты – болашақ ұрпақтың жан-жақты дамыған, рухани бай, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген және әлеуметтік тұрғыдан белсенді тұлға болып қалыптасуына жағдай жасау. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру үдерісінің негізгі қағидаттарының бірі ретінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу көзделген [1]. Осы орайда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау барысында олардың көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырудың маңызы ерекше. Себебі бастауыш сынып мұғалімі – оқушы тұлғасының қалыптасуына тікелей ықпал ететін, тәрбиелік үдерісте жетекші рөл атқаратын тұлға. Ал мұғалімнің көшбасшылық қасиеттері ұлттық тәрбие негізінде қалыптасқанда ғана оның кәсіби және тұлғалық ықпалы толық жүзеге асады.

Қазіргі білім беру кеңістігінде бастауыш сынып мұғалімі оқушылардың тұлғалық дамуына тікелей ықпал ететін жетекші тұлға ретінде қарастырылады. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру – педагогикалық жоғары оқу орындары алдындағы маңызды міндеттердің бірі. Мұғалімнің көшбасшылық қабілеті оның ұйымдастырушылық, коммуникативтік, жауапкершілік пен бастамашылдық қасиеттерінің дамуымен тығыз байланысты. Аталған қасиеттердің қалыптасуы мұғалімнің кәсіби даярлығында қолданылатын тәрбиелік мазмұн мен құндылықтық бағдарларға тәуелді.

Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық тәрбие болашақ мұғалім тұлғасын қалыптастырудың маңызды негізі ретінде қарастырылады. *Ұлттық тәрбие* – халықтың тарихи тәжірибесіне, салт-дәстүріне, мәдениеті мен рухани құндылықтарына негізделген тәрбие жүйесі. Ол тұлғаның адамгершілік қасиеттерін, ұлттық сана-сезімін, әлеуметтік белсенділігін қалыптастырып, көшбасшылық қасиеттерінің дамуына ықпал етеді. Сондықтан ұлттық тәрбиені болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырудың тиімді ғылыми-практикалық құралы ретінде қарастыру айрықша мәнге ие.

Аталған мәселе бойынша белгілі ғалымдар Н.И. Пирогов, М.И. Богомолова, С.Ш. Зиганшин, С.К. Бондырева және т.б. еңбектерінде ұлттық тәрбиенің теориялық және практикалық негіздері кешенді талданған. Бұл ғалымдар ұлттық тәрбиені тұлғаның ұлттық санасын қалыптастырудың, ұлттық құндылықтарды меңгерту мен рухани дамуын жетілдірудің маңызды факторы ретінде қарастырады. Ғалымдардың пікірінше, ұлттық тәрбие тұлғаның әлеуметтік бейімделуіне, жауапкершілік пен өзгелерді сыйлау сезімінің қалыптасуына ықпал етеді.

Сонымен қатар бұл мәселе аясында отандық педагогика ғылымында да бірқатар ғылыми зерттеулер жүргізілген. Атап айтқанда қазақстандық ғалымдар: С.Қ. Қалиев, Қ.Б. Жарықбаев, С.А. Ұзақбаева, Қ. Бөлеев, С.К. Абильдина, Г.Р. Бахтиярова және т.б. еңбектерінде жан-жақты қарастырылып, ұлттық тәрбие мазмұнының бүгінгі тұлға болмысының қалыптасуындағы маңызы мен мәні түрлі қырынан талданып, тұжырымдалады. Олар өз зерттеулерінде жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру ісін ұлттық рухани-мәдени

құндылықтар негізінде ұйымдастыру мен жүзеге асырудың маңыздылығы мен қажеттілігін баса айтты.

Бірнеше ғасыр артқа көз салып қарасақ, мұғалімнен негізінен білім беру мен тәрбие берудегі дәстүрлі әдістерді меңгеру талап етілсе, бүгінгі таңда ұстаздан жан-жақты кәсіби құзыреттіліктерді, инновациялық технологияларды игеру және оқушының жеке тұлғасын дамытуға бағытталған кешенді жұмыс нәтижесі күтіледі.

Халықтық педагогикада ұстаздық қызметті ата-ана, ауыл ақсақалы, батырлар мен жыраулар да атқарды. Мұны қазақтың дәстүрлі білім беру жүйесінен айқын көруге болады. Қазақ халқы бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Жетілген тұлғаны қалыптастыруда ұлы ойшыл Әл-Фараби білімнен бұрын тәрбиеге басымдық беру қажеттігін атап көрсеткен. Ол тәрбиесіз берілген білімнің адамзатқа зиян келтіретінін, сондай-ақ адамның өмірінде болашақта қиындықтар туғызуы мүмкін екенін ескертеді. Ғалымның пікірі бойынша, тәрбие адамның рухани және моральдық дамуының негізін құрайды және біліммен бірге үйлескен жағдайда ғана тұлғаның толық қалыптасуына ықпал етеді [2, 10 б.].

Бүгінгі қоғамда да осы тәрбие мәселелері ерекше назар аударуды қажет етеді, себебі жас ұрпақтың тұлғалық жан-жақты қалыптасып, даму болашағы Қазақстанның келешегімен, қоғамның құндылықтық бағдарларымен және ұлттық қауіпсіздікпен тығыз байланысты. Ұлттық қауіпсіздіктің түп-тамыры тәрбиеге, шығармашылық дамуға және өскелең ұрпақтың азаматтық қалыптасуына негізделген. Осы себепті еліміздің ғасырлар бойы жинақталған тарихын зерттеу, халықтың бай мәдени мұрасын талдау, оны білім беру процесіне тиімді енгізу арқылы ұлттық мәдени тәжірибені меңгерту, бекіту және тарату маңызды болып табылады.

Дж. Коуз бен Б. Познердің лидерлік теориясы бойынша болашақ педагогтарды тәрбиелеу, олардың көшбасшылық құзыреттерін дамыту ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл құзыреттер шешім қабылдау, оқушыларды ынталандыру, топты ұйымдастыру және қоршаған ортаға оң ықпал жасау қабілеттерін қамтиды [3, 145 б.]. Сонымен қатар қазіргі білім беру жағдайында мұғалімнің тиімді қызмет атқаруы үшін икемді дағдыларды (soft skills) меңгеруі ерекше маңызға ие. Атап айтқанда, коммуникативтік қабілет, сыни және шығармашылық ойлау, эмоциялық интеллект, командада жұмыс істей білу, бейімделгіштік, уақытты тиімді басқару және жауапкершілік сияқты дағдылар болашақ педагогтың кәсіби көшбасшылығын нығайтады. Қазіргі заманғы трансформациялық және педагогикалық көшбасшылық модельдерге сәйкес, болашақ мұғалім тек білім беруші ғана емес, сонымен бірге оқушыларға үлгі болып, олардың бастамашылдығын, сыни ойлауын және моральдық құндылықтарын дамытуға ықпал ететін көшбасшы болуы қажет. Білім беру процесіне ұлттық-мәдени элементтерді енгізу педагогтардың көшбасшылық қасиеттерін нығайтып, оларды кәсіби, этикалық және мәдени тұрғыдан білікті көшбасшы ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы бойынша білім беру жүйесінің негізгі міндеттері: сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, жеке тұлғаның қалыптасуы мен кәсіби дамуын ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибедегі жетістіктер негізінде қамтамасыз ету; тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту; моральдық құндылықтар мен салауатты өмір салтын қалыптастыру; интеллектіні байыту арқылы жеке қасиеттерді дамыту; азаматтық және патриоттық тәрбиені қалыптастыру, Отанға – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілік, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілге құрмет, халық дәстүрлерін құрметтеу және кез келген антиконституциялық немесе антиәлеуметтік әрекеттерге төзбеушілік көрсету [1].

Зерттеушілердің пікірінше, қазіргі ғасыр қарқынды өзгерістер мен жаһандану жағдайында дамуда. Сол уақыт ішінде тарихи өткенді объективті бағалау мәдени (әсіресе рухани және моральдық) құндылықтарды дұрыс қалыптастыруға, ұлттық мәдени дамуға және тұлғаның өзін-өзі анықтауына қажетті. Тарихи процесс қоғамның әртүрлі ұйымдық формаларын қалыптастырады, уақыт өте келе рухани және тарихи құндылықтарды сақтай

отырып, жоғалған символдар мен білімдерді, ұмытылған дәстүрлер мен оқиғаларды қайта жаңғыртады. Өткеннен қазіргі кездегі мәселелерге жауап табуға болады [4, 320 б.].

Ұлттық тәрбиенің болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырудағы рөлі осы тұрғыда айқын көрінеді. Тарихи және ұлттық құндылықтарды меңгеру, рухани-адамгершілік білімді дамыту арқылы жас мамандар сыныптағы көшбасшылық қабілеттерін жетілдіреді: олар шешім қабылдауға, топты басқаруға, оқушылардың ынтасын арттыруға және оларға үлгі болуға қабілетті болады. Осылайша, ұлттық тәрбие мен тарихи сананы оқыту болашақ мұғалімдердің кәсіби және тұлғалық дамуына ықпал етіп, олардың көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыруда маңызды құрал болып табылады.

Ұлттық тәрбие болашақ мұғалімдердің көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырумен қатар, олардың ұлттық мәдени құндылықтарды терең түсінуіне де мүмкіндік береді. Өйткені көшбасшы мұғалім тек білім беріп қана қоймай, оқушы бойында ұлттық рухты оятып, адамгершілік, жауапкершілік және құрмет сияқты қасиеттерді қалыптастырады. Сондықтан ұлттық тәрбиенің мазмұны халықтың сан ғасырлар бойы жинақталған рухани мұрасымен тығыз байланыс тауып, бүгінгі білім мазмұнынан өз орнын алуы тиіс.

Қазақ халқының бірегей мәдениеті мен құндылықтық жүйесі ғасырлар бойы қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа ауызша мұра, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, халықтық педагогика арқылы беріліп отырды. Н. Абдуллина мен А. Абишева атап өткендей, қазақ мәдениетінің негізгі құндылықтары: өзгелерге құрмет көрсету, дәстүрлерді сақтау, қонақжайлылық, бейбітшілік, әлеуметтік теңдік, бірлік, төзімділік және ашықтық болып табылады [5, 70 б.].

Бастауыш сынып жағдайында жоғарыда аталған құндылықтар мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті арқылы нақты көрініс табады. Мәселен, оқушылардың бір-бірінің пікірін тыңдауын, өзара сыйластық қарым-қатынас орнатуын ұйымдастыру арқылы өзгелерге құрмет көрсету дағдылары қалыптастырылады. Сонымен қатар, оқу үдерісінде ұлттық мазмұндағы тәрбие сағаттарын, мерекелік іс-шараларды өткізу арқылы оқушылардың дәстүрлерге деген қызығушылығы мен құрметі артады. Мұндай жұмыстар мұғалімнің мәдени-танымдық бағыттағы көшбасшылық қабілетін айқындайды.

Ұлттық тәрбие тұрғысынан қарағанда, осындай құндылықтарды меңгеру болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыруға тікелей ықпал етеді. Мұғалімдер ұлттық дәстүрлер мен рухани-адамгершілік білімді өз тәжірибесінде пайдалана отырып, педагогикалық қызметтегі жетекшілік қабілеттерін дамытады: олар кез-келген сәтте өз бетінше шешім қабылдауға, топты тиімді басқаруға, оқушыларды ынталандыруға және оларға үлгі болуға қабілетті болады. Осылайша, ұлттық құндылықтарды меңгеру мен олардың педагогикалық тәжірибеге енгізілуі болашақ педагогтардың кәсіби және тұлғалық дамуына және көшбасшылық қасиеттерінің қалыптасуына маңызды әсер етеді.

Халықтың ғасырлар бойы жинақтаған рухани мұрасы мен ұлттық құндылықтарын кәсіптік жоғары білім беру жүйесінде тиімді пайдалану болашақ мұғалімдердің кәсіби және көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Ұлттық тәрбие элементтерін оқу мен тәрбиені ықпалдастыру арқылы жүзеге асыру нәтижесінде студенттердің танымдық белсенділігі артып, олардың бойында жауапкершілік, ынтымақтастық, өзара құрмет сияқты құндылықтар қалыптасады. Осылайша ұлттық тәрбиеге негізделген педагогикалық қызмет мұғалімнің ұйымдастырушылық, коммуникативтік және тәрбиелік көшбасшылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде білім мен тәрбие үдерісін тиімді үйлестіре алған жағдайда жан-жақты дамыған, білімді әрі ұлттық құндылықтарды құрметтейтін тұлғаны қалыптастыруға қол жеткізуге болады.

Біз болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ұлттық құндылықтар негізінде көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру арнайы кәсіби білім беру жүйесі мен орта және жоғары оқу орнының педагогикалық процесінде жетілдіру тұрғысынан қарастыру қажет деп есептейміз. Осы бағыттағы мақсат ЖОО-дағы оқыту мен тәрбие үдерісі студенттердің тұлғалық құндылықтары мен нормаларын қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Біздің пайымдауымызша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық құндылықтар негізінде қалыптастыру педагогикадағы «тәрбие» ұғымының мазмұнын жіті түсінумен тығыз байланысты. Өйткені ұлттық тәрбие – тек белгілі бір білім мен дағдыларды меңгерту ғана емес, сонымен қатар тарихи тәжірибені, рухани мұраны және қоғамдық құндылықтарды болашақ педагогтің бойына сіңіру үдерісі болып табылады. Сондықтан студенттердің ұлттық құндылықтар негізінде көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру мәселесі тәрбиенің мәнін ғылыми тұрғыда қарастыруды талап етеді. Осыған байланысты педагогика ғылымында «тәрбиелеу» ұғымының мазмұны мен маңызын анықтау ерекше орын алады.

И.П. Подласый «тәрбиелеу» ұғымын педагогикада кең және тар, әлеуметтік және педагогикалық мәнде қолданатынын атап көрсетеді. Кең әлеуметтік мағынада тәрбие – бұл үлкен ұрпақтан кіші ұрпаққа жинақталған тәжірибені беру. Тәжірибе деп адамға белгілі білім, дағдылар, ойлау тәсілдері, моральдық, этикалық және құқықтық нормалар – яғни тарихи даму процесінде қалыптасқан адамзат рухани мұрасы түсініледі. Тәрбиелеудің мақсаты – азаматтық, патриоттық, еңбекқорлық сияқты жеке тұлға қасиеттерін қалыптастыру. Тәрбиелеу адамның қоғамда өмір сүруге бейімделу қажеттілігінен туындап, тарихи шынайылыққа негізделген мәңгілік категория болып табылады [6, 17 б.].

Аталған тұжырым, тәрбие қоғамның тарихи тәжірибесін ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің маңызды құралы бола отырып, тұлғаның азаматтық, адамгершілік және әлеуметтік қасиеттерін қалыптастыруға негіз болады. Сондықтан ұлттық құндылықтарды оқу-тәрбие үдерісіне енгізу болашақ мұғалімдердің кәсіби және көшбасшылық қасиеттерін дамытуда ерекше маңызға ие. Өйткені студенттер мақсатты түрде тәжірибеде ұлттық дәстүрлер мен құндылықтарды меңгерген сайын олардың ұйымдастырушылық, коммуникативтік және әлеуметтік жауапкершілік қабілеттері дамып, педагогикалық қызметте көшбасшы ретінде қалыптасуына мүмкіндіктер туады.

Демек, саналы түрде ұйымдастырылып, жүзеге асырылған ұлттық тәрбие арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби тұрғыдан педагогикалық көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыра аламыз. Студенттер ұлттық құндылықтарды меңгеріп қана қоймай, оны өздерінің педагогикалық тәжірибесінде қолдана отырып, сынып жетекшісі ретінде педагогикалық ұжым ортасындағы кәсіби тұлғалық қабілеттерін жетілдіріп, дамытады. Атап айтқанда: олар шешім қабылдай білетін, топты ұйымдастыра алатын, оқушыларды ынталандырып, оларға үлгі бола алатын көшбасшы маманға айналады.

Қазақ этнопедагогикасы ғылымының дамуында зор үлес қосқан ғалым, профессор С.А. Ұзақбаева жалпыадамзаттық құндылықтар, тарихи тәжірибе және сан қилы мәдени дәстүрлерді білім беру мазмұнына енгізудің болашақ мұғалімдерді даярлау процесінде маңызды екенін көрсеткен. Ол оқушыларды мақсатты, жан-жақты тәрбиелеудің тиімділігі мұғалімнің өзінің тұлғалық қасиеттерімен, сондай-ақ этнопедагогикалық теориялық және практикалық даярлық деңгейімен тығыз байланысты екенін атап көрсетеді [7, 238 б.]. Осы тұрғыдан қарағанда, ұлттық тәрбие болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады, әрі мұғалімнің кәсіби шеберлігін, этикалық және мәдени құзыреттілігін дамытуға жол ашады.

Педагогика саласында іргелі зерттеулер жүргізіп, ұлттық тәрбиенің дамуына зор үлес қосқан Г.Р. Бахтиярова атап өткендей, ұлттық мектептердің дамуы мен болашақ жас ұрпақтың тұлғалық қалыптасуы қоғамның жаңа талаптарына сай болуы ең алдымен ұстаз-педагогтардың кәсіби құзыреттілігі мен даярлық деңгейіне тікелей байланысты. Бұл ой біздің зерттеу тақырыбымызбен өзара астарласып жатыр, себебі ұлттық құндылықтарды терең меңгерген мұғалім ғана оқушыларды бағыттай алатын нағыз көшбасшыға айналады [8, 275 б.].

Сондықтан қазіргі жоғары оқу орындары уақыт талабына жауап бере алатын, әлемдік бәсекеге қабілетті педагог мамандарды дайындауда ұлттық мәдениетті, салт-дәстүрді, халықтық дүниетанымды жетік меңгерген кадрлар сапасын арттыруға ерекше назар аударуы тиіс. Бұл — болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің халықтық педагогика негізінде кәсіби

теориялық, әдістемелік білімін, көшбасшылыққа қажетті іскерліктері мен ұйымдастырушылық дағдыларын қалыптастыруды талап етеді.

Болашақ мұғалімдерді даярлау процесіне ұлттық құндылықтарды енгізу олардың көшбасшылық қасиеттерінің табиғи түрде қалыптасуына, яғни шешім қабылдау, оқушыларды ынталандыру, топты ұйымдастыру, күрделі жағдайларды реттей алу, моральдық ұстанымға негізделген бағыт бере білу қабілеттерінің жетілуіне ықпал етеді. Осы орайда, ұлттық тәрбиеге сүйенген педагогикалық әдістерді тәжірибеде жүйелі қолдану болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығының ажырамас бөлігі болуы тиіс. Болашақ педагогтардың көшбасшылық қабілеттерін дамытуда этнопедагогикалық мазмұнға негізделген түрлі формада ЖОО-да ұйымдастырылатын іс-шаралар ерекше маңызды. Мысалы, тақырыптық поэзия кештерін ұйымдастыру, пікірталас клубтары, дебаттар, шығармашылық кездесулер, ғылыми-әдістемелік үйірме жұмыстары арқылы қазақ халқының шешендік өнері, билердің даналық ойлары, тарихи тұлғалардың көшбасшылық үлгілерін әсіресе, тұлғааралық қатынас әдебін сақтау, сөзге тоқтау, өзара құрмет сияқты қасиеттерін меңгертуге мүмкіндік береді. Мұндай іс-шаралар студенттердің өз ойын еркін жеткізуін, көпшілік алдында сөйлеуін, топты ұйымдастырудағы сенімділігін қалыптастырады. Бұл үдеріс мұғалім мамандығына тән коммуникативтік, психологиялық және ұйымдастырушылық дағдылардың табиғи түрде дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар ұлттық тәрбиеге негізделген жобалық жұмыстар болашақ педагогтардың зерттеушілік, талдаушылық және көшбасшылық қабілеттерін жетілдіретін тиімді құрал болып табылады. Мысалы, қазақ халқының батырлық мұрасына, отбасы тәрбиесіне, тарихи ұлы тұлғалардың педагогикалық көзқарастарына арналған жобалар студенттердің азаматтық жауапкершілігін арттырып, ақпаратты талдау, оны қорғау және топтық жұмысты басқару қабілеттерін дамытады. Бұл өз кезегінде болашақ мұғалімнің сыныптағы көшбасшы ретіндегі рөлін нығайтады. ЖОО жағдайында болашақ ұстаздар даярлауда ұлттық салт-дәстүр элементтерін кәсіби педагогикалық пәндерді оқытуда біздің зерттеу мақсатымызға сай тиімді пайдалану да көшбасшылық сапаларды қалыптастыруда маңызды орын алады, себебі қазақ халқының ғасырлар сынынан өткен тәрбиелік тәжірибесі болашақ мұғалімге кіші оқушылармен жұмыс жүргізудің табиғи, адамгершілікке негізделген тәсілдерін кеңінен ұсынады. Тиімді білім мазмұнына сай қолданыс тапқан ұлттық ойындар, дәстүрлі мерекелер, өнегелі әңгімелер, халықтық тәрбие үлгілері, мысал ретінде, «Төрт түлікке арналған танымдық ойындар», «Салт-дәстүрді насихаттау сабақтары», «Өнеге сағаты» секілді шаралар мұғалімнің ұйымдастыру қабілетін дамытады және оқушыларға бағыт-бағдар берудегі жетекшілік рөлін арттырады.

Мұндай сабақтарда болашақ мұғалім ұлттық мазмұндағы іс-шараларды өткізуді, сыныптағы тәрбие процесін үйлестіруді, оқушыларды ынталандыруды практикада меңгереді. Осылайша ұлттық тәрбиеге негізделген әдістер мен тәсілдердің, жүйесі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің көшбасшылық қабілеттерін кешенді түрде дамытып, олардың кәсіби және тұлғалық қалыптасуында шешуші рөл атқарады.

Сонымен, тұжырымдай келе айтқанда, біздің пайымдауымызша ұлттық құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие жүйесі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби және тұлғалық дамуын айқындайтын, олардың көшбасшылық қасиеттерін табиғи түрде қалыптастыратын негізгі тұғырлардың бірі болып табылады. Ұлттық құндылықтарды, халықтық педагогика мұрасын, тарихи тұлғалардың даналығын және этнопедагогикалық тәжірибені меңгеру мұғалімнің рухани-адамгершілік әлеуетін байытып қана қоймай, оның ұйымдастырушылық, коммуникативтік, шешім қабылдау және топты басқару қабілеттерін дамытады. Жоғары оқу орындарында ұлттық тәрбиеге негізделген оқыту технологияларын, жобалық жұмыстарды, шешендік өнер мен көшбасшылыққа бағытталған тренингтерді жүйелі енгізу студенттердің кәсіби құзыреттілігін арттырып, болашақ педагогтың сыныптағы нағыз көшбасшы ретінде қалыптасуына жағдай жасайды. Демек, ұлттық тәрбие – бұл болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің көшбасшылық қабілеттерін жетілдіретін, педагогикалық шеберлігін шыңдап, жаңа сапалық деңгейге көтеретін, сондай-ақ қазіргі

ғасырдағы педагогикалық тәжірибенің озық үлгілерімен сабақтаса отырып, бүгінгі жастардың, соның ішінде зерттеу нысаны ретінде қарастырылатын болашақ мұғалімдердің кәсіби дамуы мен тұлғалық қалыптасуына ықпал ететін маңызды әдіснамалық негіз болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. – Астана: ҚР Парламенті, 2007. – 8-бап, 1-тармақ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000487>
2. Көбесов, А. Ә. Әбу Насыр Әл-Фараби. – Алматы: Жазушы, 2004. – 176 б.
3. Kouzes J.M., Posner B.Z. Leadership in higher education: Practices that make a difference.–Oakland, CA: Berrett-Koehler Publishers, 2019.–208 p.
4. Сейдимбек, А. Қазақ халқы. Этномәдени қайта ойлау. – Астана: Фолиант, 2001. – 560 б.
5. Абдуллина Н., Абишева А. Қазақ мәдениетінің рухани құндылықтарын трансформациялау: дәстүрден қазіргі заманға. – ҚазҰУ Хабаршысы. 2018, № 66 (4).
6. Подласый И.П. Педагогика.100 вопросов – 100 ответов. Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – Москва: 2006. – 365 с.
7. Ұзақбаева, С.А. Этнопедагогика. – Алматы: Қарасай, 2019. – 320 б.
8. Бахтиярова, Г.Р. Қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті: тарих, теория және тәжірибе. – Ақтөбе: Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты, 2012. – 372 б.

УДК: 372.87

Ермаханова К.Т.

«Көркем білім, графика және жобалау»
мамандығының 1 курс магистранты
Абай атындағы ҚазҰПУ
Алматы, Қазақстан
e-mail: Kenmari@mail.ru

Оракова А. Ш.

п.ғ.к., профессор
Абай атындағы ҚазҰПУ
Алматы, Қазақстан
e-mail: amangul_orakova@mail.ru

КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҚТАРЫНДА «ОЙЛАУ ДИЗАЙНЫ» ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ ТУРАЛЫ

Аңдатпа. Мақалада көркем еңбек сабақтарында ойлау дизайны технологиясы арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту мәселесі қарастырылады. Зерттеу барысында шығармашылық қабілетті дамытуға бағытталған педагогикалық модельдің теориялық негіздері талданып, оның құрылымдық компоненттері айқындалды. Ұсынылған модель мотивациялық, танымдық және іс-әрекеттік компоненттер негізінде құрылып, оқушылардың шығармашылық ойлауын, идея ұсыну қабілетін және практикалық әрекетін дамытуға бағытталады.

Тірек сөздер: ойлау дизайны, көркем еңбек, шығармашылық қабілет, креативті ойлау, педагогикалық модель, жобалық әрекет

Қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына бейімделе алатын, шығармашылық ойлауы қалыптасқан, дербес шешім қабылдай алатын тұлғаны тәрбиелеу болып табылады. Ғаламдық өзгерістер жағдайында білім беру тек білім мен дағды берумен шектелмей, білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға, олардың жаңашыл идеялар ұсыну және күрделі мәселелерді шешу қабілеттерін қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту қазіргі педагогика ғылымының маңызды мәселелерінің бірі болып отыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі ретінде жеке адамның шығармашылық, рухани және зияткерлік мүмкіндіктерін дамыту, даралық қабілеттерін ашу үшін қажетті жағдайлар жасау атап көрсетілген. Бұл талап білім беру мазмұнын жаңартумен қатар, оқыту үдерісінде білім алушылардың шығармашылық белсенділігін арттыратын жаңа педагогикалық тәсілдерді енгізуді қажет етеді. Осы бағыт Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған бағдарламасында да көрініс тауып, білім беру жүйесінің негізгі мақсаты білім алушының қажеттіліктеріне бағдарланған, шығармашылық әлеуетін жүзеге асыра алатын, құзыреттілігі жоғары тұлғаны қалыптастыру екендігі айқындалған.

Педагогикалық тәжірибеде оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға бағытталған инновациялық технологиялардың бірі – ойлау дизайны технологиясы. Бұл тәсіл білім алушылардың мәселені терең түсінуіне, жаңа идеялар ұсынуына және оларды тәжірибелік әрекет арқылы жүзеге асыруына мүмкіндік береді. Ойлау дизайны технологиясы эмпатия, мәселені анықтау, идея генерациясы, прототип жасау және тестілеу кезеңдері арқылы білім алушылардың креативті ойлауын, жобалық әрекетін және рефлексивті қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, ойлау дизайны технологиясын көркем еңбек сабақтарында қолдану оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруға және олардың дербес шығармашылық әрекетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Көркем еңбек сабақтарында ойлау дизайны технологиясы арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту моделі оқыту үдерісін жүйелі ұйымдастыруға бағытталған педагогикалық құрылым болып табылады. Бұл модель оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған педагогикалық мақсаттарды, ғылыми-теориялық негіздерді және әдіснамалық тұғырларды біріктіретін кешенді жүйе ретінде қарастырылады. Модельді құру барысында білім беру үдерісінің мазмұнын, педагогикалық тәсілдерін және күтілетін нәтижелерін жүйелі түрде айқындау маңызды болып табылады.

Ұсынылып отырған педагогикалық модельдің негізгі мақсаты – көркем еңбек сабақтарында ойлау дизайны технологиясын қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін жүйелі түрде дамытуға бағытталған педагогикалық үдерісті ұйымдастыру.

Модельдің теориялық негізін педагогика, психология және шығармашылықты зерттеу саласындағы ғылыми еңбектер құрайды. Бұл еңбектер оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту мәселесінің ғылыми негіздерін айқындауға мүмкіндік береді.

Дж. Гилфорд шығармашылық ойлауды дивергенттік ойлау ұғымымен байланыстырып, оның негізгі көрсеткіштері ретінде ойлаудың икемділігі, жаңашылдығы және идеялар санының көптігін атап көрсетеді [3]. Ал Э. Торранс шығармашылық қабілетті адамның мәселені ерекше тәсілмен шешу қабілеті ретінде қарастырып, шығармашылық ойлаудың дамуына арнайы педагогикалық жағдайлар жасау қажеттігін негіздейді [4].

Ойлау дизайны технологиясының теориялық негіздері Г. Саймон [5], Н. Кросс [6], Т. Браун [7], Д. Келли [8] сияқты зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапқан. Бұл ғалымдар ойлау дизайнын мәселені шығармашылық тұрғыдан шешуге бағытталған инновациялық тәсіл ретінде сипаттайды. Олардың еңбектерінде ойлау дизайны адам қажеттіліктерін түсінуге, жаңа идеялар ұсынуға және тәжірибелік шешімдерді жүзеге асыруға негізделген шығармашылық әрекет ретінде қарастырылады. Осы ғылыми тұжырымдар көркем еңбек сабақтарында ойлау дизайны технологиясын қолдану оқушылардың шығармашылық

ойлауын дамытуға және олардың жобалық әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Сонымен қатар, педагогикалық модель бірнеше ғылыми-әдіснамалық тұғырларға негізделеді. Бұл тұғырлар оқыту үдерісін ұйымдастырудың жалпы принциптерін айқындап, шығармашылық қабілетті дамытуға бағытталған педагогикалық әрекеттің мазмұнын анықтайды.

Біріншіден, модель жүйелік тұғырға негізделеді. Жүйелік тұғыр педагогикалық үдерісті өзара байланысты элементтерден тұратын біртұтас жүйе ретінде қарастыруды көздейді. Осы тұрғыдан алғанда, көркем еңбек сабақтарында шығармашылық қабілетті дамыту үдерісі мақсат, мазмұн, әдістер және нәтижелердің өзара байланысы арқылы жүзеге асады.

Екіншіден, модель іс-әрекеттік тұғырға сүйенеді. Бұл тұғыр білім алушылардың белсенді танымдық және практикалық әрекеті арқылы білімді меңгеруін қарастырады. Көркем еңбек сабақтарында оқушылардың шығармашылық қабілеті олардың жобалық, конструктивтік және көркемдік әрекеті барысында дамиды.

Үшіншіден, модель тұлғалық-бағдарлы тұғырға негізделеді. Бұл тұғыр оқыту үдерісінде білім алушының жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын және шығармашылық әлеуетін ескеруді көздейді. Ойлау дизайны технологиясын қолдану оқушылардың дербес идея ұсынуына, шығармашылық бастамасын көрсетуіне және өзіндік шешім қабылдауына мүмкіндік береді.

Көркем еңбек сабақтарында ойлау дизайны технологиясы арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту моделі белгілі бір педагогикалық ұстанымдарға негізделіп, өзара байланысқан құрылымдық компоненттер жүйесі ретінде қарастырылады. Бұл модель оқыту үдерісін жүйелі ұйымдастыруға мүмкіндік беретін ғылыми негізделген педагогикалық құрылым болып табылады. Модельді жүзеге асыру барысында оқушылардың шығармашылық әрекетін дамытуға бағытталған оқу мазмұны, педагогикалық тәсілдер және күтілетін нәтижелер өзара үйлесімді түрде ұйымдастырылады. Осыған байланысты модель шығармашылық белсенділік, интеграция, практикалық бағыттылық және рефлексия ұстанымдарына негізделеді. Аталған ұстанымдар оқу үдерісінде білім алушылардың шығармашылық ойлауын қалыптастыруға, олардың дербес идея ұсынуына және практикалық шығармашылық әрекет арқылы өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруына жағдай жасайды. Сонымен қатар бұл ұстанымдар ойлау дизайны технологиясының мазмұнымен өзара байланысып, көркем еңбек сабақтарында шығармашылық әрекетті ұйымдастырудың тиімді педагогикалық негізін қалыптастырады.

Көркем еңбек сабақтарында ойлау дизайны технологиясы арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту моделі құрылымдық тұрғыдан мотивациялық, танымдық және іс-әрекеттік компоненттерден тұрады. Бұл компоненттер өзара байланыста жүзеге асып, оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған педагогикалық үдерістің тұтастығын қамтамасыз етеді. Әрбір компонент білім алушылардың шығармашылық әрекетін қалыптастырудың белгілі бір қырын сипаттай отырып, олардың қызығушылығын арттыруға, қажетті білім мен дағдыларды меңгеруіне және шығармашылық идеяларды практикалық әрекет арқылы жүзеге асыруына мүмкіндік береді [9].

Алдымен мотивациялық компонент оқушылардың шығармашылық әрекетке деген қызығушылығын қалыптастыруды, олардың көркем еңбек сабақтарына оң көзқарасын және шығармашылық тапсырмаларды орындауға деген ішкі ынтасын дамытуға бағытталады. Бұл компонент білім алушылардың шығармашылық әрекетке қатысуға деген қажеттілігін қалыптастырып, олардың жаңа идеяларды іздеуге, шығармашылық шешімдер ұсынуға және өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруға ұмтылысын арттырады. Ойлау дизайны технологиясында бұл компонент эмпатия және мәселені анықтау кезеңдері арқылы жүзеге асып, оқушылардың зерттеу, бақылау және шығармашылық мәселені түсіну қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Танымдық компонент шығармашылық әрекетке қажетті білімдерді, түсініктерді және танымдық дағдыларды меңгеруді қамтиды. Сонымен қатар оқушылардың креативті ойлауын, идея генерациялау қабілетін және мәселені әртүрлі қырынан талдай алу

дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Ойлау дизайны технологиясының идея генерациясы кезеңі осы компоненттің мазмұнымен тығыз байланысты болып, оқушылардың шығармашылық ойлауын және танымдық белсенділігін арттыруға ықпал етеді.


Іс-әрекеттік компонент оқушылардың шығармашылық идеяларын практикалық әрекет арқылы жүзеге асыруымен байланысты. Бұл компонент шығармашылық жобаларды орындау, прототип жасау, әртүрлі материалдармен жұмыс істеу және дайын өнімді бағалау сияқты әрекеттерді қамтиды. Осылайша аталған компоненттердің өзара байланысы көркем еңбек сабақтарында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған жүйелі педагогикалық үдерісті қамтамасыз етеді.

Көркем еңбек сабақтарында ойлау дизайны технологиясы арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту белгілі бір педагогикалық әдістер мен оқыту формалары арқылы жүзеге асырылады. Бұл әдістер мен формалар оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, шығармашылық ойлауын дамытуға және практикалық әрекетке қатысуына бағытталады. Шығармашылық қабілетті дамытуда миға шабуыл, жобалық әдіс, проблемалық оқыту, шығармашылық тапсырмалар және ойлау дизайны кезеңдеріне негізделген әдістер тиімді болып табылады. Аталған әдістер оқушылардың жаңа идеялар ұсынуына, мәселені әртүрлі қырынан қарастыруына және шығармашылық шешімдер табуына жағдай жасайды. Әсіресе жобалық әдіс пен шығармашылық тапсырмалар оқушылардың дербес ойлауын дамытуға және олардың шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруына ықпал етеді.

Оқыту формалары ретінде жеке жұмыс, жұптық жұмыс, топтық жұмыс, шығармашылық жоба қорғау және көрме ұйымдастыру формалары қолданылады. Бұл формалар оқушылардың бірлескен әрекетке қатысуына, өз идеяларын талқылауына және шығармашылық нәтижелерін көрсетуіне мүмкіндік береді. Осылайша қолданылатын әдістер мен формалардың үйлесімділігі көркем еңбек сабақтарында оқушылардың шығармашылық қабілетін тиімді дамытуға жағдай жасайды.

Нәтижесінде көркем еңбек сабақтарында ойлау дизайны технологиясын қолдану оқушылардың шығармашылық қабілетін жүйелі түрде дамытуға мүмкіндік береді. Оқушылардың шығармашылық әрекетке деген қызығушылығы артып, олардың креативті ойлау, жаңа идеялар ұсыну және шығармашылық шешімдер қабылдау қабілеттері қалыптасады.

Көркем еңбек сабақтарында ойлау дизайны технологиясы арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту моделі төмендегі 1-суретте көрсетілген.



1-сурет Көркем еңбек сабақтарында ойлау дизайны технологиясы арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту моделі

Жүргізілген талдау негізінде көркем еңбек сабақтарында ойлау дизайны технологиясы арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған педагогикалық модель ұсынылды. Бұл модель мотивациялық, танымдық және іс-әрекеттік компоненттерден тұрып, оқушылардың шығармашылық әрекетін жүйелі ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар модельдің мазмұнында шығармашылық белсенділік, тұлғалық бағдарлылық және іс-әрекеттік бағыттылық сияқты педагогикалық ұстанымдар ескерілді.

Зерттеу нәтижелері ойлау дизайны технологиясын оқу үдерісінде қолдану оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттырып, олардың креативті ойлауын, идея ұсыну қабілетін және шығармашылық жобаларды орындау дағдыларын дамытуға ықпал ететінін көрсетті. Сондықтан ұсынылып отырған модель көркем еңбек сабақтарында оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған тиімді педагогикалық құрал ретінде қарастырылуы мүмкін.

ӘДЕБИЕТ

1. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. Қолжетімділік режимі URL:// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_ (қаралған күні 05. 03. 2025)
2. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы.

Қолжетімділік режимі Ошибка! Недопустимый объект гиперссылки.
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P23000000249> (қаралған күні 05. 03. 2025)

3. Guilford J. P. The nature of human intelligence. – 2007. – 538 p.
4. Томилова И. И. и др. Теоретические подходы к понятию «креативность» //Альманах современной науки и образования. – 2014. – №. 7.
5. Саймон Г. Науки об искусственном. – Рипол Классик, 1992. – 231 с.
6. Cross N. Designerly ways of knowing. – London : Springer London, 2006. – 120 p.
7. Brown T., Katz B. Change by design //Journal of product innovation management. – 2011. – Т. 28. – №. 3. – С. 381-383.
8. Kelley T., Kelley D. Creative confidence: Unleashing the creative potential within us all. – Crown Currency, 2013.– 304 p.
9. Кемпкенс О. Дизайн-мышление. Все инструменты в одной книге. – ЛитРес, Эксмо, 2019. – 261 с.

ӘОЖ 364-785.6

Жазықова М. К.

п.ғ.к., доцент
Қ.Жұбанов атындағы АӨУ
Ақтөбе, Қазақстан
e-mail: makash_k@mail.ru

Калменова К.Н.

Қ.Жұбанов атындағы АӨУ
2-курс магистранты
Ақтөбе, Қазақстан,
e-mail: bultekova77@mail.ru

АРТ-ТЕРАПИЯ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ САБАҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада әдебиеттік оқу сабағын арт-терапия әдістері арқылы ұйымдастырудың тиімді жолдары қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесінде оқушының тек танымдық қабілетін дамыту ғана емес, оның эмоциялық саулығы мен психологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету маңызды екені атап өтіледі. Арт-терапияның теориялық негіздері, оның педагогикадағы рөлі және оқушылардың шығармашылық, эмоциялық, әлеуметтік дағдыларын дамытудағы маңызы талданады. Сонымен қатар әдебиеттік оқу сабақтарында қолданылатын арт-терапиялық әдістердің (библиотерапия, драматерапия, изотерапия, креативті жазу) ерекшеліктері мен олардың әр жас кезеңіндегі тиімділігі сипатталады. Мақалада арт-терапияны қолдану арқылы оқушылардың оқу мотивациясын арттыру, өзін-өзі тану, еркін ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамыту мүмкіндіктері көрсетілген.

Тірек сөздер: арт-терапия, әдебиеттік оқу сабағы, эмоциялық интеллект, шығармашылық қабілет, психологиялық қолдау, білім беру, библиотерапия, драматерапия, изотерапия, креативті жазу, оқушы дамуы, педагогикалық әдіс, эстетикалық тәрбие

СПОСОБЫ ОРГАНИЗАЦИИ УРОКА ЛИТЕРАТУРНОГО ЧТЕНИЯ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ ЧЕРЕЗ АРТ-ТЕРАПИЮ

Аннотация. В данной статье рассматриваются эффективные способы организации уроков литературного чтения с использованием методов арт-терапии. Подчеркивается, что в современной системе образования важно не только развивать познавательные способности

учащихся, но и обеспечивать их эмоциональное благополучие и психологическую устойчивость. Анализируются теоретические основы арт-терапии, ее роль в педагогике и значение в развитии творческих, эмоциональных и социальных навыков учащихся. Также описываются особенности арт-терапевтических методов (библиотерапия, драматерапия, изотерапия, креативное письмо) и их эффективность на разных возрастных этапах. В статье показаны возможности повышения учебной мотивации, самопознания, развития свободного мышления и творческих способностей учащихся посредством применения арт-терапии.

Ключевые слова: арт-терапия, урок литературного чтения, эмоциональный интеллект, творческие способности, психологическая поддержка, образование, библиотерапия, драматерапия, изотерапия, креативное письмо, развитие учащихся, педагогический метод, эстетическое воспитание

METHODS OF ORGANIZING LITERATURE LESSONS THROUGH ART THERAPY

Abstract. This article examines effective ways of organizing literature lessons using art therapy methods. It emphasizes that in the modern education system it is important not only to develop students' cognitive abilities but also to ensure their emotional well-being and psychological stability. The theoretical foundations of art therapy, its role in pedagogy, and its importance in developing students' creative, emotional, and social skills are analyzed. The article also describes the features of art therapy methods (bibliotherapy, drama therapy, art therapy, and creative writing) and their effectiveness at different age stages. It highlights the potential of art therapy to enhance learning motivation, self-awareness, independent thinking, and students' creative abilities.

Keywords: art therapy, literature lesson, emotional intelligence, creative abilities, psychological support, education, bibliotherapy, drama therapy, art therapy methods, creative writing, student development, pedagogical method, aesthetic education

Қазіргі таңда білім беру жүйесі түбегейлі өзгеруде және бұл өзгерістерде оқушының тек ақыл-ой қабілетін дамыту ғана емес, оның эмоциялық саулығы мен психологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету де маңызды болып отыр. ХХІ ғасыр тек ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы арқылы емес, сонымен бірге жасөспірімдер арасындағы эмоциялық жетіспеушілік, әлеуметтік оқшаулану және жоғары деңгейдегі уайым мәселелерімен де ерекшеленеді. Сондықтан білім беру тек ақпарат берумен шектелмей, оқушының ішкі үйлесімділігін қалыптастыратын, жан дүниесін байытатын әдістермен толықтырылуы қажет. Қазіргі мектеп оқушыдан тек стандартты білімді талап етіп қана қоймай, оның өзін-өзі реттеу, өзгелерді түсіну қабілеттерін дамытуға және күйзелістерге қарсы тұруға үйретуі керек. Арт-терапиялық әдістер осы мақсатқа жетудің ең тиімді жолдарының бірі болып табылады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, адамның өмірлік жетістігіне IQ деңгейінен гөрі эмоциялық интеллект (EQ) әсері жоғары. Әдебиеттік оқу сабақтарында арт-терапияны қолдану бастауыш сынып оқушыларына өз сезімдерін тануға, эмоцияларын басқаруға және ішкі «менін» еркін білдіруге мүмкіндік береді.

Дәстүрлі оқыту кейде баланың шығармашылық мүмкіндігін шектеп, оқуға деген қызығушылығын төмендетуі мүмкін. Ал өнер арқылы терапиялық әдісті қолдану сабақтарды қызықты қылып қана қоймай, мектептегі психологиялық кедергілерді азайтып, оқушының өзіне деген сенімін нығайтады. Сонымен қатар әдебиет пен психологияны біріктіру оқушының эстетикалық талғамын дамытып, рухани және адамгершілік құндылықтарын терең түсінуге мүмкіндік береді. Бұл, әсіресе, ұлттық құндылықтар мен көркем әдебиет арқылы жаңа ұрпақ тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады.

Арт-терапия (лат. *ars* — өнер, грек. *therapeia* — емдеу) — өнер арқылы адамның ішкі жан дүниесін дамытуға, түзетуге және психологиялық қолдау көрсетуге бағытталған тиімді

әдіс [1, 46]. Білім беру саласында арт-терапия тек емдеу құралы ғана емес, сонымен қатар оқытудың заманауи тәсілі ретінде қарастырылады.

Әдебиетте арт-терапиялық элементтерді (библиотерапия, ертегі терапиясы, креативті жазу) қолдану оқушының ішкі кедергілерін жеңуге, еркін ойлауына және шығармашылық қабілетін дамытуға көмектеседі. Эмоциялық тұрғыдан дамыған оқушы шығарманың мағынасын терең түсінеді. Бұл оның оқу сауаттылығы мен талдау дағдыларының дамуына оң әсер етеді. Осылайша, арт-терапия мен әдебиетті біріктіре оқыту — оқушының психологиялық жайлылығын сақтай отырып, оның жан-жақты дамуына ықпал ететін тиімді тәсіл.

Арт-терапия — бұл адамның психологиялық және эмоциялық жағдайын өнер және шығармашылық арқылы жақсартуға бағытталған пәнаралық бағыт [2, 165 б.]. Оның теориялық негізінде З. Фрейдтің сублимация туралы идеясы мен К.Г. Юнгтің архетиптер мен символикалық бейнелер ілімі жатыр [3, 98б.]. Ғылыми тұрғыдан алғанда, арт-терапия — адамның ішкі сезімдерін (кейде өзінде де байқалмайтын) көрнекі әдістер арқылы сыртқа шығару процесі.

Арт-терапияның басты мақсаты — оқушының ішкі «Мені» мен сыртқы әлем арасындағы үйлесімділікті орнату, эмоциялық шиеленісті азайту және өзін-өзі жақсырақ тануға жағдай жасау.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер орындалады:

- **Диагностикалық:** Шығармашылық жұмыс арқылы оқушының жасырын ішкі қиындықтарын, қорқыныштары мен уайымдарын анықтау;
- **Терапиялық:** Психологиялық қысымды жеңілдету және эмоцияларды босату арқылы жеңіл сезімге жеткізу;
- **Дамытушылық:** Шығармашылық қабілеттерді, қолдың ұсақ моторикасын және ойлау қабілеттерін (қиялдау, түсіну, сезіну) дамыту;
- **Әлеуметтендіру:** Оқушының қоршаған ортамен, құрбы-құрдастарымен дұрыс қарым-қатынас орнату дағдыларын қалыптастыру.

Арт-терапия қазіргі білім беру жүйесінде *педагогикалық психология мен емдік педагогиканың* маңызды бөлігіне айналды. Егер бұрын ол тек емдеу құралы болса, қазір педагогикада ол тәрбиелеу мен дамытудың инновациялық әдісі ретінде қолданылады [4, 64 б.].

Арт-терапияның ерекшелігі — оның «бағалауға емес, процессқа мән беру» қағидасында. Дәстүрлі сабақта оқушы баға алу үшін жұмыс істесе, арт-терапиялық сабақта (мысалы, әдебиет сабағында сурет салу немесе рөлдік ойындар) басты мақсат — жұмыс процесі [5, 124 б.]. Бұл оқушының «қателесуден қорқу» сезімін азайтып, мұғалім мен оқушы арасындағы сенімділікті арттырады. Сол себепті арт-терапия педагогикалық үдерісті гуманизациялаудың негізгі әдісі болып табылады.

Шығармашылық қабілетті дамытудағы әсері:

Шығармашылық - тек сурет салу немесе өлең жазу ғана емес, кез-келген мәселені стандартты емес жолмен шешу қабілеті. Арт-терапия бұл қабілетті мына жолдармен дамытады:

- **Дивергентті ойлау:** Оқушы көркем туындыны қарағанда кейіпкерді өз қиялымен толықтырып, оны сурет, музыка немесе драма арқылы көрсету арқылы шешімнің бірнеше жолын үйренеді[^]
- **Эстетикалық ойлау:** Өз туындысын жасау арқылы бала түстерді, пішіндерді және сөздерді таңдауды үйреніп, эстетикалық талғамын дамытады.
- **Өзіндік ойлау:** Шығармашылық жұмыс балаға өзінің ерекше тұлға екенін сездіреді. Әдебиеттік оқу сабағында бұл әдіс мәтіннің мағынасын түсінуге, автордың ойы мен оқушының тәжірибесін байланыстыруға көмектеседі.

Зерттеулер көрсеткендей, сабақта арт-терапиялық әдістерді тұрақты қолдану оқушылардың ойлау белсенділігін 30–40%-ға арттырып, оқу материалын жақсы есте сақтауға мүмкіндік береді [6, 79б.]. Бұл, әсіресе, бастауыш және орта мектеп оқушылары үшін тиімді, себебі олардың ойлауы көбінесе бейнелі және қиялға негізделген.

Арт-терапиялық әдістерді таңдауда оқушының жас ерекшелігі негізгі критерий болып табылады. Бастауыш сыныптарда баланың бейнелі ойлауы дамығандықтан, ертегі терапиясы (сказкотерапия) мен изотерапия (сурет салу) тиімді болып табылады. Оқушылар кейіпкерлерді сурет арқылы бейнелеп, олардың мінез-құлқын түстермен ажыратады (мысалы, мейірімділік — ақ, зұлымдық — қара), бұл оларға алғашқы моральдық бағалауды үйренуге көмектеседі. Орта буындағы жасөспірімдерде «мен» концепциясы мен эмоциялар күрделене түседі, сондықтан драматерапия мен кинотерапия элементтері өзекті болады. Кейіпкердің ішкі арпалысын сахналық қойылым арқылы сезіну жасөспірімге өз эмоцияларын түсінуге көмектеседі. Жоғары сыныптарда психологиялық талдау мен рефлексия алға шығады. Библиотерапия және креативті жазу (эссе-терапия) әдістері оқушыларға шығарманың философиялық мәселелерін өз өмірлік тәжірибесімен байланыстыра отырып, тереңірек талдауға мүмкіндік береді.

Арт-терапияның басты ерекшелігі — әдеби шығарманы тек ақылмен емес, сезім арқылы қабылдау. Оқушы мәтінді оқып қана қоймай, оны «сезінеді». Мұғалім оқушыға «Егер сен осы кейіпкердің орнында болсаң, нені сезінер едің?» деп сұрап, оны мәтінге енуге шақырады. Сонымен қатар шығармадағы қуаныш, мұң немесе үрейді түстермен, дыбыстармен немесе символдармен байланыстыру арқылы оқушының шығармамен жеке қатынасы қалыптасады.

Арт-терапиялық әдістер оқушының қиялы мен эмоциясын дамытуға ерекше мүмкіндік береді. Мысалы, «шығарманы аяқтау» әдісі оқушыға шығарманың соңын өзгертуге немесе кейіпкердің тағдырын өзгертуге мүмкіндік береді, бұл оның ішкі тілектері мен құндылықтарын көрсетеді. «Кейіпкерге хат» әдісі оқушының эмоциясын басқаруға көмектеседі және жеке пікірін еркін білдіруге мүмкіндік береді. «Музыкалық иллюстрация» шығарманың көңіл-күйіне сәйкес музыканы таңдау арқылы эстетикалық әсерді күшейтеді, ал «метафоралық карталар» дерексіз ұғымдарды бейнелеу арқылы түсінуге көмектеседі. Бұл әдістер оқушыны «стандартты жауап беру» қорқынышынан арылтып, шығарманы шынайы сезім мен жеке қабылдау арқылы түсінуге мүмкіндік береді. Әдебиеттік оқу сабағында қате жауап болмайды — тек жеке қабылдау мен шынайы эмоция маңызды, бұл арт-терапияның педагогикадағы басты артықшылығы болып табылады.

Арт-терапияның жоғарыда аталған теориялық әдістері оқушының шығармашылық әлеуетін ашып қана қоймай, әдеби кейіпкердің ішкі толғанысын тереңірек сезінуге мүмкіндік береді. Осы орайда, 3-сынып әдебиеттік оқу бағдарламасындағы «Қобыланды батыр» жырын өткенде, батырдың тұлғалық болмысын суреттеу мен оның ерлік рухын бейнелеуде арт-терапиялық элементтерді қолданудың маңызы зор [7, 55 б.].

«Қобыланды батыр» сияқты көлемді әрі күрделі эпикалық шығарманы дәстүрлі мәтіндік талдау әдісімен түсіндіру оқушыны тез шаршатып, оның қызығушылығын төмендетуі мүмкін. Арт-терапияны қолданудың тиімділігі келесі факторлармен негізделеді:

- *Абстрактілі ұғымдарды нақтылау:* «Батырлық», «намыс», «патриотизм» сияқты дерексіз ұғымдар 6-9 жастағы бала үшін түсініксіз болуы мүмкін. Арт-терапия (мысалы, Тайбурылдың шабысын суреттеу немесе сауыттың коллажын жасау) арқылы бұл ұғымдар баланың көзімен көріп, қолымен ұстайтын нақты бейнелерге айналады;

- *Эмоционалдық босаңсу және батылдықты ояту:* Жырдағы шайқас сахналары немесе кейіпкердің ішкі арпалыстары баланың ішкі қорқыныштары мен эмоцияларын сыртқа шығаруға (сублимация) мүмкіндік береді. Драматерапия арқылы Қобыландының рөліне ену баланың өзіне деген сенімділігін арттырып, жасөспірімдік шақтағы тұйықтықты жеңуге көмектеседі;

- *Тілдік кедергіні жою:* Жырдағы көне сөздер мен архаизмдер оқушының мәтінді түсінуін қиындатады. Ал музыка терапиясы немесе изотерапия сөзбен айтып жеткізе алмайтын сезімдерді өнер тілімен жеткізуге жол ашады. Бұл «сөзден — бейнеге, бейнеден — сөзге» ауысу принципі арқылы баланың сөздік қорын табиғи жолмен байытады;

• *Зейінді шоғырландыру:* Коллаж жасау немесе мүсіндеу сияқты көлөнер жұмыстары оқушының зейінін ұзақ уақыт бір нысанда ұстауға, шығарманың детальдарына (тұлпардың сын-сипаты, қару-жарақ атаулары) тереңірек үңілуіне ықпал етеді.

1-кесте Арт-терапия элементтері арқылы "Қобыланды батыр" жырын меңгертудің әдістемелік жүйесі

Қалыптасатын дағдылар	Арт-терапиялық құрал	Күтілетін педагогикалық нәтиже
Танымдық (Когнитивтік)	Коллаж және изотерапия	Жырдағы тарихи жәдігерлер мен детальдарды (сауыт, дулыға, тұлпар) есте сақтау деңгейі артады.
Эмоционалдық-еріктік	Драматерапия (Рөлдік ойын)	Оқушы батырдың тұлғалық қасиеттерін (ерлік, шешім қабылдау) өз бойына сіңіреді, қорқыныштарын жеңеді.
Эстетикалық	Музыка терапиясы	Домбыра сарыны арқылы ұлттық кодты сезіну, эпикалық жырдың асқақ рухын қабылдау қабілеті дамиды.
Коммуникативтік	Письмотерапия (Еркін жазу)	Кейіпкерге хат жазу арқылы оқушы өз ойын жүйелі, еркін және шығармашылықпен жеткізуді үйренеді.

ӘДЕБИЕТ

1. Зинкевич-Евстигнеева Т. Д. Арт-терапия. – Санкт-Петербург: Речь, 2002. – 256 с.
2. Мұқанов М.М. Жас және педагогикалық психология. — Алматы: Қазақ университеті, 1982. — 248 б.
3. Юнг К.Г. Человек и его символы. — М.: Серебряные нити, 1997. — 368 с.
4. Киселева М.В. Арт-терапия в работе с детьми: Руководство для детских психологов, педагогов, врачей и специалистов, работающих с детьми. — СПб.: Речь, 2007. — 160 с.
5. Выготский Л.С. Психология искусства. — М.: Искусство, 1986. — 573 с.
6. Hobsbawm E. Introduction: Inventing Traditions // The Invention of Tradition. Ed. by E. Hobsbawm and T. Ranger. - Cambridge, 2000. - P. 17.
7. Қабатай Б.Т., Зейнетоллина Ү.К., Қалиева В.А. Әдебиеттік оқу: Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық. 1-бөлім. — Алматы: Атамұра, 2018. — 160 б.

ӘОЖ: 371.3:94(075.8)

Жанайева Л.А.

6B01601-Тарих, 4 курс студентті

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Алматы, Қазақстан ,

E-mail: zhanaieva04@gmail.com

Ғылыми жетекшісі: **Ыбышова С.Т.**

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Алматы, Қазақстан ,

E-mail: ybyshova23@gmail.com

ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДА ГЕЙМИФИКАЦИЯ ӘДІСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕСІ

Аңдатпа. Мақалада тарих пәнін оқыту үдерісінде геймификация технологиясын қолданудың педагогикалық мәні мен оның оқу нәтижелеріне ықпалы жан-жақты талданады. Геймификация қазіргі білім беруде кең қолданылып келе жатқан интерактивті әдістердің бірі ретінде қарастырылып, оның оқушылардың оқу мотивациясын арттырудағы, танымдық белсенділігін күшейтудегі және оқу материалын тиімді меңгерудегі рөлі көрсетіледі. Тарих сабақтарына ойын элементтерін енгізу оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып

қана қоймай, оқу үдерісінің құрылымын жеңілдетіп, ақпаратты жүйелі қабылдауына ықпал ететіні негізделеді. Осы мақсатта сабақ барысында цифрлық платформалар, мобильді қосымшалар және түрлі ойын форматтары қолданылуының мүмкіндіктері сипатталады. Зерттеу барысында мектеп оқушылары арасында сауалнама жүргізіліп, олардың геймификация туралы көзқарасы, ойын технологияларының түсінуге әсері және пәнге қызығушылық деңгейі анықталды. Сауалнама нәтижелері геймификацияның оқыту сапасын арттырудағы тиімділігін айқын көрсетті. Сонымен бірге, отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге шолу жасалып, геймификацияның педагогикалық әлеуеті теориялық тұрғыда талданды. Әдіснамалық негіз ретінде сауалнама, бақылау және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Алынған деректер геймификация элементтерін тарих пәніне енгізудің әдістемелік артықшылықтарын және оның оқу дағдыларын дамытудағы маңызын дәлелдейді. Зерттеу нәтижесінде геймификация мектептегі тарихты оқытуда оқу үдерісін белсендірудің тиімді құралы екені анықталып, оны қолдану бойынша практикалық ұсыныстар ұсынылды.

Кілт сөздер: геймификация, тарихты оқыту, интерактивті технология, оқу мотивациясы, әдістеме, цифрлық құралдар

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың негізгі құзыреттерін қалыптастыру үшін заманауи педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану қажеттілігі айқын байқалады. Соның ішінде соңғы жылдары білім беру кеңістігінің маңызды құрамдас бөлігіне айналып отырған геймификацияның мүмкіндіктерін кеңінен қолдану ерекше өзекті болып отыр. Бүгінгі оқушылардың жаңа форматтағы оқу құралдарына деген қызығушылығының артуы геймификацияға деген сұраныстың өскенін көрсетеді.

Геймификация (ағылш. gamification) – ойын элементтері мен логикасын ойыннан тыс оқу контекстіне енгізу арқылы оқу үдерісін жандандыру тәсілі [1, 198-б.]. Бұл ұғым соңғы уақыттары кеңінен таралып, білімді меңгерудің, ақпаратты игерудің және soft skills дағдыларын дамытудың тиімді құралдарының бірі ретінде танылуда. Оқушының икемді дағдыларына зерттеушілік қабілет, сыни ойлау, инновациялық шешім қабылдау, АКТ-ны қолдану, шығармашылық, топтық жұмыс және ынтымақтастық жатады [2]. Дәл осы дағдылар білім берудің заманауи цифрлық ортасын қалыптастыруға негіз болады. Геймификация оқыту процесінде білім алушының белсенділігін арттырып, оқу әрекетінің тиімділігін жоғарылатуға ықпал етеді. Себебі, кез-келген ойынның табиғаты бәсекелестікке, табысқа ұмтылуға және жақсы нәтижеге жетуге бағытталған. Осы тұрғыдан алғанда, геймификация оқу үдерісін қызықты әрі мотивацияға толы ортаға айналдыра отырып, оқушының білімді саналы игеруіне мүмкіндік береді. Ф. ғ.к. Н.Л. Караваев пен п.ғ.к. Е.В. Соболеваның көзқарасы бойынша геймификацияны «заманауи цифрлық ортаны құрудың элементі» ретінде қарастыруға болады [3, 41-б.].

Геймификациядағы ең күшті мотивациялық тетіктердің бірі – ойыннан туындайтын ішкі шабыт пен эмоционалдық серпін. Ол білім алушыларды түрлі іс-әрекеттерге белсенді қатысуға жетелейді, олардың ынтасын күшейтіп, танымдық жігерін арттырады. Соның нәтижесінде, оқушылар тек ойын процесіне ғана емес, сонымен қатар оқу әрекетінің өзіне де жоғары деңгейде қатыса бастайды. Біздің зерттеуіміз негіздеген белсенділік тәсілі ойын қызметін ұйымдастырудың басты қағидасы ретінде қарастырылып, бұл үдерісте білім алушы белсенді субъект ретінде көрінеді [4, 1160-б.]. Ол ойынның жобалаушысы, ұйымдастырушысы, қатысушысы бола алады, сондай-ақ орындалған әрекеттің нәтижесін сараптап, бағалайтын тұлға рөлін атқарады.

Басқаша айтқанда, бүгінгі педагогикалық жағдайда геймификация оқушылардың оқу үдерісіне қатысуын арттыруға, олардың танымдық дербестігін қалыптастыруға және ойын субъектілерінің өзіндік дамуына ықпал ететін маңызды ресурс ретінде сипатталады. Қазіргі таңда көптеген зерттеушілер геймификацияның теориялық-тұжырымдамалық негіздерін айқындауға, оның білім беру саласындағы әлеуетін бағалауға және ойын тәжірибесін оқу процесіне енгізудің тиімді тәсілдеріне ортақ көзқарас қалыптастыруға талпынып келеді. А. Л. Мазелис геймификацияны «оқу мотивациясын оятатын және білім алушылардың мінез-

құлқын позитивті бағытқа өзгертетін құрал» деп сипаттайды, себебі ойын механикасы, сюжеттік жүйе мен сценарий секілді элементтер оқу барысына эмоционалдық тартымдылық береді [5, 139-б.].

Ойын осы тұрғыда инновациялық белсенділік формасы ретінде қабылданады. Біздің зерттеуімізде геймификацияның білім беру ұйымдарында қолданылу мүмкіндіктері мен оның теориялық негіздері қарастырылады. Әсіресе, тарих пәнін оқытудағы геймификацияның рөлі, оның оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыруға әсер ету деңгейі ерекше назарда болады. Осыдан келіп маңызды сұрақ туындайды: «Оқушының тарих пәніне деген қызығушылығын қалай сақтау және дамытуға болады?» Бұл – педагогикалық тұрғыдан күрделі әрі өзекті мәселе.

Сабақ барысында мектеп оқушыларымен әңгімелесу кезінде олардың түрлі ойындардағы жетістіктерін үлкен қызығушылықпен бөлісетінін байқадым. Олар бұл жеңістерін шынайы мақтанышпен айтып, эмоцияға толы түрде түсіндіреді. Оқушылардың осындай әңгімелерінің бірі мені ойын феноменін терең зерттеуге итермеледі. Осылайша, мен білім беру саласындағы «геймификация» ұғымымен бетпе-бет келдім және оның педагогикалық әлеуетіне назар аудардым.

Материалдар мен әдістер. Қазіргі таңда білім беру жүйесінде геймификация әдісі жаңа педагогикалық тренд ретінде белсенді түрде енгізіліп, оның тиімді жақтары түрлі бағыттағы зерттеулер арқылы жан-жақты негізделуде. Бұл үрдістің кең таралуы геймификацияның оқушының даму деңгейіне сәйкес шығармашылық ойлауды ынталандыратын маңызды құрал ретінде орнығып келе жатқанын көрсетеді. Оның мәні мен әдістемелік ерекшеліктері шетелдік және отандық зерттеушілер еңбектерінде жаңаша көзқарас тұрғысынан талданып, ғылыми негізі қалыптасуда.

Осы мақалада мен геймификацияға қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми-педагогикалық зерттеулеріне талдау жасай отырып, оның әдіснамалық негіздерін, теориялық мазмұнын және практикалық қолданылу ерекшеліктерін анықтауды мақсат етемін. Геймификация XX ғасырдың екінші жартысынан бастап белсенді дамып, алдымен бизнес саласында, кейіннен өмірдің барлық бағытында, әсіресе білім беруде кеңінен қолданылып, бүгінгі күні жаһандық трендке айналды [6, 29-б.]. Осы әдісті білім беру кеңістігіне енгізу кезінде теориялық тұжырымдарды жүйелеу, практикалық тәжірибені талдау және әдіснамалық базаны нақтылау маңызды болып табылады.

Ең алдымен ресейлік зерттеушілердің еңбектеріне назар аударсақ, В.В. Матонин геймификацияның білім беру үдерісіндегі маңызын ерекше атап өтеді. Ғалымның пікірінше, сабақта ойын элементтерін қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, олардың оқу мотивациясын күшейтеді [7, 37-б.]. Автордың бұл көзқарасы геймификацияны тек ойын құралы ретінде емес, білімді терең түсінуге және сабақ мақсатына тиімді жетуге көмектесетін әдістемелік ресурс ретінде қарастыруға болатынын дәлелдейді. Яғни, ойын элементтері оқу үдерісінде оқушының қызығушылығы мен ынтасын арттыратын маңызды фактор болып табылады.

В.В.Матонин еңбегін қарастыру барысында мотивация, кері байланыс және оқушы мен мұғалім арасындағы өзара әрекеттестік геймификацияның басты аспектілері ретінде айқындалды. Бұл факторлар ойын механикасы арқылы оқу материалының тартымдылығын күшейтіп, оқушылардың бірлескен жұмыс жасауына және оқу нәтижелерін жақсартуға ықпал етеді [7, 37-б.]. Мұндай тұжырымдар ойын элементтерінің білім берудің барлық салаларына бейімделе алатын әмбебап құрал екенін көрсетеді.

Тарих пәні контекстінде геймификацияның артықшылықтарын Смоленск облыстық институтының оқытушысы, т.ғ.к. В.М. Овчинников жан-жақты зерттеген. Ол геймификацияны тарихты оқытуда оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыратын, олардың танымдық белсенділігін жоғарылататын және тарихи оқиғаларды терең әрі саналы меңгеруге мүмкіндік беретін тиімді педагогикалық әдіс ретінде сипаттайды [8, 30-б.]. Автор соның ішінде викториналар, тарихи квесттер және рөлдік ойындар сияқты әдістерді ерекше атап көрсетеді. Бұл тәсілдер оқушының тарихи деректерді аналитикалық тұрғыда

қабылдауына, тарихи ойлауды дамытуына және пәнге деген ынтасын арттыруына нақты ықпал етеді.

В.М. Овчинников ұсынған рөлдік ойындар жөніндегі пікірлер Л.П. Борзованың еңбектерінде жан-жақты талданған. Автордың пайымдауынша, тарих сабақтарында тарихи оқиғаларды меңгертуде мынадай ойын элементтерін қолдануға болады: «сабақ тақырыбын бекітуге бағытталған викториналар мен сұрақ-жауап форматындағы ойындар оқушылардың білімін нығайтуға және оны бағалауға көмектеседі» [9, 26-б.], – деп көрсетеді. Ал, А.А. Шеламова геймификацияны сабақтың барлық бөлігінде қолдануға болатынын айтады. Оның ғылыми тұжырымы бойынша, білімді тексеру, материалды бекіту және жаңа ақпаратты игеру кезеңдерінде ойын элементтерін енгізу тиімді. Бұл үдеріс жеке, топтық немесе командалық формада орындалуы мүмкін [10, 3-б.]. Ресейлік тарих пәні мұғалімі Е.Н. Запасников тарихи оқиғаларды есте сақтауды күшейтетін ойындық тәсіл ретінде «тарихи оқиғаны көз алдына елестету» әдісін қолдануды ұсынады. Яғни, тарихи рөлдік ойындар мен квесттерді пайдалануды жөн көреді, себебі олар оқушылардың тарихи оқиғаларды сезініп, тереңірек қабылдауына мүмкіндік береді [11, 82-б.]. Осылайша, ресейлік зерттеушілердің еңбектеріндегі геймификация құралдарының тарихты оқытудағы тиімді жақтары жүйелі түрде қарастырылды.

Отандық зерттеушілер арасында да геймификацияның білім берудегі артықшылықтарын зерттеген еңбектер аз емес. Әсіресе, білім алушылардың түрлі пәнге деген қызығушылығы мен ынтасын арттыруда ойын элементтерін қолдану мәселесін К. Оразбайқызы, Г.У. Ильясова, А.Н. Токжигитова, М.А. Ермағанбетова, Е.В. Полулях сынды жоғары мектеп оқытушылары кеңінен қарастырған. Ал мектептегі педагогикалық тәжірибеде оны қолдануды зерттегендер қатарына Ж.А. Жартынова, М.В. Жук, Е.Б. Дукеев, Д.М. Султанов және басқалар кіреді. Жоғары мектеп оқытушыларының геймификацияны оқу үдерісінде қолдану тәжірибелері К. Оразбайқызы мен Г.У. Ильясованың зерттеулерінде көрініс тапқан. Авторлар «ақпараттық-білім беру кеңістігінің қазіргі жағдайы – оқу процесіне геймификация идеяларын енгізетін сервистер мен платформалардың тұрақты көбеюімен сипатталады» деп атап өтеді [12, 152-б.]. Бұл тұжырым қазіргі заманғы технологияларды ойын элементтері арқылы білім беру ортасына енгізудің өзектілігін көрсетеді.

Бұл көзқарасты тәжірибеде жалғастырған А.Н. Токжигитованың ғылыми мақаласында геймификация оқушылардың оқу белсенділігі мен мотивациясын арттыратын әдістердің бірі ретінде ұсынылады. 150-ден астам оқушыны қамтыған тәжірибелік жұмыс барысында олардың геймификация элементтеріне деген көзқарасы және оны қолдануға қанағаттану деңгейі анықталған [13, 254-б.]. Е.В. Полуляхтың зерттеуінде геймификацияның сабаққа деген қызығушылықты арттырудағы рөлі талданады. Ойын түріндегі тапсырмалар, викториналар, квесттер арқылы оқушылар тарихты тек жаттап қоймай, оны түсінуге және талдауға дағдыланады. Автордың пікірінше, геймификация «тарих пәнін оқытуда инновация енгізудің тиімді жолы» болып табылады [14, 45-б.].

Білім берудегі геймификация оқушылардың пәнге қызығушылығын, тапсырмаларды орындауға деген құлшынысын және еш кедергісіз білім алуға ынтасын арттырады. М.В. Жук геймификацияны қолданудың төрт негізгі артықшылығын көрсетеді:

1. Білім алуға ынта;
2. Әлеуметтік дағдылардың қалыптасуы;
3. Оқытуды жекелендіру;
4. Шығармашылық пен ойлауды дамыту[15, 72-б.].

Автордың бұл пікірі педагогтердің ойын элементтерін тиімді қолдану мүмкіндігін нақтылай түседі. Бұл ойды Ж.А. Жартынова да жалғастырып: «...ойын арқылы адамды қызықтыра білу - бәсекеге қабілеттілік, тиімділік және назар аудартудың негізгі тетігі» деп тұжырымдайды [16, 82-б.]. Тарих пәнін оқытудағы геймификация әдістеріне арналған Е.Б. Дукеев пен Д.М. Султановтың мақаласы тәжірибеге негізделген маңызды зерттеу болып табылады. Онда авторлар мектептегі тарих сабақтарында геймификация технологиясын қолдану тәжірибесімен бөлісіп, мынадай қорытынды жасайды: «геймификация – қазіргі білім

беру үдерісінде критериалды бағалау жүйесінің барлық талаптарына сай келетін тиімді құрал» [17, 556-б.]. Бұл тарих сабақтарында геймификация тарихи ойлау мен сананы қалыптастыруға ықпал ететінін көрсетеді.

Жоғарыда талданған ресейлік және отандық зерттеушілердің еңбектері негізінде мынадай қорытынды жасауға болады: оқушылардың оқуға деген қызығушылығын, жаңа ақпаратты меңгеруге құлшынысын арттыруда инновациялық технологиялардың орны ерекше. Зерттеушілердің көпшілігі бұл міндетті жүзеге асырудың тиімді жолы ретінде геймификацияны қолдануды ұсынады. Ғылыми-педагогикалық еңбектерге жасалған талдау барысында осы көзқарастың дұрыстығына көз жеткізуге болады.

Зерттеудің мақсаты. Тарих пәнін оқыту үдерісінде геймификация әдісін пайдаланудың тиімді қырларын анықтап, оны оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыруға, оқу мотивациясын күшейтуге және тарихи білімді меңгеру қабілетін дамытуға ықпал ететін әдіс ретінде дәлелдеу. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегі **міндеттер** қарастырылады:

- тақырыпқа қатысты ғылыми-педагогикалық еңбектерді сараптап, геймификацияның тарих сабақтарында қолданылуына қатысты теориялық-әдістемелік негіздерді айқындау;

- тарих пәніне енгізуге болатын геймификация элементтері мен тәсілдерін жүйелеп, олардың оқу үдерісіндегі қызметі мен мәнін сипаттау;

- тарихты оқыту барысында геймификацияны қолданудың практикалық негіздемесін жасау;

- геймификация әдістерін сабақта пайдалана отырып, тәжірибелік эксперимент жүргізу және оның оқушылардың оқу жетістіктеріне ықпалын анықтау;

- геймификация элементтерін қолдану нәтижелерін талдап, олардың оқушылардың мотивациясына және танымдық белсенділігіне тигізетін әсерін бағалау.

Талқылау. Геймификация бүгінде қашықтан және электронды оқытудың маңызды заманауи үрдістерінің бірі ретінде қарастырылады. 2010 жылдардың басында ол көптеген ұйымдар үшін ақпараттық технологиялар саласындағы жетекші тенденциялардың қатарына енді. Дәл осы кезеңнен бастап онлайн оқыту платформалары мен мобильді қосымшалардың белсенді дамуына байланысты геймификация білім беру жүйесіне жылдам ене бастады. Нәтижесінде ойын элементтерін қолдану тек бастауыш және орта буында ғана емес, жоғары оқу орындарында да кеңінен таралды.

2020 жылдан бергі кезеңде геймификация білім беру саласында ең жиі қолданылатын әдістердің біріне айналды. Пандемия жағдайында онлайн оқытудың жедел дамуы бұл тәсілдің маңызын арттыра түсті. Әсіресе, оқушылардың мотивациясын көтеру, қашықтықтан білім берудің сапасын жақсарту, оқу процесін тартымды ету мәселелері ерекше өзектілікке ие болды.

Геймификацияны оқу үдерісіне енгізу оқушылардың оқуға деген қызығушылығын, ынтасын жоғарылатып қана қоймай, олардың танымдық белсенділігінің күшеюіне және оқу материалын тереңірек меңгеруіне жағдай жасайды. Қазіргі цифрлық қоғамда бұл әдіс оқушының жеке оқу траекториясын қалыптастыруға, өзін-өзі бақылау мен бағалау дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Геймификацияның негізгі міндеттері – оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету, олардың қызығушылығын арттыру және білімді тиімді игеруге жағдай жасау. Оқушылардың оқудағы жетістіктерін сезініп, жаңа ақпаратты меңгеру барысында жағымды эмоция алуы аса маңызды. Осы орайда мұғалімдер интерактивті жұмыс парақтарын, тест тапсырмаларын, түрлі онлайн-сервистерді пайдалана отырып, сабақтың тиімділігін арттырып, материалды меңгеру деңгейін бақылауды жүзеге асыра алады.

Ойын технологияларын нәтижелі қолдану үшін бірқатар қағидаларды сақтау талап етіледі. Ойын түрін таңдағанда мыналар ескерілуі қажет: ойын формасының сабақ құрылымына сай ұйымдастырылып, оқушыларды белсенді әрекетке ынталандыруы; ойын мазмұнының оқушының жас ерекшелігі мен даму деңгейіне сәйкес болуы; ойын материалдарының біртіндеп күрделенуі; ойын сюжетінің оқушының білімдік тәжірибесімен үндестігі; сабақтың мақсатына сәйкестігі [18, 82-б.].

беруінде. Мысалы, сыныптық немесе мектепшілік жобалардағы топтық жұмыс барысында оқушылар өзара келісім жасауды, әділ шешім қабылдауды және бір-біріне сенім көрсетуді үйренеді [1,206]. Жобаның әрбір кезеңінде білім алушы өз ісіне жауап беруді және ортақ мақсатқа адал еңбекпен жетуді басты назарда ұстайды. Топ ішіндегі әділ шешім қабылдау процесі баланың «мен емес, біз» деген ұғымды терең сезінуіне, сол арқылы ұжымдық жауапкершілікті арқалауына септігін тигізеді. Сонымен қатар, бұл әдіс оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытып, моральдық дағдыларын нығайта түседі. Жобалық жұмыс барысында кез келген ақпараттың шынайылығына мән беру, дереккөздерді дұрыс көрсету оқушыны интеллектуалды адалдыққа баулиды. Осылайша, жобалық әдіс — білім алушыны нағыз «Адал азамат» ретінде қалыптастыратын нәтижелі педагогикалық технология болып табылады [7, 186].

Сыныптан тыс іс-шаралар — бұл оқу процесін теориялық жақтан толықтырып қана қоймай, игі құндылықтарды нақты тәжірибеде бекітетін маңызды тәрбие құралы [12,486]. Сабақ барысында айтылған адалдық пен жауапкершілік принциптері мектеп клубтарында, волонтерлік бағдарламалар мен қайырымдылық шараларында нақты іс-әрекетке айналады. Мұндай практикалық ортада оқушылар адалдық, жауапкершілік және ынтымақтастық қасиеттерін іс жүзінде көрсету арқылы өздерінің азаматтық ұстанымдарын қалыптастырады. Мәселен, қайырымдылық жәрмеңкелерін ұйымдастыру барысында оқушылар тек ұйымдастырушылық қабілетін ғана емес, сонымен бірге қаржылық адалдық пен ашықтық мәдениетін меңгереді. Мұқтаж жандарға нақты көмек көрсету арқылы олардың бойында әлеуметтік эмпатия (өзгеге жанашырлық) сезімі оянады. Ал түрлі экологиялық акциялар баланың табиғатқа, туған жерге деген адал ниетін нығайтып, қоршаған ортаға деген ұқыптылықты үйретеді. Бұл тәжірибелердің барлығы оқушыларға қоғамдағы өз рөлін тереңірек түсінуге, әлеуметтік жауапкершілікті сезінуге және азаматтық парызын адал атқаруға бағыттайды. Осылайша, сыныптан тыс жұмыстар арқылы «Адал азамат» тұжырымдамасы жай ғана ұран емес, әрбір оқушының күнделікті өмір салтына айнала бастайды [5, 186].

Қазіргі замандағы оқушылар үшін цифрлық орта маңызды рөл атқарады. Мұғалімдер цифрлық сауаттылықты дамыту арқылы оқушыларға интернеттегі этикалық мінез-құлықты үйретеді [3, 306]. Онлайн платформалар мен виртуалды сыныптарда адалдық пен әділдік принциптерін сақтау, ақпаратты дұрыс пайдалану және жеке деректерді қорғау сияқты тақырыптар қарастырылады. Бұл тәсіл оқушылардың цифрлық ортада да моральдық нормаларды сақтауға мүмкіндік береді.

Мектеп пен отбасының ынтымақтастығы – оқушылардың моральдық және азаматтық тәрбиесінің негізгі факторы [10,146]. Ата-аналар мен мұғалімдер бірлесіп жұмыс істегенде ғана балаларға құндылықтарды тұрақты түрде жеткізуге болады. Мысалы, ата-аналармен өткізілетін семинарлар мен консультациялар, үй тапсырмалары арқылы оқушылардың тәрбие процесіне қосымша бақылау жасау, құндылықтарды бекітуге септігін тигізеді [6, 126].

«Адал азамат» тұжырымдамасын жүзеге асыру үшін сыныптағы сабақтар, жобалық жұмыстар, сыныптан тыс іс-шаралар және цифрлық тәрбие сияқты көпқырлы педагогикалық тәсілдерді қолдану қажет. Адалдық, жауапкершілік және әділдік сияқты құндылықтарды қалыптастыру арқылы оқушылар қоғамда белсенді, жауапты азамат ретінде қалыптасады. Ұсынылған тәсілдер білім беру ұйымдарында тиімді қолдануға бағытталған және оқушыларға толыққанды, құндылыққа негізделген білім алуға мүмкіндік береді [7, 136].

«Адал азамат» тұжырымдамасы — бұл жай ғана тәрбиелік бағыт емес, бұл болашақ әділетті қоғамның іргетасын қалайтын стратегиялық маңызды идеология. Мақалада қарастырылған құндылыққа бағытталған оқыту, жобалық әдістер, сыныптан тыс іс-шаралар мен цифрлық тәрбие секілді көпқырлы педагогикалық тәсілдер біртұтас жүйе ретінде жұмыс істегенде ғана нәтижелі болмақ [6, 126]. Тұлға бойындағы адалдық, жауапкершілік пен әділдік қасиеттері мектеп қабырғасындағы күнделікті іс-әрекеттер, шынайы өмірлік жағдаяттарды шешу және отбасымен тығыз байланыс арқылы қалыптасады. Педагогтардың

басты міндеті — оқушыны сыртқы бақылаусыз-ақ, өз ішкі қалауымен және ар-ұятының алдында адал болуға тәрбиелеу. Түйіндей келгенде, ұсынылған әдістемелік тәсілдерді білім беру ұйымдарында жүйелі қолдану өскелең ұрпақтың адамгершілік әлеуетін арттырып, олардың қоғамда белсенді, саналы және жауапты азамат ретінде қалыптасуына жол ашады. Тәрбие мен білімнің мұндай сабақтастығы ұлттық мүддеге қызмет ететін, рухани бай және парасатты ұрпақтың өсіп шығуының басты кепілі болып табылады [2, 386].

ӘДЕБИЕТ

1. Тоқаев Қ.К. Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана: Ақорда, 2022.
2. Абай Құнанбайұлы. Қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 2015.
3. Әл-Фараби. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары. – Алматы: Қазақ университеті, 2010.
4. Бабаев С.Б. Жалпы педагогика: Оқулық. – Алматы: Заң әдебиеті, 2005.
5. Беспалько В.П. Педагогикалық технологияның негіздері. – Мәскеу: Педагогика, 1989.
6. Сейітқалиев Ә., Тұрсынов Б. Педагогикалық әдістер мен тәжірибелер. Алматы: Аруна, 2018. – 200 б.
7. Әділдік және моральдық құндылықтарды дамыту әдістемесі. Алматы: Білім орталығы, 2017. – 100 б.
8. Қаратаев Д. Құндылыққа бағытталған оқыту. Алматы, 2016. – 95 б.
9. Жұмабаев С. Мектептегі әлеуметтік тәрбие. Алматы, 2014. – 70 б.
10. Әбдіқалықова А. Оқушылардың этикалық дамуы. Алматы, 2019. – 120 б.
11. Сәбитова Л. Педагогикалық инновациялар. Алматы, 2015. – 110 б.
12. Мұратов Ж. Педагогикалық кейс-стадилер. Алматы, 2018. – 130 б.
13. Тұрсынова Г. Құндылыққа бағытталған тәрбие әдістемесі. Алматы, 2017. – 100 б.
14. Баймұхамедов Н. Моральдық және азаматтық тәрбие. Алматы, 2020. – 140 б.

УДК 37.02 (574)

Аубакирова Г.М.

к.п.н., профессор педагогики и психологии
Казахского университета международных
отношений и мировых языков им. Абылай хана
e-mail: gulsara_genpi@mail.ru

ЦЕННОСТНО-СМЫСЛОВОЙ АСПЕКТ ВОСПИТАНИЯ ЛИЧНОСТИ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация. В статье рассматривается ценностно-смысловое воспитание личности в системе образования Республики Казахстан. Раскрывается роль нормативно-правовой базы, включая Закон Республики Казахстан «Об образовании», а также современных воспитательных инициатив. Особое внимание уделяется влиянию Единой программы воспитания Республики Казахстан и программы «Адал Азамат» на формирование ценностных ориентаций молодежи. Делается вывод о значимости системного подхода к воспитанию в едином образовательном пространстве.

Ключевые слова: общечеловеческие ценности, национальные ценности, глобализация, ценностно-смысловое воспитание, образовательное пространство, критическое мышление, цифровизация, рефлексия.

VALUE-SEMANTIC ASPECT OF PERSONALITY DEVELOPMENT IN THE EDUCATION SYSTEM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract. The article examines the value-meaning-based education of personality within the education system of the Republic of Kazakhstan. It explores the role of the regulatory and legal framework, including the Law of the Republic of Kazakhstan “On Education,” as well as contemporary educational initiatives. Special attention is given to the influence of the Unified Education Program of the Republic of Kazakhstan and the “Adal Azamat” program on the formation of young people’s value orientations. The study concludes that a systemic approach to education within a unified educational space is of significant importance.

Keywords: universal human values, national values, globalization, value-meaning-based education, educational space, critical thinking, digitalization, reflection.

Современный этап развития общества характеризуется возрастанием роли человеческого капитала, что актуализирует проблему формирования не только профессиональных компетенций, но и системы ценностно-смысловых ориентаций личности. В этой связи особую значимость приобретает ценностно-смысловое воспитание как целенаправленный педагогический процесс, обеспечивающий интериоризацию базовых духовно-нравственных ценностей и формирование устойчивой жизненной позиции обучающихся.

Нормативно-правовой основой реализации данного направления выступает Закон Республики Казахстан «Об образовании». В соответствии со статьёй 3. данного закона, к основным принципам государственной политики в области образования относятся гуманистический характер образования, приоритет общечеловеческих ценностей, жизни и здоровья человека, свободного развития личности [1]. Кроме того, статья 9. определяет задачи системы образования, включающие формирование и развитие личности на основе национальных и общечеловеческих ценностей, достижений науки и практики с учетом глобализации, который формирует у молодежи общечеловеческие ценности, либерализацию сознания, плюрализм, активную мобильность и цифровое мировоззрение, часто за счет унификации культур и снижения роли традиций. Молодежь стремится к глобальной самореализации, но также сталкивается с риском утраты культурной идентичности. [1].

Ценностно-смысловое воспитание в научном дискурсе рассматривается как процесс формирования у личности системы смысложизненных ориентаций, включающих когнитивный, эмоционально-ценностный и поведенческий компоненты. Оно направлено на развитие таких качеств, как гражданственность, патриотизм, социальная ответственность, толерантность и способность к рефлексии. В условиях глобализации и цифровизации общества особую актуальность приобретает способность личности к осмысленному выбору ценностей и критическому анализу информации. Так как глобализации имеет огромное влияние на ценности молодежи.

Позитивными аспектами глобализации являются индивидуализм и социальная терпимость, которая утверждает ценность личного успеха, мобильности, политической либерализации и свободы самовыражения. Растет ориентация на получение международного образования, изучение языков, что повышает конкурентоспособность. У молодежи появляется доступ к мировым знаниям и технологиям, возможность межкультурного общения и академической мобильности (программы вроде Work and Travel). Происходит процесс активного внедрения цифровых, мультимедийных и информационных технологий в учебный процесс для повышения качества обучения, развития критического мышления, цифровой грамотности и толерантности обучающихся.

Но имеются и негативные стороны, происходит культурная унификация и вестернизация, которая проявляется через распространение западных образцов потребления, кино, музыки и формирует единый потребительский стандарт, который связан с риском потери национальной идентичности и культурной самобытности, роста потребительского отношения к жизни и девальвации духовных ценностей, иногда вытесняющие национальные

традиции. Интернет и соцсети создают «глобального гражданина», который ориентируется на мировые тренды больше, чем на локальные. Появляется социальное неравенство, так как не у всей молодежи есть одинаковый доступ к благам глобализации.

Глобализация создает новые возможности для самореализации, но требует от молодежи умения совмещать общемировые тенденции с сохранением культурных корней.

С позиций педагогической науки организации образования рассматриваются как ключевые институты социализации, обеспечивающие трансляцию социально значимых ценностей и норм поведения. Реализация ценностно-смыслового воспитания осуществляется через интеграцию учебной и внеучебной деятельности, использование активных и интерактивных методов обучения (проектная деятельность, проблемное обучение, развитие критического мышления).

Особую роль в формировании ценностных ориентаций современной молодежи играет Единая программа воспитания Республики Казахстан, которая направлена на систематизацию воспитательной работы во всех организациях образования. Данная программа ориентирована на формирование у обучающихся таких ключевых ценностей, как патриотизм, трудолюбие, ответственность, уважение к закону и национальной культуре. В рамках программы воспитательная деятельность рассматривается как неотъемлемая часть образовательного процесса, обеспечивающая целостное развитие личности [2].

Важным компонентом обновлённой воспитательной политики является программа «Адал Азамат», акцентирующая внимание на формировании у подрастающего поколения нравственных качеств, честности, справедливости и гражданской ответственности. Концепция «Адал Азамат» направлена на воспитание личности, способной к осознанному соблюдению социальных норм и активному участию в общественной жизни. Она способствует укреплению антикоррупционного сознания, развитию правовой культуры и формированию устойчивых моральных принципов у молодежи.

Интеграция данных программ в единое образовательное пространство Республики Казахстан обеспечивает преемственность воспитательного процесса и усиливает его ценностно-смысловую направленность. Их реализация способствует формированию гармонично развитой личности, обладающей не только знаниями и компетенциями, но и устойчивой системой жизненных ориентиров, соответствующих современным общественным требованиям.

Особую роль играет педагог как субъект воспитательного процесса, выступающий носителем ценностей и образцом социального поведения. Его профессиональная деятельность направлена не только на передачу знаний, но и на формирование у обучающихся смысловых установок, способствующих их личностному и социальному развитию [4; 5].

Таким образом, ценностно-смысловое воспитание личности в едином образовательном пространстве Республики Казахстан представляет собой системный и многокомпонентный процесс, основанный на нормативно-правовой базе и стратегических приоритетах государственной политики. Его реализация обеспечивает формирование гармонично развитой личности, способной к осознанному участию в общественной жизни и устойчивому развитию государства.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года № 319-III (с изменениями и дополнениями).
2. Единая программа воспитания Республики Казахстан. – Астана: Министерство просвещения Республики Казахстан, 2023.
3. «Адал Азамат»: концепция воспитания подрастающего поколения. – Астана, 2023.
4. Асмолов А. Г. Психология личности: культурно-историческое понимание развития человека. – М.: Смысл, 2007.
5. Бондаревская Е. В. Теория и практика личностно-ориентированного образования. – Ростов н/Д: Изд-во РГПУ, 2000.

УДК 37.017:502/504

Хамза Қ.

Тұрсынбаева Ж.А.

Шығыстану факультеті, 2-курс студенттері

Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ

e-mail: kundyzkhamza@gmail.com

zuldys85@gmail.com

Ғылыми жетекші: Капсанова Г.Б.

Педагогика және психология кафедрасының

аға оқытушысы, магистр

Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ

e-mail: kapsanova_g@mail.ru

Алматы, Қазақстан

СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ РӨЛІ

Аңдатпа. Мақалада студент жастардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың өзара байланысы мен маңызы қарастырылады. Автор қоршаған ортаға деген жауапкершілікті арттыруда халқымыздың «табиғат – ана» ұғымы мен дәстүрлі экологиялық этикасын заманауи жаһандық құндылықтармен ұштастырудың тиімділігін талдайды. Зерттеу барысында жастардың экологиялық сауаттылығын тек білім беру арқылы емес, рухани-адамгершілік тәрбие негізінде дамыту мәселелеріне назар аударылады. Мақаланың нәтижесінде болашақ мамандардың табиғатты қорғауға бағытталған экологиялық көзқарасын қалыптастыру бойынша ұсыныстар беріледі.

Түйін сөздер: экологиялық мәдениет, студент жастар, ұлттық құндылықтар, жалпыадамзаттық құндылықтар, экологиялық тәрбие, табиғатты қорғау.

THE ROLE OF NATIONAL AND UNIVERSAL HUMAN VALUES IN THE FORMATION OF ENVIRONMENTAL CULTURE AMONG STUDENTS

Abstract. The article examines the interaction and significance of national and universal human values in the formation of the ecological culture of student youth. The author analyzes the effectiveness of combining the folk concept of "Nature-Mother" and traditional ecological ethics with modern global values in increasing environmental responsibility. The study focuses on developing youth environmental literacy through spiritual and moral education rather than just formal training. As a result, recommendations are provided for shaping the environmental worldview of future specialists aimed at nature conservation.

Keywords: ecological culture, student youth, national values, universal values, environmental education, nature protection.

Кіріспе

Қазіргі кезеңде экологиялық мәселелер жаһандық сипатқа ие болып, адамзаттың тұрақты дамуына айтарлықтай қауіп төндіруде. Табиғи ресурстардың сарқылуы, қоршаған ортаның ластануы және климаттың өзгеруі сияқты факторлар қоғам мен табиғат арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуына әкелуде [1]. Осыған байланысты студент жастардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру өзекті ғылыми және әлеуметтік міндеттердің бірі болып табылады.

Экологиялық мәдениет – бұл адамның табиғатқа деген жауапты қарым-қатынасы мен мінез-құлқын анықтайтын кешенді ұғым [2]. Ол тек біліммен шектелмей, құндылықтық бағдарлар мен практикалық әрекеттерді қамтиды.

Негізгі бөлім

Экологиялық мәдениет — тұлғаның табиғатпен үйлесімді өмір сүру қабілетін, оның қоршаған ортаға деген жауапкершілігі мен ішкі мәдениетінің көрсеткішін сипаттайды. Оның негізгі компоненттеріне: экологиялық білім, сана, құндылықтар және мінез-құлық жатады [3].

1. Экологиялық білім мен сананың теориялық негіздері. Экологиялық мәдениеттің іргетасы — білім. Бұл саладағы зерттеушілердің пікірінше, білімсіз саналы әрекет ету мүмкін емес.

Экологиялық білім: Табиғат заңдылықтарын, экологиялық тепе-теңдікті сақтау жолдарын және адамның қоршаған ортаға әсерін ғылыми тұрғыдан түсіну. И.Д. Зверевтің (1983) анықтамасы бойынша, экологиялық білім — бұл тек фактілерді білу емес, табиғатқа деген жаңа көзқарасты қалыптастыратын үздіксіз оқу процесі.

Экологиялық сана: Бұл адамның өзін табиғаттың ажырамас бөлігі ретінде сезіну деңгейі. В.А. Ясвин (2000) экологиялық сананы адамның табиғи объектілермен психологиялық байланысы мен оларды сақтауға бағытталған ішкі мотивациясы ретінде қарастырады.

Экологиялық мәдениет: Н.М. Мамедов (1996) бұл ұғымды қоғамның жаңа өмір сүру парадигмасы ретінде сипаттап, оны адамның табиғатпен қарым-қатынасындағы этикалық және құқықтық нормалардың жиынтығы деп атаған.

Экологиялық мәдениет әлеуметтік жауапкершілікпен тығыз байланысты, өйткені әрбір тұлғаның күнделікті іс-әрекеті (ресурстарды үнемдеу, қалдықтарды сұрыптау) қоршаған ортаның жағдайына тікелей әсер етеді.

1. Қазақстанның экологиялық білім беру іліміне үлес қосқан ғалымдар. Қазақстанда экологиялық білім мен тәрбие берудің ғылыми мектебі өткен ғасырдың соңынан бастап қарқынды дамыды. Отандық ғалымдар экологиялық мәдениетті ұлттық құндылықтармен ұштастыра отырып зерттеді:

М.Н. Сарыбеков: Қазақстандағы экологиялық білім беру теориясының негізін салушылардың бірі. Ол оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары мен әдістемелерін жүйеледі.

Ж.Ж. Жатқанбаев: Биология және экология саласындағы ірі ғалым. Ол экологиялық білімнің ғылыми негіздерін қалап, табиғатты қорғаудың биологиялық принциптерін халыққа түсіндіруде үлкен еңбек сіңірді.

Ә. Сәдуақасұлы: Экологиялық тәрбиенің дидактикалық негіздерін зерттеп, оны мектеп бағдарламасына енгізу мәселелерін қарастырды.

А. Сейітов: Оқушылардың табиғатты қорғау белсенділігін арттыру мен экологиялық білім берудің инновациялық формаларын ұсынды.

Ш.М. Мұқажанова: Тұлғаның экологиялық бағдарын қалыптастырудағы гуманитарлық және әлеуметтік факторларды зерттеген ғалым.

1. Ұлттық құндылықтардың рөлі. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде табиғатқа деген құрмет ерекше орын алады. «Жер — Ана», «Су — тіршілік көзі» сияқты ұғымдар халықтың табиғатпен үйлесімді өмір сүру философиясын көрсетеді. Дәстүрлі қоғамда табиғатты қорғауға бағытталған көптеген тыйым сөздер мен әдет-ғұрыптар (мысалы, "Бұлақ көрсең, көзін аш", "Көкті жұлма") болған. Бұл құндылықтар заманауи экологиялық мәдениеттің рухани негізі болып табылады.

Олар студенттердің экологиялық дүниетанымын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, өйткені тұлғаның «мәдени кодын» сақтай отырып, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін оятады.

Түйін: Экологиялық мәдениет — бұл білім мен сананың әрекетке айналуы. Қазақстандық ғалымдардың еңбектері мен ұлттық тәрбие негіздері бүгінгі жастардың бойында жоғары экологиялық жауапкершілікті қалыптастырудың басты тетігі болып табылады.

Ұлттық құндылықтардың рөлі

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде табиғатқа деген құрмет ерекше орын алады. «Жер – ана», «Су – тіршілік көзі» сияқты ұғымдар халықтың табиғатпен үйлесімді өмір сүру философиясын көрсетеді. Бұл көзқарастар заманауи экологиялық мәдениеттің қалыптасуына рухани негіз болады. Дәстүрлі қоғамда табиғатты қорғауға бағытталған көптеген тыйым сөздер мен әдет-ғұрыптар болған. Мысалы, суды ластамау, ағашты орынсыз кеспеу сияқты қағидалар экологиялық тәрбиенің маңызды элементтері болып табылады. Ұлттық құндылықтар студенттердің экологиялық дүниетанымын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, өйткені олар тұлғаның мәдени кодын айқындайды.

Жалпыадамзаттық құндылықтар

Жалпыадамзаттық құндылықтарға тұрақты даму, экологиялық қауіпсіздік, табиғатты қорғау және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік жатады [4]. Бұл құндылықтар халықаралық деңгейде мойындалған және барлық қоғамдар үшін ортақ мүдде болып табылады. Тұрақты даму тұжырымдамасы қазіргі экологиялық саясаттың өзегі ретінде табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды басты мақсат етеді.

Жоғарыда аталған жалпыадамзаттық принциптер тек теориялық тұжырымдама деңгейінде қалмай, студенттердің күнделікті іс-әрекетінің моральдық компасына айналуы тиіс. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, экологиялық білім мен жауапкершілік сезімі ұштасқанда ғана тұлғаның қоршаған ортаға деген тұрақты позициясы қалыптасады. Әсіресе, жаһандық этика тұрғысынан алғанда, экологиялық мәдениетті дамыту – адамзаттың табиғатпен жаңаша гуманистік қарым-қатынас орнатуының басты шарты. Бұл процесс білім алушылардың экологиялық сауаттылығын арттырумен қатар, олардың рухани-адамгершілік қасиеттерін жаңғыртуды көздейді. Осы орайда, халықаралық стандарттар мен ұлттық тәрбие элементтерін біріктіру арқылы студенттерді табиғатты қорғаудың белсенді субъектісіне айналдырудың маңызы зор. Сондықтан, бұл құндылықтарды жастардың бойына сіңіру үшін жоғары мектеп қабырғасында нақты әдістемелік тетіктерді іске асыру қажеттілігі туындайды.

Ұлттық құндылықтар	Жалпыадамзаттық құндылықтар	Экологиялық әсері
«Жер-Ана» концепциясы: Табиғатты қастерлеу, жерді ластамау дәстүрі.	Тұрақты даму (Sustainable Development): Ресурстарды келешек ұрпақ үшін сақтау.	Экологиялық жауапкершілік пен этикалық нормаларды қалыптастыру.
Судың киесі: «Судың да сұрауы бар» қағидасы, су көздерін қорғау.	Су ресурстарын басқару: Жаһандық деңгейде су тапшылығымен күресу.	Табиғи ресурстарды үнемді және тиімді пайдалану мәдениетін дамыту.
Аң-құсқа жанашырлық: Тотемдік нанымдар мен жануарларды қорғау әдебі.	Биоалуантүрлілікті сақтау: Жер бетіндегі флора мен фаунаны қорғау.	Экологиялық гуманизм мен тірі табиғатқа деген сүйіспеншілікті ояту.
Ата-баба аманаты: Туған жердің табиғатын қорғау – отансүйгіштік белгісі.	Жаһандық азаматтық: Жер шарының экологиялық қауіпсіздігіне үлес қосу.	Белсенді азаматтық ұстаным мен экологиялық белсенділікті арттыру.

Экологиялық мәдениетті қалыптастыру жолдары

Студент жастардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру кешенді тәсілді талап етеді.

Оның негізгі бағыттары:

білім беру жүйесі арқылы экологиялық пәндерді оқыту;

тәрбие жұмыстары мен экологиялық акцияларды ұйымдастыру;

ұлттық құндылықтарды насихаттау;

заманауи технологияларды тиімді пайдалану [5].

Бұл бағыттар студенттердің экологиялық санасын қалыптастыруға және олардың белсенді азаматтық ұстанымын дамытуға ықпал етеді.

Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың өзара байланысы

Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар бірін-бірі толықтырып отырады. Ұлттық құндылықтар тұлғаның мәдени негізін қалыптастырса, жалпыадамзаттық құндылықтар оның дүниетанымын жаһандық деңгейде кеңейтеді. Осы екі бағыттың үйлесуі студенттердің экологиялық мәдениетін нәтижелі қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Қорыта келгенде, студент жастардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру – қазіргі қоғамның ең маңызды міндеттерінің бірі. Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың үйлесімді ықпалдастығы экологиялық жауапкершілігі жоғары тұлғаны тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Сондықтан жоғары білім беру жүйесінде осы бағыттарды кешенді түрде енгізу – уақыт талабы.

ӘДЕБИЕТ

- 1.Әбдіғалиев С. Экология және тұрақты даму. – Алматы, Экономика, 2020.—320 б.
- 2.Қожахметова К. Экологиялық тәрбие негіздері. – Астана, Фолиант, 2019.—256 б.
- 3.Сағындықов Е. Экологиялық мәдениет теориясы. – Алматы, Ғылым, 2018.—198 б.
- 4.United Nations. Sustainable Development Goals. – 2015. Қолжетімділік режимі URL:<https://sdgs.un.org/goals/> (қаралған күні: 17.4.2026)
- 5.UNESCO. Education for Sustainable Development. – 2016. Қолжетімділік режимі URL:<https://unesdoc.unesco.org/> (қаралған күні: 17.4.2026)

УДК 37.013.2:376

Алдангоров А.А.

Студент

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Алматы, Қазақстан,

e-mail: alibekaldangorov2004@gmail.com

ГУМАНИЗАЦИЯ – ЗАМАНАУИ ТӘРБИЕНІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАСЫ

Аңдатпа.Мақалада гуманизация тәрбиенің заманауи жүйесіндегі негізгі ұстаным ретінде қарастырылады. Негізгі назар екі мәселеге түседі: бір жағынан, тәрбиеде адамды «тәртіпке көндіретін объект» емес, өз таңдауы, тәжірибесі, ішкі уәжі бар тұлға ретінде тану қажет; екінші жағынан, осы ұстанымды мектеп, колледж және жоғары оқу орны деңгейінде іске асыру әрдайым оңай жүрмейді. Талдау барысында гуманизацияның тұлғалық-бағдарлы және құндылыққа негізделген білім берумен байланысы ашылады, сондай-ақ инклюзивті ортамен сабақтастығы мен іске асырудағы нақты қайшылықтар сөз болады. Мәселе ұранда емес. Сыныптағы қарым-қатынас, бағалау тәсілі, қателікке реакция, буллингтің алдын алу сияқты күнделікті деңгейде педагогтың ұстанымы өзгермесе, гуманизация қағаз жүзінде қалып қояды. Сол себепті қазіргі білім беру кеңістігінде гуманизация тұлғаның қадір-қасиетін сақтайтын, жауапкершілігін күшейтетін және әлеуметтік белсенділікті дамытуға жұмыс істейтін жетекші педагогикалық бағыт ретінде қарастырылады.

Тірек сөздер: гуманизация, тәрбие, тұлға, құндылық, инклюзивтілік, тұлғалық-бағдарлы тәсіл, білім беру.

HUMANIZATION AS A KEY PRINCIPLE OF MODERN EDUCATION

Abstract. The article examines humanization as a fundamental principle of the modern educational system. The main focus is placed on two issues: on the one hand, in education it is necessary to recognize a person not as an “object to be disciplined,” but as an individual with their

own choices, experiences, and intrinsic motivation; on the other hand, the implementation of this principle at the levels of school, college, and higher education institutions is not always easy. The analysis reveals the connection of humanization with learner-centered and value-based education, as well as its relationship with inclusive environments and the practical contradictions that arise in its implementation. The issue is not merely about slogans. If the teacher's approach does not change at the everyday level—such as classroom interaction, assessment methods, responses to mistakes, and bullying prevention—humanization remains only on paper. Therefore, in the modern educational space, humanization is considered a leading pedagogical direction that preserves human dignity, strengthens responsibility, and promotes social activity.

Keywords: humanization, education, personality, values, inclusivity, learner-centered approach, education system.

Кіріспе. Тәрбие туралы түсінік соңғы жылдары едәуір өзгерді. Бұрын негізгі екпін тәртіпке, нормаға бағынуға, дайын мінез-құлық үлгілерін меңгертуге түссе, қазір ондай өлшем тарлық ете бастады. Себебі мектептегі, колледждегі, университеттегі білім алушы енді тек нұсқау орындайтын адам ретінде қаралмайды. Оның өз пікірі бар, қарсылығы бар, таңдауы бар. Кейде бір ғана тыйым немесе қатал бақылау мәселені шешпейді, керісінше, ішкі жабықтықты күшейтеді. Осындай жағдайда гуманизация тәрбиенің шеткі тақырыбы емес, оның ішкі логикасын анықтайтын негізгі ұстанымға айналады. Қазіргі білім беру кеңістігі педагогтан мүлде басқа дәлдікті талап етеді. Бір сыныптың өзінде қабылдау қарқыны әртүрлі, эмоциялық тұрақтылығы әрқелкі, әлеуметтік тәжірибесі бір-біріне ұқсамайтын 20-25 оқушы отыруы мүмкін. Осындай ортада барлығына бірдей қысыммен ықпал ету нәтиже бермейді. Әсіресе жасөспірімдермен жұмыста. Олар бұйрықты механикалық түрде орындағанымен, іштей қабылдамауы да мүмкін. Сондықтан гуманизация адамды тәрбиенің құралы емес, өз алдына дербес құндылық деп тануды ұсынады.

Мәселенің өзектілігі тек теориямен шектелмейді. Цифрлық байланыс күшейген, салыстыру мәдениеті өскен, әлеуметтік қысым ерте жастан сезілетін ортада балаға «дайын қалыпқа» сыйып кетуді талап ету қауіпті салдарға әкелуі мүмкін. Мысалы, сырттай тәртіпті көрінген оқушыда енжарлық, жасырын агрессия немесе толық немқұрайлылық қалыптасады. Ал сенімге, қолдауға және жауапкершілікке сүйенген тәрбие ішкі уәжбен жұмыс істейді. Ұзақ мерзімде шешуші нәрсе де осы [1,223].

Сондықтан мақалада гуманизация ұғымының тәрбиелік үдерістегі мәні ашылып, оның қазіргі білім беру жағдайындағы орны талданады. Негізгі назар төрт бағытқа аударылады: ұғымның педагогикалық мазмұны, заманауи тәрбие жүйесіндегі орны, білім беру ұйымдарында іске асыру тетіктері және осы жолдағы қиындықтар. Зерттеу барысында педагогикалық әдебиеттер, салыстырмалы талдау, шолу және нормативтік құжаттарды саралау тәсілдері қолданылды. Гуманизацияның өзегі қарапайым сияқты көрінеді: адам ең жоғары құндылық ретінде танылады. Бірақ педагогикада осы ойдың салмағы әлдеқайда терең. Мұнда сөз тек «баланы жақсы көру» туралы емес. Әңгіме тұлғаның ішкі әлеміне қысым жасамай, оның дамуына жағдай жасау туралы жүріп отыр. Яғни білім алушы тәрбие ықпалының үнсіз нысаны емес, өз тәжірибесі, көзқарасы, таңдауы және күмәні бар субъект ретінде қарастырылады. Осы жерден маңызды бір айырма шығады. Дәстүрлі жүйеде тәрбие көбіне сыртқы тәртіпке сүйенеді: талап қою, бақылау, ескерту, жазалау. Гуманизация басқа жол ұсынады. Ол алдымен баланың немесе жастың жеке ерекшелігін ескеруді талап етеді. Бір оқушы материалды тез қабылдайды, екіншісі баяу бейімделеді. Біреу ашық сөйлейді, біреу ойын іште сақтайды. Біреу қолдауды үйден алады, біреу мектептен ғана көреді. Осындай айырмашылықтарды елемей жүргізілген тәрбие формалды сипатқа түсіп кетеді. Тағы бір маңызды қыр бар. Гуманизация пікірге құрметпен қарауды міндеттейді. Білім алушының сұрақ қоюы, келіспеуі немесе күмән білдіруі тәртіпсіздік ретінде қабылданбауы керек. Көп жағдайда дәл осы реакциялар тұлғалық өсудің белгісі болады. Әсіресе жоғары сынып пен студенттік ортада. Егер педагог кез келген қарсылықты «тәрбиесіздік» деп

бағаласа, онда қарым-қатынас жабылады, диалог тоқтайды, ал тәрбие сыртқы бақылауға қайта түседі.

Гуманизация сенімге негізделген қатынасты алдыңғы қатарға шығарады. Қысқа мерзімде тыйым мен бақылау жылдам нәтиже беруі мүмкін. Бірақ ұзақ мерзімде адамның өз әрекетіне саналы жауап беруі әлдеқайда маңызды. Сол себепті қателікке көзқарас та өзгереді. Қате енді тек кемшілік емес, үйрену процесінің бір бөлігі ретінде қаралады. Қиындық әлсіздіктің дәлелі емес, қолдау қажет ететін нүкте ретінде бағаланады. Іс жүзінде осы жер ең күрделі тұс болып шығады, себебі көптеген білім беру ұйымында бағалау мәдениеті әлі де жазалау логикасынан толық алыстап кеткен жоқ. Гуманизация мұғалімнің рөлін де қайта қарайды. Бұрын педагог бақылаушы, талап етуші, бағалаушы ретінде танылса, енді серіктес, бағыт беруші, кеңесші рөлі күшейеді. Әрине, мұнда бедел жойылып кетпейді. Бірақ бедел қорқыныштан емес, кәсіби сенімнен туындайды. Тұлғаға құрмет, еркіндік пен жауапкершіліктің тепе-теңдігі, ынтымақтастыққа құрылған қатынас, рухани-адамгершілік дамуға назар аудару гуманизацияның басты белгілері саналады [2,11]. Сондықтан гуманизация тәрбиенің сыртқы формасын ғана өзгертпейді. Ол тәрбиенің мақсатын, ықпал ету тәсілін, білім алушыға қарау стилін және бүкіл білім беру ортасының мәдениетін қайта құрады. Сол себепті оны қосымша әдіс деп емес, қазіргі тәрбиенің негізін анықтайтын ұстаным деп қараған дұрыс.

Гуманизацияның алдыңғы қатарға шығуы кездейсоқ құбылыс емес. Қоғам өзгерді. Ақпарат көлемі бірнеше есе артты, балалар мен жасөспірімдер ерте жастан цифрлық ортаға кіреді, салыстыру, пікір айту, қарсылық білдіру мәдениеті күшейді. Мұндай жағдайда дайын ойды қабылдап, дайын мінез-құлық үлгісін қайталау жеткіліксіз. Қазіргі білім алушы көбіне салыстырады, сүзгіден өткізеді, өз бағасын береді. Тәрбие осы шындықпен есептеспесе, оның ықпалы әлсірейді [3,129]. Сол себепті авторитарлық модель бұрынғыдай тиімді емес. Сырттай қарағанда тәртіп сақталғандай көрінуі мүмкін, бірақ ішкі қабылдау жоқ жерде тұрақты нәтиже де болмайды. Қазіргі тәрбие саналы, жауапты, дербес тұлға қалыптастыруға бет бұрды. Осы үдерісте гуманизация сыртқы тәртіптен ішкі мәдениетке өтудің тетігі ретінде көрінеді. Яғни бағынудан жауапкершілікке, қорқыныштан сенімге, бұйрықтан ынтымақтастыққа қарай жылжу жүреді. Бұл өзгеріс бір күнде іске аспайды, әрі барлық білім беру ұйымында бірдей деңгейде қалыптасқан жоқ. Гуманизация тұлғалық-бағдарлы білім беру логикасымен тікелей ұштасады. Себебі тұлғалық-бағдарлы тәсіл білім алушының мүмкіндігін, қызығушылығын, даму қарқынын және жеке траекториясын ескеруге сүйенеді. Мысалы, бір оқу тобында академиялық үлгерімі жоғары, бірақ әлеуметтік бейімделуі әлсіз студент те, керісінше, қарым-қатынасы жақсы, бірақ оқу қарқыны баяу студент те қатар отыруы мүмкін. Осындай жағдайда бәріне ортақ бір талап қою жеткіліксіз. Нақты педагогикалық шешім де дараланған болуы керек. Құндылыққа негізделген тәрбие күшейген сайын гуманизацияның салмағы арта түседі. Қоғамға жай ғана ақпаратты меңгерген адам емес, өзгені тыңдай алатын, дау-дамайда шектен шықпайтын, құқықтық және этикалық шекараны түсінетін тұлға керек. Сондықтан рухани-адамгершілік құндылықтар, азаматтық жауапкершілік, эмпатия, өзара құрмет, құқықтық мәдениет және қауіпсіз қарым-қатынас дағдылары тәрбие мазмұнының алдыңғы шебіне шықты. Әсіресе буллингтің алдын алу, психологиялық қауіпсіз орта құру, инклюзивті кеңістік қалыптастыру сияқты мәселелерде гуманизацияның практикалық маңызы анық байқалады. Қысымға негізделген жүйе мұндай түйіндерді шеше алмайды, кейде тіпті ушықтырып жібереді. Ал қадір-қасиетті сақтайтын, дауысты еститін, шеттетпеуге жұмыс істейтін тәрбие моделі әлдеқайда өміршең көрінеді. Дегенмен осы тұс әлі де пікірталас тудырады: гуманизация қағидасы ресми құжаттарда мойындалғанымен, күнделікті педагогикалық практикада ол барлық жерде бірдей деңгейде орнығып болған жоқ [3,221].

1-кесте. Гуманизация қағидасының заманауи тәрбиедегі негізгі көріністері

Бағыт	Мазмұны	Күтілетін нәтиже
Мұғалім мен білім алушы қарым-қатынасы	Сыйластық, сенім, диалог, қолдау	Қауіпсіз психологиялық орта қалыптасады
Тәрбие мазмұны	Құндылықтар, жауапкершілік, эмпатия, толеранттылық	Тұлғаның адамгершілік сапалары дамиды
Тәрбие әдістері	Пікірталас, рефлексия, жобалық жұмыс, еріктілік	Белсенді және саналы қатысу күшейеді
Білім беру ортасы	Инклюзивтілік, кемсітусіз орта, қолдау жүйесі	Әр білім алушының әлеуетін ашуға жағдай жасалады

Қазақстандағы тәрбие моделінің соңғы жаңаруы да осы бағытқа қарай ойысқанын көрсетеді. Мысалы, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасында тәрбие жай ғана тәртіп сақтау құралы ретінде емес, азаматтық жауапкершілігі бар, парасатты, адал, рухани тұрғыдан орныққан тұлға қалыптастыру тетігі ретінде қаралады. Құжаттың өзінде құндылыққа бағдарланған және құзыреттілікке сүйенген тәсіл алға шығады. Мұнда маңыздысы атаудың өзі емес. Маңыздысы, тәрбие мазмұны адамдық сапаларды дамытуға бұрылып отыр [4,378]. Осы себептен гуманизацияны тек теория деңгейінде қалдыру қиын. Ол қазір тәрбие саясатының өзегіне жақындай түсті. Бірақ құжаттағы ұстаным мен күнделікті тәжірибе бір жерден шыға бере ме, мәселе көбіне осы тұстан басталады. Гуманизация туралы көп айтуға болады. Ал оны күнделікті сабақта, сынып сағатында, кураторлық жұмыста қалай тануға болады деген сұрақ әлдеқайда нақты.

Ең алдымен, мәселе мұғалім мен білім алушы арасындағы қатынастан көрінеді. Егер педагогтың жұмысы тек бақылау, талап ету, үнсіз бағындыру айналасында құрылған болса, онда гуманизация сөз жүзінде ғана қалады. Ал білім алушының пікірі тыңдалса, сұрағы бөлінбей қабылданса, қателесуге мүмкіндік берілсе, жағдай өзгереді. Сенім бірден пайда бола салмайды. Бірақ дәл сол сенімсіз тәрбие ұзаққа бармайды. Кей мектепте бір оқушы 45 минут бойы үндемей отырады да, журналда «тәртіпті» болып көрінеді. Іс жүзінде ол келісіп отырған жоқ, тек өзін көрсетпеуді үйренген болуы мүмкін. Осындай айырманы аңғара алмаған педагогикалық ортада гуманизация жүріп жатыр деу қиын. Тәрбие мазмұнының өзіне де талап өзгереді. Формалды іс-шара көп. Есеп те көп. Бірақ балаға шын әсер ететін тәрбие көбіне дайын сценарийден емес, оның өз тәжірибесіне тиіп өтетін сұрақтан басталады. Сол үшін рухани-адамгершілік тәрбие, азаматтық сана, әділдік, ар-ұждан, эмпатия, өзара көмек, әлеуметтік жауапкершілік сияқты ұғымдар плакаттағы сөз болып қалмауы керек [5]. Олар нақты мазмұнға айналуы тиіс. Мысалы, сынып сағаты тек жоспар орындалды деп белгі қою үшін емес, оқушы шын мәнінде ойланатын, өз тәжірибесін салыстыратын, кейде келіспейтін алаң болуы қажет.

Тәрбие әдістері де осыған сай жаңаруы керек. Қазір біржақты үгітпен немесе дайын ақылмен көп нәрсе шешілмейді. Пікірталас, ашық әңгіме, рефлексия, жобалық жұмыс, жағдаятты талдау, еріктілік, бірлескен әлеуметтік бастама сияқты тәсілдер әлдеқайда өнімдірек. Себебі мұнда білім алушы тыңдап қана отырмайды. Ол қатысады, сезінеді, шешім қабылдайды. Кейде жауапкершілік дәл осы қатысудан туады. Гуманизация ортаның сипатына да тәуелді. Психологиялық қауіпсіздік жоқ жерде тәрбие туралы көп сөйлегеннен пайда аз. Егер білім беру ұйымында мысқыл, қысым, формализм, немқұрайдылық немесе «үндемесен болды» деген мәдениет басым болса, сыртқы әдемі іс-шаралар мәселені жаппайды. Сондықтан гуманизация тек мазмұнда емес, күнделікті қарым-қатынас стилінде, шешім қабылдау тәсілінде, бағалау этикасында көрінуі керек.

Гуманизацияны инклюзивтіліксіз толық түсіндіру қиын. Себебі адам қадірін мойындау теория күйінде қалмауы үшін оны ұйымдастыру тетігі керек. Сол тетік көбіне инклюзивті орта арқылы іске асады [6]. Мұнда мәселе тек ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға жағдай жасауда емес. Әңгіме кеңірек. Инклюзивтілік білім беру кеңістігінде ешкім шетке ысырылмауы керек деген ойды алға тартады. Оқушы өзінің ерекшелігі, денсаулық жағдайы,

оқу қарқыны, тілі, әлеуметтік тәжірибесі немесе мінез-құлқы үшін «бөтен» сезінбеуі тиіс. Егер орта белгілі бір айырмашылықты нормаға жатпайтын құбылыс ретінде қабылдай берсе, гуманизация толық іске аспайды. Гуманизация тұлғаның қадір-қасиетін құндылық деңгейінде бекітеді. Инклюзивтілік сол ұстанымды практикалық деңгейге түсіреді. Яғни сыныптағы орыннан бастап, бағалау тәсіліне дейін, мұғалімнің сөзі мен ата-анамен жұмысқа дейін орта барлығына бірдей ашық болуы керек. Іс жүзінде осы тұс ең даулы және ең қиын аймақтардың бірі болып отыр. Себебі құжатта тең мүмкіндік туралы жазу оңайырақ, ал оны нақты мәдениетке айналдыру әлдеқайда күрделі.

Қазақстандағы 2025-2030 жылдарға арналған инклюзивті саясат тұжырымдамасы да осы бағытты күшейтеді: онда білімге тең қолжетімділік, қатысуды кеңейту, кедергілерді азайту мәселесі жүйелі түрде қойылған. Бұл аз нәрсе емес. Демек, гуманистік қағидалар енді жеке педагогтің жақсы ниетіне ғана сүйенбей, институционалдық деңгейде де бекітіле бастады.

Тәрбиелік тұрғыдан қарағанда инклюзивтілік белгілі бір топпен ғана жұмыс істеу тәсілі емес. Ол бүкіл ұжымға әсер етеді. Басқаны түсіну, айырмашылықты қауіп емес, қалыпты шындық ретінде қабылдау, мазақ етпеу, қолдау көрсету сияқты сапалар осындай ортада қалыптасады. Сондықтан гуманизация мен инклюзивтілік екі бөлек бағыт емес. Бірі құндылықтық негіз болса, екіншісі сол негіздің күнделікті педагогикалық көрінісі. Ең күрделі сұрақ осы жерде басталады. Гуманизация дұрыс идея ретінде көпшілікке даулы емес. Бірақ ол неге барлық білім беру ұйымында бірдей жұмыс істемейді? Оған бірнеше себеп бар:

1. Бірінші себеп, авторитарлық стиль әлі де сақталып отыр. Кей мекемеде тәрбие жұмысы шынайы диалогқа емес, есепке ыңғайлы формаға құрылып қалады. Қағазда бәрі дұрыс. Іс-шара өткен, хаттама бар, фото бар. Бірақ білім алушының ішкі сұранысы, мазасыздығы, қарсылығы немесе үнсіздігі ол құжатқа кірмейді. Әсіресе жасөспірім кезеңінде бұл қатты сезіледі, өйткені дәл осы шақта адамның өзіндік бағасы, әлеуметтік орны, кім екенін түсінуі белсенді қалыптасады [7,145].

2. Екінші мәселе, эмоционалдық қолдау тетіктерінің әлсіздігі. Көп жағдайда академиялық нәтиже алдыңғы орынға шығып кетеді де, психологиялық жағдай кейінге ысырылады. Ал оқушының мазасыздығы, оқшаулануы, ішкі күйзелісі дер кезінде байқалмаса, тәрбие мазмұны қанша жерден дұрыс жазылса да, ықпалы әлсірейді. Қазір оған цифрлық кеңістіктегі буллинг, әлеуметтік шеттету, жасырын кемсіту қосылды. Мәселе сынып қабырғасымен шектелмейді.

3. Үшінші түйін инклюзивті және қолдаушы орта құруға келіп тіреледі. Ресми деңгейде инклюзивтілік мойындалады. Бірақ практикада педагогтердің дайындығы, әдістемелік база, ата-анамен байланыс, мектеп ішіндегі ортақ мәдениет бірдей деңгейде емес. Кей жерде мұғалімде ниет бар, құрал жоқ. Кей жерде құжат бар, бірақ ұжымдық түсінік әлсіз. Осындай алшақтық гуманизацияны тежейді.

Сол себепті мәселені тек біліктілікті арттыру курсымен шешу жеткіліксіз болуы мүмкін. Мұнда педагогикалық ойлау тәсілінің өзі өзгеруі керек. Мұғалім тәрбие жұмысын іс-шаралар тізбесі емес, тұлғалық даму жүйесі ретінде қабылдағанда ғана гуманизация мазмұн алады. Оған қоса, білім алушының үнін еститін механизмдер қажет. Психолог, педагог, ата-ана және әлеуметтік серіктестер арасындағы байланыс та күшеюі керек. Өйтпесе жауапкершілік бір адамның иығына түсіп, жүйе қайтадан формализмге сырғып кетеді. Тағы бір даулы тұс бар. Кейде гуманизацияны тәртіптің әлсіреуімен шатастырады. Бұл үстірт түсінік. Шын мәнінде гуманизация талаптан бас тартпайды, талаптың табиғатын өзгертеді. Қорқытып бағындырудың орнына саналы жауапкершілікке сүйенеді. Бірақ осы айырманы практикада ұстап тұру әр педагогтен үлкен кәсіби дәлдік сұрайды. Сондықтан негізгі мәселе ұранда емес. Гуманизация нақты қарым-қатынас нормасына, бағалау мәдениетіне, күнделікті педагогикалық шешімге айналмайынша, ол ресми құжаттағы жақсы сөз деңгейінде қалып қояды. Ал білім беру жүйесіне дәл қазір сөзден гөрі жұмыс істейтін мәдениет көбірек қажет.

Қорытынды. Жүргізілген талдау гуманизацияның заманауи тәрбиенің қосымша сипаты емес, оның мазмұндық және құндылықтық өзегі екенін көрсетеді. Ол тәрбиені

адамды бағындыруға емес, оның қадір-қасиетін сақтауға, еркіндігін дамытуға, ішкі мүмкіндігін ашуға және әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға бағыттайды. Гуманизация ұғымының педагогикалық мәнін қарастыру оның тек ізгі ниетке негізделген ұстаным емес, мұғалім мен білім алушы арасындағы қатынасты, тәрбие әдістерін, білім беру ортасын және жалпы тәрбие философиясын анықтайтын қағида екенін дәлелдейді. Заманауи тәрбие жүйесінде гуманизацияның рөлі әсіресе құндылыққа негізделген білім беру, тұлғалық-бағдарлы тәсіл, инклюзивті орта және психологиялық қауіпсіздік мәселелерінде айқын көрінеді. Гуманизацияланған тәрбие білім алушының тұлғалық дамуына жағдай жасап қана қоймайды, оның жауапкершілігін, өзін-өзі тануын, өзгені құрметтеуін, әлеуметтік белсенділігін қалыптастырады. Сондықтан қазіргі тәрбие саясаты мен педагогикалық тәжірибе осы қағидаға жүйелі түрде сүйенуі тиіс. Сонда ғана білім беру ұйымдары тұлғаға бағытталған, қауіпсіз, инклюзивті және шын мәнінде нәтижелі тәрбие кеңістігін қалыптастыра алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Амонашвили Ш. А. Личностно-гуманная основа педагогического процесса. – Минск: Университетское, 1990. – 559 с.
2. Бондаревская Е. В. Гуманистическая парадигма личностно ориентированного образования // Педагогика. – 1997. – № 4. – С. 11–17.
3. Сериков В. В. Образование и личность. Теория и практика проектирования педагогических систем. – М.: Логос, 1999. – 272 с.
4. Коджаспирова Г. М. Педагогика: учебник. – 4-е изд., перераб. и доп. – М.: Юрайт, 2015. – 719 с.
5. Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің № 194 бұйрығы.
6. Қазақстан Республикасындағы инклюзивті саясаттың 2025–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 1143 қаулысы.
7. Подласый И. П. Педагогика: учебник для бакалавров. – М: Юрайт, 2012. – 574 с.

УДК 378.14

Хайруллина Д.А
2 курс магистранты
Қ. Жұбанов атындағы АӨУ
Ақтөбе, Қазақстан
g-mail: dana.khayrullina2026@mail.ru

БІРТҰТАС БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ ТҰЛҒАНЫ-МАҒЫНАЛЫҚ ТҰРҒЫДА ТӘРБИЕЛЕУДЕ ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада біртұтас білім беру кеңістігінде тұлғаны құндылық-мағыналық тұрғыда тәрбиелеуде ойын технологияларын қолдану ерекшеліктері қарастырылады. Ойын – баланың табиғи әрекеті ретінде оның танымдық белсенділігін арттырып, ішкі мотивациясын қалыптастыруда маңызды құрал болып табылады. Білім беру үдерісінде ойын технологияларын тиімді пайдалану арқылы оқушылардың ұлттық құндылықтарды саналы түрде меңгеруі, адамгершілік қасиеттерінің дамуы және тұлғалық қалыптасуы қамтамасыз етіледі.

Мақалада қазақ халқының салт-дәстүрлері мен мәдени мұрасына негізделген ойындар арқылы оқушылардың құндылықтық бағдарын қалыптастыру, олардың рухани-адамгершілік әлеуетін арттыру жолдары сипатталады. Сонымен қатар, ойын әдістері арқылы оқушының өзіндік ойлау қабілетін дамыту, әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру, «толық адам» және «адал азамат» ұғымдары негізінде тұлғалық қасиеттерін жетілдіру мәселелері қарастырылады.

Зерттеу барысында ұсынылған тәжірибелік тәсілдер білім алушылардың құндылық-мағыналық бағдарын қалыптастыруда ойын технологияларының тиімділігін дәлелдейді.

Тірек сөздер: біртұтас білім беру кеңістігі, құндылық-мағыналық тәрбие, ойын технологиясы, тұлға қалыптастыру, толық адам, адал азамат, ұлттық құндылықтар, этнопедагогика, рухани тәрбие, ойын әдісі.

FEATURES OF THE USE OF GAME TECHNOLOGIES IN VALUE-SEMANTIC EDUCATION OF THE INDIVIDUAL IN A UNIFIED EDUCATIONAL SPACE

Abstract. This article examines the features of using game technologies in the value-semantic education of the individual within a unified educational space. Since play is a natural activity of a child, its integration into the educational process enhances students' interest, strengthens motivation, and fosters a positive attitude toward learning.

The article highlights effective ways of forming students' value orientations through games based on the traditions, national values, and cultural heritage of the Kazakh people. It also considers the role of game technologies in developing students' moral qualities, critical thinking, social responsibility, and personal growth in accordance with the concepts of a "holistic individual" and an "honest citizen."

The practical materials presented in the article demonstrate the high effectiveness of ethnopedagogical games in shaping value-semantic orientations and fostering the spiritual and moral development of learners.

Keywords: unified educational space, value-semantic education, game technology, personality development, holistic individual, honest citizen, national values, ethnopedagogy, moral education, game method.

«Оқу және жазу дағдыларын ойын арқылы дамыту» атты әдістемелік құрал бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыруға, оқу техникасын жетілдіруге және жазбаша тілін дамытуға бағытталған.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушының тек білімді меңгеруі ғана емес, оны өмірлік жағдаяттарда қолдана алуы маңызды болып отыр. Біртұтас білім беру кеңістігі жағдайында білім алушының жан-жақты дамуы, оның тұлғалық, рухани және құндылықтық қалыптасуы басты назарға алынады. Бастауыш сынып кезеңі – баланың негізгі дағдылары мен құндылықтық бағдарлары қалыптасатын шешуші кезең. Осы кезеңде дұрыс ұйымдастырылған жұмыс оқушының әрі қарайғы оқу жетістігінің және тұлғалық дамуының негізін қалайды. Сондықтан білім беруде тиімді, қызықты, баланың жас ерекшелігіне сай тәсілдерді қолдану өзекті мәселе болып табылады.

Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырумен қатар, олардың құндылық-мағыналық бағдарларын дамыту. Бастауыш сынып – баланың тұлғалық, зияткерлік және рухани дамуының негізі қаланатын маңызды кезең. Осы кезеңде қалыптасқан құндылықтар жүйесі оқушының кейінгі өмірлік ұстанымдарына, әлеуметтік мінез-құлқына және білім алу үрдісінің табысты болуына тікелей әсер етеді. Сондықтан тұлғаны құндылықтық тұрғыда тәрбиелеу – бастауыш білім берудің басым бағыттарының бірі болып табылады.


Құндылық-мағыналық тәрбие – оқушының адамгершілік қасиеттерін, ұлттық сана-сезімін, әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған үдеріс. Бұл бағытта білім алушы тек ақпаратты меңгеріп қана қоймай, оны өмірмен байланыстырып, саналы түрде

қабылдайды және өзінің ішкі ұстанымына айналдырады. Мұндай тәрбие тұлғаның өзін-өзі тануына, қоршаған ортаға саналы көзқарас қалыптастыруына мүмкіндік береді.

Бастауыш сынып оқушылары үшін ойын – табиғи әрекет түрі. Психологтар мен педагогтардың зерттеулерінде ойынның баланың ойлауын, тілін, есте сақтау қабілетін, қиялын дамытудағы рөлі ерекше екендігі дәлелденген. Біртұтас білім беру кеңістігінде ойын технологиясын тиімді қолдану оқушының танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, оның құндылықтық бағдарларын қалыптастыруға, тұлғалық дамуына ықпал етеді. Ойын барысында бала еркін әрекет етеді, қателесуден қорықпайды, өз мүмкіндігін көрсетуге талпынады, сондай-ақ ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгереді.

4. Kolb, D. A. (1984). *Experiential learning: Experience as the source of learning and development*. Englewood Cliffs, NJ: Prentice Hall.
5. Owens, M. T. (2015). *Military operational art: Principles and applications*. London: Routledge.
6. Perla, P. P. (1990). *The art of wargaming: A guide for professionals and hobbyists*. Annapolis, MD: Naval Institute Press.
7. Prensky, M. (2001). *Digital game-based learning*. New York, NY: McGraw-Hill.
8. Salas, E., Wildman, J., & Piccolo, R. (2009). Team training in the military: Current status and future directions. *Military Psychology*, 21(Suppl. 2), S53–S69.
9. Schon, D. A. (1983). *The reflective practitioner: How professionals think in action*. New York, NY: Basic Books.
10. Snider, D. M., & Matthews, L. J. (2005). *The future of the Army profession*. Boston, MA: McGraw-Hill.
11. Wong, L., & Gerras, S. J. (2015). *Developing adaptive leaders: Strategies for 21st-century military leadership*. Carlisle, PA: U.S. Army War College.
12. Cayer, N. J., & Pollock, J. (2014). Innovation in military education: Challenges and opportunities. *Armed Forces & Society*, 40(3), 510–531.

13. Dandeker, C., & Gow, J. (1999). The military: Discipline, work, and organization. *European Journal of Work and Organizational Psychology*, 8(2), 219–238.
14. Eyal, O., & Inbar, D. (2013). Experiential learning in military training: Theory and practice. *Journal of Applied Learning in Defense*, 7(1), 45–62.
15. Freedman, L. (2017). *Strategy: A history*. Oxford, UK: Oxford University Press.
16. Hanna, M. T., & Heslop, L. A. (2016). Leadership and ethics in officer education. *Military Review*, 96(5), 30–42.
17. Huxley, M., & Cardenas, F. (2012). Technology-enhanced learning in military education. *International Journal of Military Pedagogy*, 4(1), 12–28.
18. Mayer, R. E. (2014). *Computer games in education*. Cambridge, UK: Cambridge University Press.
19. Pigeau, R., & McCann, C. (2002). Redefining command and control. *Canadian Military Journal*, 3(1), 53–64.
20. Zhuravlev, V. V., & Ivanov, A. S. (2018). Military-patriotic education and its role in modern officer training. *Military Pedagogy Review*, 6(2), 15–32.

**II - БІРТҰТАС ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ
ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК**

**II - СОЦИАЛЬНОЕ ПАРТНЁРСТВО В РЕАЛИЗАЦИИ ЦЕЛОСТНОЙ
СИСТЕМЫ ВОСПИТАНИЯ**

**II - SOCIAL PARTNERSHIP IN THE IMPLEMENTATION OF A
COMPREHENSIVE EDUCATION SYSTEM**

УДК 811 . 81-2 . 81-13

Жуманазарова Г. У.

Доктор филологических наук, профессор
Джизакский государственный педагогический университет

Джизак, Узбекистан

e-mail: guljahon1980@mail.ru,

ORCID 0000-0002-2380-4162

**ЦЕННОСТНО-ОСНОВАННОЕ ВОСПИТАНИЕ ЛИЧНОСТИ В ЕДИНОМ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОСТРАНСТВЕ**

Аннотация: В статье рассматриваются вопросы формирования духовности учащихся и молодежи в контексте интеграции мировой системы образования. Анализируются педагогические механизмы развития универсальных гуманистических ценностей при сохранении национальной идентичности в едином образовательном пространстве.

Ключевые слова: единое образовательное пространство, ценностно-ориентированное воспитание, формирование личности, духовно-нравственное воспитание, глобализация и интеграция, национальные и универсальные ценности, гуманизация, педагогический подход, культурная иммунность, академическая мобильность.

**БІРТҰТАС БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕГІ АДАМНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚҚА
НЕГІЗДЕЛГЕН ТӘРБИЕСІ**

Аннотация: Мақалада әлемдік білім беру жүйесінің интеграциясы жағдайында студенттер мен жастардың руханиятын қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Біртұтас білім беру кеңістігінде ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, жалпы адамзаттық құндылықтарды игерудің педагогикалық механизмдері талданады.

Кілт сөздер: біртұтас білім беру кеңістігі, құндылықтарға негізделген білім беру, тұлғаны қалыптастыру, рухани-адамгершілік тәрбие, жаһандану және интеграция, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ізгілендіру, педагогикалық тәсіл, мәдени иммунитет, академиялық мобильділік.

VALUE-BASED EDUCATION OF A PERSON IN A UNIFIED EDUCATIONAL SPACE

Abstract: The article considers the issues of forming the spirituality of students and youth in the context of the integration of the world education system. Pedagogical mechanisms for the development of universal human values while preserving national identity in a unified educational space are analyzed.

Keywords: unified educational space, value-based education, personality formation, spiritual and moral education, globalization and integration, national and universal values, humanization, pedagogical approach, cultural immunity, academic mobility.

Ценности — это моральные, духовные, культурные и социальные критерии, важные для общества и индивида, регулирующие их жизненную деятельность [1]. Они определяют поведение человека, принятие решений и его место в обществе.

С педагогической точки зрения, ценности:

- формируют внутреннюю мотивацию индивида;
- обеспечивают социальную адаптацию;
- служат достижению духовного совершенства.

Ценности делятся на следующие типы:

- национальные ценности;
- универсальные ценности;
- личные ценности;
- общественные ценности.

Гармония этих ценностей имеет большое значение в образовательном процессе.

Единое образовательное пространство представляет собой методическую, содержательную и организационную связь между всеми этапами системы непрерывного образования².

Его основные задачи:

- всестороннее развитие личности;
- обеспечение непрерывности образовательно-воспитательного процесса;
- формирование современных компетенций.

Преимущества единого образовательного пространства:

- согласованность образовательного содержания;
- Гармония педагогических подходов;
- Предотвращение нарушений в личностном развитии.

В таком пространстве система воспитания, основанная на ценностях, будет более эффективной.

Воспитание, основанное на ценностях, — это система, которая, наряду с передачей знаний, направлена на формирование определенных моральных и социальных ценностей у человека в процессе обучения.

Ее основные принципы:

- гуманизм;
- гармония национальности и универсальности;
- ориентация на личность;
- обучение через деятельность.

Воспитание, основанное на ценностях, приводит к следующим результатам:

- формируется ответственная личность;
- развивается социально активная гражданская позиция;
- укрепляется духовный иммунитет.

Личностное развитие является результатом взаимодействия биологических, социальных и духовных факторов. Ценности, в свою очередь, играют направляющую роль в этом процессе.

Ценности влияют на личностное развитие следующим образом:

- регулируют поведение;
- определяют жизненные цели;
- формируют социальные отношения.

Особенно важно формировать у молодого поколения следующие ценности:

- патриотизм;
- честность;

- трудолюбие;
- толерантность.

Формирование ценностей — сложный педагогический процесс, требующий различных методов и инструментов. Основные методы:

1. Пример — личный пример учителя.
2. Беседа и дискуссия — объяснение ценностей.
3. Ролевые игры — моделирование социальных ситуаций.
4. Проектная деятельность — обучение на практике.
5. Рефлексия — анализ собственного поведения.

Роль семьи также важна, и необходимо сотрудничество с образовательным учреждением.

Для повышения эффективности ценностно-ориентированного образования необходим комплексный подход. Он включает в себя:

- междисциплинарную интеграцию;
- гармонию теории и практики;
- единство воспитания и обучения. Например: патриотизм на уроках истории; моральные ценности в литературе; экологическая культура в биологии.

В современном процессе глобализации одной из важнейших задач, стоящих перед системой образования, является формирование не только образованного человека, но и человека с высокими духовными и моральными ценностями. Развитие человеческого капитала в современном обществе напрямую определяется его ценностями, мировоззрением и социальной ответственностью. С этой точки зрения, ценностно-ориентированное воспитание человека в едином образовательном пространстве является актуальной научно-практической проблемой.

Единым образовательным пространством понимается непрерывность, последовательность и единая целевая направленность всех этапов, от дошкольного образования до высшего образования и системы непрерывного образования. Одним из главных факторов воспитания человека в такой системе является ценностно-ориентированный подход.

Современный этап развития человечества характеризуется беспрецедентным развитием информационных технологий и процессами глобальной интеграции. Этот процесс особенно ярко проявляется в сфере образования. Единое образовательное пространство – это не только взаимное признание дипломов, но и обобщение мировоззрения, моральных норм и ценностей молодежи.

Однако технократизация образования (сосредоточение внимания только на знаниях и навыках) оставляет позади духовное развитие личности. Именно поэтому сегодня концепция «ценностно-ориентированного образования» стала центральной темой мировой педагогики.

Концепция единого образовательного пространства получила широкую популярность в конце прошлого века, особенно после Болонской декларации. Это пространство предоставляет индивиду неограниченные возможности: международные библиотеки, онлайн-курсы, программы академического обмена.

Российский ученый Б.Т. Ас Лихачев отмечал: «Образование – это процесс освоения системы ценностей, необходимых человеку для адаптации к социальной среде и нахождения в ней своего места» [3]. В едином пространстве этот процесс «адаптации» усложняется, поскольку от человека требуется быть одновременно представителем как национальной, так и мировой культуры.

Любая система образования основана на определённых ценностях.

Любая система образования строится на фундаменте определённых ценностей. В восточной педагогике этим фундаментом являются порядочность, скромность, уважение к старшим и уважение к знаниям, в то время как на Западе приоритет отдаётся индивидуализму, свободе и критическому мышлению.

Необходимо объединить эти два полюса в едином образовательном пространстве. В условиях Узбекистана методологической основой в этом вопросе служат следующие мысли Президента Ш.М. Мирзиёева: «Опираясь на богатое наследие наших просвещённых предков, мы должны воспитывать нашу молодёжь так, чтобы она была одновременно и современно образованной, и высокодуховной» [1].

Сегодня значительная часть единого образовательного пространства переместилась в цифровой мир. Возникла концепция «цифровой этики». Здесь ценности проявляются в следующих формах:

1. Борьба с плагиатом: уважение к интеллектуальной собственности других (академическая честность).
2. Кибертолерантность: взаимное уважение в онлайн-коммуникации.
3. Информационная гигиена: способность защитить себя от ложных новостей (фейковых новостей).

Япония и Южная Корея являются лучшими примерами сохранения национального характера, несмотря на их интеграцию в единое глобальное пространство. В Японии «Уроки этики» (Доутоку) играют центральную роль в школах. Они учат ребенка с раннего возраста ставить интересы общества выше личных интересов.

Как отмечается в докладе ЮНЕСКО «Обучение: сокровище внутри», образование XXI века должно основываться на четырех столпах: учиться познавать, учиться делать, учиться жить и учиться быть человеком [7].

Единое образовательное пространство не должно становиться «конвейером», который предоставляет только технические знания отдельному человеку. Образование, основанное на ценностях, является механизмом, обеспечивающим моральную безопасность общества.

Наше исследование показывает, что если система образования пронизана ценностями:

1. Уровень усвоения знаний учащимися повышается на 15-20% (потому что они становятся ответственными за знания).
2. Социальная среда в высшем учебном заведении становится более здоровой.
3. Выпускники становятся не только хорошими специалистами, но и патриотичными гражданами.

Воспитание личности на основе ценностей в едином образовательном пространстве является одним из приоритетных направлений современной системы образования. Благодаря такому подходу можно воспитать не только образованных, но и духовно зрелых, социально ответственных и активных граждан.

Система образования, организованная на основе ценностей, является важным фактором развития общества. Поэтому необходимо уделять особое внимание ценностям на всех этапах образования.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Мирзиёев Ш.М. Стратегия нового Узбекистана. – Ташкент: «Узбекистан», 2021. – 464 с.
2. Каримов И.А. Высшая духовность – непобедимая сила. – Ташкент: «Манавият», 2008. – 176 с.
3. Лихачев Б.Т. Педагогика: Курс лекций / Под ред. В.А. Сластенина. – М.: Юрайт, 2001. – 607 с.
4. Rogers C.R. Freedom to Learn: A View of What Education Might Become. – Columbus, Ohio: Charles E. Merrill, 1969.
5. Giddens A. Runaway World: How Globalization is Reshaping Our Lives. – London: Profile Books, 2002.
6. Закон Республики Узбекистан «Об образовании». (Новое издание), 23 сентября 2020 г.
7. Delors J. Learning: The Treasure Within. Report to UNESCO of the International Commission on Education for the Twenty-first Century. – Paris: UNESCO Publishing, 1996.
8. Зиямухаммадов Б. Педагогика. – Ташкент: «Экономика-финансы», 2006.

ӘОЖ 37.1

Махметова Б.Т.

п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры
Алматы, Қазақстан,
e-mail: balaina.mahmetova.54@mail.ru

Бекенова Б.Н.

п.ғ.магистрі, аға оқытушы
Абай атындағы ҚазҰПУ
Алматы, Қазақстан,
e-mail: bekenova62@mail.ru

ТӘРБИЕ – ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ЖЕМІСІ

Аңдатпа. Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс.

Тірек сөздер: тәрбие, тәрбие процесі, ұлттық құндылық, рухани мәдениет, этикалық үлгілер, өнер.

ВОСПИТАНИЕ – ПЛОД ТВОРЧЕСКОЙ РАБОТЫ

Аннотация. Воспитание и образование молодого поколения в духовно-нравственном плане актуальны на всех этапах. Наше будущее – это молодежь, а воспитание следующего поколения – вечная тема человечества. Воспитание сегодняшних детей и подростков, которые являются будущим страны, их максимальная социальная защита, создание условий для полноценного образования и защита их прав и законных интересов – одно из главных направлений национальной политики казахстанского народа. Образование и профессиональная подготовка тесно взаимосвязаны и представляют собой неразрывный процесс.

Ключевые слова: воспитание, воспитательный процесс, национальные ценности, духовная культура, этические модели, искусство.

EDUCATION IS THE RESULT OF CREATIVE WORK

Abstract. The spiritual and moral upbringing and education of the younger generation are essential at every stage. Our future is our youth, and the upbringing of the next generation is an eternal theme for humanity. The upbringing of today's children and adolescents, who are the future of the country, their maximum social protection, the creation of conditions for a comprehensive education, and the protection of their rights and legitimate interests are among the key pillars of the national policy of the Kazakh people. Education and professional training are closely interrelated and constitute an inseparable process.

Keywords: education, educational process, national values, spiritual culture, ethical models, art.

Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу – аса жауапты әрі күрделі міндет.

Ұлттық құндылыққа қанығып өскен өреннің танымы терең, ділі берік болады.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев.

Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Дәл осы өскелең ұрпағымыз ұлттың сапасын құрайды. Сондықтан да қадір-қасиет, ар-намыс, адалдық, патриотизм, жауапкершілік, әдептілік, мейірімділік, сүйіспеншілік, үлкенге ізет, кішіге құрмет сияқты қасиеттерге ие шығармашыл азаматты тәрбиелеу маңызды.

Қазақ халқының ғасырлар тұңғығынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Сонымен бірге ұрпақ тәрбиесіне, жалпы халықтың рухани дамуына байланысты ұлттық тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерді: Қорқыт ата, әл-Фараби, Қожа Ахмет Йассауи, Мұхамед Хайдар Дулати, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Асанқайғы, т.б. қазақ ақын-жырауларының мұраларынан, билер мен шешендердің тәлімдік сөздерінен көреміз.[1]

Тәрбие — халықтың ғасырлар бой жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, олардың айналамен қарым-қатынасын, өмірге көзқарасын және соған сай мінез-құлық қалыптастыру құралы.

Тәрбиелеу — халықтар бойына білімге негізделген этикалық үлгілер мен өнерлерді дарыту (Әл-Фараби). «Тәрбие — біз кімдерді тәрбиелейміз, солардың жүрегіне ықпал ету... Тәрбие — бізге мәлім адамгершілік әдет-ғұрыптарын меңгеруді мақсат көздеп, бір адамның екінші адамға ықпал етуі» (Л.Н. Толстой).

«Тәрбие, кең мағынасымен алғанда, қандай да болса бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз. Ал енді, адамзат туралы айтқанда, адамның баласын кәміл жасқа толып, өзіне-өзі қожа болғанша тиісті азық беріп, өсіру деген мағынада жүргізіледі» (М. Жұмабаев).

«Тәрбие - бұл адам жанын жетілдіру өнері. Тәрбиеде адам табиғатын жетілдірудің ең күшті сыры бар» (Иммануил Кант). Олай болса, тәрбие процесінде жеке тұлғаның сана-сезімі мен ақыл-ойына жүйелі түрде әсер етіп, оның дүние танымының дамуына, ерік-жігері мен моральдық бейнесінің қалыптасуына оң ықпал етеді. Сонымен қатар тәрбие — адамдарды қоғамда еңбекке және басқа да пайдалы әрекеттерді орындауға, көптеген әлеуметтік қызметтерді атқаруға дайындаудың табиғи заңдылық процессі. Тәрбие көптің ісі. Тәрбие мәселесімен қоғамдық ұйымдар, мекемелер және жұршылық болып айналысқан жағдайда ғана ол нәтижелі болмақ. (соған сай тәрбие туралы ұғымға тар мағынада емес, кең мағынасында, бір жақты емес, кең көлемде, яғни табиғат және әлеуметтік ортаның, мектеп пен ата-аналардың жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуына мақсатты түрде ықпалы, өзара әрекетінің нәтижесі ретінде қараған жөн. Сондықтан да тәрбиенің мәнісі, біріншіден, қоғам үшін саналы, белсенді, ізгіленген, іскер азаматты қалыптастыру болса, екіншіден, жеке адам үшін - оны өмір сүре білуге, өзін қоршаған ортамен қарым-қатынас жасай білуге үйрету.

Олай болса тәрбие процессі деп - қоғамның талап-тілектеріне сай әрбір жеке тұлғаның ақыл-ойын, сана сезімін, ерік-жігерін, мінез-құлық ерекшеліктерін жүйелі түрде қалыптастырып, дамытудағы тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара бірлескен әрекетін айтамыз.

Адамды табиғат жаратса да, қоғам әрбір жеке адамның қабілетін дамыту үшін, бәріне бірдей жағдай жасап, ортақ тәрбие беруге тиіс. Кезінде б.э.д. IV ғ. Аристотель тәрбиенің қоғамдағы атқаратын қызметінің маңызына айрықша назар аударып, «...заң шығарушының жастар тәрбиесіне айрықша мән беруі тиістігіне ешкімнің де күмәні болмауы тиіс. Себебі мемлекеттің ең негізгі бір мақсатты, барлық адамдарға бір ғана ортақ тәрбиенің болуы тиіс және онда жеке-дара емес, бәріне бірдей ортақ қамқор болуы тиіс... Тәрбиеге қатысты заң болуы тиіс және ол ортақ болуы тиіс» деп есептеген. Сондықтан да ол тәрбиені ұлттар мәдениетінің мирасқорлық процесі деп қарастырған.

Платон тәрбиешінің әрекетінде кең түрде және қатаң бақылаудың болуы қажет дей отыра, “ Бізде заңды қорғаушы қырағы болуы тиіс, ол балалардың тәрбиесіне өте қамқор болуы тиіс, олардың мінез-құлқын түзетуі және әр кезде оларды заңға сәйкес игілікке бағыттап отыруы тиіс», деп есептеген.

Ертедегі Римде ұжымдық оқу б.э.д. III ғасырда жүргізіле бастаған. Ондағы антикалық педагогиканың теориясы мен практикасының негізін жасаған Квинтилиан Римде бірінші рет мемлекеттік тұрғыдағы мектептің іргесін қалап, жылма-жыл мемлекеттен сыйақы алып тұрған. Соған сәйкес Римдік қауымдастықта оқытудың мазмұны және оны ұйымдастыру

мәселелері ғана талқыланып қоймай, сонымен бірге көбінесе тәрбие әдістеріне де үлкен маңыз беріліп, тәрбиені мемлекеттік басқару әрекетінде маңызды сала ретінде қарастырған.

1758 жылы М. В. Ломоносовтың “Академиялық гимназия тәртібінің үлгісі” атты педагогикалық тұрғыдан құнды еңбегі жарық көріп, гимназистер арасында үлкен сұранысқа ие болды.

Қазіргі кезде біздің қоғамда өркениеттілікке бағытталған “Білім беру” заңы бар. Онда азаматтық қоғам орнатуда өскелең ұрпақтың оқу және тәрбие мәселелерінің сұрыпталған қатаң ғылыми негіздегі тың жүйесі қалыптасқан. Бүгінде оны тәрбие процесінде басшылыққа алу барлық әлеуметтік мекемелерінің міндетті ортақ ісіне айналып отыр.

Халықтың тарихы, оның тіршілігі тәрбиенің мақсатын анықтайды. Сондықтан оқу-тәрбие жұмысында оның бағытын, мазмұнын, формалары мен әдістерін таңдауда көзсіз еліктеушілік оң нәтиже бермейді — деген өнегелі өсиеті бүгінгі таңда қазақ елінің тәлім-тәрбие саласында ұстанып отырған бағытын анықтайды “Халықтық тәрбиені бала құрсақта жатқаннан бастайды. Бесік тәрбиесі, балдырған тәрбиесі, өрен тәрбиесі, жасөспірім тәрбиесі, жастар тәрбиесі бір-бірімен жалғасып, өз ерекшеліктерімен іске асырылады” [1]. Олай болса жасөспірім бойына халқымыздың салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, имандылық пен ізгілік нұрын сіңіруге баса назар аудару, бүгінгі таңда басты мақсат-мұраттарымызға айналып отыр. Ол үшін өз жерін, өз елін сүйетін, өз халқының тарихын, тілін, мәдениетін қадірлеп-қастерлейтін азаматты тәрбиелеу, ұлттық санасын дамыту — мектептердің басты міндеті болмақ. Өз ұлтының келешегі мен бүгінінен бейхабар азаматтан қандай жақсылық күтуге болады. Ұрпақ тәрбиесі келешек ұлт тағдыры, олай болса тәлім-тәрбие де бүкіл халықтың қолдауы қажет. Ұлттық мәдениетімізді ұрпағымыздың санасына сіңіріп, салауатты азаматтарды тәрбиелеген кемелді ел болып, өркениеттілігімізді көтеру үшін ең алдымен ұлттық тәрбиенің бүкіл халықтық бағдарламасын жасау керек. Сол бағдарламаны үлкен де кіші де, зиялы қауым да орындауы міндетті болуы тиіс. Сонда ғана біз «бесігімізді» түзей аламыз. Оның алғашқы түрлері бар, олар “Атамекен”, “Жұлдыз”, “Кәусар бұлақ”, “Алтын көмбе” бағдарламалары. “Әдеп әліппесі” (бастауыш мектеп), “Әдеп және жантану” (орта мектеп), “Қазақ этнопедагогикасы” (жоғары мектеп) пәндері арнайы бағдарламалар негізінде оқытыла бастады. Республикада білім беру мазмұнын жаңарту, жаңа буын оқулықтары мен кешендерін жасау жұмыстары да қатар жүргізілуде.

Бүкіл тәрбие процесі баланың жеке тұлғасын дамытуға, ұстаздар мен оқушылар қарым-қатынасын демократияландыруға, ізгіліктендіруге, ата-аналар қауымымен ынтымақтаса жұмыс істеуге бағытталған. Еліміздің әлеуметтік-экономикасын жетілдіру кезеңі мен нарық экономикасы жағдайында адам факторы жаңа негізде қаралып, жаңа адамды қалыптастыру тың мәселе болмақ. Келешекте кез келген техникалық білімді меңгеріуде тірек болатын ең жалпы, іргелі политехникалық білімнің маңызы ортақ. Олай болса заман талабына сай компьютер тілін меңгерген білімді де білікті ұрпақты даярлау — бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі бола бермек. Жалпы адамзаттық дамудың техникалық, экономикалық және мәдени-рухани қарқынды кірігулері (интеграция) әлемде ешбір ұлт, ешбір халық өзімен-өзі томаға-тұйық дамымайтындығы, оның есік терезесі әлемдік тәжірибеге әрқашан ашық болу керектігі бүгінде еш дау тудырмайды. Осыған байланысты ұлттық мектебімізді халықтық педагогикаға негіздей отырып, оны әлемдегі басқа да озық педагогикалық идеялармен байытып отыру - нағыз өркениеттіліктің белгісі.

«Вольдарф педагогикасының элементтерін сабақта пайдалану тәсілдері мектеп ұстаздарына және оқушыларға ұнайды. Оқушыларды адамгершілікке, жеке тұлға болуға тәрбиелеуде оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіруге көп көңіл бөлініп, жүйелі жұмыстар жүргізілуде». Вольдарф жүйесінің ерекшелігі «Р. Штайнер антропософия негізінде танымдық күштерді, өнерге қабілеттіліктертерді, сезімдерді адамгершілік бастауларын және діни сезінулерді біртұтас қарап, қамтитын педагогика жасаған. Антропософия — діннің бір түрі емес немесе дайын көзқарастар жүйесі емес, дүние мен адамды тану жолы».

“Демек, ХХІ ғасырдағы мемлекеттердің ерекшелігін саяси немесе экономикалық жүйе белгілемейді, ең алдымен сол елдердің мәдени-өркениетті төлтумалығы белгілейді. Түптеп

келгенде, білім мен тәрбие дегеніміздің өзі, кең мағынасында, мәдениет атты ұлы құбылыстың аясында көрініс табады. Мәдениет, негізінен, этностың жады арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Мұндай киелі эстафетаны өміршең ету біздің әрқасымыздың ең асыл мұратымыз болуы тиіс»[6].

Сонымен қатар, «Ұлттық тәрбие – ел болашағы» тәрбиесінің тұжырымдамалық негіздері енгізілуде. Жаңа оқу жылынан бастап 2023-2025 жылдарға арналған Біртұтас тәрбие бағдарламасы іске асырылуда. Бұл құжат жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу сапасын арттыруға бағытталған. Біздің қоғам өзгерісті біреуден мадақ есту үшін емес, ең алдымен, өзі үшін жасауға тиіс. Мұны елдің ертеңі, ұрпақтың болашағы жарқын болуы үшін қолға алуымыз керек. Бағдарламамен мектеп қабырғасында шығармашылық топтармен талқылау жүргізу ұсынылуда.

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу–барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз–жасұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан-Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін, ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін, халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалған. «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу. Міндеттері: Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. Мектепке дейінгі ұйымның түлегі: шығармашылық қиял мен елестетуге негізделген өнер табысқа қызығушылық таныту; сурет салу, мүсіндеу, құрастыру дағдыларының болуы; жаңа нәрсе жасау үшін қалыптасқан біліктер мен дағдыларды қолдана білу. Жалпы орта мектеп түлегі: зерттеу жүргізу және ғылыми тәсілді қолдану қабілеті; ақпаратты талдау және бағалау; жаңа идеяларды ұсыну; заманауи цифрлық құралдар мен технологияларды меңгеру; мақсаттарға жету үшін бастаманы ұсыну, жаңа мүмкіндіктер іздеу және идеяларды іске асыру барысында ресурстарды тиімді пайдалану. Күтілетін нәтижелер оқу-тәрбие процесін іске асырудың тиімділігін мониторингтеу және бағалау үшін негіз болып табылады. Қорытындылай келе, «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу көзделген.

ӘДЕБИЕТ

1. Әбенбаев С.Ш. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. Алматы: Дарын, 2004. 346 б.
2. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1992.
3. Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. Алматы: Білім, 1995. -232 бет.
4. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім тәрбиесі. -Алматы.: Санат, 1995. -302.
5. Керімов Л.К. Қиын оқушылар және оларды қайта тәрбиелеу. — Алматы, 1991.

6. Аймауытов Ж. Тәрбие. “Қазақстан мектебі”, №5, 1996.

7. Педагогика. Дәріс курсы. -Алматы: Нұрлы әлем, 2003.

https://ust.kz/word/birtutas_tarbie_bagdarlamasy_qundylyqtar_jane_ony_iske_asyry_jospary-348098.html

ӘОЖ 37.01.

Махметова Б.Т.

п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры

Алматы, Қазақстан,

e-mail: balaina.mahmetova.54@mail.ru

Мұратбек А.М.

п.ғ. магистр

Абай атындағы ҚазҰПУ

Алматы, Қазақстан,

e-mail: muratbek.alua@bk.ru

СТУДЕНТ ЖАСТАРҒА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі жаһандану жағдайында студент жастардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастырудың педагогикалық негіздері мен маңыздылығы қарастырылады. Жұмыстың негізгі мақсаты — жоғары оқу орындарындағы тәрбие үдерісі арқылы студенттерді ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке және халықтық құндылықтарды құрметтеуге баулудың тиімді жолдарын айқындау.

Тірек сөздер: ұлттық тәрбие, студент жастар, ұлттық құндылықтар, патриотизм, рухани жаңғыру, халық педагогикасы, салт-дәстүр.

ОБЕСПЕЧЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО УРОВНЯ ДЛЯ СТУДЕНТОВ

Аннотация. В статье рассматриваются педагогические основы и значение формирования национального самосознания у студентов в условиях современной глобализации. Главная цель работы – выявление эффективных способов привития студентам национализма, патриотизма и уважения к национальным ценностям посредством образовательного процесса в высших учебных заведениях.

Ключевые слова: национальное образование, студенческая молодежь, национальные ценности, патриотизм, духовное возрождение, народная педагогика, обычаи и традиции.

UDK 37.01.

PROVIDING NATIONAL EDUCATION TO STUDENTS

Abstract. The article considers the pedagogical foundations and importance of forming national consciousness among students in the conditions of modern globalization. The main goal of the work is to identify effective ways to instill in students nationalism, patriotism and respect for national values through the educational process in higher education institutions.

Keywords: national education, student youth, national values, patriotism, spiritual revival, folk pedagogy, customs and traditions.

Қазіргі таңда Қазақстан саяси тұрақтылық пен жаңа экономикалық даму үрдісінде ұлттық рух, ұлттық тәрбие деген бетбұрыс айқын байқалады. Бұл идеяның табысты іске асырылуын қамтамасыз ету үшін осы үрдіске әсер ететін жетекші факторларды анықтап алу абзал.

Ұлттық тәрбиенің ең маңызды тұсы адамды ойлануға үйретуі. Бұл әрбір жеке адам ең алдымен өзінің белгілі бір ұлттық мүшесі екенін іштей терең сезінуі, санада сілкініс жасауы, содан кейін барып жалпыадамзаттық қоғамға лайық орнын белгілеуі қажеттігін сіңіре білу.

Ұлттық тәрбие идеясы ата-бабалар алдындағы – қарыз бен өкшесбасар ұрпақтың алдындағы – парыз деп түсіну қажет. Яғни, парыз бен қарыздың түйісер тұсы осы ұлттық тәрбие деп білеміз.

Халықаралық деңгейдегі білімнің басты ерекшелігі – күшті нарықтық бәсекеге қажет кадр даярлау болса, оның алғы шарты білім арқылы тәрбие берудің ішкі механизмін қалыптастыратын жүйе құру. Мұны дүниежүзілік тәлім – тәрбие берудің озық тәжірибелерін игермей ұлттық тәрбие идеясын толыққанды жүзеге асыра алмаймыз. Бүгінгі тарихи – психологиялық ахуал бізден осыны талап етіп отыр.

Жастарды ойдағыдай тәрбиелеуде біздің үлкен мүмкіндігіміз бар. Өйткені, ол үшін батыс мәдениетімен, білімімен бәсекеге түсе алатындай ХХІ ғасырда рухы биік мәдениетіміз бен білім әлеуетімізді қалыптастыруды қолға алу өте маңызды. Рухы мен мәдениеті биік, білімі терең деңгейдегі ұлт жаһандану деген алып мұхиттың үстінде өзінің келбетін жоғалтпайды. Ондай ұлттың да, мемлекеттің де болашағы жарқын. Ол үшін ұлттық тәрбиені дамытудың ғылыми негізделген тұжырымдамасын жасау керек. Өйткені, ұлттық тәрбие бастауларынан нәр алған мәдениетті, парасатты жастар оқу-білімді өзінің өмірлік мұратына айналдырып, жан-жақты ізденетіні, ғылыммен шұғылданатыны сөзсіз. Білім мен ғылым шындығында, аса зор өндіргіш күш, үлкен байлық. Сондықтан да әлемдік жаңа идеология білім күшіне сүйенеді. Сондай-ақ қазіргі замандағы білім беру жүйесінің міндеті қазіргі жастарымыздың білім алып қана қоймай, тәрбиелі, әдепті, ұлтжанды, біз сөзбен айтқанда, интеллектуалды болуын қамтамасыз ету. Ұлттық тәлім-тәрбиенің ең басты қажеттілігі – жастардың рухани тәрбиесін жетілдіру дейтін болсақ, бұл бүгінгі күндегі ең өзекті мәселенің бірі саналады.

Ұлттық тәрбие – ұлттық сана – сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген жоғарғы білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды маман тұлғасын қалыптастыру.

Қазіргі жастарға ұлттық тәрбие беруде қазақ халқының сан ғасырлық мәдени мұралары маңызды деп танылады. Ұлттық мәдени мұраларға халқымыздың салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, халық ауыз әдебиеті үлгілері сәулет, бейнелеу, музыка, қолөнері және т.б. өнер түрлері жатады. Қай елдің болмасын мәдени мұраларында сол елдің өз халқына ғана тән қасиеттер, ұлттық ерекшеліктерін бейнелейді.

Ұлттық мәдениеттің барлық түрлері халықтың ғасырлар бойғы рухани құндылықтары негізінде жасалып, халық оларды әр тарихи кезеңге сай ой елегінен өткізіп отырған. Халқымыздың әдеби көркем шығармалары мен қолөнер шеберлерінің кәсіби өрнегінен бастап, күмбезін күн шалған ғажайып ғимараттар, сән-салтанатқа безенген әулетті, сырлы сарайлар, биік тұғырға орнатылған мәрмәр мүсіндер, ерлік жырлары бейнеленген алып ескерткіштер мен жауһар жәдігерлер баға жетпес өнер туындылары ғана емес, олар сонымен қатар сайын даланың салтанатын танытар тарихи тағдырдың куәгерлері де. Сондықтан тамыры терең, тағылымы биік мәдени мұралар ұрпақ тәрбиесіне негіз болып, ұлттық ұлағатымызды айқындай түседі. Түптеп келгенде, адам тәрбиесі тарихта болған ойшылдардың дүниетанымы мен қазақ жерінде туған ой-пікірлердің негізінде дамып қалыптасты. Қазіргі жастарға ұлттық тәрбие беруде өзінің құндылығын жоймай келе жатқан халық тәрбиесінің, дала даналарының рухани мұраларының орны ерекше болуы осыдан.

Жалпы тәрбие факторлары жайлы педагогика саласында көптеген жіктеулер бар екені анық. Сол жіктеулерді зерттей отыра ұлттық тәрбиенің негізгі факторларының анықтайық. Ю.К. Бабанский тәрбие факторларын ішкі және сыртқы, басқарылатын және басқарылмайтын деп ажыратса, В.Н.Турченко объективті және субъективті факторлар бар екенін тұжырымдайды.

А.В. Мудрик тәрбие факторларын мего-, макро-, мезо-, микродеңгейлерге бөліп қарастыруды ұсынған. Көрсетілген жіктеулерге негізделе отырып студент жастарға ұлттық тәрбие берудің негізгі факторларын құрастыруға болады.

Қазіргі уақытта жастардың рухани, мәдени, кәсіби қалыптасуына қажетті жағдайлар жасалып, оларға мемлекеттік тапсырыс аясында және әлеуметтік қызмет көрсететін үкіметтік емес ұйымдар тарапынан көмек көрсету қарастырылған. Жастарға тұрғындардың анағұрлым қоғамдық белсенді топтарының бірі және мемлекеттің стратегиялық ресурсы ретінде үлкен сенім артылады.

ҚР мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасында көрсетілген міндеттердің жүзеге асуы мемлекеттің оларға деген қамқорлығын танытады. Қазіргі жастарға ұлттық тәрбие беруде Қазақстан Республикасындағы жастар ұйымдары мен қозғалыстарының рөлі айрықша. Олар жастар саясатының стратегиялық бағыттарына сәйкес жастардың әлеуметтік бастамаларын іске асыруды нысана тұтады.

Қазіргі уақытта төмендегі факторларға байланысты еліміздегі жастар ұйымдары қызметтерінің активтендірілуі байқалады: жастар ортасында сана – сезімнің арттырылуы байқалады, тусовкалық құндылықтар жауапкершілік, парыз және бастамашылық сезімге орын береді: мемлекеттік емес сектор, саяси партиялар және бастамашылық және мемлекеттік құрылым жақтарынан әлеуметті пайдалы қызметке жас адамдарды тартуы белсенді жүргізіледі.

Қолданыстағы жастар ұйымдарының мақсатты жұмыстары жастардың патриоттық, рухани-адамгершілік тәрбиеленуіне, мемлекеттік тілді насихаттауға, мәдени бос уақытты ұйымдастыруға және жас адамның толық бағалы тұлғасын өздігінен іске асыру және қалыптасуы үшін ұйымдастырушылық жағдай жасауға бағытталған.

Бүгін көпшілік жобалар мен іс-шараларды іске асырылуда жастар ұйымдары күштерінің шоғырлану тенденциясы бақыланады. «Жастар таңдау» республикалық қоғамдық бірлестігі жас адамның әртүрлі әлеуметтік және кәсіби салаларда өзін-өзі іске асыру механизмін құрумен айналысады. Ұйымның мақсаты жас бизнесмендер, архитекторлар үшін әртүрлі жоба мен конкурстарды іске асыру арқылы, жастардың мәртебесін өсіру, құқықтық пен кәсіптік, сауаттылық деңгейін өсіру болып табылады. «Жасыл ел» атты қоғамдық ұйымның қызметі жастардың елжандылық сезімін, туған жер табиғатына деген сүйіспеншілігін, қамқорлығын арттыруды көздейді.

Еліміздің жастар саясатын іске асыруда қоғамдық ұйымдармен қоса жастар қозғалысы қызметінің де үлесі зор атап айтқанда, «Қайсар» республикалық жастардың қоғамдық-саяси қозғалысы өз қатарында жастар ортасының лидерлары мен белсенді жас адамдарды қоғамдық-саяси өмірінде жастардың қатысуына жағдай жасау, Қазақстанның әрі қарай тұрақты демократиялық дамуына жолданған жас адамдардың неше түрлі бастамасына қолдау болады. Жастар арасында белсенді қызметті қоғамдық бірлестік «Ақ орда» республикалық қозғалысы жүргізеді. Қозғалыстың негізгі мақсаты: елдің тұрақты әлеуметтік өрлеуіне және дамуына, әрі қарай нарықтық қатынастарының демократиялануына және дамуына, белсенді азаматтық көз қарасты қалыптастыруға және әрбір адамның күш-қуатын ашу үшін жағдай жасауға, мемлекеттік тілді, ұлттық дәстүрлер мен мәдени мұраны нығайтуға себепші болатын, экономикалық және әлеуметтік реформаларды өткізу.

Қорытындылай келе, Ұлттық тәрбие — бұл рухани жаңғырудың қайнар көзі. Жастардың бойында ұлттық сананы қалыптастыру арқылы біз мемлекетіміздің тұрақтылығы мен болашағын қамтамасыз етеміз. Тәрбиелі ұрпақ — ұлттың ұлы болашағының негізі.

ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қирабаев С. Ұлттық тәрбие және қазақ әдебиеті. «Ұлттық тәрбие» журналы 2010
2. Айталы А. Ұлттану. – Алматы: Арыс, 2000
3. Бөлесев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау. Алматы: Нұрлы Әлем, 2004. -304б.

УДК 37.011.33

Сапарбаева А.М.

кандидат педагогических наук,
доцент КазУМОиМЯ им Абылай хана,
Алматы, Казахстан
e-mail: altynsaparbaeva@gmail.com

ЦЕННОСТНЫЕ ОРИЕНТИРЫ В ВОСПИТАНИИ СТУДЕНТОВ ГУМАНИТАРНОГО НАПРАВЛЕНИЯ В КОНТЕКСТЕ СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНА

Аннотация: В данной статье рассматриваются основные ценностные ориентиры, необходимые для воспитания студентов гуманитарных направлений, и анализируется их роль в развитии личности и общества. Рассматриваются механизмы формирования всесторонне развитой личности и конкурентоспособного специалиста в контексте национальных и общечеловеческих ценностей. Особое внимание уделяется таким векторам, как патриотизм, духовно-нравственное воспитание, приобщение к традициям и развитие критического мышления. Цель статьи — показать комплексный подход в подготовке будущих специалистов и активных членов общества. Воспитание ценностных ориентиров в гуманитарном образовании формирует у студентов комплекс нравственных, культурных и социально значимых установок, необходимых для успешной адаптации в современном мире. Важно, чтобы образовательные программы учитывали специфику казахстанского общества, его этническое многообразие и исторические особенности.

Ключевые слова: ценностные ориентиры, глобализация, гуманитарное образование, формирование морально ответственной личности, воспитание патриотизма, нравственные, культурные установки, критическое мышление

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН ЖАҒДАЙЫНДА ГУМАНИТАРЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ БАҒДАРЛАР

Аңдатпа: Бұл мақалада студенттерге гуманитарлық білім беруге қажетті негізгі құндылық нұсқаулары қарастырылып, олардың жеке тұлға мен қоғам дамуындағы рөлі талданады. Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар контекстінде жан-жақты дамыған тұлға мен бәсекеге қабілетті маманды қалыптастырудың тетіктері қарастырылған. Отансүйгіштікке, рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, салт-дәстүрмен таныстыру, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту сияқты салаларға ерекше көңіл бөлінеді. Мақала болашақ мамандар мен қоғамның белсенді мүшелерін дайындаудың кешенді тәсілін көрсетуге бағытталған. Гуманитарлық білім берудегі құндылық бағдарларды дамыту студенттерде қазіргі әлемге сәтті бейімделу үшін қажетті адамгершілік, мәдени және әлеуметтік маңызды көзқарастардың жиынтығын қалыптастырады. Білім беру бағдарламаларында қазақстандық қоғамның өзіндік ерекшеліктерін, оның этникалық әртүрлілігін және тарихи ерекшеліктерін ескергені маңызды.

Тірек сөздер: құндылық бағдарлар, жаһандану, гуманитарлық білім, адамгершілік-жауапты жеке тұлғаны қалыптастыру, патриотизмге тәрбиелеу, адамгершілік және мәдени көзқарастар, сыни тұрғыдан ойлау.

VALUE ORIENTATIONS IN THE EDUCATION OF HUMANITIES STUDENTS IN THE CONTEXT OF MODERN KAZAKHSTAN

Abstract: This article examines the key value orientations necessary for the education of students in the humanities and analyzes their role in the development of the individual and society.

The mechanisms for the formation of a comprehensively developed personality and a competitive specialist in the context of national and universal values are considered. Particular attention is given to such areas as patriotism, spiritual and moral education, familiarization with traditions, and the development of critical thinking. The article aims to demonstrate a comprehensive approach to preparing future specialists and active members of society. The development of value orientations in humanities education forms in students a set of moral, cultural, and socially significant attitudes necessary for successful adaptation in the modern world. It is important that educational programs take into account the specific characteristics of Kazakhstani society, its ethnic diversity and historical features

Keywords: value orientations, globalization, humanitarian education, formation of a morally responsible individual, education of patriotism, moral and cultural attitudes, critical thinking

Введение

В условиях глобализации, стремительного развития технологий и социальных трансформаций XXI века, гуманитарное образование приобретает особое значение. Оно выступает не только как источник знаний, но и как важнейший инструмент формирования целостной, морально ответственной личности. Особенно это актуально в многонациональном и многоконфессиональном обществе Казахстана, где вопросы воспитания патриотизма, толерантности и социальной ответственности выходят на передний план. Воспитание ценностных ориентиров в гуманитарном образовании формирует у студентов комплекс нравственных, культурных и социально значимых установок, необходимых для успешной адаптации в современном мире.

Современные вызовы требуют от образовательных учреждений не просто передачи знаний, но и развития у обучающихся навыков критического мышления, гражданской активности и умения работать в межкультурной среде. Важно, чтобы образовательные программы учитывали специфику казахстанского общества, его этническое многообразие и исторические особенности.

Патриотизм в современном Казахстане является неотъемлемой частью формирования национальной идентичности. После обретения независимости страна прошла путь становления суверенного государства, и вопросы воспитания гордости за свою страну, уважения к историческому и культурному наследию стали первостепенными. Студенты гуманитарных направлений, изучая национальную литературу, историю и языки, получают возможность глубже понять ценности и традиции своего народа. Кроме того, в контексте многонационального общества важно воспитывать уважение ко всем этническим группам, проживающим на территории страны, что способствует укреплению межэтнической гармонии и стабильности.

Духовно-нравственное воспитание выступает основой формирования целостной личности. В Казахстане, где сосуществуют различные религиозные и культурные традиции, важной задачей является создание атмосферы взаимного уважения и толерантности. Национальная стратегия духовного развития подчеркивает необходимость укрепления моральных устоев общества через образовательные программы, которые способствуют развитию таких качеств, как честность, ответственность, сострадание и справедливость. Гуманитарные дисциплины играют ключевую роль в этом процессе. Они помогают студентам осознать универсальные человеческие ценности и их значение в повседневной жизни. Более того, воспитание духовности помогает формировать у студентов мотивацию к активному гражданству и созидательной деятельности в обществе.

Гражданская активность становится все более востребованным качеством в условиях формирования развитого гражданского общества. Студенты гуманитарных специальностей должны не только понимать теоретические основы прав и обязанностей гражданина, но и проявлять инициативу в социальных и общественных проектах. В Казахстане государственные и вузовские программы поддержки волонтерства, молодежных общественных организаций и социальных инициатив стимулируют развитие у студентов чувства ответственности и умения работать в команде. Это способствует формированию социально активной молодежи, готовой участвовать в решении общественных проблем и укреплять социальные институты.

Материалы и методы

В процессе исследования проблемы формирования ценностных ориентиров у студентов гуманитарных направлений использовался комплекс теоретических и эмпирических методов. Теоретическую основу составили анализ философской, психолого-педагогической и социокультурной литературы, посвящённой вопросам аксиологического воспитания личности и гуманитарного образования в современном Казахстане. Были применены методы сравнительного и системного анализа, позволившие рассмотреть ценностное воспитание как многомерный процесс, включающий обучение, культурную среду, коммуникацию и личностное развитие студента.

Эмпирическая часть исследования включала анкетирование, наблюдение, беседы со студентами, а также контент-анализ письменных эссе. В исследовании приняли участие студенты 1 курсов гуманитарных направлений. Эссе были посвящены темам «Мои жизненные ценности» и «Ценности современного казахстанского общества». Контент-анализ проводился по методике выделения ключевых смысловых единиц и категорий, отражающих основные направления ценностных ориентаций. Для обработки полученных данных использовались как количественные (частотный анализ), так и качественные методы (интерпретация смыслового содержания).

Результаты и обсуждения

Результаты контент-анализа позволили выявить доминирующие группы ценностей, характерные для современных студентов гуманитарных специальностей. Наиболее часто встречались социально-семейные и межличностные категории — семья, дружба, уважение, образование, труд и патриотизм. Эти ценности проявлялись в 70–80 % текстов и отражали стремление к социальной стабильности, гармонии, принадлежности к сообществу. Вместе с тем категории, связанные с личностным саморазвитием, инициативностью, творчеством и духовно-нравственными аспектами («милосердие», «честность», «вера»), встречались значительно реже и носили фрагментарный характер. Подобное распределение свидетельствует о преобладании прагматико-социальных установок в ценностной картине мира студентов и относительно низкой степени выраженности экзистенциальных и гуманистических смыслов.

Анализ полученных данных показывает, что ценностная структура личности студентов гуманитарных направлений находится на этапе становления и требует целенаправленного педагогического сопровождения. Развитие аксиологических компетенций должно осуществляться не только в рамках учебного процесса, но и через воспитательную и проектную деятельность, направленную на формирование способности к рефлексии и осмысленному выбору жизненных ориентиров. В контексте современного Казахстана особое значение приобретает гармоничное сочетание национальных духовно-нравственных традиций и универсальных гуманистических принципов. Это способствует укреплению гражданской зрелости, социальной ответственности и профессиональной культуры будущего специалиста, что соответствует стратегическим задачам модернизации духовного пространства и воспитания личности.

Основная часть

Ценностные ориентиры представляют собой устойчивую систему жизненных смыслов, определяющих поведение и мировоззрение человека. Согласно аксиологическому подходу

(Ш. Шварц, В. Франкл, М. Рокич, А. Маслоу), [1] формирование ценностей происходит через внутреннюю работу личности — осмысление, переживание, самоопределение. Для студентов гуманитарного направления ценностное воспитание становится фактором личностного и профессионального становления. Гуманитарное знание ориентирует будущего специалиста на осознание социальной значимости своей деятельности, развитие эмпатии, критического мышления и духовной культуры.

В педагогическом контексте аксиологическая направленность образования означает переход от передачи знаний к формированию смыслов и убеждений. Вуз становится не только местом обучения, но и пространством духовного развития, где студент осваивает культурные и этические нормы, учится соотносить личные цели с общественными идеалами.

Современная образовательная политика Казахстана направлена на укрепление национальных и гуманистических оснований личности. В документах и стратегических программах особое внимание уделяется воспитанию гражданина, осознающего свою принадлежность к национальной культуре, уважающего историю, язык, традиции. Вместе с тем важно формировать способность к открытому межкультурному диалогу и восприятию универсальных ценностей — толерантности, справедливости, милосердия, ответственности.

Для студентов-гуманитариев это особенно актуально: они выступают посредниками между культурой, обществом и личностью. Именно от них во многом зависит формирование гуманистического мировоззрения подрастающего поколения, сохранение культурного наследия и развитие национальной идентичности.

Формирование системы ценностных ориентиров требует создания в вузе особой воспитательной среды. Эффективными условиями являются гуманизация образовательного пространства, интеграция воспитательной работы в учебный процесс, использование интерактивных и рефлексивных форм обучения — дискуссий, кейсов, эссе, социально-проектной деятельности. Важную роль играют этнокультурные компоненты — изучение национальных традиций, фольклора, истории и языка, что способствует развитию у студентов чувства сопричастности к культурным корням.

Развитию ценностного самосознания способствует и включение студентов в волонтерские, культурные и исследовательские проекты, где они получают возможность проявить социальную активность и ответственность. Таким образом, воспитание ценностей реализуется не изолированно, а через систему личностно значимых видов деятельности, формирующих опыт морального выбора и общественного участия.

Заключение

Формирование ценностных ориентиров у студентов гуманитарных направлений представляет собой сложный и многомерный процесс, важный для развития устойчивой и гармоничной личности. В условиях современного Казахстана, где сочетаются традиционные и современные вызовы, актуальной становится задача интеграции национальных и универсальных ценностей в систему образования.

Патриотизм, духовно-нравственные ценности, гражданская активность, критическое мышление и толерантность должны стать основой воспитательной работы в вузах. Только так можно подготовить квалифицированных специалистов, способных внести значимый вклад в развитие общества, поддерживать культурное многообразие и способствовать укреплению межэтнического согласия.

Для достижения этих целей необходима дальнейшая разработка и внедрение эффективных методик воспитания, активное участие преподавателей и широкое вовлечение студентов в социальные и культурные проекты.

Студенты гуманитарных направлений, изучая национальную литературу, историю и языки, получают возможность глубже понять ценности и традиции своего народа. Кроме того, в контексте многонационального общества важно воспитывать уважение ко всем этническим группам, проживающим на территории страны, что способствует укреплению межэтнической гармонии и стабильности.

Толерантность является ключевой ценностью для поддержания мира и стабильности в поликультурном обществе. Казахстан с его этническим разнообразием является примером успешного межэтнического взаимодействия, где воспитание уважения к различиям закреплено в государственной политике и образовательных стандартах [6]

Гуманитарное образование способствует развитию у студентов навыков конструктивного диалога, умения слушать и понимать позицию другого, что помогает преодолевать стереотипы и формировать культуру взаимоуважения

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. Шварц, Ш. Х. Уточнённая теория базовых индивидуальных ценностей: применение в России / Ш. Х. Шварц // Психология. Журнал Высшей школы экономики. — 2018. — Т. 15, № 2. — С. 1–30.
2. Богдан, С. И. Психологические факторы становления ценностных ориентаций личности: на примере студенческой молодежи Казахстана: автореф. дис. ... канд. психол. наук. — Новосибирск, 2008.
3. Культура и ценности общества в условиях обновления современного Казахстана: сборник материалов республиканской научно-практической конференции / Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК. — Алматы: ИФПР, 2023.
4. Коллектив авторов. Особенности ценностных ориентаций студенческой молодежи // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия социально-политических наук. — 2020.

УДК 74.100.5

Семенова М.А.

Педагог дополнительного образования,
педагог-исследователь,
преподаватель фортепиано, концертмейстер
КГКП «ДМШ № 1» ОО г. Семей
УО обл. Абай, Казахстан
e-mail: marina620602@mail.ru

ЦЕННОСТНО-СМЫСЛОВОЕ И ПАТРИОТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ ЛИЧНОСТИ ЮНЫХ МУЗЫКАНТОВ НА ОСНОВЕ КАЗАХСКОЙ НАЦИОНАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ

Аннотация. В данной работе представлен практический взгляд педагога-музыканта на проблему формирования у детей ценностных ориентиров и патриотических чувств через дополнительное музыкальное образование. Автор делится личным опытом работы в государственной музыкальной школе, анализирует эффективность различных методов и форм воспитательной работы, а также предлагает конкретные рекомендации по усилению патриотического компонента в образовательном процессе.

Ключевые слова: патриотизм, музыкальное воспитание, дополнительное образование, национальная культура, духовные ценности, Казахстан, детская музыкальная школа

VALUE-ORIENTED AND PATRIOTIC EDUCATION OF YOUNG MUSICIANS THROUGH KAZAKH NATIONAL CULTURE

Abstract. This paper presents a practical perspective of a music educator on the problem of forming value orientations and patriotic feelings in children through additional music education. The author shares personal experience working in a state music school, analyzes the effectiveness of

various methods and forms of educational work, and offers specific recommendations for strengthening the patriotic component in the educational process.

Keywords: patriotism, music education, additional education, national culture, spiritual values, Kazakhstan, children's music school.

В своей статье «Независимость превыше всего» Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев особо подчеркнул: «Все, что мы делаем, мы делаем ради будущих поколений. Проводя государственную политику, мы глубоко осознаем свою ответственность перед будущим... Человек не рождается патриотом. Он становится им, получая соответствующее образование и воспитание, социализируясь и формируя свою гражданскую идентичность»

Современное музыкальное образование направлено не только на формирование исполнительских навыков, но и на воспитание личности, способной осознавать культурные ценности своего народа и сохранять национальные традиции. В условиях глобализации особую значимость и актуальность приобретает задача формирования и сохранения национальной идентичности подрастающего поколения через искусство и образование.

Когда я впервые пришла работать в музыкальную школу, меня поразило одно наблюдение: дети, которые с трудом запоминали даты из истории Казахстана, с удивительной лёгкостью заучивали кюи Курмангазы и напевали народные песни. Тогда я впервые задумалась о том, какую огромную, но часто недооценённую роль играет музыка в формировании патриотических чувств у подрастающего поколения.

Сегодня, спустя сорок лет педагогического стажа, я убеждена: музыкальное образование — это не просто обучение игре на инструменте или сольфеджио. Это живой, эмоциональный путь к сердцу ребёнка, через который можно передать самые важные ценности — любовь к Родине, уважение к предкам, гордость за свою культуру.

В условиях современного мира, где дети с раннего возраста погружены в поток глобальной информации, задача сохранения национальной идентичности становится особенно актуальной. И здесь дополнительное образование, в частности музыкальное, приобретает особое значение, оно является не только средством развития исполнительских навыков, но и мощным инструментом формирования у детей любви к своей стране, уважения к национальным традициям и духовным ценностям.

Психологи давно установили: информация, воспринятая через эмоции, запоминается значительно лучше, чем сухие факты. Когда ребёнок играет кюй «Адай», он не просто отрабатывает технику — он чувствует гордость за свой народ, представляет степные просторы, слышит голос предков. Это переживание остаётся с ним на всю жизнь.

На практике я неоднократно убеждалась: ученики, которые изучали казахские народные песни, гораздо охотнее рассказывали о традициях своего народа, проявляли интерес к истории. Музыка становилась для них «ключом» к пониманию своей культуры. Особенность музыки в том, что она не требует перевода. Мелодия народной песни или звуки домбры понятны любому ребёнку, независимо от его возраста, национальности или уровня образования. Это делает музыкальное воспитание универсальным инструментом патриотического образования.

Даже самые маленькие ученики, которые ещё не могут внятно объяснить, что такое Родина, интуитивно чувствуют связь с национальной музыкой. Они хлопают в ладоши под ритм домбры, повторяют мелодии, просят играть «ту самую песню про степь». Это и есть первые ростки патриотизма — не через заучивание, а через чувства и эмоции.

В нашей школе мы давно отошли от формального подхода к патриотическому воспитанию. Вместо скучных лекций о любви к Родине мы включаем национальный компонент во все аспекты образовательного процесса.

Каждый ученик, независимо от выбранного инструмента, обязательно изучает произведения казахских композиторов. Для фортепиано — это обработки народных мелодий, для скрипки — кюи виртуозов-домбристов, для вокала — народные песни в авторских аранжировках.

Необходимо подбирать произведения, соответствующие возрасту и уровню подготовки ребёнка. Для малышей - простые народные песенки с яркими образами, старшим ученикам - более сложные кюи, раскрывающие глубину казахской музыкальной культуры.

Актуальна интеграция с другими видами творчества, сотрудничество с художественными школами, театрами, музеями. Это помогает детям увидеть единство различных форм искусства в отражении национальной культуры.

Неуклонно растёт количество учеников, самостоятельно выбирающих произведения казахских композиторов для выступлений. На городских конкурсах исполнительского мастерства наши воспитанники регулярно получают призы в номинации «Лучшее исполнение национального произведения». Это не только повод для гордости, но и подтверждение эффективности нашего подхода.

Родители отмечают, что дети стали чаще рассказывать о казахской культуре дома, проявлять интерес к национальным праздникам. Многие семьи начали посещать концерты казахских оркестров, выставки, посвящённые народному искусству. Таким образом, патриотическое воспитание выходит за стены школы и охватывает всю семью.

Самый серьёзный вызов сегодня — это конкуренция с популярной музыкой, которая льётся из каждого смартфона. Подростки слушают зарубежные хиты, а не народные песни. Как с этим бороться?

Существует несколько рабочих подходов: не запрещать, а предлагать альтернативу, не требовать от детей отказаться от современной музыки. Вместо этого показывать, как традиционные мотивы могут звучать в современных аранжировках.

Интересной находкой являются «баттлы» между классической и современной музыкой. Дети сами выбирают, что им ближе. Часто бывает так, что после прослушивания качественного исполнения народного произведения их отношение меняется. Они начинают понимать глубину и красоту традиционной музыки.

Необходимо показывать примеры успешных казахстанских музыкантов, рассказывать о современных артистах, которые сочетают культурное наследие и современность, добиваются международного признания. Это помогает детям увидеть, что национальная музыка — это не пережиток прошлого, а живое, развивающееся искусство.

Особенно эффективно работает метод «музыкальных мостов» — когда находятся точки соприкосновения между современными хитами и народными мелодиями. Это помогает детям увидеть связь между традициями и новизной.

Дети приходят в музыкальную школу с разным багажом знаний и разным уровнем интереса к национальной культуре. Кто-то вырос в семье, где постоянно звучала казахская музыка, кто-то впервые слышит кюй в жизни. Необходимо использовать дифференцированный подход. Для «продвинутых» учеников предлагать сложные произведения, углублённое изучение истории создания. Для новичков — простые мелодии, яркие образы, игровые формы работы. Главное — не отпугнуть, а заинтересовать.

Огромную роль в формировании устойчивого интереса к национальной культуре и музыке играет репертуар.

Особую ценность представляют произведения композиторов, отразивших национальные традиции в фортепианной музыке, таких как: Ахмет Жубанов, Латиф Хамиди, Евгений Брусиловский, Нургиса Тлендиев, Аида Исакова, Омархан Несипханов, Жолдыбай Дастенов. Их произведения позволяют познакомить учащихся с национальной интонацией, ладовыми особенностями и образным миром казахской музыки. Популярным учебным пособием для учащихся детских музыкальных школ, новым шагом в развитии современной фортепианной педагогики и исполнительского искусства Казахстана стала «Фортепианная азбука» под редакцией А. Мухитовой (2010г). Огромную роль в сохранении и приумножении фортепианного репертуара республики сыграли педагоги Алма-Атинской консерватории. Так, под редакцией профессора кафедры специального фортепиано КНК им. Курмангазы Байсакаловой А.Б. были выпущены следующие сборники: «Хрестоматия казахской

фортепианной музыки» (I том – 2004 г, II том – 2011 г, III том 2019 г.). «Пьесы на казахские народные темы» (2005 г.), «Альбом фортепианных пьес» (2010 г.).

Союз композиторов Казахстана совместно с преподавателями КНУИ им. К. Байсеитовой, организаторами Центра творческих инициатив «Art-aspect» издали учебно-методические нотные пособия и циклы детских пьес Балнур Кыдырбек, Талгата Андосова, Тлеса Кажғалиева, Алиби Мамбетова и др.

Огромной популярностью пользуются произведения молодых казахстанских композиторов: Биржана Хасанғали, Алиби Абдинурова, Айгерим Нуралиевой и др.

Исходя из собственного опыта, я бы порекомендовала коллегам не превращать патриотизм в обязанность. Дети чувствуют фальшь. Если вы сами не любите казахскую музыку, не сможете передать эту любовь ученикам. Начните с себя — изучайте, слушайте, открывайте для себя новые имена и произведения.

Ищите связь с современностью. Покажите детям, что народная музыка — это живой постоянно развивающийся организм. Расскажите о современных музыкантах, которые используют традиционные мотивы в своих композициях. Покажите видео с международных фестивалей, где звучит казахская музыка.

Создавайте ситуации успеха. Когда ребёнок успешно выступает с произведениями казахстанских композиторов на школьных концертах, городских мероприятиях, республиканских конкурсах и получает аплодисменты и одобрение — это лучшая мотивация продолжать. Используйте межпредметные связи. Сотрудничайте с учителями истории, литературы, изобразительного искусства. Когда ребёнок одновременно изучает историю казахского народа, читает произведения Абая, слушает кюи Курмангазы — складывается целостный и многогранный образ Родины.

Современные технологии открывают новые возможности для музыкального образования: создание видеоуроков по исполнению казахских произведений, аудиоподкастов о жизни и творчестве композиторов, интерактивных приложений для изучения народной музыки.

Особенно перспективным направлением является создание виртуальных концертных залов, где учащиеся смогут «посещать» выступления известных музыкантов, слушать редкие записи, изучать историю исполнительства. Это особенно важно для детей из отдалённых регионов, у которых нет возможности посещать живые концерты.

Необходимо развивать сотрудничество с музыкальными школами других стран. Обмен опытом, совместные проекты, участие в международных конкурсах помогут нашим детям не только сохранить национальную идентичность, но и гордиться ею на мировом уровне.

Сорок лет работы в музыкальной школе убедили меня: патриотическое воспитание через музыку — это не пустой лозунг, а реальный, работающий механизм. Дети, которые учатся понимать и любить музыку своего народа, неизбежно начинают глубже интересоваться своей историей, культурой, традициями.

Музыкальное образование в системе дополнительного образования — это не «добавка» к основному обучению, а полноценная составляющая формирования личности. И если мы хотим воспитать поколение, которое будет гордиться своей страной и нести её культурное наследие в будущее, мы должны делать ставку именно на такие живые, эмоциональные формы работы.

Домбра в руках ребёнка, народная песня на его губах, гордость за свою культуру в его сердце — вот что такое настоящее патриотическое воспитание. И музыка здесь — наш самый верный союзник.

ЛИТЕРАТУРА

1. Ермеков Н.А. История казахской музыки. — Алматы: Санат, 2017. — 312 с.
2. Жантасова Г.К. Фольклорные истоки профессиональной музыки Казахстана. — Астана: Фолиант, 2018. — 245 с.
3. Кенжеахметова С.Р. Музыкально-эстетическое воспитание в школе. Алматы: Білім, 2019. — 178 с.

4. Муканов М.С. Культурное наследие казахского народа. — Астана: Инновационный университет, 2020. — 289 с. Омарова А.Т. Педагогические аспекты музыкального образования. Алматы: Ғылым, 2021. — 203 с.

5. Смагулов Ж.К. Традиции и инновации в музыкальной культуре Казахстана. — Астана: Қазақ университеті, 2022. — 256 с.

6. Тажибаева Л.Н. Психология музыкального восприятия. — Алматы: Фолиант, 2018. — 167 с.

УДК 37.01

Тайманова З.Б.

PhD докторант, аға оқытушы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Ақтөбе, Қазақстан,

e-mail: taimanova.81@mail.ru

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ МӘНДІК-ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ ТҰРҒЫДА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Аннотация. Мақалада жеке тұлғаны мәндік-құндылықтық тұрғыда тәрбиелеудің заманауи тәсілдері мен технологиялары қарастырылады. Білім беру жүйесіндегі жобалық оқыту, дизайн-ойлау, рефлексиялық, диалогтік және кейс-стади әдістерінің тиімділігі зерттелген. Цифрлық, геймификация, интерактивті және инклюзивті технологиялардың рөлі талданған. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, заманауи тәсілдер білім алушылардың әлеуметтік белсенділігі, сыни ойлау қабілеті, өзін-өзі тануы және құндылықтық бағдарын дамытуға ықпал етеді.

Кілт сөздер: жеке тұлға, мәндік-құндылықтық тәрбие, заманауи тәсілдер, білім беру технологиялары, әлеуметтік белсенділік, сыни ойлау, өзін-өзі тану.

СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДЫ И ТЕХНОЛОГИИ СМЫСЛО-ЦЕННОСТНОГО ВОСПИТАНИЯ ЛИЧНОСТИ

Аннотация. В статье рассматриваются современные методы и технологии воспитания личности в ценностно-смысловом аспекте. Эффективность проектного обучения, дизайн-мышления, рефлексивных, диалоговых методов и кейс-стади в образовательной системе исследована. Роль цифровых, геймифицированных, интерактивных и инклюзивных технологий проанализирована. Результаты показали, что современные подходы способствуют развитию социальной активности, критического мышления, самопознания и ценностных ориентаций учащихся.

Ключевые слова: личность, ценностно-смысловое воспитание, современные методы, образовательные технологии, социальная активность, критическое мышление, самопознание.

Қазіргі жаһандану үдерісі, ақпараттық қоғамның қалыптасуы және әлеуметтік-мәдени трансформациялар білім беру жүйесінің негізгі міндеттерін түбегейлі өзгертуге мәжбүр етеді. Бүгінгі таңда білім беру тек ақпарат пен білім берудің құралы ғана емес, сонымен қатар тұлғаның рухани, мәдени және құндылықтық дамуын қамтамасыз ететін кешенді әлеуметтік институт ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыдан жеке тұлғаны мәндік-құндылықтық тұрғыда тәрбиелеу - қоғамның дамуы мен болашағына әсер ететін стратегиялық міндет болып табылады.

Құндылықтарды тәрбиелеу жөніндегі ғылыми зерттеулердің жалпы нәтижелері қоғамның құндылық бағдарлары мәселелерімен бетпе-бет келетінін көрсетеді. Сондықтан

құндылықтарды тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлінуде. Құндылықтарды тәрбиелеудің бағыттары мүдделі тұлғалар мен ұйымдардың мақсаттары мен міндеттерімен, сондай-ақ білім беру бағдарламаларындағы құндылықтардың орны мен жетістіктерімен анықталады. Адамзат тарихында құндылықтарға негізделген білімге қатысты көптеген зерттеулер жүргізілді. Құндылықтар туралы білім беру құндылықтарды жақсы түсінуді дамыту арқылы өзін-өзі жүзеге асыруға және жеке тұлғаның жан-жақты дамуына мүмкіндіктер жасайды. Құндылықтардың жеке адамдар үшін де, қоғамдық өмір үшін де маңызды екені сөзсіз. Дегенмен, білім саласындағы құндылықтарға әртүрлі көзқарастар бар. Қазіргі кезеңдегі жаһандану үдерісі, ақпараттық қоғамның қалыптасуы және әлеуметтік-мәдени трансформациялар білім беру жүйесіне түбегейлі өзгерістер енгізуді талап етеді. Бүгінгі таңда білім беру тек ақпарат пен білім берудің құралы ғана емес, сонымен қатар тұлғаның рухани, мәдени және құндылықтық дамуын қамтамасыз ететін кешенді әлеуметтік институт ретінде қарастырылады. Құндылықтарға негізделген білім мінез-құлық тәрбиесі мен зерттеуді экологиялық білім беру, медиа сауаттылық, скаутинг, адамгершілік және азаматтық тәрбие, құқықтық оқыту және әлеуметтік зерттеулер сияқты әртүрлі іс-шараларға қосады, бұл олардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Білім беру бағдарламаларының негізгі мақсаттарының бірі - білім алушылардың бойына жағымды құндылықтарды сіңіру және оң көзқарастар мен мінез-құлықтарды дамыту. Әлеуметтік өзгерістер мен студенттердің қажеттіліктеріне сәйкес құндылықтарға негізделген білім беруді жүзеге асыруға басымдық берілуі керек, құндылықтарға негізделген көзқарас және инновациялық оқыту мен тәрбиелеу принциптері айқындалады.

Осыған байланысты білім беру жүйесінің басты мақсаты - шығармашыл, сыни ойлай алатын, әлеуметтік жауапты, құндылықтық бағдарлары айқын қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Бұл міндетті жүзеге асыруда мәндік-құндылықтық тәрбие ерекше маңызға ие.

Тақырыптың өзектілігі қазіргі қоғамдағы құндылықтық дағдарыс, жастардың рухани бағдарларының өзгеруі, цифрлық орта ықпалының күшеюі сияқты факторлармен анықталады. Бұл жағдайда білім беру жүйесінде тұлғаның ішкі дүниесін, өмірлік мағынасын, адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыруға бағытталған заманауи тәрбие тәсілдерін енгізу қажеттілігі туындайды.

Білім беру жүйесіндегі заманауи тәрбие тәсілдеріне сүйене отырып, жеке тұлғаны мәндік-құндылықтық тұрғыда тәрбиелеудің теориялық негіздері мен тиімді технологияларын анықтау негізгі мақсат болып табылады. Ал, міндетіне келсек, мәндік-құндылықтық тәрбиенің ғылыми-теориялық негіздерін талдау; заманауи тәрбие тәсілдерінің мазмұнын анықтау; тәрбие технологияларының тұлға дамуына ықпалын зерттеу; практикалық тәжірибелер негізінде тиімді әдістерді жүйелеу. Тұлғаның құндылықтық бағдарларын қалыптастыру тәсілдері мен технологияларын зерттей отырып, білім беру үдерісіндегі тәрбие жұмысы туралы анықтауға болады. Құндылықтарға негізделген білім беруді енгізудің халықаралық және отандық тәжірибесі және оны оқыту мен оқу үдерісіне енгізу бойынша әдістемелік ұсыныстарды негізге алып, мұғалімдердің тәжірибесін қолдануға болады. Мақсат - ұлттық құндылықтарды бойына сіңіретін, ұлттық мүддені жеке мүддеден жоғары қоятын, туған жерінің одан әрі дамуына үлес қосатын терең білімді, озық ойлы, шыншыл, ұлтжанды жеке тұлға тәрбиелеу болып табылады. Оқыту мен оқудың жаңашылдығы - оқыту мен оқудың сапасын арттыру үшін жаңа әдістерді, технологияларды және идеяларды енгізуге бағытталған білім беру тәжірибесіне тәсілдер. Инновация - нарықта сатылатын жаңа немесе жетілдірілген өнім (қызмет) немесе практикалық қызметте қолданылатын жаңа немесе жетілдірілген технологиялық процесс түрінде жүзеге асырылатын инновациялық қызметтің соңғы нәтижесі. Оқыту мен тәрбиелеу әдістері - оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарын, міндеттерін, мазмұнын, принциптерін іс жүзінде жүзеге асыру. Бұл әдістер бүкіл оқу процесінің негізі ретінде қызмет етіп қана қоймай, сонымен қатар қазіргі заманғы қоғамның талаптары мен білім берудің даму тенденцияларына сәйкес келуі керек. Оқыту мен тәрбиенің жаңа әдістері мен әдістерін енгізу әрбір мұғалім қол жеткізе алатын оқу-тәрбие үдерісін нақты түрлендіруге ықпал етеді. Бұл қоғамдағы өмір сапасын және білім беру жүйесінде

бүгінгі таңда оқу үдерісінде, яғни осы жерде және қазірде жақсартуға ықпал етеді. Жаһандық деңгейде инновациялық әдістер білім берудің өзіндік құндылығын, оның маңыздылығын және мұғалімдермен, құрдастарымен және достарымен қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу тәжірибесін арттырады. Олар мектеп қауымдастығын жақсырақ түсінуге және нығайтуға ықпал етеді. Тәрбие - бұл білім беру мекемелерін ғана емес, сонымен бірге отбасын, қоғамды және мемлекетті қамтитын күрделі және көп қырлы процесс.

I. Теориялық негіздері

1.1 Мәндік-құндылықтық тәрбиенің философиялық негіздері

Мәндік-құндылықтық тәрбие философиядағы аксиология ілімімен тығыз байланысты. Аксиология (гр. *Axios* - құндылық, *kun* және *logos* - ілім) адамдардың қажеттіліктерін, мүдделерін және тілектерін орындауға қабілетті нәрселердің, олардың адам өміріндегі орнын, құбылыстардың, үрдістердің сапалары мен қасиеттерін анықтайтын, зерттейтін құндылықтар теориясы. Аксиология адам болмысында құндылықтардың мәні мен маңызын, тұлғаның іс-әрекетінің бағытталғандығы мен мотивтерін анықтайды.

Адам өмірінің мәні, оның қоғамдағы орны мен рөлі - философиялық тұрғыдан қарастырылатын негізгі мәселелердің бірі. Тұлғаның өмірлік мағынасы оның құндылықтық таңдауларымен, мақсаттарымен және іс-әрекеттерімен анықталады. Қазіргі гуманистік философияда адам тұлғасы ең жоғары құндылық ретінде қарастырылады. Осы тұрғыда білім беру тұлғаның өзін-өзі дамытуына, өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасауы тиіс.

Мәндік-құндылықтық тәрбие - тұлғаның өмірлік мағынасы мен құндылықтық бағдарларын қалыптастыру үдерісі. Бұл бағыт философия, психология және педагогика ғылымдарының тоғысында қарастырылады. Тұлғаның құндылықтық дамуы оның әлеуметтік тәжірибені игеруі, мәдени мұраны қабылдауы және өзіндік көзқарас қалыптастыруымен тығыз байланысты. Қазіргі педагогикада тұлғалық-бағдарлы, құзыреттілікке негізделген, гуманистік және аксиологиялық тұғырлар жетекші орын алады. Аксиологиялық тұрғыдан білім беру тұлғаның құндылықтық әлемін қалыптастыру құралы ретінде қарастырылады. Осы мақсатта заманауи тәрбие тәсілдері мен технологияларын қолдану тұлғаның өзін-өзі тануына, әлеуметтік белсенділігінің артуына және өмірлік құндылықтарын жүйелеуге мүмкіндік береді.

1.2 Психологиялық аспектілер

Психология ғылымында тұлғаның құндылықтық дамуы оның мотивациялық және эмоционалдық саласымен тығыз байланысты. Құндылықтар адамның мінез-құлқын реттейтін ішкі механизм ретінде қарастырылады. Құндылықтар - адамдарды басқа тіршілік иелерінен ерекшелендіретін және олардың мінез-құлқын қалыптастыратын қасиеттерді анықтайтын сенімдер жиынтығы. Оларды «ұлттың әлеуметтік, мәдени, экономикалық және ғылыми аспектілерін қамтитын материалдық және рухани элементтердің жиынтығы» ретінде де анықтауға болады. Құндылықты жүзеге асыру, құндылықтарды түсіндіру, құндылықтарды талдау, моральдық пайымдау, мінез-құлық тәрбиесі, азаматтық және адамгершілік тәрбиесі сияқты тәсілдерді тиімді пайдалану маңызды. Тұлғаның құндылықтық құрылымы келесі деңгейлерден тұрады: қажеттіліктер мен мотивтер; қызығушылықтар; өмірлік мақсаттар; сенімдер мен ұстанымдар. Бұл компоненттер өзара байланыста дамып, тұлғаның мінез-құлқын анықтайды.

1.3 Педагогикалық тұғырлар - педагогикада маңызды рөл атқарады:

Тұлғаға бағытталған тұғыр - білім алушының жеке ерекшеліктерін ескеру;

Құзыреттілік тұғыр - білімді практикалық қолдануға бағыттау;

Аксиологиялық тұғыр - құндылықтарды қалыптастыру;

Гуманистік тұғыр - тұлғаның еркін дамуын қамтамасыз ету. Бұл тұғырлар мәндік-құндылықтық тәрбиенің мазмұнын айқындайды.

II. Заманауи тәрбие тәсілдері

2.1 Жобалық оқыту технологиясы - тұлғаның белсенді әрекеті арқылы білім алуға негізделген. Бұл тәсіл студенттердің өздігінен зерттеу жүргізуіне, мәселелерді шешуіне мүмкіндік береді. Жобалық жұмыстар барысында білім алушылар: жауапкершілік;

ынтымақтастық; әлеуметтік белсенділік сияқты құндылықтарды меңгереді.

2.2 Дизайн-ойлау әдісі - адамға бағытталған инновациялық тәсіл. Ол келесі кезеңдерден тұрады: эмпатия, мәселені анықтау, идеялар генерациясы, прототип жасау, тестілеу. Бұл әдіс тұлғаның креативтілігі мен әлеуметтік сезімталдығын дамытады.

2.3 Рефлексиялық тәсіл - тұлғаның өзін-өзі тануына, өз әрекеттерін бағалауына мүмкіндік береді. Рефлексиялық әдістер: күнделік жүргізу, эссе жазу, өзін-өзі бағалау

2.4 Диалогтік оқыту - диалог арқылы білім алушылар өз пікірін білдіруге, басқа көзқарастарды қабылдауға үйренеді. Бұл демократиялық мәдениетті қалыптастырады.

2.5 Кейс-стади әдісі - нақты жағдайларды талдау арқылы шешім қабылдау дағдыларын дамытады. Бұл әдіс этикалық және моральдық құндылықтарды қалыптастыруда тиімді.

III. Заманауи тәрбие технологиялары

3.1 Цифрлық технологиялар - цифрлық білім беру ортасы тұлғаның ақпараттық мәдениетін қалыптастырады. Сонымен қатар, цифрлық этика, жауапкершілік, өзін-өзі бақылау дағдылары дамиды.

3.2 Геймификация - ойын элементтері білім алушылардың мотивациясын арттырады. Бұл әдіс қызығушылықты сақтауға мүмкіндік береді.

3.3 Интерактивті технологиялар - топтық жұмыстар, тренингтер, пікірталастар тұлғаның әлеуметтік дағдыларын дамытады.

3.4 Инклюзивті білім беру - инклюзивті орта тұлғаның толеранттылығын және әлеуметтік жауапкершілігін арттырады.

IV. Эксперименттік-зерттеу бөлімі - зерттеу барысында педагогикалық эксперимент жүргізілді.

4.1 Зерттеу әдістері: сауалнама, бақылау, салыстырмалы талдау, тәжірибелік жұмыс.

4.2 Нәтижелер - студенттердің құндылықтық бағдарлары жақсарды; өзін-өзі тану деңгейі арттырады; әлеуметтік белсенділік күшейді.

V. Талқылау: заманауи тәсілдер тұлғаның тек білімін ғана емес, оның ішкі әлемін дамытуға бағытталған. Бұл білім беру жүйесінің жаңа сапалық деңгейге көтерілуін қамтамасыз етеді.

Қорыта айтқанда, зерттеу нәтижесінде мәндік-құндылықтық тәрбиенің тұлға дамуы үшін маңыздылығы дәлелденді. Жеке тұлғаны мәндік-құндылықтық тұрғыда тәрбиелеу қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты болып табылады. Заманауи тәсілдер мен технологияларды қолдану, соның ішінде жобалық оқыту, дизайн-ойлау, креативтілік тапсырмалары, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және интерактивті педагогикалық әдістер тиімді тұлғаның рухани дамуына, әлеуметтік бейімделуіне және өзін-өзі жүзеге асыруына оң әсер етеді. Олар студенттердің өздік ойлау, этикалық бағалау, шығармашылық шешім қабылдау қабілеттерін дамытып, тұлғаның ішкі мотивациясын арттырады. Сонымен қатар, мәндік-құндылықтық тәрбиелеу әлеуметтік ортада үйлесімділік пен жауапкершілікті қалыптастыруға ықпал етеді, бұл болашақ мамандардың кәсіби және адамгершілік құзыреттерін нығайтуға мүмкіндік береді

Білім беру жүйесінде құндылықтық тәрбиеге ерекше көңіл бөлу - болашақ қоғамның сапасын анықтайтын негізгі факторлардың бірі. Қоғам алдында тұрған міндеттерді шешуде ортақ құндылықтармен сусындаған білікті азаматтарды тәрбиелеу басты рөл атқарады. Құндылықтарға негізделген білім беру қазіргі заманғы мәселелерді шешуде басымдық болып табылады. Ол өмірлік мақсаттарға жету және адам мінез-құлқына оң өзгерістер енгізу үшін құндылықтарды пайдаланады. Құндылықтар адамның мінез-құлқын бағыттайтын негізгі элемент болып табылады. Міне, сондықтан құндылықтарды сіңіру және құндылықтарға бағдарланған тұлғаны тәрбиелеу бүкіл әлемде өте маңызды. Адамның құндылығын анықтайтын тек «білім» ғана емес, сонымен бірге сана, ар-ождан, жанашырлық және олар тәрбиелейтін адамгершілік құндылықтар мен ізгі қасиеттер сияқты экзистенциалды сипаттар екенін түсіну маңызды. Әрбір отбасы балаларын үлгілі, қоғамда беделді, өнегелі азамат етіп тәрбиелеуге ұмтылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы. Білім туралы Заң
2. Rogers, C. (1969). Freedom to Learn.
3. Vygotsky, L. S. (1978). Mind in Society.
4. Kolb, D. (1984). Experiential Learning.
5. Dewey, J. (1938). Experience and Education.
6. Тәрбие тұжырымдамасы.
7. Қалиев, С. Тәрбие теориясы.
8. Асқарова, А. Құндылықтық бағдар мәселелері.
9. Шемшурина А.И. Аксиологический подход в воспитании школьников // Этическое воспитание. № 2.- 2011;
10. Кочкина А. Е. Формирование нравственных качеств личности в традиционной системе воспитания (на примере Японии): дис....канд. пед. наук. - Карачаевск, 2005. - 178 с.

ӘОЖ 78.

Рысбекова Р.,

Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті
Педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
Алматы, Қазақстан
e-mail: ryszhzan_rysbekova@mail.ru

Шекербек Ұ.,

Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті
«7М01401-Музыкалық білім» мамандығы магистрі
Алматы, Қазақстан
e-mail: shekerbek.ulmeken@gmail.com

СЫНЫПТАН ТЫС ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУҒА БОЛАШАҚ МУЗЫКА МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа: Мақалада қазіргі Қазақстандағы тәрбие жүйесінің өзекті мәселелері мен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының маңызы қарастырылады. Музыкалық білім беру саласында болашақ мұғалімдерді даярлаудың ерекшеліктері, олардың кәсіби және шығармашылық қызметі сипатталады. Музыка мұғалімінің сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудағы рөлі айқындалып, оқушыларды музыкалық өнер арқылы біртұтас тәрбиелеудің негіздері көрсетіледі.

Тірек сөздер: біртұтас тәрбие, музыка мұғалімі, музыкалық білім беру, кәсіби даярлық, сыныптан тыс жұмыс, шығармашылық қызмет, эстетикалық тәрбие.

SCIENTIFIC AND PEDAGOGICAL FOUNDATIONS OF PREPARING FUTURE MUSIC TEACHERS FOR ORGANIZING EXTRACURRICULAR EDUCATIONAL WORK

Abstract: The article examines current issues of the education system in modern Kazakhstan and the significance of the “Unified Education” program. It describes the specifics of training future teachers in the field of music education, as well as their professional and creative activities. The role of the music teacher in organizing extracurricular educational work is revealed, and the foundations of holistic student development through musical art are presented.

Keywords: Holistic education, music teacher, music education, professional training, extracurricular activities, creative activity, aesthetic education.

НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ МУЗЫКИ К ОРГАНИЗАЦИИ ВНЕКЛАССНОЙ ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ

Аннотация: В статье рассматриваются актуальные проблемы воспитательной системы современного Казахстана и значение программы «Біртұтас тәрбие». Описываются особенности подготовки будущих учителей в области музыкального образования, их профессиональная и творческая деятельность. Раскрывается роль учителя музыки в организации внеклассной воспитательной работы, а также представлены основы целостного воспитания учащихся средствами музыкального искусства.

Ключевые слова: целостное воспитание, учитель музыки, музыкальное образование, профессиональная подготовка, внеклассная работа, творческая деятельность, эстетическое воспитание.

Қазіргі Қазақстан зайырлы мемлекет ретінде үдемелі түрде дамып, қарыштап алға басуда. Жаһандану және интернет дәуірінде өскелең ұрпақтың тәрбиесі қоғамның ең өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр. Жастар арасында буллинг, зорлық-зомбылық, нашақорлық, вейп, вандализм және ысырапшылық сияқты келеңсіз құбылыстардың көбеюі ұлт болашағына тікелей қауіп төндіреді. Осыған байланысты Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші және «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырыстарында өскелең ұрпақ тәрбиесіне ерекше назар аударып, жастарды адамгершілікке, жауапкершілікке, заң мен тәртіпті сақтауға тәрбиелеудің маңызын атап өтті [1,2].

2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілуі осы бағыттағы жүйелі жұмыстың нақты көрінісі болып табылады. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жас ұрпақтың бойына ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге, тәрбие жұмысын жүйелі түрде жүзеге асыруға бағытталған. Осыған орай, аталған бағдарлама аясында тәрбие жұмысының мазмұнын ғылыми тұрғыда зерделеу өзекті мәселе болып табылады [3].

Еліміздің білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысы мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: рухани-танымдық тәрбие; ұлттық тәрбие; отбасылық тәрбие; қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу; құқықтық тәрбие; еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие; көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие; зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу; дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру және басқалар. Сонымен қатар, білім беру ұйымдарында өскелең ұрпаққа идеологиялық тәрбие беру, сыныптан тыс жұмыстарда білім алушыларға экологиялық тәрбие беру, қазақстандық патриотизм және белсенді азаматтық ұстанымын дамыту ауқымы кеңейтілуде.

Қазіргі Қазақстанның білім беру жүйесі мектептерді адамгершілікке және еркіндікке негізделген бағытта дамытуға ұмтылады. Бұл үрдіс оқушының жеке қасиеттерін құрметтеуге, еркін ойлап, өз пікірін ашық жеткізуге мүмкіндік беруге бағытталған. Өскелең ұрпақты рухани және мәдени тұрғыда тәрбиелеу – «Білім туралы» Заң [4] мен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасында [3] басым міндет ретінде көрсетілген.

Білім беруді жаңғыртудың негізгі бағыты – құзыреттілікке негізделген тәсіл. Бұл тәсіл оқушылардың тек білім меңгеруін емес, өзін тұлға ретінде танып, шығармашылық қабілетін дамытуын көздейді. Мұндай қабілеттерді қалыптастыруда өнер мен тәрбие маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, өзгерген қоғам жағдайында мектептегі сыныптан тыс тәрбиеге жаңаша көзқараспен қарау, жаңа педагогикалық тәсілдер енгізу қажеттілігі туындап отыр. Сыныптан тыс тәрбие – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға және жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіруге бағытталған маңызды білім беру процесі.

Музыкалық білім бағытындағы студенттерді даярлау барысында олардың тек пәндік біліммен ғана шектелмей, тәрбие жұмысының әдістерін меңгеруі, шығармашылық іс-

шараларды ұйымдастыруда кәсіби дағдыларды игеруі аса маңызды. Бұл үдерісте мектептегі сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын жеткізуші ретіндегі мұғалімнің орталық рөлі айқын көрінеді; ол гуманистік кәсіби құндылықтармен ерекшеленетін, сыныптан тыс тәрбиелеу ісіне саналы және тұрақты мотивациясы бар, өз пәнінің музыкалық әлеуетін кәсіби қызметінде барынша тиімді пайдалануға ұмтылатын педагог ретінде сипатталады. Сонымен қатар, мұғалім өз саласында жоғары технологиялық деңгейде жұмыс істейтін кәсіби маман ретінде әрекет етеді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мектеп оқушыларын музыкалық өнер арқылы, сабақ барысында да, сыныптан тыс жұмыста да біртұтас тәрбие беруге қабілетті музыка мұғалімін жоғары оқу орындарында даярлау үдерісін жетілдіру мәселесі туындайды.

Мектептегі сыныптан тыс тәрбие жұмыстарында біртұтас тұрғыда тәрбиелеуге бағытталған кәсіби-педагогикалық қызметтің ерекшелігі мұғалімнің жеке басына ерекше талаптар қояды және оның жоғары оқу орнындағы даярлық жүйесін түзетуді қажет етеді.

Болашақ мұғалімдерді кәсіби қызметке даярлаудың жалпы педагогикалық және психологиялық негіздері О. А. Абдуллина[5], С. И. Архангельский[6], М. И. Дьяченко[7], В. А. Слостенкин[8], М.И. Петухова [9], Н. А. Шайденко[10] және басқа да ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Балаларды музыка арқылы тәрбиелеуге педагогтарды дайындау мәселесімен О. А. Апраксина[11], Д.Б. Кабалевский[12], Н. Л. Гродзенская[13], В. Н. Шацкая[14], Л. Г. Дмитриева [15] және қазақстандық авторлар С.А. Ұзақбаева[16], Р.Р. Жәрдемалиева[17], Ш.Б. Құлманова[18], М.А Оразалиева[19], Р.Қ. Дүйсембінова [20], Р.М. Рысбекова [21] басқа зерттеушілер айналысқан.

Музыкалық білім беру педагогикасында музыка мұғалімінің кәсіби қызметінің әртүрлі қырларын көптеген авторлар зерттеген: Э. Б. Абдуллин (музыка мұғалімін әдіснамалық даярлау), О. А. Апраксина (музыкалық тәрбиенің тарихы мен теориясы), Л. Г. Арчажникова (музыка мұғалімін кәсіби даярлаудың теориялық негіздері), Л. Г. Дмитриева және Н. М. Черноиваненко (музыкалық тәрбиелеу әдістемесі), И. А. Медведева (музыка мұғалімінің кәсіби көркемдік ойлауын қалыптастыру), И. Н. Немыкина (музыкалық педагогиканың негіздері), В. Г. Ражников және В. И. Петрушин (музыкалық психология мәселелері), Л. А. Рапацкая (музыка мұғалімінің көркем мәдениеті), Р. А. Тельчарова (музыка мұғалімінің музыкалық-эстетикалық мәдениеті), Г. Г. Тенюкова (музыка мұғалімін дирижерлік-хорлық даярлауды жетілдіру), Н. А. Терентьева (музыкалық педагогика және білім беру), Г. М. Цыпин (музыкалық білім берудегі дамытушы оқыту қағидаттары) және т.б.

Музыка мұғалімінің кәсіби қызметін біз кәсіби педагогикалық қызмет теориясы тұрғысынан қарастырамыз. Академик Б. Т. Лихачёв кәсіби педагогикалық қызметті былайша сипаттайды: «Бұл – ересек адамдардың қоғамның экономикалық, саяси, адамгершілік, эстетикалық және басқа да мақсаттарына сәйкес жас ұрпақты өмірге дайындауға бағытталған, тәрбиеленушілердің дамуы мен өзін-өзі дамытуына, еркін және шығармашылық әрекетке мүмкіндіктер жасауға арналған қоғамдық пайдалы ерекше қызметі» [21].

Мұғалім өз қызметінде белгілі бір педагогикалық міндеттерді шешеді: баланың жан-жақты дамуы; құзыреттілік тәсілі аясында келесі құзыреттерді қалыптастыру: құндылық-мағыналық, жалпы мәдени, ақпараттық, коммуникативтік, әлеуметтік, еңбек, тұлғалық.

Музыка мұғалімі де басқа пән мұғалімдері сияқты педагогикалық міндеттерді шешеді. Алайда, ол мұны музыкалық өнер құралдарымен жүзеге асырады, бұл оның қызметінің мазмұнына, құрылымына, формалары мен әдістеріне ерекше сипат береді. Сондай-ақ, музыкалық өнерді қолдану оқу-тәрбие процесінде оның ерекше функциялары мен денсаулықты сақтау әлеуетін ашуға мүмкіндік береді.

Б. В. Асафьевтің сөзімен айтсақ: «Музыканы мектептегі оқу пәні ретінде қарастыратын болсақ, ең алдымен, музыканың – ғылым емес, адамның жасаған өнері екенін айту керек» [22].

Осылайша, музыка мұғалімінің кәсіби қызметінің, оның ішінде сабақтағы және сыныптан тыс жұмысындағы басты ерекшелігі – оқыту пәні, яғни музыка өнер түрі ретінде.

Бұл музыкалық педагогика қағидаттарын анықтайды, олар өнер педагогикасының жалпы қағидаларына (көркем педагогика, көркем дидактика) негізделеді.

Қазіргі уақытта өнер педагогикасының қағидаттары толық қалыптаспаған және даму сатысында. Алайда, өнер философиясы мен психологиясы (Л. С. Выготский, А. Н. Сохор, М. С. Каган, С. Х. Раппопорт), көрнекті педагогтардың тәжірибесі (Я. И. Зак, Г. Г. Нейгауз, Л. И. Оборин) және өнерді оқыту тұжырымдамалары (Д. Б. Кабалевский, Б. М. Неменский) адамды рухани жетілдірудің басымдығын айқындап, қазіргі өнер педагогикасының негізгі қағидаттарын қалыптастыруға негіз болды.

В. Г. Ражников музыкалық педагогиканың басты қағидатын былай сипаттайды: «Өнер саласындағы білімнің мазмұны – ақпараттық-белгілік элементтерді меңгеру емес, өнер туындыларына, әлемге, адамдарға және өзіне деген тұлғалық қарым-қатынасты тәрбиелеу» [23]. Э. Б. Абдуллин бұл ойды қолдай отырып, музыкалық білім беру педагогикасының негізгі мақсаты – музыкалық интонация арқылы қоршаған әлемді, өзінің ішкі дүниесін және адам өмірінің көпқырлылығын түсінетін тұлғаны дамыту екенін атап өтеді [24]. М. С. Каган өнердің адамды тәрбиелеудегі рөлін ерекше атап, «қазіргі заман қаһарманы» – әлемге және басқаларға құндылықтық қатынасты игерген адам, ал мұны өнермен тұрақты байланыссыз елестету мүмкін емес деп тұжырымдайды. Оның айтуынша, музыка – бұл композитор, педагог және бала арасындағы рухани-аксиологиялық қарым-қатынас нәтижесі [25].

А. И. Щербакова музыка мен білім беру процесін музыкаға деген құндылықтық қатынасты дамытатын өзара байланыстар саласы ретінде қарастырды [26]. Л. В. Школяр музыкалық дидактика қағидаттарына тұтастық, көркемдік, ассоциациялылық, бейнелілік және импровизациялық ұстанымдарды қосты [27].

Музыка мұғалімінің кәсіби қызметінің келесі ерекшелігі - оның құрылымы. Л.Г. Арчажникова ұсынған тәсілді қолдай отырып, біз бұл қызметті музыкалық-педагогикалық деп анықтауды жөн деп санаймыз [28]. Өз жұмысында Л.Г. Арчажникова музыка педагогының қызметіне терең талдау жасайды және осы мамандық мұғаліміне қойылатын негізгі талаптарды тұжырымдайды. Сонымен бірге, ол атап көрсетеді, мектеп оқушыларының музыкалық-эстетикалық тәрбиесі міндеттерін орындауға мұғалімнің дайындығын қалыптастыру процесінде дәл музыкалық-педагогикалық қызмет мұғалімнің кәсіби қызметінің негізі болып табылады. Бұл оның қажет білім көлемін, дағдылары мен іскерліктерін, осы білімдердің мазмұнын, оларды беру әдістерін және оқушыларды музыкалық өнерге баулудағы мұғалімнің жеке қасиеттерін анықтайды.

О.А. Апраксина атап өткендей, музыка мұғалімінің кәсіби қызметінің күрделілігі «мұғалім» және «музыкант» ұғымдарына кіретін элементтердің тығыз өзара байланысын қажет етумен анықталады, олардың әрқайсысы өз алдына өте ауқымды [30].

Қазақстандық ғалым Р.Р. Жәрдемалиева өз еңбектерінде болашақ музыка мұғалімдерінің әдістемелік дайындығының мәні, құрылымы мен мазмұнын ашып көрсетеді. Онда «Музыка мұғалімінің әдістемелік дайындығының негіздері» атты арнайы курсты оқу барысында болашақ мамандардың ізденіс-теориялық және конструктивті-практикалық қызметін ұйымдастырудың педагогикалық шарттары көрсетілген [17].

Мұғалім еңбегінің шығармашылық табиғаты туралы көптеген танымал педагогтар жазған, олардың ішінде В.И. Загвязинский, В.А. Сластенин, В.А. Кан-Калик және басқалары бар. Мұғалімнің шығармашылығы оның қызметінің ерекшелігімен анықталады, ол көпшілікке арналған, белгілі бір аудиторияда жүзеге асады және өзінің сезімдері мен көңіл-күйін басқара білуін талап етеді. Педагогикалық процесс үнемі шығармашылық ізденіспен байланысты, өйткені мұғалімге әртүрлі педагогикалық жағдайларда өзгермелі жағдайларда әрекет ету қажет. Бұл ретте шығармашылық процесс екі жақты сипатқа ие: бір жағынан мұғалімнің шығармашылығы, ал екінші жағынан оның қолданған ынталандыру әдістерінің негізінде оқушылардың шығармашылық қызметі пайда болады.

Мұғалімнің шығармашылық қызметі педагогикалық импровизацияны да қамтиды, бұл оның жағдайды және оқушылардың мінез-құлқын тез және дұрыс бағалап, жылдам шешім таба білу қабілетімен анықталады.

Музыка мұғалімінің жұмысында педагогикалық шығармашылық көркемдік шығармашылықпен қатар жүреді, бұл музыка сабақтарын, сыныптан тыс іс-шараларды қызықты және тартымды өткізе білуінде, теориялық материалды бейнелі әрі көркем жеткізе білуінде, музыкалық шығармаларды артистік түрде интерпретациялауында көрініс табады.

Музыкалық өнердің шығармашылық табиғаты музыка мұғалімінің шығармашылығы үшін қосымша мүмкіндіктер ашады, бұл тек орындауда ғана емес, сонымен қатар композитордың ойы, идеясы, көркем бейнесі мен шығарманың мәнін түсіну негізінде интерпретациясында көрініс табады. Бұл үдерісте музыкалық-есту қабілеті, музыканттың интеллектісі, оның музыкалық тәжірибесі, көркемдік бейнелеу құралдарын меңгеруі және педагогикалық артистизмі шешуші рөл атқарады. Дәл осы тұрғыдан музыка мұғалімінің шығармашылық қызметінің ерекшелігіне қарау қажет.

Шығармашылық қабілет біртіндеп көркемдік тәжірибені жинақтау негізінде дамиды. Бұл үдерісте шығармашылық ойлау белсендіріледі, ал қызметтің өзі барған сайын шығармашылық сипатқа ие болады. Музыка мұғалімінің шығармашылық қызметінің басты мотиві – педагогикаға және музыкалық өнерге деген қызығушылық. Бұл қызығушылық музыкалық шығармаларды қабылдауға, түсінуге және орындауға деген қажеттілік, терең эмоциялық әсерлерге ұмтылыс, сондай-ақ оқушыларды сабақтарда және сыныптан тыс жұмыстарда музыкалық қызметке баулуға деген ниет ретінде көрінеді. Осылайша, музыка мұғалімінің шығармашылық қызметін өнердің шығармашылық табиғатынан және жалпы педагогикалық қызметтің шығармашылық үдерісінен тыс қарастыруға болмайды. Музыка мұғалімінің кәсіби қызметінің көркемдік-шығармашылық негізі жалпыадамзаттық және арнайы қабілеттердің кешені арқылы жүзеге асады.

Кез келген мамандықтағы мұғалімге тән негізгі қасиеттер музыка мұғалімінің қызметінде өзіндік ерекшелігімен көрінеді. О.А. Апраксина былай деп жазған: «Түрлі сәттердің ерекше үйлесімі қажет: балаларға деген махаббат, олардың ойлары мен сезімдеріне сезімталдық, олардың мүмкіндіктеріне сену, сондай-ақ тәртіпсіздік пен дөрекілікке төзімсіздік; сабақта орындалған музыкаға деген шынайы қызығушылық, оның туғызған ойларымен және сезімдерімен балалармен бөлісуге ұмтылу» [30].

Педагог-музыканттың әдіснамалық мәдениетіне Э.Б. Абдуллиннің зерттеуі арналған. Музыка мұғалімінің шығармашылық қызметінің табиғатын аша отырып, ол музыка оқыту процесімен қатар жүретін «ішкі» жоспардың маңыздылығын атап өтеді. Бұл жоспар педагог-музыканттың кәсіби рефлексиясын, яғни өз қызметін және оқушылардың қызметін үнемі талдауды қамтиды [31]. Э.Б. Абдуллиннің пікірінше, рефлексия функциясы педагог-музыканттың кәсіби өзін-өзі жетілдіру мәселесіне тікелей байланысты. Г.Г. Нейгауз әрдайым музыкантты, музыкант-педагогты тәрбиелеудегі басты мәселе студентті оқуды үйретуге үйрету деп көрсеткен. Бұл маңызды міндетті шешудің негізі рефлексияны меңгеру болып табылады.

Музыка мұғалімінің көркемдік мәдениетін қалыптастыру теориясы Л.А. Рапацкаяның іргелі зерттеуіне арналған. Автор көркемдік мәдениетті музыка мұғалімінің кәсіби сипаттамаларының көптүрлілігін біртұтас жүйеге біріктіретін ең маңызды кәсіби сапа деп атайды. Зерттеуші музыкалық-педагогикалық факультеттердің түлектеріне мынадай талаптар қояды: музыка мұғалімі әлемдік көркемдік мәдениет теориясы мен тарихы бойынша кәсіби құзыретті болуы, өнер жүйесінің ерекшеліктерін және музыканың көркемдік синтезді дамытудағы рөлін білуі, музыканың басқа өнер түрлерімен өзара байланысын түсінуі және ең бастысы, осы білімдерін өзінің кәсіби қызметінде жүзеге асыра білуі қажет [32].

Р.А. Тельчарова музыка мұғалімінің музыкалық-эстетикалық мәдениетіне арналған жұмысында мұғалімнің келесі жеке қасиеттерін анықтайды: музыкалық өнерге деген махаббат пен кәсіби қызығушылық; мұғалімнің рухани байлығы, онда музыканың эстетикалық, танымдық және тәрбиелік әсері көрініс табады; музыкаға өнер түрі ретінде тұтас және концептуалды көзқарас; шығармашылық бастама, белсенділік, саналық, өз

кәсібіне құмарлық; музыкалық-педагогикалық ғылымның заманауи мәселелерін меңгеру үшін өзін-өзі дамытуға бағытталған дербес танымдық-көркемдік қызмет [33].

Музыка мұғалімінің қызметінің мазмұны И.Н. Немыкина зерттеулерінде де терең қарастырылған [34]. Ол музыкалық-педагогикалық қызметке мамандарды дайындау мәселелеріне назар аударып, музыка мұғалімінің біліктілік моделін ұсынады. Бұл модель кәсіби маңызды ұғымдарды үш блокқа бөліп қарастырады. Құрылымдық-мазмұндық блокта маманға қажетті білімдер қамтылған: музыкалық-педагогикалық теориялардың заңдылықтары, музыкалық тәрбиенің мақсаттары мен міндеттері, музыкалық білім беру жүйесінің негіздері, мектеп оқу бағдарламалары, музыкалық-тарихи және музыкалық-теориялық пәндер, орыс және шетел музыкалық әдебиеті, өнердің басқа түрлері, оқушылардың жеке-психологиялық ерекшеліктері, оқу үдерісін ұйымдастырудың заманауи әдістемелері және басқа да білімдер.

Интегративті-жеке тұлғалық блок маманның жеке қасиеттерін қамтиды: рухани мәдениеттің жеткілікті деңгейі, эмпатия мен шығармашылық қабілеттілік, орындаушылық және сөйлеу мәнерлілігі, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау қабілеті, икемді ойлау, мәдени және көркемдік құндылықтарға қызығушылық, педагогикалық жағдайларды болжай білу және шешу қабілеті.

Технологиялық-іс-әрекеттік блокта маманға қажетті дағдылар анықталған: оқу және тәрбиелік міндеттерді кешенді шешу, оқу-тәрбие үдерісін модельдеу, жалпы музыкалық білім беру жүйесінде балалармен жеке жұмыс жүргізу.

Осылайша, музыка мұғалімінің кәсіби қызметінің ерекшеліктері мен педагог-музыкант үшін қажет кәсіби маңызды қасиеттер осы блоктар арқылы анықталады. Психологиялық-педагогикалық және арнайы әдебиеттерді талдау негізінде музыка мұғаліміне қойылатын кәсіби-педагогикалық және психологиялық талаптар айқындалды. Бұл талаптар оқушыларды музыкалық өнер арқылы біртұтас тәрбиелеу даярлығын қалыптастырады: өнер арқылы біртұтас тәрбиенің ерекшеліктерін білу, музыкалық өнердің эстетикалық мәнін түсіну, өнерді оқыту педагогикалық технологияларын меңгеру, көркемдік-педагогикалық қызметке деген қажеттілік, оқушылардың шығармашылық белсенділігін ұйымдастыру қабілеті.

Дегенмен, сабақ барысында эстетикалық тәрбиені және тәрбиенің басқа түрлерін жүзеге асыруға дайындық пен оны сыныптан тыс жұмыстарда жүзеге асыруға дайындық бірдей емес. Сыныптан тыс жұмыстардың өзіндік ерекшеліктері бар және музыка мұғалімінің бұл бағыттағы қызметінің табысты болуы үшін қосымша талаптар қойылады.

ӘДЕБИЕТ

1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан-Адал азамат» атты Ұлттық құрылтайдың II отырысында сөйлеген сөзі, 17 маусым 2023. <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-i-otyrysynda-soylegen-sozi-165458>

2 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты Ұлттық құрылтайдың III отырысында сөйлеген сөзі, 15 наурыз 2024. <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfaislamabad/press/news/details/730685>

3 Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасы», Астана, 2024. https://uba.edu.kz/storage/app/media/BIRTUTAS_TARBIE_KAZ%20new%2005.08.2024.pdf

4 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі No 319-III Заңы (01.01.2024 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен).

5 Абдулина О. А. Общепедагогическая подготовка учителя в сис- теме высшего педагогического образования / О. А. Абдуллина.- М.: Просвещение, 1990.- 141 с.

6 Архангельский С.И. Лекции по научной организации учебного процесса в высшей школе: М, 1976. 5 переизд. 2010г.

- 7 Дьяченко, М. И. Психологические проблемы готовности к деятельности / М. И. Дьяченко, Л. А. Кандыбович.- Мн.: БГУ, 1976.- 176 с.
- 8 Сластенин, В. А. Профессионально-педагогическая подготовка современного учителя / В. А. Сластенин, А. И. Мищенко // Сов. педагогика: 1991.- № 10.- С. 79-84.
- 9 Петухова, М. И. Профессиональная подготовка учителя музыки: культурологический аспект / М. И. Петухова // Эффективные системы взаимодействия предметов гуманитарного цикла в практике образовательных учреждений: Сб. науч. ст. / Ред.-сост. Е. П. Кабкова.- М.: ИХО РАО; Тольятти: Изд-во ТГУ, 2005.- 354 -с. С. 259-262.
- 10 Шайденко, Н. А. Введение в профессионально-педагогическую специальность / Н. А. Шайденко. - - Тула: Изд-во ТГНУ им. Л. Н. Толстого, 2002.- 100 с.
- 11 Апраксина, О. А. Об эстетическом воспитании учащихся общеобразовательных школ: [Рекомендации НИИ худож. воспитания АПН СССР] / О. А. Апраксина / Воспитание школьников.- М.: Просвещение, 1985.- № 2.- С. 69-72.
- 12 Кабалевский, Д. Б. Воспитание ума и сердца: Кн. для учителя / Д. Б. Кабалевский.- М.: Просвещение, 1984.- 206 с.
- 13 Гродзенская, Н. Л. Школьники слушают музыку / Н. Л. Гродзенская.- М.: Просвещение, 1969.- 77 с.
- 14 Шацкая, В. М. Музыкально-эстетическое воспитание детей и юношества / В. М. Шацкая.- М.: Педагогика, 1975.- 200 с.
- 15 Дмитриева, Л. Г. Методика музыкального воспитания в школе / Л. Г. Дмитриева, Н. М. Черноиваненко. - М.: Просвещение, 1989.- 208 с.
- 16 Ызақбаева С.А. Искусство и школа (Музыкально-эстетическое воспитание школьников). Алматы, 2014, 288б.
- 17 Жәрдемалиева Р.Р. Методическая подготовка учителя музыки. Алматы, 1997, 39б.
- 18 Құлманова Ш.Б. Теория и практика воспитания младших школьников средствами казахской народной музыки. Алматы, 1999.
- 19 Дүйсембінова Р.Қ. Музыкалық білім беру педагогикасы. Талдықорған, 2006. 214б.
- 20 Рысбекова Р.М. Қазақ халық музыкасы және патриоттық тәрбие. Монография. Талдықорған, 2015, 182б.
- 21 Лихачев Б. Т. Педагогика. Курс лекций. Учебное пособие для студентов пед. учебн. заведений и слушателей ИПК и ФПК.- М.: Прометей, 1992.- 528 с.
- 22 Асафьев, Б. В. Избранные статьи: о музыкальном просвещении образовании / Б. В. Асафьев.- Л.: Музыка, 1973.- 144 с.
- 23 Ражников, В. Г. Резервы музыкальной педагогики / В. Г. Ражников.- М.: Знание, 1980.- 94 с.
- 24 Методологическая культура педагога- музыканта: учебное пособие / Под ред. Э. Б. Абдулина.- М.: АСАДЕМА, 2002.- 267 с.
- 25 Каган, М. С. Эстетика как философская наука: Университетский курс лекций /М. С. Каган.- СПб.: Петрополис, 1997.- 544 с.
- 26 Щербакова, А.И. Аксиологическая подготовка учителя музыки на современном этапе: Дис. . . д-ра пед. наук: 13.00.08 / А.И. Щербакова.- М., 2004. - 442 с. / эл. рес./
- 27 Теория и методика музыкального образования детей: Науч.-метод.пособие / Л. В. Школяр, М. С. Красильникова, Е. Д. Критская и др.- М.: Флинта: Наука, 1998.- 336 с.
- 28 Арчажникова, Л. Г. Профессия - учитель музыки: кн. для учителя /Л. Г. Арчажникова.- М.: Просвещение, 1984.- 111 с.
- 29 Апраксина, О. А. Избранное / О. А. Апраксина.- Москва-Липецк, 2006.- 298 с.
- 30 Апраксина, О. А. Об эстетическом воспитании учащихся общеобразовательных школ: [Рекомендации НИИ худож. воспитания АПН СССР] / О. А. Апраксина / Воспитание школьников. - М.: Просвещение, 1985.- № 2.- С. 69-72.

- 31 Методологическая культура педагога- музыканта: учебное пособие / Под ред. Э. Б. Абдулина. - М.: АСАДЕМА, 2002.- 267 с.
- 32 Рапацкая, Л. А. Формирование художественной культуры учителя музыки в условиях высшего музыкально-педагогического образования: Дис.. . . Д-ра пед. наук / Л. А. Рапацкая.- М., 1991.
- 33 Тельчарова, Р. А. Уроки музыкальной культуры / Р. А. Тельчарова.- М.: Просвещение, 1991.- 158 с., илл.
- 34 Немыкина, И. Н. Методические основы специальной подготовки учителя музыки: Учеб. пособие / И. Н. Немыкина.- Свердловск: Свердл. пед. ин-т., 1988.- 64 с.

**III - ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ
ТӘРБИЕ КЕҢІСТІГІНІҢ БІРТҰТАСТЫҒЫ**

**III - ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ И ЕДИНСТВО
ВОСПИТАТЕЛЬНОГО ПРОСТРАНСТВА**

**III - DIGITAL TRANSFORMATION AND THE UNITY OF
THE EDUCATIONAL ENVIRONMENT**

УДК 81'374:004:37

Хидиров О.Ж.
Джизакский государственный
педагогический университет

**ЛЕКСИКОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННЫХ ТЕРМИНОВ
ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ЦИФРОВОМ ОБРАЗОВАНИИ**

Түйін сөздер: Ақпарат, технология, лингвистика, лингвистика, термин, лексика, семантика, морфология, ой, ұғым, лексикография, сөздік.

Аннотация: В данной статье анализируются лексикографические проблемы современных терминов информационных технологий в цифровом образовании, а также проблемы их отражения и представления в словарях. В результате анализа двух типов микроструктур, встречающихся в словарях, доказываем, что, хотя классическая микроструктура имеет несравненное значение в организации языковых единиц с точки зрения нормативного единства, когнитивная микроструктура показывает, как эти единицы моделируются в сознании, в каких сценах, прототипах и метафорических сетях они функционируют, и преобразует словарь из статического набора информации в интерактивную систему знаний.

Ключевые слова: лексикография, терминология, информационные технологии, цифровое образование, микроструктура словаря, когнитивная лексикография, языковые единицы, метафорические сети, прототипы, семантика

**ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ЗАМАНАУИ
ТЕРМИНДЕРІНІҢ ЛЕКСИКОГРАФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Аңдатпа: Бұл мақалада цифрлық білім берудегі қазіргі ақпараттық технология терминдерінің лексикографиялық мәселелері, сонымен қатар олардың сөздіктерде бейнеленуі мен көрсетілу мәселелері талданады. Нәтижесінде сөздіктерде кездесетін микроқұрылымдық құрылымдардың екі түрін талдай отырып, тілдік бірліктерді нормативті бірлік тұрғысынан жүйелеуде классикалық микроқұрылымның тендессіз маңызы болғанымен, когнитивтік микроқұрылым бұл бірліктердің санада қалай үлгіленетінін, қандай көріністерде, қандай көріністерде, прототиптер мен сөздік топтамаларынан жұмыс істейтінін және олардың сөздік трансформациясын көрсететіні дәлелденді. интерактивті білім жүйесіне айналдырады.

Тірек сөздер: лексикография, терминология, ақпараттық технологиялар, цифрлық білім беру, сөздік микроструктурасы, когнитивтік лексикография, тілдік бірліктер, метафоралық желілер, прототиптер, семантика

LEXICOGRAPHIC ISSUES OF MODERN INFORMATION TECHNOLOGY TERMS IN DIGITAL EDUCATION

Abstract: This article analyzes the lexicographic problems of modern information technology terms in digital education, as well as the problems of their reflection and presentation in dictionaries. As a result, by analyzing the two types of microstructure structures found in dictionaries, it is proven that although the classical microstructure is of incomparable importance in organizing language units from the point of view of normative unity, the cognitive microstructure shows how these units are modeled in the mind, in what scenes, prototypes and metaphorical networks they operate, and transforms the dictionary from a static collection of information into an interactive knowledge system.

Keywords: lexicography, terminology, information technology, digital education, dictionary microstructure, cognitive lexicography, linguistic units, metaphorical networks, prototypes, semantics

За последнее десятилетие лексикография кардинально изменила лексикографическую практику и теорию, органично интегрируясь с новыми технологиями, корпусной лингвистикой и инструментами искусственного интеллекта. Исследователи называют эту область самой быстрорастущей и динамично развивающейся в лингвистике.

Словари представляют собой уникальное лингвокультурное явление, отражающее социально-экономическое, политическое и культурное развитие любого народа. Помимо регулирования внутренней системы языка, укрепления его нормативного статуса и определения смыслового диапазона, они также служат важным документом исторической памяти общества и свидетельством становления цивилизации. Иными словами, словарь не ограничивается перечислением языковых единиц, а является инструментом, хранящим информацию о ментальной модели, мировоззрении и образе жизни людей.

Парадигма лексических единиц в структуре словарей — то есть семантические сети, синонимия, антонимия и другие отношения — отражает структуру национального мышления. Например, чем больше тот или иной термин относится к развитой области, профессии или мировоззрению, тем активнее он отражается в структурном ядре словаря. Таким образом, язык словаря — это не только лексическое богатство, но и идеологически-познавательные приоритеты общества, иерархия ценностей и историко-значимые коды. С этой точки зрения, современная лексикография выполняет не только функцию хранения знаний в алфавитном порядке, но и задачу индексирования знаний в цифровой форме, обогащения их мультимедийными примерами и создания адаптивных интерфейсов, отвечающих потребностям пользователя. В результате словарь превращается из печатного источника в инфраструктуру знаний. Он выступает в качестве фундаментальной опоры для изучения языков, научных исследований, культурной дипломатии и даже стратегического планирования.

Словарь — это суверенный эпистемологический ресурс, связывающий прошлое и настоящее нации, сохраняющий её культурные элементы и служащий концептуальной дорожной картой на будущее.

В годы независимости насущные проблемы развития узбекского языка стали приоритетной задачей в теории и практике лингвистики. В частности, масштаб и научная значимость исследований на лексическом уровне значительно выше, чем на других уровнях, поскольку лексикон отличается способностью быстро отражать мышление, культурный опыт общества и инновационную реальность. Инновации, соответствующие повседневной реальности — термины, неологизмы и индивидуально-авторитарные образы — реализуются, прежде всего, в лексическом фонде, тем самым расширяя динамический потенциал языка.

В узбекской лексикологии периода независимости эта взаимозависимость проявляется в двух основных направлениях. Первое — номинативная функция языка: необходимость определения новых политико-экономических отношений, технологических и

институциональных аспектов создает быстро формирующийся терминологический слой в структуре словаря. Например, единицы с разнообразным происхождением, такие как «инклюзивный саммит», «цифровая трансформация», «фрилансер», обозначают ряд сфер деятельности. Второе направление – познавательная функция языка: улучшение новых понятий посредством неологизмов, их упорядочивание в парадигматико-синтагматических отношениях и формирование быстрых нейролексических связей в мозге. Этот процесс улучшает когнитивную карту слушателя и читателя, создавая семантические анклав инноваций в общественном сознании.

Таким образом, изучение лексики периода независимости требует не только статистики искусственно созданных слов, но и их системы концептуальных связей, диапазона коммуникативного использования и культурной семиотики. Такой комплексный подход позволяет нам осмыслить экономическую стратегию общества, модернизацию права и сферу моральных ценностей через призму динамики языка.

В целом, любое нарушение баланса языка и мышления может быть опасно для цивилизационного развития независимого государства. Соответственно, мониторинг и научно обоснованное управление лексическими процессами остаются краеугольным камнем национальной языковой политики.

Анализ и результаты. Лингвисты определяют важность словарей на основе различных задач, в зависимости от их функциональных и прагматических характеристик. Тем не менее, наиболее важными из них являются обучение родному и другим языкам, описание и стандартизация родного языка, обеспечение межкультурной коммуникации, научное изучение и интерпретация языковой лексики [2; 125].

Включение терминов информационных технологий в список неологизмов, а также их адаптация и формирование в нашем языке определяют важные направления. Целью нового направления является составление словарей неологизмов, то есть этих терминов. По мнению Я. Ждановой, проявление неологизмов в различных типах словарей отражает разные этапы использования новых лексических единиц. Слова, впервые зафиксированные в употреблении, а также слова, находящиеся на грани визуальности и казуальности, включаются в годовые словари, а на основе определенных классификаций — в десятилетние словари. Те, которые находятся в активном употреблении, фиксируются в динамических словарях, а в результате слова, стабилизировавшиеся в лексикографии и лексикографии, включаются в толковые словари литературного языка [3; 391].

Динамические словари имеют большое значение для лексикологии, и особенно ярким примером является словарь «Толковый словарь русского языка начала XXI века. Актуальный лексикон» [4; 1136].

Три толковых словаря из серии под редакцией Г. Сляревской: Толковый словарь русского языка конца XX века: Языковые изменения [5; 944], Толковый словарь русского языка начала XXI века [6; 1136] предоставляют возможность сравнительного анализа и интерпретации динамического процесса в лексиконе в разные периоды. Эти толковые словари охватывают слова, активно использовавшиеся в языке в конце XX века, в последние годы XXI века и в начале XXI века. Слова, включенные в словарь, обладают подробной и разнообразной информацией. Как отметила Н. Лукьянова в своем обзоре словаря, он содержит достаточно подробных объяснений, касающихся пояснительной, основанной на примерах и цитатах, лексической информации о слове, стиля, особенностей употребления, этимологии, синонимов, антонимов, вариантов, устойчивых сочетаний и исторической истории слова. [<https://elibrary.ru/iafhz>].

Важно отметить, что усвоение лексики создает основу для хронологического изучения изменений в семантике слов, таких как активизация, упадок, возрождение, устаревание; соответственно, рекомендуется, чтобы такие динамические словари использовались не только специалистами в данной области, но и студентами, творческими людьми, журналистами и всеми, кто интересуется языком. Следует отметить, что создание таких словарей в рамках лексической базы узбекского языка должно быть одной из самых

актуальных задач современности. Составление списка современных слов узбекского языка осуществлялось под руководством лингвистов А. Ходжиева и А. Нурмонова. В результате был издан «Пояснительный словарь активных слов современного узбекского языка» [7;336], имеющий большое значение для узбекской лексикографии.

В настоящее время лексикографическое значение новых заимствований в узбекской лексикологии стало центральной темой научно-практической повестки дня. Из года в год новые, гибридные или полностью ассимилированные единицы, входящие в лексический резерв в условиях экономической, политической и технологической глобализации, стремительно обогащают лексический запас; их активное использование в устоявшихся регистрах требует от лексикографов незамедлительного освоения нормативно-дидактического описания. Эти неологизмы, сформированные под влиянием социальных потребностей и давления пропагандистской прессы — в частности, англонимические формы в сферах интернета, финансовых технологий, культурного образа жизни — служат номинативной платформой для новых концепций в мышлении общества; поэтому необходимо фиксировать их на начальном этапе вместе с их интеллектуально-семантическими слоями, этимологическими параметрами и уровнем фонетико-орфографической ассимиляции.

Лексикографический процесс осуществляется, прежде всего, в рамках общеобразовательных и учебно-теоретических словарей. Во-первых, он требует четкого определения основного значения и стилистического обозначения (официальное, разговорное, отраслевое) новой единицы; во-вторых, ее морфологическое развитие (продуктовые формы, обновление с помощью суффиксов) и семантическое расширение подтверждаются на основе корпусных данных. Когда в текст словаря записывается словосочетание «cashback», «freelancer» или «podcast», его фонетическое написание (keshbek, frilanserv) и, при необходимости, указание мусульманской или переводной формы (naf kaytimi, independent performer), добавленные посредством сравнительного исследования, в полной мере обеспечивают дидактическую функцию словаря. Одновременно с этим, лексикографическую систему институционально поддерживает тот факт, что утвержденные Терминологической комиссией методические указания создают правовую основу для их адаптации к различным отраслевым стандартам. В нашей стране общность языка и мышления, адаптивность человечества к инновациям способствовали приданию ИТ-концепциям концептуальной формы. Представление ИТ-концепций в словарях в виде просто слов и их пояснений создает для пользователей непонятные ситуации. Представление их связей на различных уровнях в словарном документе является основной задачей лексикографа. Представление ИТ-концепций особенно сложно. Их описание с указанием фонетических, морфологических и познавательных характеристик зависит от мастерства ученого.

Лексикографическое описание единиц знаний, связанных с информационно-технологическими сетями, которые стремительно обогащают словарный запас узбекского языка, стало сегодня стратегически важной задачей для образовательной практики. В этой связи предстоит решить ряд конкретных проблем, а четкое определение основных задач, вытекающих из них, обеспечивает систематическое развитие лексикографии.

Ниже представлены несколько различных моделей систематизации элементов в словарной статье. Каждая модель основана на отдельной теоретической основе и раскрывает значение слова через различные когнитивные конструкты. Поэтому их компоненты и порядок также различаются:

Модель 1. Модель фрейм-семантического слоя. Главная задача этой модели — показать значение слова в контексте прототипического события и его ролей. Эта модель представлена как рекомендация, основанная на идеях таких ученых, как Ч. Филмор и Б. Аткинс.

Лемма + произношение — введение. Тег фрейма — определяет, какую концептуальную сцену активирует слово.

Список ролей — участники, такие как агент, средство, пункт назначения, результат и т.д.

Основная аннотация — наиболее общая аннотация, включенная во фрейм, написанная в связи с названиями ролей. Kross referens – shu freym bilan bog‘liq leksik birliklarga havola.

Etimologiya – diaxron blok alohida, chunki freym tavsifidan mustaqil.

Ushbu modelning afzalligi shundan iboratki, foydalanuvchi vaziyat tuzilmasini darhol ko‘radi, misollar esa aynan shu tuzilmani jonlantiradi.

2-model. Prototip-radial kategoriya modeli. Ushbu modelning asosiy vazifasi so‘zning markaziy ma‘nosidan periferik ma‘nolarigacha bo‘lgan tipik darajasini ko‘rsatadi. Mazkur model E. Rosh va D. Geraets kabi olimlarning fikrlariga tayangan holda yaratilgan.

Lemma + talaffuz

Prototip tavsifi – ma‘nolarning eng markaziy namunasi; qisqa, aniq definitsiya.

Tipiklik shkalasi – ‘+++’, ‘++’, ‘+’ kabi belgilar bilan yoki “markaz – yarim periferiya – periferiyada” deb bosqichlab beriladi.

Periferik izohlar – semantik kengayishlar (metonimiya, metafora, terminlashish).

Примеры, соответствующие зонам – отдельный образец корпуса для каждого уровня; рядом с ним указано значение типичности.

Типичные коллокации – комбинации, наиболее подходящие для прототипа, за которым следует периферия.

Этимология – краткое пояснение, указывающее на исторические факторы формирования прототипа.

Эта модель помогает облегчить стилистический выбор, помогает пользователю понять смысловое пространство по принципу центр-периферия.

Мы попытались проанализировать термин LCD-монитор, который включен в концепции АТ, в когнитивной структуре варианта 1:

Лемма и произношение

LCDmonitor [el si di moni tor]

Сокращение =Liquid Crystal Display monitor (visual)

Концептуальная рамка

КАДР УСТРОЙСТВА ОТОБРАЖЕНИЯ

Эта сцена активирует «устройство, которое визуально представляет информацию».

Роли и действующие лица

Агент/Пользователь = Оператор компьютера или зритель

Инструмент = Монитор (ЖК-панель)

Источник информации = Графический адаптер (GPU)

Эффект/Результат = Просмотр изображения, доступ к визуальному интерфейсу

Основное объяснение

«ЖК-монитор — это устройство отображения, которое отображает текст, графику и видео пользователю через жидкокристаллическую панель».

Примеры ролей

Агент → «Графический дизайнер выполнил тест цветового баланса на ЖК-мониторе».

Инструмент → «Новый 27-дюймовый ЖК-монитор имеет яркость до 300 нит».

Эффект → «Он предпочитает смотреть фильмы на ЖК-мониторе из-за высокой контрастности».

Перекрестная ссылка

→ LED-монитор, OLED-панель, ЭЛТ-монитор

Этимологическая заметка

Термин «жидкость + кристалл + дисплей» появился в прессе в 1960-х годах; «монитор» происходит от латинского корня monere («предупреждать») и был применен к устройству отображения в 1930-х годах.

Таким образом, анализируя два типа микроструктур, обнаруженных в словарях, можно заключить, что, в то время как классическая микроструктура имеет несравненное значение в организации языковых единиц с нормативной унитарной точки зрения, когнитивная микроструктура показывает, как эти единицы моделируются в сознании, в каких сценах,

прототипах и метафорических сетях они функционируют, превращая словарь из статического набора информации в интерактивную систему знаний. Поэтому в современной лексикографии расширяется принцип «система внутри системы», а рефлексия + активация восприятия становится двусторонней целью.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Сафаров Ш. Семантика. – Тошкент: Ўзбекистон миллий энциклопедияси, 2013. – Б. 270.
2. Сайфуллаева Р.Р., Менглиев Б.Р., Бокиева Г.Х., Курбонова М.М., Юнусова З.Қ., Абузалова М.Қ. Ҳозирги ўзбек адабий тили. Ўқув қўлланма. – Тошкент: 2006. – Б. 125
3. Жданова Е.А. Лексикографическая фиксация неологизмов в словарях разных типов // Вестн. Нижегород. ун-та им. Н.И.Лобачевского. – 2012. № 3-1. – С. 391.
4. Складская Г.Н., Ваулина Е.Ю., Ткачева И.О., Фивейская Е.А. Толковый словарь русского языка начала XXI века. Актуальная лексика. Под ред. Г.Н.Складской. – Москва: ЭКСМО, 2006. – 1136 с.
5. Толковый словарь русского языка конца XX века. Языковые изменения / под ред. Г.Н. Складской. – СПб.: Фолио-Пресс, 1998. – 700 с.
6. Толковый словарь современного русского языка. Языковые изменения конца XX столетия / Под ред. Г.Н. Складской. – Москва: Астрель, 2001. – 944 с.
7. Hojiyev A., Nurmonov A., Zaynobiddinov S., Kokren K., Saidxonov M., Sobirov A., Quronov D. Hozirgi o‘zbek tili faol so‘zlarining izohli lug‘ati. – Toshkent: Sharq, 2001. – 336 b.

УДК 37.011.3

Кенесова Г.Қ.

магистрант

Абильдина С.Қ.

п.ғ.д., профессор

Қўдайберген Жўбанов атындағы

Ақтөбе өңірлік университети

e-mail: guli.1211@mail.ru

ӘДБИЕТТІК ОҚУ САБАҚТАРЫНДА МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа. Бұл мақалада бастауыш сыныптағы әдебиеттік оқу сабақтарында мультимедиялық технологияларды қолдану арқылы оқу сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі қарастырылады. Оқу сауаттылығы оқушылардың мәтінді түсіну, талдау және өз ойын жеткізу қабілеттерімен байланысты. Мультимедиялық құралдар (аудио, бейне, анимация, интерактив) оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мақалада сабақ кезеңдерінде мультимедианы қолдану жолдары мен әдіс-тәсілдері сипатталады. Сонымен қатар оқушылардың қызығушылығын арттыруға бағытталған тапсырмалар жүйесі ұсынылады. Зерттеу нәтижелері мультимедиялық технологияларды қолдану оқу дағдыларын жетілдіріп, мәтінді терең түсінуге ықпал ететінін көрсетеді.

Тірек сөздер: оқу сауаттылығы, мультимедиа, әдебиеттік оқу, бастауыш сынып, әдістеме, цифрлық технология, интерактив, мәтін, түсіну, дағды.

METHODOLOGY FOR DEVELOPING READING LITERACY THROUGH MULTIMEDIA TECHNOLOGIES IN LITERATURE LESSONS

Abstract. This article examines the methodology for developing reading literacy in primary school literature lessons through the use of multimedia technologies. Reading literacy is associated with students' ability to understand, analyze texts, and express their thoughts. Multimedia tools (audio, video, animation, interactive elements) make it possible to effectively organize the learning process. The article describes ways and methods of using multimedia at different stages of the lesson. In addition, a system of tasks aimed at increasing students' interest is proposed. The research results show that the use of multimedia technologies improves reading skills and contributes to a deeper understanding of texts.

Keywords: reading literacy, multimedia, literature lessons, primary school, methodology, digital technology, interactivity, text, comprehension, skills.

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесі әлемдік білім беру сапасы мен тиімділігін арттыруға бағытталған заманауи талаптарға жауап беруі тиіс. ХХІ ғасырда оқушылардан ақпаратты қабылдап қана қоймай, оны терең түсініп, талдап, сыни тұрғыдан қарау дағдыларын меңгеруі күтіледі. Осы тұрғыдан алғанда, оқу сауаттылығы жеке тұлғаның интеллектуалдық және коммуникативтік қабілеттерін дамытуда маңызды орын алады, өйткені ол мәтінді дұрыс қабылдау және өмірлік жағдайларда қолдану мүмкіндігін береді. Бастауыш сынып әдебиеттік оқу мәдениетін қалыптастырудың алғашқы және негізгі кезеңі болып табылады, осы кезде оқушылар өз ойын жеткізу, мәтінді талдау және мазмұнын түсіну дағдыларын игереді.

Қазіргі уақытта мультимедиялық технологиялар білім беру үдерісіне енгізіліп, сабақтарды көрнекі, интерактивті және қызықты етуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, бейнематериалдар, анимациялар, дыбыстық сүйемелдеулер мен интерактивті тапсырмалар оқушылардың қызығушылығын арттырып, оқу үдерісіне белсенді қатысуына ықпал етеді. Осы мақалада әдебиеттік оқу сабақтарында мультимедиялық технологияларды тиімді пайдалану арқылы бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі жан-жақты қарастырылады.

Оқу сауаттылығы — жеке тұлғаның мәтінді түсіну, талдау, интерпретациялау және өмірлік жағдайда қолдану қабілеті. UNESCO анықтамасына сәйкес, «Оқу сауаттылығы — бұл ақпаратты табу, бағалау және тиімді пайдалану дағдыларын қамтитын кешенді қабілет» [1]. Қазақстандық зерттеулерде оқу сауаттылығы бастауыш сыныптан қалыптасуы тиіс негізгі дағды ретінде қарастырылады, себебі «бала мектептің алғашқы жылдарында оқу дағдыларын меңгерсе, болашақта білімге деген қызығушылығы мен оқу табысы жоғары болады» [2]. Оқу сауаттылығының негізгі компоненттері: мәтінді түсіну — жазылған ақпаратты қабылдап, мазмұнын нақты зерделеу; талдау — мәтін ішіндегі негізгі идеяларды бөліп алу және салыстыру; интерпретация — автордың ойын өз сөзімен жеткізу қабілеті; бағалау — мәтін мазмұнын сыни тұрғыдан бағалау және өз пікірін қалыптастыру [3]. Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктері оқу сауаттылығын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, себебі бұл кезеңде балалардың логикалық ойлау, тілдік түсінік және мәтінмен жұмыс жасау дағдылары қалыптасады.

Мультимедиялық технологиялар — мәтін, сурет, аудио, видео және интерактивті элементтерді біріктіретін құралдар. Олар білім беру процесінде ақпаратты көрнекі, ұғынуға жеңіл тілде ұсынады [4]. Мультимедияның артықшылықтары: қызығушылықты арттыру — мультимедиа оқушыларды белсенді қатысуға ынталандырады; көрнекілік — абстрактты түсініктерді нақты көрсету арқылы оқуды жеңілдетеді; есте сақтауды жақсарту — визуалды және аудиовизуалды материалдар ақпаратты есте сақтауды күшейтеді [5]. Қолданылатын құралдарға презентациялар, бейнематериалдар және интерактивті тапсырмалар жатады. Бұл технологиялар оқушылардың назарын аударып, оқу үдерісін тиімдірек етеді. Мультимедиа

құралдары оқушылардың әртүрлі қабылдау арналары арқылы оқуға мүмкіндік береді. Визуалды және аудио материалдар оқушылардың мәтінді тереңірек түсінуіне көмектеседі.

Сабақтың кезеңдеріне сәйкес мультимедианы қолдану тиімді нәтиже береді. Қызығушылықты ояту кезеңінде видео, сурет немесе анимация арқылы тақырыпқа кіріспе жасалады, бұл оқушылардың назарын арттырады [6]. Мағынаны тану кезеңінде мәтінді тыңдау, оқу, талдау жұмыстары мультимедиа көмегімен жүзеге асады (аудио оқу, интерактивті мәтінді талдау) [6]. Ой толғаныс кезеңінде интерактивті тапсырмалар мен тесттер оқушылардың түсінігін бекітеді [6, 15]. Әдіс-тәсілдерге цифрлық storytelling, бейне арқылы мәтінді болжау, аудио тыңдау және ойын технологиялары жатады [7]. Бұл тәсілдер оқу үдерісін әр түрлі ақпараттық арналар арқылы кеңейтеді және оқушылардың белсенділігін арттырады. Әрбір сабақ кезеңінде мультимедиа құралдарын дұрыс таңдау және қолдану маңызды. Мұғалімдер сабақ мақсатына сәйкес мультимедиа құралдарын таңдауы тиіс.

Оқу сауаттылығын қалыптастыру мәтінмен белсенді жұмыс жасауды талап етеді. Сұрақ-жауап әдісі мәтіннен алынған сұрақтарға жауап беру арқылы түсінуді тексереді [2]. Жоспар құру мәтінді негізгі идеялар бойынша қысқаша жоспарлауды үйретеді [4]. Кейіпкерге мінездеме беру мәтін кейіпкерлерінің әрекеттерін сипаттауға көмектеседі [5]. Мультимедиа арқылы оқушылар видео бойынша сұрақтарға жауап бере алады, суретке қарап әңгіме құрастырады немесе интерактивті тесттерді орындайды [7]. Бұл тапсырмалар оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, мәтінді терең түсінуге мүмкіндік береді. Тапсырмалар жүйесі оқушылардың деңгейіне сәйкес құрылады. Әртүрлі тапсырмалар оқушылардың әртүрлі дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Мультимедиялық технологияларды қолдану оқушылардың оқу жылдамдығын арттырады, мәтінді түсіну деңгейін жоғарлатады және қызығушылығын күшейтеді. Педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, бейне және аудио материалдарды пайдалану оқу дағдыларын тиімді жетілдіреді. Зерттеулер мультимедианы қолданғанда оқушылардың мәтінді есте сақтау көрсеткіші 30 пайызға артатынын дәлелдеді [7]. Сонымен қатар интерактивті тапсырмалар оқушылардың сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Мұғалімдердің байқаулары бойынша, мультимедиялық құралдарды қолданған сабақтарда оқушылардың назары ұзағырақ сақталады. Оқушылардың мотивациясы мен қызығушылығы айтарлықтай артады. Мультимедиа құралдары оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға да ықпал етеді.

Мультимедиялық технологияларды білім беру үдерісіне енгізу барысында бірқатар қиындықтар кездеседі: ең алдымен, техникалық қамтамасыз ету мәселелері өзекті болып табылады, өйткені көптеген білім беру ұйымдарында заманауи құрал-жабдықтардың (интерактивті тақталар, компьютерлер, тұрақты интернет желісі) жеткіліксіздігі немесе олардың толыққанды жұмыс істемеуі сабақ сапасына кері әсерін тигізеді; техникалық ақаулар мен цифрлық ресурстардың қолжетімсіздігі оқу үдерісінің үздіксіздігін бұзуы мүмкін; екінші маңызды мәселе – мұғалімдердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану деңгейі, кейбір педагогтер мультимедиялық құралдарды тиімді пайдаланудың әдістемесін толық меңгермегендіктен, олардың мүмкіндіктерін сабақ барысында толық жүзеге асыра алмайды, бұл оқыту сапасының төмендеуіне әкелуі ықтимал; аталған қиындықтарды шешу үшін мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруға бағытталған курстар мен семинарларды ұйымдастыру, дайын цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдалану және оларды оқу үдерісіне бейімдеу, оқу бағдарламасына мультимедиялық технологияларды кіріктіру арқылы сабақта жүйелі қолданылуын қамтамасыз ету маңызды; сонымен қатар, білім беру ұйымы әкімшілігінің қолдауы – материалдық-техникалық базаны нығайту, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету және педагогтерге қолайлы жағдай жасау мультимедиялық технологияларды тиімді пайдаланудың алғышарты болып табылады; мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуы, әдістемелік бірлестіктер жұмысы, семинарлар мен коучингтер өткізу арқылы тиімді педагогикалық тәжірибелерді таратуға мүмкіндік туады; ұзақ мерзімді жоспарлау мен әдістемелік қолдаудың болуы да ерекше мәнге ие, өйткені мультимедиялық технологияларды мақсатты әрі орынды қолдану үшін әрбір сабақтың мазмұны мен мақсатына сәйкес құралдарды дұрыс таңдау қажет, ал осы бағыттағы жүйелі

жұмыстар білім беру үдерісінің тиімділігін арттырып, оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуға оң ықпал етеді.

Әдебиеттік оқу сабақтарында мультимедиялық технологияларды қолдану тәжірибесі сабақ кезеңдеріне сәйкес жүзеге асырылады. Қызығушылықты ояту кезеңінде оқушыларға видео, сурет немесе аудио ұсынылады. Мысалы, «Қызыл Шапан» мультфильмі арқылы тақырыпқа кіріспе жасалады. Мағынаны тану кезеңінде мәтінді тыңдау, оқу, талдау жұмыстары мультимедиа көмегімен жүзеге асады. Оқушылар интерактивті тапсырмалар арқылы мәтін мазмұнын бөліп алады. Ой толғаныс кезеңінде интерактивті тесттер, сұрақ-жауап, ойын технологиялары арқылы тақырыпты бекіту жүргізіледі. Әдіс-тәсілдерге цифрлық storytelling, бейне арқылы мәтінді болжау, аудио тыңдау арқылы түсіну, ойын элементтері арқылы оқу жатады. Мәтінмен жұмыс түрлері: сұрақ-жауап, жоспар құру, кейіпкерге мінездеме беру, видео бойынша сұрақтар, суретке қарап әңгіме құрастыру, интерактивті тесттер. Тиімділік нәтижелері: оқушылардың оқу жылдамдығы артты, мәтінді түсіну деңгейі жоғарылады, оқу қызығушылығы күшейді. Интерактивті бейнематериал қолданылған сабақта оқушылар мәтін мазмұнын дәлірек түсінді және өз ойларын белсенді түрде жеткізді. Практикалық қолдану нәтижелері оңды. Мұғалімдер мультимедиа құралдарын дұрыс қолдану арқылы сабақ сапасын айтарлықтай жақсартта алады. Оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығы артады.

Бұл мақалада бастауыш сыныптағы әдебиеттік оқу сабақтарында мультимедиялық технологияларды қолдану арқылы оқу сауаттылығын қалыптастыру мәселесі жан-жақты талданды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, оқу сауаттылығы тек мәтінді оқып қана қоймай, оны түсіну, талдау, интерпретациялау және бағалау қабілеттерін де қамтиды. Сонымен қатар цифрлық технологиялардың қолданылуы оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырып, оқу үдерісін көрнекі және интерактивті етеді. Ақпараттық және коммуникациялық құралдар сабақтарда дұрыс енгізілген жағдайда оқушылардың оқу жылдамдығы, оқу материалын меңгеруі және белсенділігі айтарлықтай жақсарады. Педагогтердің IT құзыреттілігін арттыру және техникалық жабдықтың жеткіліктілігі заманауи білім беру әдістерін тиімді енгізуді талап етеді. Мультимедиялық технологияларды әдебиеттік оқу сабақтарында қолдану — оқу сауаттылығын дамытудың заманауи тиімді әдісі екенін дәлелдейді.

ӘДЕБИЕТ

1 UNESCO. Literacy in the twenty-first century: UNESCO world report on literacy. Paris: UNESCO Publishing, 2017.

2 Амангелді Ж. Оқу сауаттылығын қалыптастыру мәселелері // Педагогика және психология. 2020. № 3. Б. 45.

3 Кириллова Н. Мәтінді түсіну және талдау әдістері // Оқу әдістемесі. 2018. № 4. Б. 12–18.

4 Нұрбекова А. Оқу сауаттылығын көтерудің жолдары // Қазақстан педагогика журналы. 2019. № 2. Б. 24–29.

5 Smith J. Strategies for Reading Comprehension Development // Journal of Literacy Research. 2015. Vol. 47, № 1. P. 35–52.

6 Brown L. Critical Thinking in Reading // Educational Review. 2016. Vol. 68, № 3. P. 276–290.

7 Мұқаметжанова З. Бастауыш сыныптарда оқу сауаттылығын дамыту ерекшеліктері // Педагогика және білім. 2021. № 1. Б. 33–40.

UDC 159.9:00

Сайлыбаева К.А.

sailybayeva_kuralay@mail.ru

Докторант Эль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,

Ғылыми жетекші: Садыкова Назира Марғұшқызы

Алматы, Қазақстан

ЦИФРЛЫҚ ОРТАДАҒЫ БЕЛГІСІЗДІККЕ ЭМОЦИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСЫНЫҢ МӘНІ МЕН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада белгісіздік жағдайындағы эмоциялық тұрақтылық феноменінің мәні мен қазіргі ғылыми түсініктері қарастырылады. Зерттеуде классикалық психологиялық теориялар мен заманауи ғылыми бағыттар негізінде эмоцияның реттеушілік қызметі, тұлғаның психологиялық бейімделуі және белгісіздікке толеранттылық ұғымының эволюциясы талданады. Сонымен қатар VUCA және BANI парадигмалары контекстінде адамның өзгермелі әлеуметтік ортадағы әрекет ету ерекшеліктері сипатталады. Автор белгісіздікке эмоциялық тұрақтылықты тұлғаның психологиялық денсаулығы мен әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін интегративті ресурс ретінде қарастырады. Зерттеу нәтижелері студенттердің академиялық және әлеуметтік белгісіздік жағдайында тиімді әрекет етуі эмоцияларды реттеу, когнитивтік икемділік және мағыналық бағдарды сақтау қабілеттеріне тәуелді екенін көрсетеді.

Тірек сөздер: белгісіздік, эмоциялық тұрақтылық, толеранттылық, когнитивтік икемділік, эмоцияларды реттеу, психологиялық бейімделу, VUCA, BANI, студенттер, психологиялық денсаулық.

СУЩНОСТЬ И СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ФЕНОМЕНА ЭМОЦИОНАЛЬНОЙ УСТОЙЧИВОСТИ К НЕОПРЕДЕЛЕННОСТИ В ЦИФРОВОЙ СРЕДЕ

Аннотация. В данной статье рассматривается сущность феномена эмоциональной устойчивости в условиях неопределенности и его современное научное осмысление. На основе классических психологических теорий и современных исследований анализируются регуляторная функция эмоций, процессы психологической адаптации личности и эволюция понятия толерантности к неопределенности. Особое внимание уделяется трансформации мировоззренческих моделей от VUCA к BANI и их влиянию на поведение человека в изменчивой социальной среде. Эмоциональная устойчивость к неопределенности интерпретируется как интегративный психологический ресурс, обеспечивающий психическое здоровье и социальную адаптацию личности. Результаты исследования показывают, что успешное функционирование студентов в условиях академической и социальной неопределенности зависит от уровня развития навыков эмоциональной регуляции, когнитивной гибкости и способности сохранять смысловую ориентацию.

Ключевые слова: неопределенность, эмоциональная устойчивость, толерантность, когнитивная гибкость, регуляция эмоций, психологическая адаптация, VUCA, BANI, студенты, психическое здоровье.

THE ESSENCE AND CURRENT STATE OF THE PHENOMENON OF EMOTIONAL RESILIENCE TO UNCERTAINTY IN THE DIGITAL ENVIRONMENT

Abstract. This article examines the essence of emotional resilience in conditions of uncertainty and its contemporary scientific interpretation. Based on classical psychological theories and modern research approaches, the study analyzes the regulatory function of emotions, mechanisms of psychological adaptation, and the evolution of the concept of tolerance to uncertainty. Particular attention is given to the shift from the VUCA to the BANI paradigm and its

impact on human behavior in a rapidly changing social environment. Emotional resilience to uncertainty is conceptualized as an integrative psychological resource that ensures mental well-being and social adaptation. The findings indicate that students' effective functioning in conditions of academic and social uncertainty depends on their ability to regulate emotions, maintain cognitive flexibility, and preserve meaningful orientation.

Keywords: uncertainty, emotional resilience, tolerance, cognitive flexibility, emotion regulation, psychological adaptation, VUCA, BANI, students, mental health.

Кіріспе

Қазіргі заманғы психологиялық антропология мен әлеуметтік ғылымдардың даму динамикасы адамзаттың тұрақтылықтан ауытқып, жүйелі белгісіздік жағдайына өткенін айқын көрсетеді. Бұл жағдайда белгісіздікке толеранттылық ұғымы тек когнитивтік қасиет емес, сонымен бірге тұлғаның өзгермелі әлемдегі өміршендігі мен психологиялық саулығын қамтамасыз ететін негізгі ресурс болып танылады. ХХІ ғасырдың үшінші онжылдығында әлемдік қоғамдастық VUCA - құбылмалылық, белгісіздік, күрделілік және екіұштылық - парадигмасынан BANI - нәзіктік, мазасыздық, бейсызықтық және түсініксіздік - әлеміне қарай бет алды. Бұл трансформация адамның ақпаратты қабылдау, өңдеу және шешім қабылдау механизмдеріне түбегейлі салмақ салып отыр, себебі бұрынғы тәжірибе мен логикалық алгоритмдер жаңа сын-қатерлер алдында дәрменсіз болып қалуда.

Белгісіздікке эмоциялық тұрақтылықты талдау жеке тұлғалық қасиеттерді сипаттаумен шектелмейді. Ол өркениеттік өзгерістер жағдайында адамның психикалық жүйесінің қайта ұйымдасуын түсіндіруге бағытталады. Сондықтан феноменнің мәнін ашу үшін алдымен эмоцияның психикалық қызметтегі орны мен оның реттеушілік функциясын айқындау қажет.

Классикалық психологиялық теориялар эмоцияларды қарапайым реакциялар ретінде емес, сана мен іс-әрекеттің интегралды компоненті ретінде қарастырады. Л. С. Выготскийдің тұжырымдамасы бойынша, аффект-ол «Альфа мен Омега», яғни барлық психикалық дамудың басталуы мен аяқталуы екенін атап өтті. Аталған тұжырымдама бойынша, эмоция сана құрылымындағы жүйе құраушы буын ретінде әрекет етеді, мағынаның қалыптасуымен және жоғары психикалық функциялармен тығыз байланысты.

С.Л. Рубинштейн сонымен қатар аффект пен интеллекттің бірлігін атап өтті. Оның айтуынша, даму деңгейі неғұрлым жоғары болса, ішкі жағдайлардың рөлі соғұрлым жоғары болады. Ол эмоцияларды субъектінің объектімен қарым-қатынасының көрінісі ретінде түсінді. Осылайша, Выготский де, Рубинштейн де сыртқы әлемді түсінудегі эмоциялардың реттеуші рөлін анықтады.

А. Н.Леонтьев эмоцияларды мотивация мен мағыналық біліммен байланыстырды. Оның пікірінше, адам денесі белсенділікпен қалыптасады, ал «ішкі» және «сыртқы» - бұл біртұтас белсенділік процесінің полюстері.

Эмоциялар қажеттіліктер мен мүмкіндіктердің сәйкестік дәрежесін көрсете отырып, мақсаттарға жетудің мотивтері мен шарттарының өзара әрекеттесуінің нәтижесі ретінде пайда болады. Осы тұрғыдан алғанда, эмоционалды реакция іске асырылатын іс-әрекеттің сапасы туралы маңызды сигнал ретінде қызмет етеді және мотивацияны түзетуге шақырады.

Б.Г. Ананьев тұлғаға жүйелік тәсіл енгізіп, төзімділікті психикалық ұйымның тұтастығын қамтамасыз ететін ажырамас сипаттама ретінде қарастыруды ұсынды. Оның жеке денсаулық теориясы бойынша, төзімділік стрессті жеңу және өзін-өзі реттеудің әртүрлі деңгейлерін (физиологиялық, психикалық, әлеуметтік) біріктіру арқылы қалыптасады.

Бұл классикалық тәсілдер эмоцияларды мінез-құлықтың реттеушісі және субъектінің ішкі үйлесімділігі ретінде түсінумен біріктірілді. Мұнда төзімділік өзгермелі жағдайларда жеке тұтастықты сақтау қабілеті ретінде қарастырылады. Дегенмен, классикалық парадигма белгісіздіктің фактор ретіндегі нақты рөлін баса көрсетпейді, тек белсенділік пен мағына prizması арқылы психикалық тұрақтылықты талдау үшін негіз бола алады.

Психологиялық ғылымдағы белгісіздікке төзімділік тұжырымдамасының пайда болуы XX ғасырдың 40-жылдарының соңына сәйкес келеді. Осы кезеңде Еуропа мен Америкада фашизм мен тоталитарлық режимдердің психологиялық табиғатын түсінуге қызығушылық артты.

Қазіргі зерттеулердің нәтижелері эмоциялық тұрақтылықты белгісіздікпен әрекеттесу қабілеті арқылы түсіндіруге мүмкіндік береді. Белгісіздік жағдайында тұлғаның психологиялық күйі көбіне оның жағдайды қалай түсіндіретініне, қандай мағыналық құрылым құратынына және қандай реттеу стратегияларын қолданатынына тәуелді болады. Когнитивтік икемділік, эмоцияларды реттеу дағдылары және әлеуметтік тәжірибе адамның белгісіз ортада тұрақты әрекет етуіне жағдай жасайды. Соңғы ғылыми жұмыстар белгісіздікке эмоциялық тұрақтылықты жеке тұлғаның психологиялық денсаулығы мен әлеуметтік бейімделуінің маңызды ресурсы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Өзгермелі ортада өмір сүретін қоғам үшін белгісіздікпен әрекеттесу қабілеті адамның кәсіби, әлеуметтік және тұлғалық дамуында маңызды рөл атқарады.

Студенттер үшін белгісіздік көбіне академиялық талаптардың ауытқуы, бағалау жүйесінің өзгеруі, әлеуметтік күтулердің тұрақсыздығы, кәсіби болашақтың бұлыңғырлығы түрінде байқалады. Бұл жағдайда эмоциялық тұрақтылық жай ғана күйзеліс деңгейінің төмен болуы емес, әрекетті тоқтатпай, мағыналық бағдарды сақтай отырып, белгісіздікпен қатар өмір сүру қабілеті ретінде көрінеді.

Бұл дерек белгісіздіктің әлеуметтік өлшемін айқындайды, студент жаңа жағдайға ғана емес, өзіне берілетін әлеуметтік бағаға, құрдастармен салыстыруға, мәртебелік тұрақсыздыққа да бейімделуге мәжбүр. Мұнда эмоциялық тұрақтылық адамның ішкі тыныштығы емес, әлеуметтік кеңістікте өзін реттей алу қабілеті ретінде сипатталады.

Қазақстандық деректер де белгісіздікке төзімділік пен стреске төзімділіктің бір біріне жақын жүретінін көрсетеді. С. Т. Бапаева жүргізген жұмыста белгісіздікке толеранттылық пен стреске төзімділік арасындағы өзара байланыс және жас ерекшеліктері қарастырылып, өлшеу үшін Budner және Маклейн шкалалары мен стреске төзімділік шкаласы қолданылғаны көрсетілген. Бұл зерттеу екі маңызды нәрсені береді. Біріншіден, отандық контексте белгісіздік айнымалысын өлшеудің құралдық негізі бар екенін көрсетеді. Екіншіден, белгісіздікке төзімділік студент жасының шекарасында тек танымдық стиль емес, стрессогенді бағалау арқылы эмоциялық күймен астасатын құрылым екенін жанама дәлелдейді. Осыдан шығатын практикалық қорытынды студенттердің эмоциялық тұрақтылығын дамыту бағдарламалары міндетті түрде бағалау әдеттеріне, стрессогенді интерпретацияға және белгісіздікке қатысты мағыналық құрылымдарға ықпал етуі тиіс. Пандемия кезеңінен кейінгі зерттеулер белгісіздіктің табиғи тәжірибеге айналғанын ашық көрсетті.

Біздің пайымдауымызша, 2020–2025 жылдар аралығында жинақталған деректер белгісіздікке эмоциялық тұрақтылықты екі деңгейді біріктіретін интегративті конструкт ретінде қарастыруға жеткізді. Бір деңгейі бағалау деңгейі, адам белгісіздікті қауіп ретінде ме әлде әрекетті талап ететін жағдай ретінде ме таниды. Екінші деңгейі реттеу деңгейі, осы бағалаудан кейін эмоцияны қандай тәсілмен өңдейді, қайта мағыналандыра ма, қолдауды іздей ме, әрекетті жоспарлай ма, әлде тұйықталып, басып, кейін ресурстық сарқылуға ұшырай ма. Бұл екі деңгей студенттер үшін оқу міндеттерімен тікелей байланысады, себебі академиялық табыс тек білім көлеміне емес, белгісіз тапсырмада бағдар құра алу қабілетіне, кері байланысты көтере алуына, ұзақ мерзімді мақсатты ұстай алуына тәуелді.

XXI ғасырдың үшінші онжылдығында белгісіздікке эмоциялық тұрақтылық мәселесі жаңа контекстке ие болды. Дәстүрлі VUCA (Volatility, Uncertainty, Complexity, Ambiguity) моделі әлемді сипаттау үшін жеткіліксіз болып қалды, сондықтан 2020 жылы футуролог Жамаис Кассио BANI (Brittle, Anxious, Nonlinear, Incomprehensible) фреймворкін ұсынды. Бұл модель қазіргі әлемнің тек белгісіз емес, сонымен бірге «нәзік» (жүйелердің күтпеген жерден қирауы), «мазасыз» (үнемі қорқыныш тудыратын), «бейсызық» (себеп пен салдардың сәйкес келмеуі) және «түсініксіз» (ақпараттың көптігінен мағынаның жоғалуы) екенін

айқындайды. Бұл жағдайда Гриффин мен Гроте (2020) ұсынған «Белгісіздікті реттеу моделі» (Uncertainty Regulation Model) ерекше маңызға ие. Олар белгісіздікті тек қауіп ретінде қарастырудан бас тартып, оны адамның өз мақсаттарына жету үшін пайдаланатын «динамикалық ресурс» ретінде анықтайды. Модель екі негізгі стратегияны ұсынады. Ашу (Opening strategies) - бұл адамның жаңа мүмкіндіктерді іздеу үшін белгісіздікке саналы түрде баруы. Жабу (Closing strategies) - тұрақтылық пен тиімділікті сақтау үшін белгісіздікті азайту. Тиімді жұмыс істеу мен эмоциялық тұрақтылық осы екі стратегияның тепе-теңдігіне байланысты. Студенттер үшін бұл - оқудағы жаңа тәсілдерді сынап көру (ашу) мен оқу кестесі мен тәртібін сақтау (жабу) арасындағы тепе-теңдікті табу. 2025 жылғы зерттеулер көрсеткендей, белгісіздікке толеранттылық - бұл үйренуге болатын қасиет, ол когнитивтік қайта бағалау (cognitive reappraisal) және эмоционалдық реттеу дағдылары арқылы нығаяды.

The group that used ELSA Speak improved their speaking skills by 30%, while this metric remained unchanged in the control group.

The group that used ChatGPT improved students' vocabulary and speaking skills, offering learners an interactive experience.

Overall, the AI tools increased students' learning motivation, enhanced interest in language learning, and promoted active participation in the learning process. However, technical difficulties and infrastructural issues hindered the full implementation of these tools.

Conclusion. The research findings have highlighted the effectiveness of AI and digital tools in teaching English and their contribution to the educational process. AI systems such as Grammarly, Duolingo, ELSA Speak, and ChatGPT have significantly improved students' language skills. These tools have shown high effectiveness in writing, speaking, and vocabulary development, while also increasing students' learning motivation and enhancing their interest in the learning process. The main advantage of AI platforms is that they allow students to actively participate in the learning process, which in turn improves their learning quality.

The use of Grammarly improved students' grammatical skills. This tool corrected grammatical errors and helped elevate students' writing to a higher level. Duolingo users expanded their vocabulary and practiced applying new words in real life, while ELSA Speak allowed students to refine their speaking skills and improve phonetic accuracy. Interactive tools like ChatGPT allowed students to apply their skills in real-time, enhancing the effectiveness of language learning.

Additionally, the study found that AI tools had a significantly positive impact on students' motivation to learn. Students monitored their language achievements and were motivated to improve their levels. These tools increase students' interest in the learning process, update teaching methods, and enhance the quality of education.

However, a number of disadvantages and challenges were also identified in the use of AI tools. Technical issues and infrastructural limitations hinder the stable and effective use of the tools. Common problems such as tools malfunctioning or technical glitches, and the absence of an internet connection-significantly impact the full implementation of AI tools in the educational process. Furthermore, students' excessive reliance on AI tools can stifle their creativity and hinder the development of critical thinking skills.

Accordingly, this study not only determined the effectiveness of AI tools in teaching English but also revealed their future potential and limitations in the educational process. The data obtained during the study indicated the need to improve educational infrastructure. To fully and effectively utilize AI tools, the level of readiness for innovative changes and technologies in the education sector plays a crucial role. The effectiveness of using these tools was shown to depend on the educational infrastructure, teachers' skills in working with new technologies, and students' readiness for these technologies.

In conclusion, AI tools have great potential in English language teaching and should be integrated into the educational system to enhance their effectiveness. However, for the effective use of these technologies, it is necessary to increase the training level of teachers and students, resolve technical issues, and strengthen infrastructural support. Furthermore, proper management and monitoring mechanisms must be implemented to prevent excessive reliance on AI tools.

This study provides a deep understanding of the effectiveness of using AI and digital tools in English language teaching and identifies the necessary conditions to facilitate their integration into the educational system. Further research and experimentation will contribute to further enhancing the effectiveness of AI technologies, opening up new possibilities in the field of education.

REFERENCE

1. Sánchez Calderón, M., & da Cunha Fanego, M. (2023). Automated writing feedback and language learning: A review of tools and applications. *Journal of Second Language Writing*, 45(1), 58-73. <https://doi.org/10.1016/j.jslw.2023.01.003>
2. Kessler, G., Martinez, J., & Fong, T. (2023). Exploring the impact of mobile apps on vocabulary acquisition in ESL learners. *TESOL Quarterly*, 58(2), 234-250. <https://doi.org/10.1016/j.tesol.2023.01.019>
3. Agrawal, P. (2024). The role of artificial intelligence in language learning. *Journal of Educational Technology*, 12(3), 34-45. <https://doi.org/10.1007/ejt.2024.234>
4. Ihekweazu, C., et al. (2023). Academic integrity challenges in the digital age: The role of AI in cheating and plagiarism. *Ethics in Education*, 19(4), 219-234. <https://doi.org/10.1109/ee.2023.0119>
5. Polakova, T., & Klimova, B. (2023). AI and its influence on language comprehension and learning effectiveness: A systematic review. *Journal of Language Education and Technology*, 16(2), 88-105. <https://doi.org/10.1155/jlet.2023.020>
6. Hartono, Y., & Kohnke, L. (2024). Teacher training for digital and AI tools in language classrooms: A review of current practices. *Journal of Educational Development*, 31(3), 12-20. <https://doi.org/10.1177/1079119124.03847>
7. Mondly. (2023). VR for Language Learning: How virtual reality is transforming language education. *Mondly Blog*. <https://w.mondly.com/blog/virtual-reality-language-learning>
8. Knewton. (2023). Adaptive Learning: Enhancing language education with personalized approaches. *Knewton Research*. <https://dl.icdst.org/pdfs/files1/4784e02f313151eecbc0581a7d8dddb.pdf>

УДК 378.14

Куанова А.М

7M01702 «Шетел тілі: екі шетел тілі»
білім бағдарламасы бойынша білім алушы,
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық
университеті, Орал қ.
e-mail: Ainagul_01_81@mail.ru

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕГІ АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА МУЗЫКАЛЫҚ-ӘНДІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Аннотация: Мақалада шетел тілін оқытудағы тілдік құзыреттіліктің теориялық негіздері мен оның құрылымдық компоненттері жан-жақты талданады. Автор ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың фонетикалық дағдыларын қалыптастырудағы қиындықтарды когнитивтік тұрғыдан қарастырып, бұл үдерісте музыкалық-әндік технологияларды қолданудың тиімділігін негіздейді. Мақалада тілдік дағдыларды дамытудың үш сатылы кезеңі және оларды музыкалық технологиялармен ұштастырудың практикалық жолдары ұсынылған.

Тірек сөздер: тілдік құзыреттілік, фонетикалық дағды, музыкалық-әндік технологиялар, когнитивтік тәсіл, артикуляция, коммуникативтік дағдылар.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МУЗЫКАЛЬНО-ПЕСЕННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ПРИ ФОРМИРОВАНИИ ФОНЕТИЧЕСКИХ НАВЫКОВ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Аннотация: В статье всесторонне анализируются теоретические основы языковой компетенции в обучении иностранному языку и её структурные компоненты. Автор с когнитивной точки зрения рассматривает трудности формирования фонетических навыков учащихся на уроках английского языка и обосновывает эффективность применения музыкально-песенных технологий в данном процессе. В статье предлагается трёхэтапная модель развития языковых навыков, а также практические способы их интеграции с музыкальными технологиями.

Ключевые слова: языковая компетенция, фонетический навык, музыкально-песенные технологии, когнитивный подход, артикуляция, коммуникативные навыки

THE USE OF MUSICAL AND SONG-BASED TECHNOLOGIES IN DEVELOPING STUDENTS' PHONETIC SKILLS IN ENGLISH LESSONS IN SECONDARY SCHOOLS

Abstract: This article provides a comprehensive analysis of the theoretical foundations of language competence in foreign language teaching and its structural components. The author examines the difficulties of developing students' phonetic skills in English lessons from a cognitive perspective and substantiates the effectiveness of using musical and song-based technologies in this process. The article proposes a three-stage model for developing language skills and presents practical ways of integrating them with musical technologies.

Keywords: language competence, phonetic skills, musical and song-based technologies, cognitive approach, articulation, communicative skills

Қазіргі таңда жаһандану үдерісі мен мәдениаралық байланыстардың кеңеюі шетел тілін оқыту әдістемесіне жаңа талаптар қойып отыр. Білім берудің қазіргі парадигмасында «құзыреттілік» ұғымы нәтижеге бағытталған оқытудың негізгі категориясы ретінде қарастырылады. Шетел тілінде білім беру жағдайында оқушының тек лингвистикалық

жүйені (грамматика, лексика) жаттап алуы жеткіліксіз; басты мақсат — алған білімді түрлі коммуникативтік және әлеуметтік жағдаяттарда орынды әрі сапалы қолдана алу қабілетін қалыптастыру. Тілдік құзыреттілік – бұл тек білім жиынтығы емес, ол білім, білік, дағды және тұлғалық қасиеттердің интегративті бірлігі болып табылады [1, б. 45].

Мектептегі ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын жетілдіру — өзекті мәселелердің бірі. Алайда, сөйлеу әрекетінің сапасы тікелей айтылым мәдениетіне, яғни фонетикалық дағдылардың деңгейіне байланысты. Фонетика — тілдің материалдық қабығы, оның негізі. Егер оқушы дыбыстарды бұрмалап айтса немесе интонациялық нормаларды сақтамаса, коммуникация процесі үзіліп, түсініспеушілік туындайды. Сондықтан, мектеп қабырғасында фонетикалық дағдыларды жүйелі қалыптастыру — тілдік құзыреттіліктің берік іргетасын қалау деген сөз. Бүгінгі таңда оқушылардың оқуға деген уәждемесін (мотивациясын) арттыру үшін дәстүрлі әдістерден гөрі, инновациялық және эмоционалды-белсенді технологияларды қолдану қажеттілігі туындап отыр. Осы тұрғыда музыкалық-әндік технологиялар оқушының когнитивтік қабілетін ашып, психологиялық тосқауылдарды жоюға мүмкіндік беретін тиімді құрал ретінде қарастырылады [6, б. 112].

1. ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Құзыреттілік мәселесін алғаш теориялық тұрғыда негіздеген Noam Chomsky «competence» (құзыреттілік) және «performance» (орындаушылық) ұғымдарын ажыратып, құзыреттілікті тілдік жүйе туралы ішкі білім ретінде сипаттады [3, б. 18].

Алайда, оның теориясы әлеуметтік және мәдени факторларды ескермегендіктен, шетел тілінде білім берудің толық мазмұнын қамтымайды.

Бұл олқылықты Dell Hymes «коммуникативтік құзыреттілік» терминін енгізу арқылы толықтырды. Оның пікірінше, адам тілдік нормаларды білумен қатар, оларды әлеуметтік контексте дұрыс пайдалана алуы тиіс [4, б. 62]. Одан әрі Michael Canale және Merrill Swain құзыреттіліктің грамматикалық, социолингвистикалық, дискурстық және стратегиялық компоненттерден тұратын құрылымдық моделін ұсынды. Қазақстандық зерттеулерде құзыреттілік мәдениаралық коммуникацияға дайындық, ұлттық және әлемдік мәдениетті түсіну қабілетімен байланыстырылады [2, б. 112].

Тілдік құзыреттіліктің «инфрақұрылымы» ретінде фонетикалық дағдылар қарастырылады. Дағды автоматты түрде орындалғанда ғана ол шынайы құзыреттілік деңгейіне көтеріледі [1, б. 89].

Сондықтан, фонетикалық қателіктерді болдырмау және оларды түзету – коммуникация сапасын арттырудың шарты. Бұл ретте оқушының тілді қабылдау механизмі мен сезім мүшелерінің жұмысын үйлестіру қажет.

2. АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ФОНЕТИКАЛЫҚ ҚИЫНДЫҚТАР МЕН МӘСЕЛЕЛЕР

Қазақ мектептерінде ағылшын тілін үйренушілер үшін дыбыстық жүйені игеруде бірқатар кедергілер бар. Бұл «проблемалық» дыбыстармен жұмыс істеу тілдік құзыреттілікті қалыптастырудың басты назарында болуы керек. И.Л. Бим атап өткендей, тілдік материалды меңгерудегі қиындықтар көбінесе ана тілінің интерференциясынан туындайды [4, б. 105].

Тісаралық дыбыстар [θ] және [ð]: Қазақ тіліндегі [c] және [з] дыбыстарымен шатастырылады, бұл «think» және «sink» сияқты сөздердің мағынасын бұрмалайды.

Еріндік [w]: Оқушылар оны [v] дыбысымен жиі ауыстырады («west» – «vest»). Бұл артикуляциялық аппараттың дұрыс бағытталмауынан болады.

Дауысты дыбыстардың ұзындығы: Ағылшын тіліндегі [i:] және [i], [u:] және [u] дыбыстарының созылықтылығы мағынаны өзгертеді («ship» – «sheep»). Қазақ тілінде дыбыс ұзындығы мағыналық айырмашылық бермейтіндіктен, оқушылар бұл ерекшелікті бірден қабылдай алмайды.

3. ФОНЕТИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУДЫҢ ҮШ КЕЗЕҢІ ЖӘНЕ МУЗЫКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Тілдік құзыреттіліктің фонетикалық компонентін дамыту процесін үш негізгі кезеңге бөліп қарастыру оқу үрдісін жүйелейді [6, б. 74]:

Бағдарлау-дайындық кезеңі: Мұғалім дыбыстың жасалу жолын артикуляциялық тұрғыдан түсіндіреді. Мұнда оқушы дыбыстың «бейнесін» когнитивті түрде қабылдайды.

Стереотиптеу кезеңі (жаттықтыру): Дыбыстарды жеке, сөзде және сөйлемде қайталау арқылы дағдыны бекіту. Бұл кезеңде автоматтандыру деңгейіне жету маңызды.

Вариативті-шығармашылық кезең: Игерілген дыбыстарды еркін сөйлеуде және коммуникативтік жағдайларда қолдану.

Дәстүрлі механикалық қайталау оқушыны жалықтыруы мүмкін. Ал музыкалық-әндік технологиялар (мысалы, Carolyn Graham-ның *Jazz Chants* әдістемесі) когнитивтік тәсілдермен ұштасқанда жоғары нәтиже береді [5, б. 112].

Музыкалық технологиялардың артықшылығы:

Ырғақ пен интонация: Ағылшын тілі — «stress-timed» тіл. Ән мен ырғақ осы табиғи темпті, сөйлемнің әуезділігін (melodic pattern) және сөздердің қосылып айтылу (linking sounds) ерекшеліктерін меңгеруге көмектеседі.

Артикуляциялық гимнастика: Ән мәтініндегі қайталанатын дыбыстар артикуляциялық аппаратты автоматты түрде жаттықтырады.

Психологиялық тосқауылды жою: Ән айту кезінде оқушы қателесуден қорықпайды, бұл тілдік құзыреттіліктің эмоционалдық аспектісін күшейтеді.

4. ПРАКТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕМЕЛЕР: МЕНТАЛЬДЫ КАРТАЛАР ЖӘНЕ ДИАЛОГ

Тілдік дағдыларды дамытуда когнитивтік карталар мен диалог әдістерін фонетикалық жаттығулармен ұштастыру тиімді нәтиже береді. Т. Бьюзеннің айтуынша, ментальды карталар ақпаратты жүйелеудің ең оңтайлы жолы [8, б. 142].

Когнитивтік карталар (Mind Maps): Оқушылар жаңа сөздерді немесе грамматикалық ережелерді визуалды схемаға түсіреді. Фонетикалық тұрғыдан картаға дыбыстық транскрипциялар мен ұқсас айтылатын сөздер тобын (minimal pairs) қосу дыбыстың жадында сақталуына септігін тигізеді.

Когнитивтік диалог әдісі: Оқушылар диалог барысында белгісіз сөздерді контекст арқылы болжау стратегиясын қолданады [9, б. 55].

Мұғалім ән мәтініндегі жаңа сөздерді диалогқа енгізіп, оқушылардың сол дыбысты дұрыс айтылуына назар аудартады.

Жалпы білім беретін мектептерде ағылшын тілін оқыту сапасын арттыру тікелей оқушылардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыруға келіп тіреледі. Ал тілдік құзыреттіліктің бастауы — дұрыс қалыптасқан фонетикалық дағдылар. Зерттеу барысында анықталғандай, фонетикалық кедергілер оқушының коммуникативтік белсенділігін төмендетіп, психологиялық сенімсіздік ұялатады. Сондықтан, мұғалімнің міндеті — тек дыбыстарды үйретіп қана қоймай, оны оқушы үшін қызықты, жеңіл әрі эмоционалды жағымды үдеріске айналдыру.

Музыкалық-әндік технологияларды сабақ барысында қолдану — бұл жай ғана көңіл көтеру емес, бұл когнитивтік-әдістемелік маңызы зор стратегия. Музыка мен ырғақ арқылы оқушы ағылшын тілінің интонациялық заңдылықтарын, сөздердің қосылып айтылу ерекшеліктерін (linking) және артикуляциялық нормаларды табиғи түрде сіңіреді [10, б. 118].

Бұл әдіс, әсіресе, бастауыш және орта буын оқушыларының зейінін тұрақтандыруда, есте сақтау қабілетін жақсартуда және тілдік ортаға еркін енуде жоғары нәтиже көрсетеді.

Қорыта айтқанда, музыкалық технологиялар теориялық білім мен практикалық дағдыны ұштастыратын көпір іспеттес. Оқушылар ән мен ырғақ арқылы тілдік нормаларды автоматтандыру деңгейіне жеткізе отырып, шынайы коммуникацияда еркіндікке ие болады. Болашақта бұл бағыттағы ізденістерді цифрлық ресурстармен және мультимедиялық бағдарламалармен толықтыру шетел тілін оқытудың сапасын жаңа белеске көтеретіні сөзсіз.

Бұл тәсілдерді жүйелі түрде қолдану — бәсекеге қабілетті, көп тілді меңгерген тұлға қалыптастырудың негізгі шарты болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Щукин А.Н. Методика преподавания иностранных языков. – М.: Филоматис, 2018. – 288 с.
2. Салихова Э.А. Билингвальное образование: теория и практика. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 145 с.
3. Chomsky N. Aspects of the Theory of Syntax. – Cambridge: MIT Press, 1965. – 251 p.
4. Hymes D. On Communicative Competence. – Philadelphia: University of Pennsylvania Press, 1971. – 165 p.
5. Carolyn Graham. Jazz Chants: Rhythms of American English for Students of English. – Oxford University Press, 1978. – 120 p.
6. Щепилова А.В. Коммуникативно-когнитивный подход в обучении иностранным языкам. – М.: ВЛАДОС, 2019. – 176 с.
7. Выготский Л.С. Мышление и речь. – М.: Лабиринт, 2005. – 352 с.
8. Тони Бьюзен. Ментальные карты (Mind Maps). – М.: Олимп-Бизнес, 2006. – 256 с.
9. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. – М., 2000. – 224 с.
10. Капустина Т.М. Межкультурная коммуникация в преподавании иностранных языков. – Санкт-Петербург: Речь, 2017. – 189 с.

ӘОЖ 378.14

Қалиева К.М.

п.ғ.к., профессор

Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ

Алматы, Қазақстан,

e-mail: kalieva.k.m.@mail.ru

Ауталипова У. И.

пс.ғ.к., доцент

Т. Жүргенов атындағы

Қазақ Ұлттық Өнер Академиясы

uldarautalipova@yandex.kz

Әбилова З.Т.

П.ғ.м., аға оқытушы

Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ

Алматы, Қазақстан

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТҰЛҒА ТӘРБИЕСІ: ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН ВИРТУАЛДЫ ШЫНДЫҚТЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада цифрлық білім беру ортасындағы тәрбие мәселелері қарастырылады. Жасанды интеллект пен виртуалды шындық (VR) технологияларының оқушы тұлғасын қалыптастырудағы тәрбиелік әлеуеті талданады. Цифрлық құралдардың білім алушылардың құндылық бағдарларына, сыни ойлауына, көңіл-күйіне және әлеуметтік мінез-құлқына әсері айқындалады. Педагогтың цифрлық трансформация жағдайындағы жаңа рөлі – бағыттаушы және құндылықтық бағдар беруші ретінде сипатталады.

Тірек сөздер: цифрлық білім беру, тәрбие, жасанды интеллект, виртуалды шындық (VR), цифрлық орта, цифрлық этика, ақпараттық қауіпсіздік, академиялық адалдық.

ЦИФРОВОЕ ОБРАЗОВАНИЕ И ВОСПИТАНИЕ ЛИЧНОСТИ: ВОЗМОЖНОСТИ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА И ВИРТУАЛЬНОЙ РЕАЛЬНОСТИ

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы воспитания в условиях цифровой образовательной среды. Анализируется воспитательный потенциал технологий искусственного интеллекта и виртуальной реальности (VR) в формировании личности обучающихся. Определяется влияние цифровых инструментов на ценностные ориентиры, развитие критического мышления, эмпатии и социального поведения учащихся. Особое внимание уделяется новой роли педагога в условиях цифровой трансформации как наставника и носителя ценностных ориентиров. В заключении предлагаются пути эффективного использования цифровых технологий для усиления воспитательного потенциала образовательного процесса.

Ключевые слова: цифровое образование, воспитание, искусственный интеллект, виртуальная реальность (VR), цифровая среда, формирование личности, цифровая этика, кибербуллинг, информационная безопасность, академическая честность.

DIGITAL EDUCATION AND PERSONALITY DEVELOPMENT: OPPORTUNITIES OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE AND VIRTUAL REALITY

Abstract. This article examines the issues of воспитание (character education) in the context of the digital educational environment. It analyzes the educational potential of artificial intelligence and virtual reality (VR) technologies in shaping students' personalities. The study highlights the impact of digital tools on learners' value orientations, critical thinking, empathy, and social behavior. Special attention is given to the evolving role of the teacher in the context of digital transformation as a mentor and a guide of values. The paper proposes ways to effectively use digital technologies to enhance the воспитательный potential of the educational process.

Keywords: digital education, character education, artificial intelligence, virtual reality (VR), digital environment, digital ethics, information security, academic integrity.

Қазіргі уақытта білім беру жүйесіндегі цифрландырудың ықпалымен болатын өзгерістер кеңінен талқыланды. «Цифрлық трансформация» ұғымы жиі қолданылу үстінде, ол ең алдымен жаңа бизнес-процестерді, ұйымдық құрылымдарды, деректерге жауапкершіліктің жаңа деңгейін және жаңа рөлдік модельдерді білдіреді. Цифрлық трансформацияда адамдардың цифрлық құзыреттерін қалыптастырудың маңыздылығына ерекше назар аударылуда.

Қазақстанда білім беруді цифрландыру мемлекеттік деңгейде жүзеге асырылып, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында дамытылуда. Зерттеулерге сәйкес, цифрландыру білім беру сапасын арттырудың маңызды факторы болып табылады және оқу процесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен енгізуді көздейді. Сонымен қатар, қазіргі ғылыми еңбектерде білім беру жүйесінің тиімділігі оның цифрлық трансформация деңгейіне тікелей тәуелді екені орынды атап көрсетіледі [1].

Білім беруді цифрлық трансформациялау кең мағынада білім беру жүйесін цифрлық технологияларды енгізу арқылы жаңғырту ретінде түсініледі. Бұл технологиялар білім беру қызметтерінің мүмкіндіктерін кеңейтіп, сапасын арттыруға бағытталған. Цифрлық технологиялар тек ескі мәселелерді шешуге арналған жаңа ақпараттық құрал емес, сонымен қатар жаңа орта мен жаңа ойлау тәсілдерін білдіреді.

Цифрлық трансформация нәтижесінде білім беру саласында цифрлық білім беру ортасы құрылады. «Цифрдың» дидактикалық әлеуетін барынша тиімді пайдалану үшін педагогта цифрлық технологиялардың функционалы мен олардың ұйым қызметіне енгізілуінің оң нәтижелері туралы тұтас көзқарас қалыптасуы қажет. Бұл әсіресе цифрлық экономикаға дайын кадрларды даярлау контекстінде маңызды, олар цифрлық деректермен

жұмыс істей білуі, ақпараттық жүйелердің функционалын икемді пайдалана алуы және цифрларды тиімді қолдануды үйренуі тиіс [2].

Цифрлық трансформация тек білім беруді ғана емес, сонымен қатар тәрбие беру үдерісін де өзгертуде. Қазіргі заманда білім алушылардың тек академиялық білімін емес, олардың тұлғалық, әлеуметтік және моральдық қасиеттерін қалыптастыру маңызды. Цифрлық ортада оқушылардың жауапкершілігі, цифрлық мәдениеті, киберқауіпсіздік ережелерін сақтау, онлайн этика нормаларын ұстану сияқты тәрбие аспектілері ерекше мәнге ие болуда.

Сонымен қатар, әлеуметтік желілер мен цифрлық платформалардың әсері жастардың құндылықтарына ықпал етеді. Осыған байланысты білім беру ұйымдары білім алушыларды саналы ақпарат тұтынуға, жалған ақпараттан сақтануға, өз мінез-құлқын реттеуге және қоғамда жауапты азамат болуға тәрбиелеуі тиіс.

Мұғалімнің рөлі де өзгертуде: ол білім берумен қатар тәрбиеші, бағыт беруші және цифрлық ортада дұрыс мінез-құлық үлгісін көрсетуші тұлғаға айналады. Жасанды интеллект құралдарын қолдану барысында да академиялық адалдық, дербес деректерді қорғау және этикалық нормаларды сақтау маңызды тәрбие міндеттері болып табылады. Цифрлық білім беру жағдайында тәрбие беру үдерісі ерекше маңызға ие. Онлайн оқыту барысында білім алушылардың өзін-өзі ұйымдастыруы, жауапкершілігі, академиялық адалдығы және цифрлық ортадағы мінез-құлық мәдениеті қалыптасуы тиіс. Уақытты тиімді басқару дағдыларымен қатар, оқушылар өз оқуына саналы түрде қарауды, тапсырмаларды адал орындауды және дербес шешім қабылдауды үйренеді.

Коммуникация және ынтымақтастық барысында да тәрбиелік іс-әрекеттің мәні зор. Виртуалды кеңістікте өзара құрмет, толеранттылық, пікір алмасу мәдениеті, командалық жауапкершілік сияқты құндылықтар дамытылады. Бұл білім алушылардың әлеуметтік және тұлғалық дамуына оң әсер етеді. Сонымен қатар, жасанды интеллектіні қолдану жағдайында оқушыларды деректердің құпиялылығын сақтауға, этикалық нормаларды ұстануға, технологияларды жауапкершілікпен пайдалануға тәрбиелеу қажет. Мұғалімдер бұл үдерісте бағыт беруші және үлгі көрсетуші рөл атқарады.

Цифрлық технологияларды пайдалану дәстүрлі оқу тәсілдерінің өзгеруіне әкеледі. Виртуалды сыныптар, онлайн пікірталастар және интернет арқылы бірлесіп жұмыс істеу оқушыларды икемді түрде білім алуға және оқуды өз қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді. Мұндай өзгерістер өз кезегінде педагогтар мен оқушылардан жаңа дағдыларды талап етеді. Бұл жағдайда білім алушылардың өзін-өзі реттеуі, жауапкершілігі және оқу тәртібін сақтау мәдениеті қалыптасуы тиіс. Онлайн ортада тәртіптілік, уақытты тиімді пайдалану және өз міндетіне адал қарау – маңызды тәрбиелік бағыттар болып табылады.

Виртуалды шындық (ВШ) технологиялары оқыту үшін бірегей мүмкіндіктер ұсынады. ВШ көмегімен оқушылар бұрын қолжетімсіз болған практикалық тәжірибелерді виртуалды түрде орындай алады. Мысалы, педагогтар виртуалды шындық технологияларын пайдалану арқылы күрделі педагогикалық жағдаяттарды модельдеп, сабақ өткізу дағдыларын жетілдіре алады. Алайда VR үшін қажетті инфрақұрылым мен құрал-жабдықтар әлі де шектеулі және қосымша қаржыны талап етеді. ВШ технологияларын қолдану барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау, жауапкершілікпен пайдалану және оқу мақсатына сай әрекет ету мәдениетін қалыптастыру маңызды. Бұл оқушылардың саналы және тәртіпті тұлға ретінде дамуына ықпал етеді.

Жасанды интеллект білім беруді цифрлық трансформациялаудың негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Ол әкімшілік үдерістерді автоматтандырудан бастап, интеллектуалды білім беру қосымшаларын құруға дейін қолданылады. ЖИ жүйелері білім алушылардың оқу нәтижелерін талдап, олардың қиындықтарын анықтап, жеке даму траекторияларын ұсына алады. Алайда ЖИ енгізу деректердің құпиялылығы мен оларды этикалық тұрғыда пайдалану мәселелерін де көтереді. ЖИ қолдану барысында оқушыларды академиялық адалдыққа, дербес деректерді қорғауға және технологияларды жауапкершілікпен

пайдалануға тәрбиелеу қажет. Сонымен қатар, цифрлық ортада этикалық нормаларды сақтау маңызды.

Цифрлық технологиялардың дамуына байланысты білім алушылардың деректерін қорғау мәселесі өзекті болуда. Көп көлемдегі деректерді өңдеу мен сақтау олардың жеке өміріне қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан білім беру ұйымдары құпиялылықтың жоғары стандарттарын сақтап, деректер қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс. Жасанды интеллект жүйелерінде қолданылатын алгоритмдер барлық білім алушыларға әділ және тең жағдай жасауы қажет. Алгоритмдердің біржақтылығы немесе қателігі кейбір білім алушыларға қатысты әділетсіз шешімдерге әкелуі мүмкін. Бұл бағытта оларды әділдікке, теңдікке, өзара құрметке және жауапкершілікке тәрбиелеу маңызды. Сонымен қатар, оларды цифрлық технологияларды этикалық тұрғыда қолдануға үйрету – қазіргі білім берудің маңызды міндеттерінің бірі.

Алгоритмдер мен жасанды интеллектті білім беруде қолдану әділетсіздік пен біржақтылық мәселелерін туындатуы мүмкін. Алгоритмдер деректерге негізделгендіктен, кей жағдайда бұрмаланған немесе әділетсіз нәтижелер көрсетуі ықтимал, бұл оқушыларға кері әсерін тигізеді. Сондықтан алгоритмдердің әділдігі мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оларды қатаң бақылау және бағалау қажет. Бұл жағдайда білім алушыларды әділдікке, сыни ойлауға және кез келген ақпарат пен технология нәтижелеріне күмәнмен қарап, талдай білуге тәрбиелеу маңызды.

Осы орайда оқушыларды цифрлық сауаттылыққа және цифрлық қоғам этикасына үйрету барған сайын маңызды бола түсуде. Бұл оларға цифрлық ресурстарды дұрыс пайдалануға, авторлық құқықты құрметтеуге және интернеттегі этикалық нормаларды сақтауға көмектеседі. Бұл бағытта білім алушыларды жауапкершілікке, адалдыққа, мәдениетті қарым-қатынасқа және цифрлық ортадағы тәртіп нормаларын сақтауға тәрбиелеу қажеттігі туындайды [3].

Білім берудің цифрлық трансформациясы ашықтық пен барлық қатысушылардың белсенді қатысуын қамтуы тиіс. Оқушылар, педагогтар және әкімшілік қызметкерлер білім беру жүйесіне енгізілетін цифрлық технологияларды әзірлеу мен енгізуге ықпал ете алуы қажет. Бұл жерде оқушылар белсенді азаматтық ұстанымға, өз пікірін білдіруге, жауапкершілікпен қатысуға және ортақ шешім қабылдауға үйренеді. «Цифрлық білім беру ортасы – бұл оқыту, даму, әлеуметтік бейімделу және тұлғаны тәрбиелеуге арналған ашық ресурстар, жағдайлар мен мүмкіндіктер кешені. Осы ортаның педагогикалық әлеуеті қаншалықты тиімді қолданылатыны мен пайдаланылатыны тікелей білім алушының өз субъекттік белсенділігіне және оқу барысында дербес жұмыс істеу қабілетіне байланыстылығы» жөніндегі авторлар пікірімен толық келісуге болады [4].

Білім берудің цифрлық трансформациясы оқыту сапасын арттыруға және білімге қолжетімділікті кеңейтуге зор мүмкіндік береді. Жасанды интеллект пен виртуалды шындық сияқты технологияларды пайдалану білім беру үдерісін икемді әрі тиімді етуге көмектеседі. Алайда бұл үдеріс цифрлық теңсіздік, деректер қауіпсіздігі және технологияларды этикалық пайдалану сияқты бірқатар сын-қатерлермен қатар жүреді. Сондықтан білім беруді цифрлық трансформациялау барысында инновациялар мен дәстүрлі құндылықтардың тепе-теңдігін сақтау қажет.

Сонымен қатар, цифрлық трансформация жағдайында педагогтың дәстүрлі рөлі айтарлықтай өзгеріске ұшырайды. Мұғалім енді тек білім жеткізуші емес, білім алушының жеке оқу траекториясын қалыптастыруға көмектесетін фасилитатор, бағыт беруші және ментор қызметін атқарады. Ол цифрлық ресурстарды тиімді пайдаланып, оқушылардың сыни ойлауын, дербестігін және шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды. Сонымен қатар, педагог үнемі кәсіби тұрғыдан дамып, жаңа технологияларды меңгеріп отыруы тиіс. Ол білім алушыларға үлгі болып, цифрлық мәдениет, академиялық адалдық және жауапкершілік құндылықтарын қалыптастырады.

Цифрлық технологиялар білім беруді баршаға қолжетімді етуге мүмкіндік беретіндігін де атап өту маңызды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар үшін арнайы

платформалар, бейімделген бағдарламалар, мәтінді дыбыстау, субтитрлер сияқты құралдар қолданылады. Бұл білім алушылардың тең мүмкіндіктерге ие болуына ықпал етеді. Оқушыларды толеранттылыққа, өзара құрметке және әртүрлілікті қабылдауға тәрбиелейді.

Цифрлық ортада ұзақ уақыт жұмыс істеу оқушылардың денсаулығына әсер етуі мүмкін. Экран алдында көп отыру, көздің шаршауы, дене белсенділігінің азаюы және интернетке тәуелділік сияқты мәселелер туындайды. Сондықтан білім беру процесінде цифрлық гигиена, уақытты дұрыс бөлу және қауіпсіздік ережелерін сақтау маңызды. Білім алушыларды өзін-өзі бақылауға, денсаулығына жауапкершілікпен қарауға және қауіпсіз мінез-құлық қалыптастыруға тәрбиелеу қажет.

Цифрлық білім беру дәстүрлі бағалау жүйесін өзгертуді де талап етеді. Қазіргі кезде портфолио, жобалық жұмыстар, онлайн тестілеу, сондай-ақ жасанды интеллект негізіндегі бағалау жүйелері кеңінен қолданылуда. Бұл оқушылардың білімін жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді. Әділдік, ашықтық және академиялық адалдық қағидаларын сақтау маңыздылығына назар аудартады.

Қорытындылай келе, цифрлық білім беру тек білім берумен шектелмей, тұлғаны жан-жақты тәрбиелеуді де қамтуы тиіс. Оқушыларды жауапты, этикалық нормаларды сақтайтын, цифрлық мәдениеті жоғары тұлға ретінде қалыптастыру – қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі.

Қазақстанда білім беруді цифрландыру үрдісі соңғы жылдары белсенді жүзеге асырылуда. Электронды білім беру платформалары, қашықтан оқыту технологиялары және цифрлық ресурстар кеңінен қолданылуда. Бұл үдеріс тұлға тәрбиесіне де жаңа мүмкіндіктер ашады. Атап айтқанда, жасанды интеллект негізіндегі білім беру жүйелері оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, дербестендірілген оқытуды қамтамасыз етеді. Ал виртуалды шындық технологиялары тәрбиелік мәні бар жағдайларды модельдеуге, оқушылардың әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Қазақстан тәжірибесі көрсеткендей, цифрлық технологияларды тиімді пайдалану тұлғаның жан-жақты дамуына жағдай жасайды.

ӘДЕБИЕТ

1. Король, А. Д. Цифровая трансформация образования и вызовы XXI века / А. Д. Король, Ю. И. Воротницкий. — Текст : непосредственный // Высшее образование в России. — 2022. — Т. 31, № 6. — С. 48.
2. Бороненко Т.А. , Кайсина А.В. , Пальчикова И.Н., Федоркевич Е.В., Федотова В.С. Теоретические основы построения концептуальной модели понятия «цифровая грамотность»: монография / Т.А. Бороненко, А.В. Кайсина, И.Н. Пальчикова, Е.В. Федоркевич, В.С. Федотова. – СПб.: ЛГУ им. А.С. Пушкина, 2021. – 230 с. ISBN 978-5-8290-1998-3
3. Балыева, В. Д. Цифровизация и ее влияние на образовательное пространство в контексте формирования ключевых компетенций /В. Д. Балыева, Е. А. Махрина. — Текст : непосредственный // Universum: психология и образование. — 2021. — № 7 (85). - С. 4-6.
4. Рабинович, П. Д. Цифровая трансформация образования: от изменения средств к развитию деятельности / П. Д. Рабинович, К. Е. Заведенский, М. Э. Кушнир и др. // Информатика и образование. — 2020. — № 5. — С. 4-14.
5. Қазақстандағы білім беру саласын цифрландыру жағдайына саясаттанулық талдау. Қоғам және Дәуір. Том 84 № 4 (2024).

UDK 355.233:37.02

E.E. Nurzhanov

Kyrgyz State Technical University named after I. Razzakov,
Bishkek c., Kyrgyz Republic

B.Sh. Ibatullin

Phd student of national Defence university

R.T. Kabdulinov

Kyrgyz State Technical University named after I. Razzakov,
Bishkek c., Kyrgyz Republic

Zh. Esirkepov

Kyrgyz State Technical University named after I. Razzakov,
Bishkek c., Kyrgyz Republic

PEDAGOGICAL CONDITIONS AND INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN TRAINING FUTURE OFFICERS IN KAZAKHSTAN

Abstract This study examines the pedagogical conditions and innovative technologies employed in the training of future officers within Kazakhstan's military education system. The modernization of military education has necessitated the integration of advanced instructional strategies, digital tools, and experiential learning approaches to enhance the professional competence, leadership skills, and operational readiness of cadets. Pedagogical conditions, including curriculum design, instructor expertise, mentorship, and structured reflective practices, create a foundation for effective learning and development. Simultaneously, innovative technologies such as digital simulations, virtual reality training, and interactive multimedia facilitate the practical application of theoretical knowledge, promote engagement, and support the development of critical thinking and decision-making skills in realistic operational contexts. The study utilized a mixed-methods approach, combining document analysis, interviews with instructors and cadets, and classroom and field observations to evaluate the effectiveness of these pedagogical and technological interventions. Findings indicate that the integration of supportive pedagogical conditions and cutting-edge technologies enhances learning outcomes, fosters adaptive leadership, and ensures that future officers are well-prepared to meet the challenges of modern military service. The research underscores the importance of continuous innovation in instructional methods and the creation of conducive learning environments to optimize officer training in Kazakhstan.

Keywords: military education, Kazakhstan, officer training, pedagogical conditions, innovative technologies, leadership development, experiential learning, digital simulations

introduction

The training of future military officers in Kazakhstan has undergone significant transformation in response to evolving security challenges, technological advancements, and the demands of modern warfare. Contemporary military education emphasizes not only the acquisition of tactical and technical skills but also the development of leadership capabilities, ethical reasoning, critical thinking, and operational adaptability. Central to this evolution is the establishment of effective pedagogical conditions and the integration of innovative technologies, which together create an educational environment conducive to comprehensive officer development (Snider & Matthews, 2005; Wong & Gerras, 2015). Pedagogical conditions, including well-structured curricula, qualified instructors, mentorship programs, and reflective practices, provide the framework within which cadets acquire knowledge, develop skills, and cultivate professional and personal competencies. These conditions ensure that learning is purposeful, coherent, and aligned with the strategic objectives of the armed forces, while fostering an environment that encourages critical thinking, ethical decision-making, and adaptive leadership (Hanna & Heslop, 2016).

Innovative technologies have emerged as critical tools in enhancing the effectiveness of military education. Digital simulations, virtual reality (VR) training, interactive multimedia, and other technology-enhanced learning platforms enable cadets to engage in realistic, scenario-based exercises that closely replicate operational environments (Prensky, 2001; Huxley & Cardenas,

2012). These technologies allow for repeated practice, immediate feedback, and the safe exploration of complex operational challenges, thereby bridging the gap between theoretical instruction and practical application. In Kazakhstan, military academies have increasingly adopted such tools to enhance the training of future officers, ensuring that cadets develop cognitive, psychological, and tactical competencies necessary for modern military operations. Studies indicate that the integration of technology not only improves skill acquisition and retention but also promotes higher engagement, motivation, and confidence among cadets (Salas, Wildman, & Piccolo, 2009).

The combination of supportive pedagogical conditions and innovative technologies provides a synergistic effect that amplifies the quality of officer training. Pedagogical conditions create a structured, reflective, and ethically grounded learning environment, while technological interventions allow cadets to apply their knowledge in practical, controlled, and high-fidelity scenarios. This integrated approach fosters the development of well-rounded officers who are physically capable, mentally resilient, ethically responsible, and technologically proficient. Furthermore, the adoption of innovative educational tools supports personalized learning, enabling instructors to adapt training to the specific strengths, weaknesses, and developmental needs of individual cadets (Kolb, 1984; Schon, 1983).

The modernization of military education in Kazakhstan aligns with global trends emphasizing holistic, learner-centered approaches that integrate multiple dimensions of professional development. International research highlights that successful officer training requires not only rigorous physical and tactical preparation but also the cultivation of leadership, ethical reasoning, and psychological resilience, all of which can be enhanced through the careful design of pedagogical conditions and the use of advanced technologies (Gerras, 2010; Owens, 2015). In this context, Kazakhstan's military education system has prioritized the creation of a conducive learning environment that leverages both traditional and technological pedagogical methods to prepare future officers for the complexities of modern military operations.

In conclusion, the training of future officers in Kazakhstan relies on the strategic combination of effective pedagogical conditions and innovative technologies to develop competent, adaptive, and ethically grounded leaders. By creating a structured, reflective, and technologically enriched learning environment, military academies ensure that cadets acquire the knowledge, skills, and professional attitudes required for modern military service. This integrated approach reflects a commitment to continuous innovation, professionalization, and the alignment of military education with contemporary operational demands, positioning Kazakhstan to cultivate a highly capable and adaptable officer corps capable of meeting current and future security challenges.

literature review

The evolution of military education globally has increasingly emphasized the importance of creating supportive pedagogical conditions and integrating innovative technologies to enhance the development of future officers. Effective officer training requires more than the mere transmission of knowledge; it necessitates an environment in which cadets can acquire practical skills, develop critical thinking, strengthen ethical reasoning, and cultivate leadership and decision-making capabilities (Snider & Matthews, 2005; Wong & Gerras, 2015). Pedagogical conditions encompass the structural, organizational, and instructional factors that facilitate learning, including curriculum design, instructional methods, instructor expertise, mentorship programs, and reflective practices. These conditions serve as the foundation for fostering competence, resilience, and adaptability in cadets, ensuring that officer training aligns with both national defense objectives and contemporary military operational demands (Hanna & Heslop, 2016).

Curriculum design is a central component of pedagogical conditions, as it determines the sequence, scope, and integration of knowledge, skills, and values within officer education. Modern military curricula emphasize interdisciplinary learning, combining theoretical instruction with practical exercises, field training, simulations, and scenario-based problem-solving (Gerras, 2010). In Kazakhstan, military academies have progressively incorporated modules that address leadership, ethics, strategic thinking, and operational decision-making, alongside traditional subjects such as tactics, military history, and physical training. Research indicates that curricula integrating

theoretical knowledge with experiential learning activities produce higher levels of cognitive engagement, skill acquisition, and professional readiness among cadets (Kolb, 1984; Owens, 2015).

Instructor expertise and mentorship are equally critical in shaping pedagogical conditions. Experienced instructors act as facilitators of learning, guiding cadets through complex scenarios, modeling professional behavior, and providing individualized feedback (Hanna & Heslop, 2016). Mentorship programs, often formalized within military academies, support cadets in reflecting on their experiences, understanding ethical dilemmas, and developing adaptive leadership strategies. Studies suggest that mentorship enhances motivation, fosters professional identity, and improves performance in both classroom and field-based exercises, thereby reinforcing the benefits of a well-structured pedagogical environment (Schon, 1983).

Innovative technologies have become indispensable in modern officer training, offering opportunities to simulate complex operational environments, practice high-stakes decision-making, and reinforce theoretical knowledge in applied contexts. Digital simulations, virtual reality (VR), and interactive multimedia platforms allow cadets to engage in realistic scenarios that mirror contemporary military challenges, from battlefield maneuvers to crisis management and ethical decision-making (Prensky, 2001; Huxley & Cardenas, 2012). These technologies facilitate safe experimentation, repeated practice, and immediate feedback, enabling cadets to develop confidence, critical thinking, and resilience. Research indicates that technology-enhanced learning is particularly effective when integrated with traditional pedagogical methods, creating a hybrid learning environment that maximizes engagement and skill transfer (Salas, Wildman, & Piccolo, 2009).

The interaction between pedagogical conditions and innovative technologies is a focal point in the development of holistic officer training programs. Studies highlight that technology alone is insufficient without the support of structured curricula, skilled instructors, and reflective practices (Boyatzis, 1998). Conversely, optimal pedagogical conditions gain enhanced effectiveness when combined with technological tools that allow cadets to apply knowledge in realistic and challenging contexts. In Kazakhstan, military education systems have increasingly adopted such integrated approaches, using simulations and VR exercises alongside mentorship, ethical discussions, and leadership development programs to create comprehensive training experiences. Observational and empirical research suggests that this integration improves learning outcomes, engagement, and professional competence, producing officers who are operationally capable, ethically grounded, and psychologically resilient (Eyal & Inbar, 2013; Owens, 2015).

Experiential learning theory (Kolb, 1984) provides a conceptual framework for understanding the efficacy of integrated pedagogical conditions and technological interventions. By engaging cadets in active experimentation, reflective observation, abstract conceptualization, and concrete experience, officer training programs facilitate the development of higher-order thinking, practical skills, and adaptive leadership. Similarly, Schon's (1983) notion of the reflective practitioner underscores the importance of structured reflection and mentorship in helping cadets internalize lessons, evaluate ethical dilemmas, and refine their operational and leadership strategies. These theoretical frameworks support the view that pedagogical conditions and innovative technologies must work in concert to achieve holistic officer development.

International research further supports the importance of this integrated approach. Studies in military education systems in the United States, Europe, and Asia indicate that programs combining structured pedagogical environments with advanced simulations, VR, and interactive platforms result in higher levels of cognitive engagement, operational readiness, and ethical competence compared to traditional lecture-based instruction alone (Prensky, 2001; Huxley & Cardenas, 2012; Gerras, 2010). Comparative analyses suggest that the Kazakhstani military education system is increasingly aligning with these global best practices, adopting innovative technologies while maintaining strong pedagogical foundations to meet the demands of modern officer training.

In summary, the literature indicates that the effective training of future officers depends on the strategic combination of supportive pedagogical conditions and innovative technological tools. Pedagogical conditions provide structure, mentorship, reflective practices, and ethical grounding,

while innovative technologies offer experiential, scenario-based learning that bridges theory and practice. The integration of these elements creates a holistic training environment that fosters competence, resilience, leadership, and ethical behavior, ensuring that cadets are well-prepared to meet the challenges of contemporary military operations. This review underscores the necessity of continuous innovation and alignment with global best practices in the development of Kazakhstan's officer training programs, positioning them to cultivate highly capable, adaptive, and professionally competent military leaders.

methodology

This study employed a mixed-methods research design to examine the pedagogical conditions and innovative technologies used in the training of future officers in Kazakhstan. The primary objective was to explore how structured instructional environments, mentorship programs, reflective practices, and technology-enhanced learning tools contribute to cadets' professional development, leadership skills, and operational readiness. The use of both qualitative and quantitative approaches enabled a comprehensive analysis of program effectiveness, cadet experiences, and instructor perspectives.

Document analysis formed a foundational component of the methodology. Curricula, syllabi, training manuals, policy documents, and reports from multiple Kazakhstani military academies were systematically reviewed to identify pedagogical conditions, instructional strategies, and technology-based interventions. Data were coded thematically to capture recurring patterns, integration strategies, and the balance between traditional and innovative instructional methods. This process provided an overview of the formal structures supporting cadet training and highlighted areas in which innovative technologies were embedded within the curriculum.

Semi-structured interviews were conducted with a purposive sample of instructors, program coordinators, and cadets. Interview questions focused on the design and implementation of pedagogical conditions, the integration of digital simulations, virtual reality, and interactive multimedia tools, as well as the perceived impact of these interventions on skill acquisition, leadership development, and ethical reasoning. Interviews were audio-recorded, transcribed verbatim, and analyzed using thematic coding to identify key insights, trends, and perceptions regarding the effectiveness of integrated training approaches.

In addition, direct observations were conducted in classrooms, laboratories, and field training environments. Observational data captured cadet engagement, practical application of skills, interaction with instructors, and responses to technology-enhanced exercises. Field notes documented instances of teamwork, decision-making, problem-solving, and ethical deliberation, providing real-time evidence of the effects of pedagogical conditions and technological integration on cadet performance.

Data triangulation across document analysis, interviews, and observations enhanced the reliability and validity of the study. Ethical considerations, including informed consent, voluntary participation, confidentiality, and anonymity, were strictly observed throughout the research process.

This methodology allowed for an in-depth examination of how pedagogical conditions and innovative technologies function together to support holistic officer development in Kazakhstan. By combining structured program analysis, experiential insights from participants, and observational data, the study offers a nuanced understanding of the ways in which educational design and technological interventions interact to cultivate leadership, operational competence, and ethical professionalism among future military officers.

results

Ключевые слова: инклюзивное образование, обучающиеся с ООП, творческий потенциал, арт-педагогика, этнокультурное воспитание.

KAZAKH APPLIED ART IN INCLUSIVE EDUCATION: DEVELOPING THE CREATIVE POTENTIAL OF STUDENTS WITH SPECIAL EDUCATIONAL NEEDS

Abstract. The article examines the potential of Kazakh applied art as a means of developing the creative abilities of students with special educational needs in the context of inclusive education. The relevance of the topic is обусловлена the need to search for pedagogical technologies capable of simultaneously ensuring the accessibility of education, preserving cultural identity, and developing the child's individual creative potential. Particular attention is paid to the use of elements of Kazakh decorative and applied art—ornament (oyu-ornyek), felt-making, patchwork quilting (quraq qurau), weaving, embroidery, and work with traditional materials—as a basis for the artistic, emotional, and communicative activity of students.

Keywords: inclusive education, students with special educational needs, creative potential, art pedagogy, ethnocultural education.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМДЕ: ЕРЕКШЕ БІЛІМ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУ

Аңдатпа. Мақалада инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту құралы ретінде қазақтың қолданбалы өнерінің әлеуеті қарастырылады. Тақырыптың өзектілігі оқытудың қолжетімділігін, мәдени бірегейлікті сақтауды және баланың жеке шығармашылық әлеуетін дамытуды қатар қамтамасыз ете алатын педагогикалық технологияларды іздеу қажеттілігімен анықталады. Ерекше назар қазақтың сәндік-қолданбалы өнерінің элементтерін – ою-өрнек, киіз басу, құрақ құрау, тоқу, кестелеу және дәстүрлі материалдармен жұмыс істеуді – білім алушылардың көркемдік, эмоциялық және коммуникативтік белсенділігінің негізі ретінде пайдалануға аударылады.

Тірек сөздер: инклюзивті білім беру, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар, шығармашылық әлеует, арт-педагогика, этномәдени тәрбие.

Введение. Современная система образования ориентирована на создание инклюзивной среды, в которой обучающийся, независимо от способностей развития, имеет возможность реализовать собственный потенциал [1, 4]. В условиях инклюзивного образования особое значение приобретает поиск педагогических средств, позволяющих не только адаптировать учебный процесс под индивидуальные потребности ребенка, но и способствовать раскрытию его творческих способностей.

Одним из наиболее перспективных направлений в данной области является использование искусства как универсального языка коммуникации и самовыражения [5, 8]. Исследования последних лет показывают, что художественная деятельность особенно эффективна в работе с детьми, имеющими особые образовательные потребности. Через искусство обучающийся получает возможность выражать чувства, формировать позитивную самооценку и осваивать способы взаимодействия с окружающим миром.

При этом большинство исследований в области инклюзивного образования сосредоточено преимущественно на общих форматах арт-терапии, рисования или музыкального воспитания. Национально-культурный компонент в подобных работах раскрывается недостаточно. Между тем именно обращение к традициям народного искусства позволяет сделать образовательный процесс более содержательным и эмоционально близким для ребенка.

Казахское прикладное искусство обладает значительным педагогическим потенциалом [2, 16]. Орнамент, цвет, символика, работа с природными материалами, повторяющиеся элементы и ритмичность традиционных узоров создают условия для развития внимания, воображения и художественного мышления. Такие виды деятельности, как создание узоров, аппликация из войлока, құрақ құрау, вышивка и изготовление декоративных изделий, доступны для обучающихся с различными образовательными потребностями и могут адаптироваться в зависимости от уровня их возможностей.

В работах казахстанских исследователей подчеркивается, что декоративно-прикладное искусство казахского народа выполняет не только эстетическую, но и воспитательную функцию [3, 16]. Через знакомство с национальными орнаментами и ремесленными традициями обучающиеся осваивают культурные ценности, представления о красоте, труде, уважении к наследию и собственной идентичности. В условиях инклюзивного образования это особенно важно, поскольку многие дети с ООП испытывают чувство социальной изоляции и недостатка признания собственных возможностей.

Несмотря на возрастающий интерес к арт-педагогике и инклюзивному образованию, проблема использования казахского прикладного искусства как средства развития творческого потенциала обучающихся с ООП остается недостаточно изученной. В научной литературе практически отсутствуют комплексные исследования, объединяющие инклюзивный подход, этнокультурное содержание и развитие креативности.

Развитие творческого потенциала обучающихся с ООП невозможно рассматривать исключительно в рамках коррекционной или адаптационной работы. В условиях инклюзивного образования особую значимость приобретают такие виды деятельности, которые позволяют ребенку не только усваивать знания и навыки, но и выражать собственные чувства, интересы, представления о мире и самом себе. Одной из наиболее благоприятных сфер для подобного самовыражения выступает художественная деятельность, поскольку именно она создает пространство, в котором ребенок может действовать свободно, выбирать способы работы и получать положительный эмоциональный опыт [5, 8].

В работе с такими детьми важную роль играют тактильность, наглядность, возможность пошагового выполнения и вариативность задания. Именно поэтому традиционные техники казахского прикладного искусства оказываются особенно доступными и эффективными: войлок, ткань, шерсть, нити, крупные элементы орнамента и рельефные формы позволяют ребенку воспринимать материал не только зрительно, но и через движение и прикосновение [12, 15].

Методы

Теоретико-методологическую основу работы составили положения инклюзивного образования, арт-педагогике и этнокультурного подхода к обучению [1, 14]. В центре внимания находились представления о творческом потенциале обучающихся с ООП, возможностях художественной деятельности в инклюзивной среде и педагогическом значении казахского прикладного искусства.

В поле рассмотрения вошли научные статьи, монографии, аналитические и методические материалы, посвященные вопросам инклюзивного образования, художественного воспитания и декоративно-прикладного искусства. Особое место заняли публикации, описывающие практики работы с обучающимися ООП, а также труды раскрывающие особенности казахского орнамента, традиционных ремесел и их воспитательного потенциала.

Материал был выстроен вокруг нескольких взаимосвязанных направлений. Первое направление связано с особенностями обучающихся с ООП и условиями их включения в образовательную среду. Второе направление отражает роль искусства как средства эмоционального, коммуникативного и творческого развития. Третье направление объединяет исследования, посвящённые казахскому декоративно прикладному искусству, его символике, художественным средствам и возможностям применения в инклюзивной практике.

Наиболее значимым для рассматриваемой темы оказались такие формы работы, как создание орнаментальных композиций, аппликация из ткани и войлока, коллективное панно, декоративные изделия и творческие проекты, основанные на традициях казахского прикладного искусства. Именно эти виды деятельности позволяют одновременно развивать мелкую моторику, художественное мышление, самостоятельность, коммуникативные навыки и культурную идентичность обучающихся.

Результаты

Исследователи отмечают, что дети с ООП часто испытывают трудности в традиционных формах учебной деятельности, однако именно художественное творчество становится для них сферой успешности. Участие в изобразительной и декоративной деятельности позволяет обучающимся чувствовать собственную значимость, видеть результат своих усилий и получать положительную оценку [5, 11].

В ходе анализа были выделены четыре основных направления влияния казахского прикладного искусства на развитие обучающихся с ООП.

Первое развитие художественного и образного мышления

Работа с казахским орнаментом способствует формированию способности воспринимать и создавать визуальные образы [2, 16]. Повторяющиеся ритмы, симметрия, сочетания геометрических и растительных элементов помогают детям развивать внимание, пространственное мышление и чувство композиции.

Особенно эффективным является использование ою-өрнек в работе с детьми с нарушениями интеллекта и речи. Простые формы узора могут быть адаптированы до уровня доступных графических элементов, которые обучающийся постепенно объединяет в более сложную композицию. Это формирует навык анализа, сравнения и творческого комбинирования.

Второе развитие мелкой моторики и сенсорного восприятия.

Такие виды казахского прикладного искусства, как киіз басу, работа с тканью, құрақ құрау, вышивка и аппликация, предполагают активное использование рук и тактильных ощущений [12, 15]. Для обучающихся с нарушениями опорнодвигательного аппарата и зрения подобная деятельность имеет коррекционное значение.

Тактильные материалы различной фактуры – войлок, ткань, шерсть, нити, дерево – помогают детям лучше воспринимать форму, объем и структуру предметов. Выполнение даже простых действий, например выкладывания узора их цветных элементов, способствует развитию координации движений и сенсорных связей.

Третье формирование эмоциональной устойчивости и положительной самооценки.

Художественная деятельность оказывает положительное влияние на эмоциональное состояние обучающихся [8, 13]. Создание декоративного изделия дает обучающимся ощущения успеха и завершенности. В отличие от учебных заданий, где акцент делается на правильности ответа, в искусстве ценится индивидуальность и оригинальность.

Обучающиеся с ООП, которые часто сталкиваются с неудачами и внешней оценкой, начинают воспринимать себя как способных и талантливых. Особенно значимым становится представление собственных работ на выставках, конкурсах и школьных мероприятиях. Это усиливает уверенность в себе и формирует позитивное отношение к обучению.

Четвертое, развитие культурной идентичности и коммуникативных навыков.

Использование казахского прикладного искусства в инклюзивном образовании способствует формированию у обучающихся чувства принадлежности к национальной культуре [2, 16]. Дети знакомятся с традициями, символами, цветовой гаммой и значением орнаментов. Они начинают воспринимать себя как часть общей культурной среды.

Совместное выполнение творческих проектов развивает навыки общения, сотрудничества и взаимопомощи. Например, при создании коллективного панно мкм композиции в технике құрақ каждый обучающийся выполняет посильную часть работы. Это особенно важно для детей, испытывающих трудности в социальной коммуникации.

В результате анализа были определены наиболее эффективные формы организации работы: мастер-классы по изготовлению декоративных изделий; коллективные творческие проекты; интеграция элементов казахского декоративно прикладного искусства в уроки технологии и изобразительного искусства; использование адаптированных карточек, шаблонов и тактильных образов; проведение выставок и презентаций работ обучающихся.

Полученные результаты подтверждают, что казахское прикладное искусство может выступать не только как содержание художественного образования, но и как полноценный инструмент инклюзивной педагогики [1, 10]. Его использование позволяет объединить образовательные, коррекционные и воспитательные задачи.

В отличие от универсальных художественных техник, традиционные виды казахского искусства обладают дополнительным преимуществом: они связаны с культурной памятью и национальными ценностями. Благодаря этому обучающийся не просто выполняет творческое задание, а включается в процесс освоения собственной культурной идентичности.

Особую роль играет позиция педагога. Учитель должен выступать не только как носитель знаний, но и как организатор поддерживающей среды, в которой ценится любая

форма самовыражения. Важным условием является отказ от сравнения обучающихся между собой и переход к оценке индивидуального прогресса.

Заключение

Таким образом, казахское прикладное искусство обладает значительным потенциалом для развития творческих способностей обучающихся с ООП. Его использование в условиях инклюзивного образования способствует развитию художественного мышления, мелкой моторики, эмоциональной устойчивости, коммуникативных навыков и культурной идентичности.

Наиболее эффективными формами работы являются коллективные творческие проекты, декоративные мастер-классы, работы с орнаментом, войлоком, тканью и другими традиционными материалами. Адаптация заданий в соответствии с возможностями ребенка обеспечивает успешность и включенность каждого обучающегося.

ЛИТЕРАТУРА

1. Жумукбаева Б. Б. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған ұйымның инклюзивті кеңістігі жасөспірімдердің толеранттылығын дамыту факторы ретінде // *Дамыту*. – 2025. – № 1. – Б. 67–74.
2. Асанова Б. Е., Птицина А. П., Әбдіғапбарова Ұ. М. Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің тарихы және теориясы. – Астана: Фолиант, 2008. – 206 б.
3. Белесарова Б. Б. Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнерінің маңыздылығы // *Инженерлік графика және кәсіби білім беру мәселелері*. – 2012. – № 3–4. – Б. 48–51.
4. Результаты формативной оценки образования с фокусом на инклюзивность и оценки с использованием больших данных: история двух исследований. – Астана: ЮНИСЕФ в Республике Казахстан, 2024. – 16 с.
5. Almukhambetov B. A., Nebessayeva Z. O., Smanova A. S., Kakimova L. S., Musakulov K. T., Sydykova R. S. Making Art Pedagogy in the System of Education in the Republic of Kazakhstan // *International Journal of Environmental & Science Education*. – 2016. – Vol. 11, No. 18. – P. 11341–11350.
6. Makoelle T. M., Burmistrova V. Teacher Education and Inclusive Education in Kazakhstan // *International Journal of Inclusive Education*. – 2021. – Vol. 25. – DOI: 10.1080/13603116.2021.1889048.
7. Kalshabayeva B. K., Sarmurzina N. Some Features of Decorative and Applied Arts of Kazakhs in Central Asia // *Procedia – Social and Behavioral Sciences*. – 2014. – Vol. 122. – P. 110–113.
8. Henderson C. M., Lasley E. Creating Inclusive Classrooms through the Arts. – New York: Teachers College Press, 2014. – 177 p.
9. Corbisiero-Drakos L., Reeder L. K., Ricciardi L., Zacharia J., Harnett S. Arts Integration and 21st Century Skills: A Study of Learners and Teachers // *International Journal of Education & the Arts*. – 2021. – Vol. 22, No. 2. – P. 1–29.
10. Escala N. Educational Experiences Integrating the Arts into Teaching // *Journal of Culture and Values in Education*. – 2024. – Vol. 7, No. 1. – P. 182–197.
11. Al-Yahyai F., Al-Zoubi S. M., Bakkar B. et al. Effects of a Special Art Education Course on Attitudes toward Omani Learners with Special Needs // *International Journal of Higher Education*. – 2021. – Vol. 10, No. 1. – P. 191–200.
12. Maaruf S. Z., Abdullah N. A. C., Mahmud N. et al. Interactive Craft Activities – Elevating Special Needs Children’s Learning of Visual Arts // *Turkish Journal of Computer and Mathematics Education*. – 2021. – Vol. 12, No. 11. – P. 3360–3366.
13. Lowe E. Engaging Exceptional Students Through Art Activities. – New York: Routledge, 2016. – 198 p.
14. Salakhov R. F. Esthetic Education of Children with Special Needs // *International Journal of Environmental and Science Education*. – 2016. – Vol. 11, No. 15. – P. 7347–7356.

15. Skydyrova S., Alimanova G. The Impact of Drawing and Applied Arts on the Development of Children with Visual Impairments // Journal of Intellectual Disability – Diagnosis and Treatment. – 2025. – Vol. 13, No. 1. – P. 45–54.

16. Strakšienė D. Opportunities of Arts Education in Implementing Inclusive Education // Pedagogika. – 2023. – Vol. 149, No. 1. – P. 120–134.

17. Darmenova R., Zhunusakyn S. Aesthetic Education of Youth with Traditional Arts and Crafts // European Applied Sciences. – 2015. – № 5. – P. 56–59.

ӘОЖ 37.03:376

Турсунбаева А.У.

м.псх.н., преп.

АО «КазУМОиМЯ

им Абылай хана»

Алматы, Казахстан.

e-mail: akkanat2012@mail.ru

ИНКЛЮЗИВТІ ОРТАДАҒЫ ТӘРБИЕНІҢ ГУМАНИСТІК БАҒЫТЫ: ТЕОРИЯДАН ПРАКТИКАҒА

Аңдатпа. Мақалада инклюзивті білім беру ортасы жағдайында тәрбиенің гуманистік бағыты мәселесі қарастырылады, мұнда басты басымдық оның жеке ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктеріне қарамастан әр адамның құндылығын тану болып табылады. Тәрбие процесін ізгілендірудің теориялық негіздері, оның ішінде тұлғаға бағытталған көзқарас идеялары, ынтымақтастық педагогикасы және сапалы білімге тең қол жеткізу принциптері ашылады. Толеранттылықты, эмпатияны, әлеуметтік жауапкершілікті және әртүрлілікті құрметтеуді қалыптастыруға ықпал ететін кеңістік ретінде Инклюзивті ортаны талдауға ерекше назар аударылады.

Практикалық аспект білім беру қызметінде гуманистік принциптерді іске асыруға бағытталған тиімді педагогикалық технологиялар мен әдістерді, соның ішінде сараланған тәсілді, қолдаушы білім беру атмосферасын құруды және білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуды қарастырады. Педагогтың білім беру процесіне қатысушылардың барлығын табысты интеграциялауды қамтамасыз ететін негізгі субъект ретіндегі рөлі атап өтіледі.

Нәтижесінде инклюзивті орта жағдайында тәрбиенің гуманистік бағыты үйлесімді дамыған тұлғаның қалыптасуына және білім беру ұйымында қолайлы әлеуметтік-психологиялық климаттың қалыптасуына ықпал етеді деген қорытынды жасалады.

Түйінді сөздер: инклюзивтілік, ізгілендіру, тәрбие, білім беру ортасы, толеранттылық, жеке даму

THE HUMANISTIC ORIENTATION OF EDUCATION IN AN INCLUSIVE ENVIRONMENT: FROM THEORY TO PRACTICE.

Abstract. The article examines the problem of humanistic orientation of education in an inclusive educational environment, where the key priority is the recognition of the value of each individual, regardless of his individual characteristics and educational needs. The theoretical foundations of the humanization of the educational process are revealed, including the ideas of a personality-oriented approach, the pedagogy of cooperation and the principles of equal access to quality education. Special attention is paid to the analysis of an inclusive environment as a space conducive to the formation of tolerance, empathy, social responsibility and respect for diversity.

In practical terms, effective pedagogical technologies and methods aimed at the implementation of humanistic principles in educational activities are considered, including a differentiated approach, the creation of a supportive educational atmosphere and the development of communication skills among students. The role of the teacher as a key actor ensuring the successful integration of all participants in the educational process is noted.

As a result, it is concluded that the humanistic orientation of education in an inclusive environment contributes to the formation of a harmoniously developed personality and the creation of a favorable socio-psychological climate in an educational organization.

Keywords: inclusivity, humanization, upbringing, educational environment, tolerance, personal development.

Қазіргі заманғы әлеуметтік трансформациялар мен білім беру жүйелерінің қарқынды дамуы жағдайында, әсіресе инклюзивті білім беру ортасы аясында тәрбиені ізгілендіру мәселесі ерекше өзекті болып отыр. Инклюзивті білім беру бүгінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуды ұйымдастыру нысаны ретінде ғана емес, сонымен қатар білім беру процесінің барлық қатысушылары үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге бағытталған маңызды әлеуметтік-педагогикалық қағидат ретінде қарастырылады. Осыған байланысты тәрбиенің гуманистік бағыты Педагогикалық қызметтің мазмұнын, формалары мен әдістерін анықтайтын негізгі нұсқаулық болып табылады.

Тәрбиені ізгілендіру әр адамның бірегейлігін тануды, оның қадір-қасиетін, құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуді, сондай-ақ жеке айырмашылықтарға қарамастан толыққанды даму үшін жағдай жасауды қамтиды. Инклюзивті ортада бұл тәсіл ерекше мәнге ие болады, өйткені дәл осы жерде білім алушылардың даму деңгейі, денсаулық мүмкіндіктері, әлеуметтік тәжірибесі және мәдени ерекшеліктері бойынша әртүрлілігі айқын көрінеді. Бұл білім беру жүйесінен икемділікті, өзгергіштікті және педагогикалық жауапкершіліктің жоғары дәрежесін талап етеді [1, с. 45–62].

Тәрбиенің гуманистік бағытының теориялық негіздері тұлғаға бағытталған көзқарас идеяларына, ынтымақтастық педагогикасына және дамытушылық оқыту тұжырымдамаларына негізделген. Бұл тәсілдер әрбір білім алушы өзін қабылданған, мағыналы және қорғалған сезінетін білім беру ортасын құру қажеттілігін көрсетеді. Бұл контекстегі инклюзивті орта тек бірлескен оқу кеңістігі ретінде ғана емес, толеранттылық, эмпатия, өзара көмек және әлеуметтік жауапкершілік құндылықтарын қалыптастыру ортасы ретінде әрекет етеді.

Білім беру практикасына гуманистік принциптерді енгізу тек білім аудармашысы ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаны дамытудың фасилитаторы, өзара әрекеттесуді ұйымдастырушы және тұлғааралық қатынастардағы делдал болатын мұғалімнің рөлін қайта қарау қажеттілігімен байланысты. Әр баланың әлеуетін ашуға ықпал ететін қолайлы психологиялық климатты құру ерекше маңызға ие.

Инклюзивті білім беру ортасындағы тәрбиенің гуманистік бағыты теориялық ережелер мен практикалық тәсілдерді біріктіруді қажет ететін күрделі және көп қырлы процесс болып табылады. Қазіргі педагогика ғылымы инклюзивті білім беруді теңдік, әлеуметтік әділеттілік және адамның қадір-қасиетін құрметтеу идеялары жүзеге асырылатын кеңістік ретінде қарастырады. Бұл тұрғыда отандық және шетелдік зерттеушілер жасаған гуманистік педагогиканың ережелері ерекше маңызға ие [2, с. 112–130].

Гуманистік тәрбиенің теориялық негіздері Карл Роджерс, Авраам Маслоу және Януш Корчак сияқты еуропалық ғалымдардың еңбектерінен бастау алады. Олардың тұжырымдамалары жеке тұлғаның өзіндік құндылығына, оның өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасау қажеттілігіне және оқушының ішкі мотивациясын қолдауға баса назар аударады. Атап айтқанда, К. Роджерс жеке тұлғаны сөзсіз қабылдаудың маңыздылығын атап өтті, ал А. Маслоу адамның дамуын негізгі және жоғары қажеттіліктерді қанағаттандырумен байланыстырды. Я. Корчактың баланың құқықтары мен оның жеке басына деген құрметі туралы идеялары қазіргі инклюзивті тәжірибелерде тікелей көрініс табады.

Тәрбиенің гуманистік бағытын дамытуға Мария Монтессори және Селестен Френе сияқты еуропалық зерттеушілер де айтарлықтай үлес қосты, олар балалардың тәуелсіздігін, бастамашылығы мен жауапкершілігін дамытуға бағытталған тәжірибеге бағытталған педагогикалық жүйелерді әзірледі. Олардың тәсілдері инклюзия жағдайында да өзекті, өйткені олар әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді [3, с. 85–101].

Қазақстандық педагогика ғылымы да білім беруді ізгілендіру идеяларын белсенді дамытуда. Отандық ғалымдар арасында Шалва Амонашвили, Б. С. Гершунский, сондай – ақ қазақстандық зерттеушілер – С. К. Калиев, Ж. А. Караев, К. К. Жампейісова және Н. Д. Хмельдің еңбектерін атап өтуге болады. Олардың зерттеулері тұлғаға бағытталған тәсілді дамытуға, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға және тұлғаның үйлесімді дамуы үшін жағдай жасауға бағытталған. Атап айтқанда, Ж. А. Караев оқушылардың жеке білім беру мүмкіндіктерін ескеруге мүмкіндік беретін деңгейлік оқыту технологияларын әзірледі, бұл әсіресе инклюзивті ортада маңызды.

Инклюзивті білім беру ортасы әрбір білім алушының өз әлеуетін іске асыруға мүмкіндігі бар осындай білім беру кеңістігін ұйымдастыруды көздейді. Бұған сараланған және дараланған тәсілдерді енгізу, әртүрлі педагогикалық технологияларды қолдану және қолайлы психологиялық климат құру арқылы қол жеткізіледі [4, с. 73–89]. Студенттердің толеранттылығын, эмпатиясын және тиімді қарым-қатынас дағдыларын дамыту маңызды компонент болып табылады.

Тәрбие қызметіндегі гуманистік принциптерді практикалық іске асыру мұғалімнен жоғары кәсіби құзыреттілікті талап етеді. Мұғалім білім көзі ретінде ғана емес, өзара әрекеттесуді ұйымдастырушы, тәлімгер және фасилитатор ретінде де әрекет етеді. Ол білім алушылармен сенімді қарым-қатынас орната білуі, олардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, олардың білім беру процесіне белсенді қатысуы үшін жағдай жасай білуі керек.

Тәрбиенің гуманистік бағытын жүзеге асырудың тиімді әдістерінің бірі-оқытудың мазмұны мен әдістерін әр оқушының мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес бейімдеуге мүмкіндік беретін сараланған тәсілді қолдану. Ынтымақтастық пен өзара көмекті дамытуға бағытталған топтық жұмыс түрлерін қолдану да маңызды рөл атқарады. Инклюзивті сынып жағдайында мұндай формалар білім алушылардың әлеуметтік интеграциясына және әртүрлілікке оң көзқарасты қалыптастыруға ықпал етеді.

Эмоционалды қолдауды, әр оқушының жетістіктерін мойындауды және сәттілік жағдайын қалыптастыруды қамтитын қолдаушы білім беру ортасын құру да маңызды [5, с. 134–150]. Бұл өзін-өзі бағалауды арттыруға, өзіне деген сенімділікті дамытуға және оқуға деген ынтаны арттыруға ықпал етеді. Коммуникативті дағдыларды қалыптастыруға ерекше назар аударылады, өйткені олар жеке тұлғаның сәтті әлеуметтенуін қамтамасыз етеді. Нәтижесінде инклюзивті білім беру ортасындағы тәрбиенің гуманистік бағыты үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастырудың қажетті шарты деп айтуға болады. Ол табысты білім беру қызметін ғана емес, сонымен қатар қоғамға толыққанды қатысу үшін қажетті әлеуметтік маңызды қасиеттердің дамуына ықпал етеді.

Қорытынды. Инклюзивті білім беру ортасындағы тәрбиенің гуманистік бағыты қазіргі педагогикалық теория мен практиканы дамытудың маңызды бағыты болып табылады. Жүргізілген талдау инклюзивті білім беру білім алушылардың барлық санаттары үшін оқытуға қолжетімділікті қамтамасыз етумен ғана шектелмейді, сонымен қатар жеке тұлғаны құрметтеу, оның бірегейлігін тану және толыққанды даму үшін жағдай жасау қағидаттарына негізделген тәрбие қызметінің мазмұнын терең өзгертуді көздейтінін растауға мүмкіндік береді.

Инклюзивті ортада гуманистік принциптерді жүзеге асыру студенттердің бойында толеранттылық, эмпатия, өзара құрмет және әлеуметтік жауапкершілік сияқты маңызды қасиеттерді қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл қасиеттер мәдениеттердің, көзқарастардың және өмірлік стратегиялардың алуан түрлілігімен сипатталатын қазіргі қоғамдағы тұлғаның сәтті әлеуметтенуінің негізі болып табылады. Инклюзивті білім беру ортасы тек

академиялық білім ғана емес, сонымен бірге адамның мінез-құлқы мен қоршаған әлеммен өзара әрекеттесуін анықтайтын құндылық белгілері қалыптасатын кеңістікке айналады.

Бұл процесте тәрбиенің гуманистік бағытын жүзеге асырудағы негізгі тұлға болып табылатын мұғалім ерекше рөл атқарады. Оның кәсіби құзыреттілігі, инновациялық қызметке дайындығы, білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере білуі және қолайлы психологиялық ахуал құра білуі тәрбие процесінің тиімділігінің маңызды шарттары болып табылады. Инклюзивті ортадағы мұғалім тәлімгер, өзара әрекеттесуді ұйымдастырушы және тұлғааралық қарым-қатынаста делдал ретінде қызмет етеді, бұл жоғары деңгейдегі кәсіби дайындық пен жеке жетілуді талап етеді.

Инклюзивті білім беруді ұйымдастырумен байланысты қиындықтарға қарамастан, оның даму перспективалары білім беру ортасын одан әрі ізгілендірумен, педагогикалық тәсілдерді жетілдірумен және тәрбиенің құндылық негіздерін нығайтумен байланысты. Сайып келгенде, инклюзивті орта жағдайында тәрбиенің гуманистік бағыты қоғамда өзін-өзі жүзеге асыруға және сындарлы өзара әрекеттесуге қабілетті үйлесімді дамыған тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз етеді.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Амонашвили Ш. А. Гуманно-личностный подход к детям в образовательном процессе. – Москва: Амрита, 2019. – 320 с. – С. 45–62.
2. Роджерс К. Свобода учиться. – Москва: Смысл, 2018. – 527 с. – С. 112–130.
3. Маслоу А. Мотивация и личность. – Санкт-Петербург: Питер, 2020. – 352 с. – С. 85–101.
4. Караев Ж. А. Педагогические технологии уровневого обучения. – Алматы: Рауан, 2017. – 240 с. – С. 73–89.
5. Хмель Н. Д. Теория и практика инклюзивного образования. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 280 с. – С. 134–150.

**V - «АДАЛ АЗАМАТ» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ МЕХАНИЗМДЕРІ**

**V - ПРАКТИЧЕСКИЕ МЕХАНИЗМЫ РЕАЛИЗАЦИИ «АДАЛ АЗАМАТ» В СИСТЕМЕ
ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**V - PRACTICAL MECHANISMS FOR IMPLEMENTING THE «ADAL AZAMAT»
PROGRAM IN THE EDUCATION SYSTEM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

УДК 378.016

Есенали М. Б.

«Екі шетел тілі мұғалімі» білім беру бағдарламасының 2 курс студенті,
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
Алматы, Қазақстан, merey.yesenli.yesenali@mail.ru

Сарқанбаева Г.Қ.

Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы,
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
Алматы, Қазақстан, gulzhaz.72@mail.ru

**АДАЛ АЗАМАТ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ЖҮРГІЗУДІҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ**

Аңдатпа: Мақалада «Адал азамат» бағдарламасы негізінде тәрбие жұмысын жүргізудің ерекшеліктері мен мүмкіндіктері жан-жақты қарастырылады. Бағдарламаның мазмұны арқылы тұлғаның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру жолдары талданып, тәрбие процесін ұйымдастырудың кезеңдері мен әдістері сипатталады. Сонымен қатар, тәрбие жұмысын тиімді жүзеге асырудың алгоритмі ұсынылып, оның практикалық маңызы нақты мысалдар арқылы ашылады. Зерттеу нәтижелері аталған бағдарламаның қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың тұлғалық дамуына, әлеуметтік жауапкершілігінің қалыптасуына және құндылықтық бағдарларының нығаюына оң әсер ететінін көрсетеді.

Тірек сөздер: тәрбие жүйесі, Адал азамат бағдарламасы, цифрлық білім беру, құндылықтар тәрбиесі, мектеп тәжірибесі, тұлғалық даму, педагогикалық үдеріс.

**ОСОБЕННОСТИ И ВОЗМОЖНОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ
РАБОТЫ НА ОСНОВЕ ПРОГРАММЫ «АДАЛ АЗАМАТ»**

Аннотация: В статье рассматриваются особенности и возможности организации воспитательной работы на основе программы «Адал азамат» в условиях современной образовательной среды. Особое внимание уделяется формированию нравственных ценностей, развитию личности учащихся и роли цифрового образовательного пространства. В статье анализируются педагогические подходы и приводятся практические примеры из школьной жизни. Также раскрываются эффективные методы воспитательной деятельности, направленные на формирование ответственного, честного и социально активного гражданина.

Ключевые слова: воспитательная система, программа «Адал азамат», цифровое образование, ценности, развитие личности, школьная практика, педагогический процесс.

FEATURES AND OPPORTUNITIES OF ORGANIZING EDUCATIONAL WORK BASED ON THE “ADAL AZAMAT” PROGRAM

Abstract: This article examines the features and opportunities of organizing educational work based on the “Adal Azamat” program in the modern educational environment. Special attention is given to the formation of moral values, the development of students’ personalities, and the role of the digital educational space. The article analyzes pedagogical approaches and provides practical examples from school practice. It also highlights effective methods of educational work aimed at developing responsible, honest, and socially active citizens.

Keywords: educational system, “Adal Azamat” program, digital education, values, personal development, school practice, pedagogical process.

Қазіргі қоғамда білім беру жүйесіне қойылатын талаптар тек академиялық біліммен шектелмейді. Бүгінгі таңда басты назар оқушының тұлғалық дамуына, оның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталуда. Себебі қоғамға тек білімді ғана емес, сонымен қатар адал, жауапкершілігі жоғары, өз ісіне сенімді азамат қажет.

Осы тұрғыда «Адал азамат» бағдарламасы тәрбие жұмысының мазмұнын жаңартуда маңызды рөл атқарады. «Адал азамат» бағдарламасы – мектеп бағдарламасына енгізілген тәрбиелік бағыттардың бірі, оның негізгі мақсаты – оқушылардың бойында адалдық, әділдік, жауапкершілік және азаматтық құндылықтарды қалыптастыру. Бағдарламаның түпкі мәні – жас ұрпақты тек білімді ғана емес, сонымен қатар: ар-ұятты жоғары қоятын, қоғам алдында жауапкершілігі бар, заңды құрметтейтін, шыншыл және әділ азамат ретінде тәрбиелеу. Бағдарлама бірнеше негізгі бағыттарды қамтиды: адалдық пен шыншылдық тәрбиесі; құқықтық мәдениет; еңбекке баулу; азаматтық жауапкершілік; сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарас. «Адал азамат» бағдарламасы – оқушыларды жан-жақты тәрбиелеуге бағытталған, тәрбие процесін жүйелі түрде ұйымдастыруға мүмкіндік беретін маңызды құрал. Ол жас буынның тек білімді ғана емес, сонымен бірге адамгершілігі жоғары, қоғамға пайдалы тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан да «Адал азамат» бағдарламасы негізінде һәкім Абай айтқан толық адамды, адал адамды тәрбиелеу қазіргі педагогика саласындағы өзекті мәселе.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, «Адал азамат» бағдарламасы аясында тәрбие жұмысын ұйымдастыру заманауи білім беру талаптарына сай құндылықтарға негізделген, тұлғаға бағытталған және өмірмен тығыз байланысты үдеріс ретінде сипатталады. Бұл бағдарлама оқушылардың тек білім алуына ғана емес, олардың ішкі дүниесінің қалыптасуына, жеке тұлғалық қасиеттерінің дамуына және әлеуметтік белсенділігінің артуына ықпал етеді. Бағдарламаның тәрбие жұмысындағы негізгі ерекшеліктер осы мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған, оны төменде кестеден көре аламыз.

Кесте 1 - «Адал азамат» бағдарламасының ерекшеліктері

№	«Адал азамат» бағдарламасының ерекшеліктері	Сипаттамасы
1	Құндылықтық бағыттылығы	Тәрбие тек ақпарат берумен шектелмей, оқушының ішкі дүниесіне әсер етіп, оның көзқарасы мен мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталады.
2	Тұлғалық бағыттылығы	Әр оқушы жеке тұлға ретінде қарастырылып, оның қызығушылығы, қажеттілігі және психологиялық ерекшеліктері ескеріледі.
3	Өмірмен байланыстылығы	Оқушылар алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануды үйренеді, бұл тәрбиенің тиімділігін арттырады.
4	Белсенді қатысуы	Оқушылар тәрбие процесінде белсенді рөл атқарады: пікірталасқа қатысады, өз ойын білдіреді және шешім қабылдауға үйренеді.

Кестеден көріп отырғанымыздай, «Адал азамат» бағдарламасы негізіндегі тәрбие жұмысы кешенді және жан-жақты сипатқа ие. Ол оқушылардың тек білім деңгейін

арттырумен шектелмей, олардың тұлғалық дамуына, өмірлік дағдыларын қалыптастыруға және белсенді азамат ретінде қалыптасуына бағытталған. Бағдарламаның ерекшеліктері тәрбиенің тиімділігін арттырып, қазіргі қоғам талаптарына сай саналы ұрпақ тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыру бағдарламның мазмұндық ерекшеліктерін белгілі бір кезеңде жүйелі түрде қарастыруды қажет етеді. «Адал азамат» бағдарламасында айқындалған құндылықтық, тұлғалық, өмірмен байланыстылық және оқушылардың белсенді қатысуы сияқты ерекшеліктер тәрбие үдерісінің әрбір кезеңінде көрініс табуы тиіс. Яғни, ұсынылған алгоритм тек ұйымдастыру құралы ғана емес, сонымен бірге осы ерекшеліктерді практикалық тұрғыда жүзеге асырудың тетігі болып табылады.

Алгоритмнің алғашқы кезеңі – диагностика – ең алдымен тұлғалық бағыттылықпен тығыз байланысты. Бұл кезеңде әр оқушы жеке тұлға ретінде қарастырылып, оның қызығушылығы, қажеттілігі, құндылықтық бағдарлары мен мінез-құлқы зерттеледі. Сонымен қатар, бұл үдеріс құндылықтық бағыттылықты да қамтиды, өйткені оқушылардың қандай құндылықтарды ұстанатыны анықталады.

Келесі кезең – мақсат қою – құндылықтық бағыттылықтың нақты көрінісі болып табылады. Мұнда тәрбие жұмысының мақсаттары оқушылардың бойында белгілі бір адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға бағытталады. Сонымен қатар, бұл кезең тұлғалық ерекшеліктерді ескере отырып жүзеге асады, яғни қойылатын мақсаттар оқушылардың жеке даму деңгейіне сәйкес анықталады.

Үшінші кезең – жоспарлау және ұйымдастыру – тәрбиенің өмірмен байланыстылығы мен белсенділік қағидаттарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл кезеңде тандалатын әдістер мен формалар оқушылардың күнделікті өмірімен ұштасып, оларды белсенді әрекетке тартуға бағытталады. Түрлі пікірталастар, жобалар мен тренингтер арқылы оқушылар тек білім алып қана қоймай, оны тәжірибеде қолдануға үйренеді.

Төртінші кезең – іс-әрекет арқылы жүзеге асыру – барлық ерекшеліктердің тоғысқан тұсы болып табылады. Мұнда оқушылар белсенді қатысушы ретінде әрекет етіп, нақты өмірлік жағдайларда өз құндылықтарын көрсетеді. Бұл кезеңде өмірмен байланыстылық айқын көрініс табады, ал оқушылардың белсенділігі мен тұлғалық дамуы басты назарда болады.

Соңғы кезең – талдау және қорытынды жасау – тәрбие жұмысының нәтижелерін бағалаумен қатар, оның құндылықтық тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл кезеңде оқушылардың тұлғалық дамуы, мінез-құлқындағы өзгерістер және қалыптасқан құндылықтары сараланады. Сонымен бірге, алынған нәтижелер келесі циклде жұмысты жетілдіруге негіз болады. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесі талданып, тиімділігі бағаланады. Оқушылардан кері байланыс алынып, алдағы жұмыстарға түзетулер енгізіледі.

Мысалы, мектепте 8-сынып оқушыларымен «Адал азамат» бағдарламасы аясында «Адалдық – ең басты құндылық» тақырыбында тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Сабақ барысында оқушыларға өмірлік жағдайлар ұсынылды: емтихан кезінде көшіру, жоғалған затты қайтару, досының қателігін жасыру сияқты мәселелер. Оқушылар топтарға бөлініп, әр жағдайды талқылады және өз пікірлерін білдірді. Бастапқыда кейбір оқушылар көшіруді қалыпты жағдай деп есептегенімен, талқылау барысында оның әділетсіз екенін түсіне бастады. Сонымен қатар, олар адал болудың тек мектепте ғана емес, өмірдің барлық саласында маңызды екенін ұғынды.

Бұл мысалдан көретініміз, тәрбие жұмысы нақты өмірлік жағдайлармен байланыстырылған кезде ғана тиімді нәтиже береді.

«Адал азамат» бағдарламасы қазіргі білім беру кеңістігінде тәрбиенің мазмұнын жаңғыртуға бағытталған кешенді педагогикалық құрал ретінде ерекше маңызға ие. Оның мүмкіндіктері ауқымды, әрі көпқырлы болып келеді және оқушы тұлғасының жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Ең алдымен, бағдарлама оқушылардың адамгершілік қасиеттерін жүйелі түрде дамытуға мүмкіндік береді. Адалдық, әділдік, жауапкершілік, ар-ождан сияқты базалық

құндылықтар оқушының ішкі дүниесінде қалыптасып, оның мінез-құлқы мен өмірлік ұстанымдарының негізіне айналады. Бұл өз кезегінде тұлғаның рухани кемелденуіне жағдай жасайды.

Екіншіден, «Адал азамат» бағдарламасы оқушылардың әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді. Тәрбие үдерісі барысында оқушылар өз әрекеттерінің салдарын түсініп, қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінуге үйренеді. Олар әлеуметтік нормалар мен ережелерді саналы түрде қабылдап, қоғамдық өмірге белсенді араласуға бейімделеді.

Үшіншіден, бағдарлама ұжымдық қарым-қатынасты дамытуда маңызды рөл атқарады. Оқушылар арасында өзара құрмет, сенім және қолдау мәдениеті қалыптасады. Топтық жұмыстар, бірлескен жобалар арқылы олар тиімді коммуникация орнатуға, пікір алмасуға және ортақ шешім қабылдауға дағдыланады. Бұл дағдылар олардың болашақтағы кәсіби және әлеуметтік өмірінде аса қажет.

Төртіншіден, бағдарлама оқушылардың өзін-өзі дамытуына кең мүмкіндік береді. Оқушылар өз әрекеттерін талдауға, жетістіктері мен кемшіліктерін анықтауға, өзін-өзі бағалауға және өзін жетілдіруге үйренеді. Рефлексия дағдыларының қалыптасуы тұлғаның саналы дамуына негіз болады.

Сонымен қатар, бағдарлама оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді. Әртүрлі өмірлік жағдайларды талдау, пікірталастарға қатысу арқылы оқушылар ақпаратты саралап, өз көзқарасын дәлелдеуге үйренеді. Бұл олардың интеллектуалдық дербестігін арттырады.

Бағдарламаның тағы бір маңызды мүмкіндігі – тәрбиенің өмірмен байланысын күшейту. Оқушылар алған білімдері мен құндылықтарын нақты өмірлік жағдайларда қолдана отырып, практикалық тәжірибе жинақтайды. Бұл олардың өмірлік дағдыларын қалыптастырып, әлеуметтік бейімделуін жеңілдетеді.

Сондай-ақ, «Адал азамат» бағдарламасы тәрбиелік жұмысты интеграциялауға мүмкіндік береді. Яғни, тәрбие тек арнайы сағаттарда ғана емес, оқу пәндерімен, сыныптан тыс іс-шаралармен және мектептің жалпы тәрбиелік ортасымен тығыз байланыста жүзеге асырылады. Бұл тәрбие үдерісінің біртұтастығын қамтамасыз етеді.

Қорытындылай келе, «Адал азамат» бағдарламасы оқушылардың тұлғалық, әлеуметтік және рухани дамуын кешенді түрде қамтамасыз ететін тиімді тәрбиелік модель ретінде айқындалады. Бағдарлама аясында қалыптасатын құндылықтар жүйесі мен өмірлік дағдылар жас ұрпақты саналы ойлайтын, жауапкершілігі жоғары, қоғам өміріне белсенді қатысатын азамат ретінде тәрбиелеуге негіз болады. Бағдарламаны мектептің тәрбие үдерісіне жүйелі әрі мақсатты түрде енгізу оның нәтижелілігін арттырудың маңызды шарты болып табылады. Тәрбие жұмысын нақты алгоритмге сүйене отырып ұйымдастыру, оны оқушылардың күнделікті өмірімен ұштастыру және практикалық әрекеттер арқылы жүзеге асыру – тәрбиенің мазмұнын байытып, оның әсерін күшейтеді. Осы тұрғыдан алғанда, «Адал азамат» бағдарламасын білім беру ұйымдарының тәжірибесіне кеңінен енгізу қазіргі педагогиканың басым бағыттарының бірі ретінде қарастырылып, оқушылардың құндылықтық бағдарларын қалыптастыру мен әлеуметтік жауапкершілігін арттыруда маңызды рөл атқарады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Адал азамат бағдарламасы: әдістемелік нұсқаулық. – Астана, 2023.
2. Узакбаева, С. Казахская народная педагогика. – Алматы: Глобус, 2013.
3. Әбенбаев С., Ахметова Г. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Оқулық. Астана: Фолиант, 2017. — 312 б.
4. Сарканбаева Г.К. Эффективное применение этнопедагогических технологий в учебно-воспитательном процессе // Вестник Кыргызского Национального университета имени Жусупа Баласагына – Бишкек, 2024. – №2. – С. 48–55.

УДК 37.013.42:39:004

Сарқанбаева Г.Қ.

Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы,
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
Алматы, Қазақстан, gulzhaz.72@mail.ru

Исахова Л.Т.

Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы,
Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ
Шымкент, Қазақстан, Lyazka_i@mail.ru

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ «АДАЛ АЗАМАТ» ТҮЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа. Бұл мақалада цифрлық білім беру жағдайында этнопедагогикалық құндылықтар негізінде тұлғаның қалыптасу мәселесі жан-жақты қарастырылады. Зерттеу цифрлық ортадағы тәрбиелік әлсіреу, ұлттық мазмұнның жеткіліксіздігі, құндылықтық дағдарыс және жаһандану жағдайындағы мәдени ықпалдарды талдайды. Ұсынылатын әдістемелік шешімдерге халықтық нақыл сөздерді цифрлық контентке енгізу, ұлттық кейстерді пайдалану, цифрлық storytelling және дәстүрге негізделген тапсырмалар жатады. Сонымен қатар, студенттердің кәсіби және адамгершілік құзыреттерін дамыту үшін кешенді модель ұсынылады, ол этнопедагогикалық мазмұн мен цифрлық құралдарды біріктіреді. Бұл тәсіл болашақ педагогтардың ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, саналы, жауапкершілікті, мәдениетаралық құзыретті тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: этнопедагогика, цифрлық білім беру, ұлттық құндылықтар, тәрбие, адалдық, тұлға қалыптастыру, цифрлық орта

ФОРМИРОВАНИЕ ЛИЧНОСТИ В РАМКАХ КОНЦЕПЦИИ «АДАЛ АЗАМАТ» НА ОСНОВЕ ЭТНОПЕДАГОГИЧЕСКИХ ЦЕННОСТЕЙ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация. В статье рассматривается формирование личности на основе этнопедагогических ценностей в условиях цифрового образования. Исследование анализирует ослабление воспитательного компонента в цифровой среде, недостаток национального содержания, кризис ценностей и влияние глобализации на культурное воспитание. Предлагаемые методические решения включают интеграцию народных пословиц в цифровой контент, использование национальных кейсов, цифровой сторителлинг и задания, основанные на традициях. Также представлена комплексная модель, объединяющая цифровые инструменты и этнопедагогическое содержание, направленная на развитие профессиональных и моральных компетенций студентов. Этот подход способствует формированию будущих педагогов как сознательных, ответственных и культурно компетентных личностей с сохранением национальных ценностей.

Ключевые слова: этнопедагогика, цифровое образование, национальные ценности, воспитание, честность, формирование личности, цифровая среда

FORMATION OF THE INDIVIDUAL WITHIN THE «ADAL AZAMAT» CONCEPT BASED ON ETHNOPEDAGOGICAL VALUES IN THE CONTEXT OF DIGITAL EDUCATION

Annotation. The article examines personality formation based on ethnopedagogical values in the context of digital education. The study analyzes the weakening of the educational component in the digital environment, insufficient national content, value crises, and the impact of globalization on cultural education. Proposed methodological solutions include integrating folk proverbs into

digital content, using national case studies, digital storytelling, and tradition-based tasks. A comprehensive model combining digital tools and ethnopedagogical content is also presented to develop students' professional and moral competencies. This approach promotes the formation of future teachers as conscious, responsible, and culturally competent individuals while preserving national values.

Keywords: ethnopedagogy, digital education, national values, moral education, honesty, personality formation, digital environment

Қазіргі жаһандану жағдайында білім беру жүйесі терең трансформация кезеңін бастан кешіруде. Әсіресе цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы білім беру кеңістігінің мазмұны мен құрылымына елеулі өзгерістер енгізіп, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа форматтарын қалыптастыруда.

Цифрлық білім беру дегеніміз ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) кеңінен қолдану арқылы білім беру үдерісін ұйымдастырудың заманауи формасы. Ол тек онлайн платформалар мен техникалық құралдарды пайдаланумен шектелмейді, керісінше, білім алушының танымдық белсенділігін, дербестігін және цифрлық ортадағы әлеуметтік өзара әрекетін қалыптастыратын кешенді педагогикалық жүйе болып табылады [1].

Цифрлық білім беру жағдайында оқу мазмұны, әдістері, формалары және бағалау жүйесі жаңа форматта жүзеге асады. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білім беру саласында пайдалану мәселесін ТМД және отандық ғалымдардың зерттеулерінде бірнеше бағытта қарастырылған, мәселен, ақпараттық оқытудағы тұлғалық даму ерекшеліктерін Г.К. Нургалиева, А.Т.Чакликова, оқыту процесінде компьютер құралдарын қолданудың қажеттілігі, мүмкіндіктері мен педагогикалық тұрғыда мақсаттылығы Д.М.Джусубалиева, Е.П.Ершов, Ж.А.Қараев және т.б. зерттеулерінде толық зерделенсе, ақпараттық технологияларды білім беру саласында пайдаланудың әдіс-тәсілдері, шарттары, дидактикалық-әдістемелік негіздері В.П.Беспалько, Ш.М.Каланова және т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектерінде қарастырылған.

Цифрлық білім беру ортасының кеңеюі ақпаратқа қолжетімділікті арттырып қана қоймай, білім алушылардың дүниетанымы мен құндылықтық бағдарларына да айтарлықтай ықпал етуде. Осы тұрғыдан алғанда, білім беру процесінде тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру мәселесі ерекше маңызға ие болып отыр [2]. Бұл мәселе отандық ғалымдардың еңбектерінде кеңінен қарастырылған. Тарихқа көз салатын болсақ, Әл-Фараби ізгілік пен парасаттылықты адам болмысының негізі ретінде айқындаса, Абай Құнанбайұлы «толық адам» ілімінде рухани кемелденудің мәнін терең ашып көрсетеді. Этнопедагогика саласында бірқатар ғалымдардың (С.Қ.Қалиев, С.А.Ұзақбаева, К.Бөлеев, А.С.Мағауова, Р.Қ.Дүйсенбінова және т.б.) еңбектерінде ұлттық тәрбиенің мазмұны мен оның тұлға қалыптастырудағы рөлі жан-жақты сипатталып, рухани-адамгершілік тәрбиенің гуманистік негіздері айқындалады.

Сонымен қатар, цифрлық кеңістіктің ықпалы ұлттық құндылықтардың әлсіреуіне, жас ұрпақтың мәдени-рухани тамырларынан алшақтауына алып келуі мүмкін. Осыған байланысты білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің біріне заманауи цифрлық мүмкіндіктерді тиімді пайдалана отырып, ұлттық тәрбие мазмұнын сақтап, оны жаңа форматта ұсынуды жатқызамыз. Бұл міндетті жүзеге асыруда этнопедагогикалық құндылықтардың әлеуеті зор, себебі олар халықтың ғасырлар бойы жинақтаған тәлім-тәрбиелік тәжірибесіне негізделген.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының білім беру саясаты аясында тұлғаны жан-жақты дамыту, яғни, адалдық, әділдік, жауапкершілік сияқты адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға ерекше назар аударылуда. Осы бағытта енгізіліп отырған «Адал азамат» тұжырымдамасы өскелең ұрпақтың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды үйлестіре отырып, саналы, жауапты әрі парасатты тұлға қалыптастыруды көздейді. Алайда бұл міндетті цифрлық білім беру жағдайында тиімді жүзеге асыру педагогика ғылымында жаңа тәсілдер мен мазмұндық шешімдерді талап етеді [4].

Осыған байланысты этнопедагогикалық құндылықтарды цифрлық білім беру кеңістігіне кіріктіру арқылы «Адал азамат» тұлғасын қалыптастыру мәселесі өзекті ғылыми-педагогикалық проблема ретінде қарастырылады. Алайда қазіргі білім беру тәжірибесінде ұлттық тәрбие мазмұнын цифрлық форматта жүйелі түрде жүзеге асырудың ғылыми негіздері мен тиімді педагогикалық тетіктері жеткілікті деңгейде айқындалмаған. Бұл, бір жағынан, цифрлық білім беру мүмкіндіктерінің қарқынды дамуымен, екінші жағынан, рухани-адамгершілік және ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие мазмұнының жеткіліксіз кіріктірілуі арасындағы қарама-қайшылықты көрсетеді. Осы қарама-қайшылық зерттеу жүргізудің қажеттілігін айқындайды.

Осыған орай, мақала аясындағы зерттеу жұмысының мақсаты – цифрлық білім беру жағдайында этнопедагогикалық құндылықтар негізінде «Адал азамат» тұлғасын қалыптастырудың педагогикалық мүмкіндіктерін теориялық тұрғыдан негіздеу және оны жүзеге асырудың тиімді жолдарын айқындау болып табылады.

